

Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 тамызда № 11940 болып тіркелді.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

" _____ " 2015 жыл

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

" _____ " 2015 жыл "КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ Т. Жақсылықов
" _____ " 2015 жыл

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 7-1/587 бұйрығымен
бекітілген

Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды белгілейді, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) ауру жануар – жануардан немесе жануарды сою кезінде (лимфа түйіндерін және ішкі (паренхиматозды) органдарды зерттеу) немесе түсіктен алынған биологиялық (патологиялық) материалды серологиялық, бактериологиялық әдістермен немесе полимеразды-тізбектік реакциямен (бұдан әрі – ПТР) зерттеу нәтижесінде анықталған, ағзасында ауру қоздырғышы табылған жануар;

2) вакциналанатын саламатты эпизоотологиялық бірлік – диагностикалық зерттеулердің топтық теріс нәтижесіне қол жеткізілген, бруцеллез инфекциясының бар екендігін білдіретін басқа белгілер жоқ, бірақ қоздырғыштың ену қаупі бар және осыған байланысты вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірлік (үйір, мал тобы, отар, табын);

3) қосымша диагностикалық зерттеулер – ПТР әдісімен зерттеу немесе биологиялық сынамамен (бұдан әрі – биосынама) бактериологиялық зерттеу жүргізу нәтижесінде эпизоотологиялық бірліктің саламатсыздық мәртебесі анықталмаған, бірақ алғашқы диагностикалық зерттеулер нәтижелері бойынша бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлар бар, бруцеллезге қарсы вакцина қолдана отырып сауықтырылған эпизоотологиялық бірліктегі жануарлар басына зертханалық бақылау жүргізу.

Бұл жағдайларда жануарларды қосымша диагностикалық зерттеу шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеудің баламасы ретінде енгізілетін шара болып табылады.

4) қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты эпизоотологиялық бірлік – алғашқы және екінші диагностикалық зерттеулердің қорытындысы бойынша оң нәтиже берген жануарлары бар эпизоотологиялық бірлік немесе бруцеллезге қарсы вакцина қолдана отырып сауықтырылған эпизоотологиялық бірлік;

5) мал қорымы (биотермиялық шұңқыр) – эпизоотиядан өлген немесе таралуының алдын алу мақсатында сойылған ауыл шаруашылығы және үй жануарларының өлекселерін ұзақ мерзімді сақтауға арналған орын. Сібір жарасы көмінділері қорғау мен есепке алудың ерекше мәртебесіне ие;

6) ауру бойынша саламатсыз пункт (саламатсыз пункт) – эпизоотия ошағы белгіленген аумақ;

7) саламатсыз эпизоотологиялық бірлік – ауру жануар анықталған үйір, мал тобы, отар, табын;

8) саламатты пункт – ауру жануар және оң нәтиже берген жануар анықталмаған эпизоотологиялық бірлік (үйір, мал тобы, отар, табын), саламатты шаруашылық субъектісі және саламатты елді мекен;

9) шаруашылық жүргізуші субъект – жануарлар өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар;

10) эпизоотологиялық бірлік – эпизоотиялық тұрғыдан байланысты, бір жерде (бір өрісте, жайылымда және басқа жерлерде) болуы себепті ауру қоздырғыштың әсер етуі тәуекеліне ұшырау ықтималдығы бірдей жануарлар тобы (үйір, мал тобы, отар, табын).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауыл шаруашылығы жануарларына, жануарлардың жыныс және соматикалық жасушаларына қойылатын талаптар

3. Жыныс және соматикалық жасушалар жануарлардың жұқпалы аурулары таралмаған аумақтарда орналасқан субъектілердегі клиникалық сау жануарлардан алынады.

4. Жануарларға, жануарлардың соматикалық және жыныстық жасушаларына қойылатын талаптар "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарда (бұдан әрі – Бірыңғай ветеринариялық талаптар) белгіленген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа қойылатын талаптар

5. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа қойылатын талаптар Заңның 8-бабының 22) тармақшасына сәйкес бекітілетін ветеринария саласындағы техникалық регламенттермен, Евразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 67 шешімімен бекітілген "Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентімен, Евразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 68 шешімімен бекітілген "Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентімен, Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентімен және Бірыңғай ветеринариялық талаптармен белгіленеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Ветеринариялық препараттарға, жемшөп пен жемшөп қоспаларына қойылатын талаптар

6. Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарын жүргізу үшін қажетті көлемде өндіру, әкелу (импорттау) жағдайларын қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін ғана өндіруге, әкелуге (импорттауға), өткізу мен қолдануға (пайдалануға) рұқсат етіледі.

Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіруді, әкелуді (импорттауды), тасымалдауды (орнын ауыстыруды), өткізуді, қолдануды (пайдалануды) қоса алғанда, олардың айналысы міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жатады.

7. Ветеринариялық препараттардың, сондай-ақ химиялық және микробиологиялық синтезделген жемшөп қоспаларының сапасы мен қауіпсіздігін растайтын, шығарушы кәсіпорын беретін ілеспе құжат бар болса, оларды әкелу, тасымалдау Бірыңғай ветеринариялық талаптарға сәйкес ветеринариялық сертификатсыз жүзеге асырылады.

4-параграф. Диагностика және ветеринариялық-санитариялық сараптамаға арналған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларына қойылатын талаптар

8. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Жануарлар профилактикасы, оларды емдеу, өңдеу (дауалау) және бірдейлендіру, жануарлар ауруларының диагностикасы, ветеринариялық-санитариялық сараптама үшін пайдаланылатын ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарға қойылатын талаптар

9. Жануарлар профилактикасы, оларды емдеу, өңдеу (дауалау) және бірдейлендіру, жануарлар ауруларының диагностикасы үшін пайдаланылатын ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарға қойылатын талаптар олардың арналуы (пайдалануына) байланысты орнатылады.

10. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 7-1/678 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11926 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарына, ыдыстың барлық түрлеріне, буып-түю материалдарына қойылатын талаптар

11. Жануарлардың аса қауіпті аурулары тіркелген шектес мемлекеттердің шекаралас аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына кіретін көлік құралдары Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген кезеңде және тәртіппен дезинфекциялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына енетін барлық көлік құралдарының қозғалғыш бөліктері жануарлардың жұқпалы аурулары, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы аурулар қоздырғыштарының әкелуінен қорғау үшін дезинфекцияланады.

12. Орын ауыстырылатын (тасмалданатын) объектінің сипатына және олардың ветеринариялық-санитариялық бағасына байланысты көлік құралдары үш санаттың бірі бойынша өңделеді:

- 1) бірінші;
- 2) екінші;
- 3) үшінші.

13. Мыналарды:

1) ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтағы пункттерден шыққан дені сау жануарларды (оның ішінде құсты, аңдарды, хайуанаттар бағы жануарларын, араларды, бауырымен жорғалаушыларды қоса алғанда);

2) дені сау жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдаған көлік құралдары бірінші санат бойынша өңдеуге жатады.

Үймемен тасымалданатын сойылған жануарларды, етті, ет өнімдерін, жемдік астық пен құнарлы жем шөпті тиеуге берілетін көлік құралдары да бірінші санат бойынша өңдеуге жатады.

14. Мыналарды:

1) тасымалдау кезінде арасында ауру немесе жұқпалы ауруы бар деген күдік туған жануарлар мен құстарды, сондай-ақ жұқпайтын немесе жұқпалы аурулардан өлген жануарлардың (құстардың) өлекселерін;

2) жұқпалы аурумен ауыратын жануарлардан және құстардан алынған немесе жұқпалы аурулар бойынша қолайсыз пункттерден дайындалған өнімдер мен шикізатты ;

3) өсіру және жерсіндіру мақсатына арналған тауарлық тірі балықтарды, сондай-ақ тиеуге берілетін балықты, ұрықтандырылған уылдырықты, шаяндарды;

4) экспорттаушы елде ыстық жуудан өткен импорттық жүнді тасымалдағаннан кейін көлік құралдары екінші санат бойынша өңдеуге жатады.

Асыл тұқымды, күнделікті пайдаланылатын, цирктік, хайуанаттар бағы және спорттық жануарларды, сондай-ақ ет пен ет өнімдерін экспортқа тиеуге арналған көлік құралдары да екінші санат бойынша ветеринариялық-санитариялық өңдеуге жатады.

15. Мыналарды:

1) жолда болған кезде немесе түсіру кезінде Жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымның (Халықаралық эпизоотиялық бюро) (бұдан әрі – ХЭБ) тізіміне енгізілген аса қауіпті ауруларға шалдыққаны анықталған немесе күдік тудырған немесе аурулардан өлген жануарлар арасында болған жануарларды;

2) сібір жарасына зерттелмеген тері-былғары шикізатын;

3) қолайсыз елдерден түсетін жануарлардан алынатын импорттық шикізатты;

4) камералық өңдеуден және ыстықпен жуудан өтпеген импорттық жүнді, қылшықты, қылды, мамықты, қауырсынды, түбітті, қабықты және басқаларын;

5) ветеринариялық-санитариялық шығу тегі белгісіз жануарлардан алынатын өнімді ;

6) жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында кездеспейтін жұқпалы аурулары бойынша қолайсыз елдерден әкелінген жануарлардан алынған шикізат пен жартылай фабрикаттарды;

жиналған және даладағы сүйектерді тасымалдағаннан кейін көлік құралдары үшінші санат бойынша өңдеуге жатады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бірінші санат бойынша ветеринариялық-санитариялық өңдеуге жататын көлік құралдары алдымен қидан, қоқыстан, жануарлардан алынатын өнімдердің қалдықтарынан және басқа да ластанудан тазартылады, содан кейін жуады. Жуу ыстық сумен жүргізіледі. Жуылатын беткі қабаттардағы су ағысының температурасы 600С төмен болмауы және брандспойттан шыққан кездегі қысымы 2 атмосферадан кем болмауы тиіс. Еден мен құрал-жабдықтарды, содан кейін қабырғаларды, төбені және есіктің ішкі жағы мен торларды жуады. Жуылмай қалған кірді қырғыштың, щетканың

және сыпырғыштың көмегімен кетіреді. Содан кейін екінші қайтара еден мен құрал жабдықтарды аққан су лайланудан толық тазарғанша жуады. Жууды қабырғаны өңдеумен аяқтайды.

Екінші санат бойынша ветеринариялық-санитариялық өңдеуге жататын көлік құралдары механикалық әдіспен тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады. Механикалық тазарту алдында ішкі қабырғалар мен еден немесе қидың үстіңгі қабаты, сондай-ақ көлік ішіндегі барлық құрал-жабдықтар дезинфекциялық ерітіндісімен ылғалдандырылады.

Ылғалды дезинфекциялау үшін шашыратқыш ұшы бар қондырғылар пайдаланылады. Алдымен еден, содан кейін қабырғалар мен төбе дезинфекцияланады, осыдан кейін еден екінші рет дезинфекцияланады.

Дезинфекциялаушы ерітіндіні ол көлік құралының ішіндегі барлық үстіңгі беттерге бірқалыпты шаша отырып мүмкіндігінше тік бұрышпен шашылады. Ерітінді, бұрыштарға, тесіктерге, есіктерге шашылады. Көлік құралдарының сыртқы қабырғалары міндетті түрде дезинфекцияланады.

Дезинфекциялаушы кедергіде (дезинфекциялау блогы) көліктің қозғалғыш бөлігін ветеринариялық-санитариялық өңдеу мынадай операцияларды қамтиды:

- 1) қозғалғыш бөлігі мен түбін механикалық әдіспен тазарту және жуу;
- 2) дезинфекциялаушы ваннаға дезинфекциялау ерітіндісін толтыру;
- 3) шашырату (бұрку) арқылы көлікті (дөңгелектері мен түбін) дезинфекциялау блогында өңдеу;
- 4) қозғалғыш бөліктің бетін дезинфекциялаушы ерітіндінің қалдықтарынан тазарту.

17. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге арналған ыдыс пен буып-түю материалдары таза, құрғақ, бөгде иістерсіз, су мен майға төзімді, ерімейтін және сіңірмейтін, өнімнің химиялық құрамын өзгертпейтін, оған дәм мен иіс бермейтін болуы тиіс.

7-параграф. Ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне қойылатын талаптар

18. Жеке және заңды тұлғалар жануарлар мен адам үшін ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының алдын алу бойынша мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) осы Қағидаларды сақтай отырып, жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыру;
- 2) хайуанаттар бағындағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды осы Қағидаларға және ветеринариялық нормативтерге сәйкес күтіп-бағуды, өсіруді және пайдалануды жүзеге асыру;
- 3) қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;

4) аумақтарды, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ азықты, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған құрылысжайларды осы Қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстау;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-бағуға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтау;

6) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру;

7) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану;

8) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және диагностикалау;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеріп қарауға кедергісіз беру;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындау ;

11) өткізуге арналған жануарларды союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей және сойғаннан кейін ұшалары мен органдарына ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай союға жол бермеу;

12) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 7-1/370 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11591 болып тіркелген) бекітілген Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарлары сойылатын алаңдарда кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды жүргізу;

13) ветеринария саласындағы мамандарға ветеринариялық іс-шараларды жүргізу бойынша қызметтік міндеттерін орындау кезінде көмек көрсету;

14) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10223 тіркелген) бекітілген Жануарларды карантиндеу қағидаларына (бұдан әрі – Жануарларды карантиндеу қағидалары) сәйкес жануарларды карантиндеу;

15) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға арналған нормативтік техникалық құжаттаманы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген) бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларына сәйкес келісу;

16) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтау.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8-параграф. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, дайындайтын, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы ғылыми қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумағына, өндірістік ғимараттары мен қызметіне қойылатын талаптар

19. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, дайындайтын, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11837 болып тіркелген) бекітілген Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12208 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12243 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жануарларды пайдалану рәсімдерін, сондай-ақ ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізілетін үй-жайлар мен аумақтарды қоса алғанда, ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сай болуы қажет.

21. Ғылыми зерттеулер нәтижесінде әзірленген немесе жетілдірілген ветеринариялық препараттар, азықтық қоспалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10287 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидаларына сәйкес олардың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында байқаудан өткізілуі тиіс.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Ішкі сауда объектілерінде тамақ өнімін сатып алған кезде сатып алушылардың (кәсіпкерлердің) ішкі сауда объектілерінің ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларында онда сатып алынған тамақ өнімінің күнін, түрін және мөлшерін сатып алушының (кәсіпкерлердің) тегін, атын әкесінің атын (бар болса), тамақ өнімінің межелі объектісін көрсете отырып, сатып алынған өнімнің қауіпсіздігін растайтын сараптама актісінің көшірмесін (сынақ хаттамасын) алуына жол беріледі. Сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) көшірмесі ветеринариялық–санитариялық сараптаманы жүргізген уәкілетті адамның қолымен және ішкі сауда объектісінің сараптама зертханасының мөрімен расталады.

9-параграф. Мал айдалатын жолдарға, маршруттарға, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарына қойылатын талаптар

23. Ауыл шаруашылық жануарларын тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттарын (мал айдау жолдарын) Заңның 21 бабының 3 тармағына сәйкес тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен келісе отырып ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

Жануарларды маусымдық жайылымдарға, ет өңдеуші кәсіпорындары мен мал сатып алу орындарына айдап апару үшін ұзақ мерзімді пайдаланылатын мал айдау

жолдарына, айдалатын малдың жолдағы азығын қамтамасыз ететін мөлшерде жер пайдалану шекарасының бойындағы жайылымдық алқаптардан жер учаскелері беріледі.

Бір ауданның шегінде мал айдауға арналған ұзақ мерзімді пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер учаскелерін аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары береді.

Бірнеше ауданның аумағы арқылы мал айдау үшін мал айдайтын жолдарға жер учаскелерін беру туралы шешімді облыстың жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.04.2023 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Ветеринариялық есеп пен есептілік, ветеринариялық анықтама, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, сараптама актісі жөніндегі құжаттамаға қойылатын талаптар

25. Ветеринариялық есепке алу және есептілік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық есепке алу және есептілік нысандары бойынша және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/394 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11265 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық есепке алу және есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларына сәйкес жүргізіледі және ұсынылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Ветеринариялық анықтамаға және ветеринариялық-санитариялық қорытындыға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларында және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарда белгіленеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Сараптама актісіне (сынақ хаттамасына) қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-параграф. Мал қорымына(биотермиялық шұңқырларға) қойылатын талаптар

28. Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) ыза сулардың деңгейі жер бетінен кемінде 2 метр болатын құрғақ биік жер учаскесінде орналастырады.

Мал қорымына (биотермиялық шұңқырға) арналған санитариялық-қорғаныш аймағының өлшемі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26447 болып тіркелген) бекітілген "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар) сәйкес айқындалады. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың аумағында орналасқан мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) қосалқы құрылысжайлардың құрамына кіреді.

Мал қорымының (биотермиялық шұңқырдың) аумағын кіру қақпасы бар биіктігі кемінде 2 метр болатын саңылаусыз дуалмен қоршайды. Дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша тереңдігі 0,8-1,4 метр ор қазады және қазып алынған топырақтан ені кемінде 1,5 метр болатын жал жасайды.

Ордың үстінен көпір салады.

Су қорғау, орманды бақ және қорықтық аймақтарда мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) орналастырмайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) салу кезінде 5-6 метр тереңдікте жерасты сулары шығатын (жер бедерін ескере отырып) жерлерден басқа учаскенің ортасынан ұзындығы мен ені 3 метр, тереңдігі 10 метр болатын шұңқыр қазады. Шұңқырдың қабырғасын су өтпейтін материалмен қалайды да, қорғаныш құрылысымен жер беті деңгейінен 40 сантиметрден 1 метрге дейін жоғары шығарады. Шұңқырдың түбін реттеп, кем дегенде 20 сантиметр қалыңдықпен бетондайды.

Шұңқырдың жабыны екі қабаттап жасалынады. Қабат арасына жылу өткізбейтін төсеніш салады. Жабынның дәл ортасынан өлшемі 100x100 сантиметр болатын тесік қалдырады, оның құлыпталатын тығыз жабылатын қақпағы болады. Шұңқырдан диаметрі 25 сантиметр және биіктігі 3 метр болатын сорғыш мұржа шығарылады. Шұңқырдың үстіне биіктігі 2,5 метр, ұзындығы 6 метр, ені 3 метр болатын қалқа тұрғызады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) биологиялық қалдықты тасталғаннан кейін екі жыл өткен кейін қайта қолдануға жол беріледі және әрбір 0,25 метрден шұңқырдың барлық тереңдігінен алынған сібір жарасы қоздырғышының шырышталған материалдағы сынамасын шығарғанда.

Мал қорымын (биотермиялық шұңқырды) тазалағаннан кейін қабырғасымен түбінің бүтіндігін тексереді, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

30-1. Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген мал қорымдарын адамдар мен жануарлар кіре алмайтындай етіп бүкіл периметрі бойынша биіктігі кем дегенде 1,5 метр болатын бетон қоршаумен қоршайды, "Сібір жарасы" деген жазуы бар тақтайшалармен (аурудың пайда болған күні) белгіленеді.

Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері, сондай-ақ жануарлардан алынған шикізат пен өнім арнайы қондырғыларда өртеледі. Күл қалдығы Беккари шұңқырына салынады.

Сібір жарасынан өлген жануардың лажсыз сойылған, өлексесі жарып ашылған жерді мұқият өртейді, спорицидтік қасиеттері бар препараттармен олардың тиімділігіне мониторинг жүргізе отырып, дезинфекция жүргізіледі, содан кейін 20%-дық хлоры бар әк ертіндісін құяды, топырақты 25 сантиметр тереңдікте қазып, кемінде 25% белсенді хлордан тұратын құрғақ хлоры бар әкті топырақтың үш бөлігіне бір бөлік есебінде араластырады. Топырақты әкпен араластырғаннан кейін сумен ылғалдандырады.

Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген орындарды ветеринариялық-санитариялық карточка, кадастрлық мағлұматтар, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар бойынша, жергілікті жердегі комиссиялық іздестіруі бойынша анықтау мүмкін болмаған кезде, сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері көмілген орындар айқындалмаған деп саналады (бағдар жоқ, бірақ жануарлардың өлгендігі жөнінде мәліметтер кадастрда көрсетілсе, сібір жарасы бойынша стационариялық-саламатсыз пунктте эпизоотиялық ошақтың бар екендігі, бірақ сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген орынның анықталмағандығы жөнінде акті жасалынады). Объектілердің аумақтары Санитариялық қағидаларға сәйкес санитариялық-қорғаныш аймағындағы елді мекендерден алыстатылады.

Төтенше жағдай кезінде сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселерін көмуге арналған мал қорымдарының аумақтарындағы топырақтың жай-күйіне зертханалық зерттеу үшін сібір жарасы қоздырғышының болуына топырақ сынамалары алына отырып, мониторинг жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-параграф 30-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12-параграф. Ішкі сауда объектілеріне қойылатын талаптар

31. Ішкі сауда объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау талаптарын сақтау мәніне міндетті түрде жүргізіледі.

32. Ішкі сауда объектілеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер жатады.

33. Ішкі сауда объектілеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ветеринариялық ілеспе құжаттарға сәйкестігін тексеруді;

2) жануарды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты ветеринариялық қарап тексеруді;

3) жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауын тексеруді;

4) жануардың және адамның денсаулығына аса қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алып қоюды және жоюды;

5) ветеринария саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтін, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өндеуді ұйымдастыруды қамтиды.

34. Ішкі сауда объектілерінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындауды ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүзеге асырады.

35. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптама өткізбей сатуға жол берілмейді.

36. Ішкі сауда объектілерінің әкімшіліктері Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және

ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыру үшін мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторларға, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шарттық негізде ветеринариялық нормативтерге сәйкес келетін қызметтік үй-жайлар береді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-параграф. Процессингтік орталыққа қойылатын талаптар

37. Процессинг орталығына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 7-1/179 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10749 болып тіркелген) бекітілген Процессинг орталығының жұмыс істеу қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-параграф. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қойылатын талаптар

Ескерту. 2-тарау 14-параграфпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.02.2024 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар) құрамына оларға бекітілген функцияларды орындау үшін қажетті ғимараттар, үй-жайлар мен құрылысжайлар (қосалқы, өндірістік, қоймалық және көмекші) кіреді.

37-2. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аумағында қашалары, өткелектері және жануарларды орнықты ұстауға арналған білдегі бар жеке тұрған ғимараттарда (үй-жайларда) орналастырылады.

Реконструкцияланатын жеке тұрған қоғамдық және әкімшілік ғимараттарда немесе осы ғимараттардың қызметкерлер мен келушілер ғана пайдаланатын жеке кіретін есіктері бар бөліктерінде қашалары, өткелектері және жануарларды орнықты ұстауға арналған білдегі бар болған кезде, оларда мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды орналастыруға жол беріледі.

37-3. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды:

1) тұрғын ғимараттардың тұрғын емес үй-жайларында, тұрғын ғимараттардың жартылай жертөле және жертөле үй-жайларында;

2) азық-түліктік ішкі сауда объектілері орналасқан, реконструкцияланатын жеке тұрған ғимараттарда орналастыруға жол берілмейді.

37-4. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды салу үшін тегіс, құрғақ, тасқын және нөсер сулар баспайтын жер таңдалады.

37-5. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды салу үшін бұрынғы мал шаруашылығы үй-жайларының, мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың), қи сақтау орындары мен ет өңдеу кәсіпорындарының, тері-шикізат кәсіпорындары мен тазарту құрылыстарының орнында учаске таңдауға жол берілмейді.

37-6. Адамдар мен жануарлардың бақылаусыз өтуін болдырмау үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың аумағы қоршаумен қоршалады, жалпы пайдаланылатын жолдарға шығатын ішкі өтпе жолдармен (асфальтпен, бетонмен немесе тазалау үшін қолжетімді басқа да қатты жабынмен) қамтамасыз етіледі.

37-7. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар сумен, электр энергиясымен, желдеткішпен, жылумен, Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі.

37-8. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар алғашқы өрт сөндіру, алғашқы медициналық көмек құралдарымен (медициналық қобдишалармен) және авариялық пакетпен (құрамында халат, қолғап, қалақ, мақта, дезинфекциялық ерітінді бар) қамтамасыз етіледі.

3-тарау. Аурулардың профилактикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Ветеринариялық іс-шаралар:

1) жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының пайда болуы мен азықтан улануының алдын алу, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын ұстаудың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қолайлы аумақта өткізілетін іс-шаралар;

2) шектеу іс-шараларын немесе карантинді қоса алғанда, жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларын жою және олардың таралуының алдын алу мақсатында бақылау аймағын, буферлік аймақты қоса алғанда, эпизоотия ошағында және қолайсыз пунктте өткізілетін іс-шаралар болып бөлінеді.

39. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Жоспарлау қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қолайлы пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

40. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- 1) эпизоотиялық тізбекті үзуге ықпал ететін мал шаруашылығының технологиясы;
- 2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жолға қойылуы;
- 3) нормаланған азықтандыру және күтіп-бағу;
- 4) Жануарларды карантиндеу қағидаларына сәйкес жануарларды карантиндеу;
 - 5) мал шаруашылығы фермаларының аумағын аймақтарға бөлу, мал шаруашылығына қажетті құрылыстар, ветеринариялық санитариялық объектілерді салу ;
 - 6) шаруашылық жүргізуші субъектінің әкімшілік-аумақтық шекарасына ветеринарлық құжаттары жоқ жануарлардың келуінен қорғау;
 - 7) жайылымдық және шабындық алқаптарды эпизоотиялық көзқарас тұрғысынан дұрыс пайдалануды ұйымдастыру;
 - 8) осы Қағидаларды сақтай отырып және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыра отырып, жануарларды тасымалдаған кезде мал басы жиналатын орындарды (тірі мал сатуды жүзеге асыратын ішкі сауда объектілері, көрмелер, мал соятын және олардан алынатын шикізатты өңдейтін объектілер) ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау;
 - 9) мал шаруашылығындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер жұмыскерлерін қажетті мүкәммалмен және арнайы киіммен қамтамасыз ету;
 - 10) халық арасында ағарту жұмысын ұйымдастыру;
 - 11) Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттарды қолдана отырып, дезинфекциялау, дератизациялау және дезинсекциялау;
 - 12) ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген ерекше профилактика құралдарын пайдалана отырып, аурулардың диагностикасы, өзіндік профилактикасы.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

41. Диагноз эпизоотологиялық, клиникалық, аллергиялық, гельминтологиялық және патологиялық-анатомиялық деректерді ескере отырып, зертханалық зерттеулер нәтижелерінің негізінде белгіленеді.

42. "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 тіркелген) (бұдан әрі – Карантинді белгілеу қағидалары) сәйкес карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу және карантинді немесе шектеу іс-шараларын алып тастау туралы шешім қабылданады.

43. Ветеринария саласындағы мамандар Қазақстан Республикасында және (немесе) Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттарды қолдана отырып, дезинфекция, дератизация және дезинсекция, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген ерекше профилактика құралдарын пайдалана отырып, аурудың диагностикасын, өзіндік профилактикасын жүргізеді.

4-тарау. Ауески ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

44. Ауески ауруының әкелінуінен қорғау мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) табынды жинақтау үшін жануарларды Ауески ауруы бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден сатып алады;

2) фермалардың, жайылымдардың аумағында, мал шаруашылығы қора-жайларында, мал азығы ас үйлерінде, қоймаларда, диірмендерде, құрама жем зауыттарында үнемі кеміргіштермен күрес жүргізіледі.

45. Кеміргіштер жаппай қырылған жағдайда өлу себебін анықтау үшін олардың өлекселерін ветеринариялық зертханаға жібереді:

1) қаңғыбас иттер мен мысықтардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумағында болуына жол бермейді;

2) шарасыздан сойылған жануарлардан алынған ет және ішек-қарындарды пісірілмеген күйі, сондай-ақ союдың, асхананың және ас үйдің пісірілмеген қалдықтарымен шошқаларды, терісі бағалы аңдарды, иттерді және мысықтарды азықтандыруға жол бермейді.

46. Жануарларда Ауески ауруына күдік тудыратын белгілер байқалған кезде жануарлардың иелері мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерге немесе ветеринария саласындағы маманға дереу хабарлайды және ол келгенге дейін мынадай шараларды қабылдайды:

1) ауырған жануарларды оқшаулайды, еметін торайлар ауырғанда саламатсыз ошақтың аналығымен қоса барлық ұяластарды, ал аналықтан бөлінген торайлар ауырғанда барлық топты оқшаулайды;

2) ауру жануарлар немесе олардың өлекселері болған станоктарды, үйшіктерді және тасымалдайтын жәшіктерді механикалық тазартуды және дезинфекциялауды, сондай-ақ күту заттарын Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде дезинфекциялық құралдармен дезинфекциялауды жүргізеді;

3) тіркелген саламатсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумағына және қора-жайларына бөгде адамдардың кіруіне жол бермейді, саламатты фермалары бар осы шаруашылық жүргізуші субъектімен (шошқа қора, мал ауласы, қой қора, питомник) шаруашылық байланыстарды тоқтатады;

4) жануарлар өлген жағдайда өлекселерді станоктар мен торлардан жару бөлмесіне апарып тастайды немесе оларды ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор келгенге дейін суық жерде жабық жәшікте сақтайды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер немесе ветеринария саласындағы маман жануарлардың ауруы туралы хабарды алғаннан кейін мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) диагнозын анықтау үшін ветеринариялық зертханаға жануардың өлексесін немесе патологиялық материалды жібереді;

2) аурудың шығуының ықтимал себептерін, аурудың көзін және таралу жолдарын анықтайды, шаруашылық жүргізуші субъектінің эпизоотиялық жай-күйін нақтылайды және осы Қағидаларға сәйкес аурудың таралуын болдырмау жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Жануарлардың Ауески ауруымен ауруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті қолайсыз деп жарияланады және карантин қойылады.

Карантиннің шарты бойынша мыналарға:

1) Ауески ауруына сезімтал жануарларды шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелуге (кіргізуге) және одан әкетуге (шығаруға), сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде де және қоралардың іштерінде де қайтадан топтастыруға;

2) шаруашылық жүргізуші субъектіден алдын ала зарарсыздандырмастан, былғарыны, қой терілерін, терілерді, сондай-ақ қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъекті аумағында дайындалған және сақталатын маңыздандырылған, шырынды азықтарды және көлемді жем-шөпті (шөп, сабан) әкетуге. Бұл азықтарды ауырып жазылған және вакцинациядан өткен жануарларды азықтандыру үшін сол жерде пайдаланады;

3) шаруашылық жүргізуші субъектіде жануарларды шағылыстыруды жүргізуге, асханадан қалған қалдықтарды азықтандыру үшін пайдалануға;

4) жануарларды өлшеуге және таңба басуға, аңдардың түбіттерін тарауға;

5) шошқаларды оларды алдын ала қайнатпастан маңыздандырылған және шырынды азықтармен (сүрлемнен басқа) азықтандыруға жол берілмейді.

49. Ауески ауруы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіде:

1) жануарлардың барлық мал басын клиникалық тексеруден және оларды іріктеп термометрлеуден өткізеді;

2) ауру және ауруы күдікті жануарларды оқшауландырады және емдейді;

3) кейіннен карантинді алып тастау алдында қорытынды дезинфекциялай отырып, қора-жайларды және күту заттарын мұқият тазартады және ауық-ауық дезинфекциялайды;

4) қолайсыз фермалар мен шаруашылықтардың аумағында мал шаруашылығы және қосалқы қора-жайларда кеміргіштерді жою және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау бойынша іс-шаралар жүргізеді;

5) қора-жайлардан күнделікті қи мен төсенішті биотермиялық зарарсыздандыру үшін көңқоймаға шығарады. Қиды немесе бөкпені алдын ала зарарсыздандырмастан егін алқабына және бақшаға тыңайтқыш үшін шығаруға жол берілмейді;

6) Ауески ауруынан шарасыз өлтірілген немесе арам өлген жануарлардың терілерін және қойдың терілерін сыпырып алады және жануарлардан алынған шикізаттарды дезинфекциялау жөніндегі нұсқауға сәйкес зарарсыздандырудан өткізеді;

7) жануарлардың өлекселерін өртейді.

2-параграф. Шошқа өсіретін шаруашылықтардағы жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

50. Шошқа өсіретін қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіде қосымша:

1) барлық жас топтарындағы жануарларды тек станоктарда азықтандыруды ұйымдастырады. Әрбір азықтандырғаннан кейін астауларды мұқият тазартады және кейіннен сумен әбден шая отырып, дезинфекциялайды;

2) Ауески ауруымен ауырған аналық шошқаларды, қабандарды және төлдерді бордақылауға қояды және союға өткізеді.

51. Ауески ауруы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин ауру тоқтағаннан және одан аурудан сауыққан жануарларды шығарғаннан, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар өткізгеннен кейін бір айдан кейін алынады.

3-параграф. Ірі қара және ұсақ малдары бар шаруашылықтардағы жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

52. Ауески ауруы бойынша қолайсыз пункттерде мынадай қосымша іс-шараларды жүргізеді:

1) ауру және ауруы күдікті жануарларға Ауески ауруына қарсы емдік дозада глобулин егеді;

2) ауру жануарлармен жанасуда болған жұқтыруы күдікті жануарларға профилактика дозасында глобулин егеді, ал 2-3 апта өткеннен кейін олар Ауески ауруына қарсы вакцинамен иммундалады;

3) шошқалар Ауески ауруымен ауырған шошқа қораға тікелей жақын орналасқан ірі қара мал мен ұсақ малдарға да вакцинация жасайды;

4) Ауески ауруы жұғуы күдікті сиырлардан алынған сүтті адамдарға тағам ретінде тек пастерленген немесе қайнатылғаннан күйінде беруге жол беріледі. Клиникалық ауру және ауруы күдікті сиырлардың сүтін қайнатып зарарсыздандырады және жояды.

53. Шаруашылық жүргізуші субъектіден карантинді ауру тоқтағаннан және ветеринариялық-санитариялық шараларды жүргізгеннен кейін бір ай өткеннен соң алады.

4-параграф. Аң өсіретін шаруашылықтарындағы (қызмет көрсететін иттердің тәлімбақтарындағы) жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

54. Аң өсіретін фермаларда (қызметтік ит өсіретін тәлімбақтарда) мынадай қосымша іс-шараларды жүргізеді:

1) Ауески ауруы вирустарының болуына күдікті ет азықтарын рационнан алып тастайды;

2) ауру және ауруы күдікті аңдарға (қызметтік иттерге) емдік дозада ерекше глобулин егеді және симптоматикалық емдеу жүргізеді. Шартты түрдегі сау аңдарға, қызметтік иттерге Ауески ауруына қарсы вакцина егеді;

3) шарасыздан сойылған және қырылған терісі бағалы аңдардың терілерін зарарсыздандырады. Құндылығы жоқ жазғы терілерді өлексемен бірге жояды.

55. Ауески ауруы бойынша қолайсыз аң өсіретін шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин ауру тоқтағаннан, ауырып жазылған мал шығарылғаннан, қора-жайларды санитарлық жөндеуден өткізгеннен және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізгеннен кейін күнтізбелік 15 күннен кейін алынады.

5-тарау. Везикулярлық стоматит ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүргізілетін профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

56. Қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерді везикулярлық стоматит вирусының әкелінуінен қорғау мақсатында:

1) везикулярлық стоматит бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден алынған малдардан шаруашылық жүргізуші субъектілерді жинақтайды;

2) шаруашылық жүргізуші субъектілерге жаңадан келген барлық жануарларға толық ветеринариялық тексеру жүргізеді;

3) везикулярлық стоматитке диагностикалық зерттеулер жүргізеді.

2-параграф. Везикулярлық стоматит бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

57. Түпкілікті диагноз қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні сол ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және Карантинді белгілеу қағидаларына сәйкес карантин қояды.

Карантин шарттары бойынша мыналарға:

1) қолайсыз пунктке ауруға сезімтал жануарларды әкелуге;

2) қолайсыз пункттен залалсыздандырмаған мал шаршаулығы өнімдері мен жем-шөптерді шығаруға;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың рұқсатынсыз жануарларды қайта топтастыруға жол берілмейді.

58. Ауру жануарларды оқшаулайды, диеталық жем-шөппен (сүрлем, быламық) қамтамасыз етеді және симптоматикалық емдеу жүргізеді.

Қора-жайларды, станоктарды, жануарларды күту заттарын, жабдықтарды, көлік құралдарын залалсыздандырады. Қиды биотермиялық әдіспен зарарсыздандырады.

Жануарлардың өлекселері биотермиялық шұңқырларда жағып жіберуге жатады.

Шарасыздан сойылған, ауру және ауру бойынша күдікті жануарлардан алынған ет және ет өнімдері көп қайнатуға жатады, одан кейін шектеусіз қолданылады.

Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердің жануарларынан алынған сүт 76⁰С температурада 15-20 секунд пастерленеді. Егер ортадан тепкіш сүт тазалағыш пастерлейтін қондырғылар болмаған жағдайда келіп түскен сүтті міндетті түрде 85⁰С температурада 30 минут пастерлейді немесе 5 минут қайнатады.

59. Қолайсыз пункттен карантин соңғы ауырған мал жазылғаннан және қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң алынады.

6-тарау. Жануарлар төлдерінің колибактериозы ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын жануарлар төлдері колибактериозының профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

60. Төлдердің колибактериозының (бұдан әрі – колибактериоз) профилактикасы аналығы мен төл ағзасының резистенттілігін көтеруге, сондай-ақ сыртқы орта объектілері арқылы жануарларға жұқтыруды болдырмауға бағытталған ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық және эпизоотикалыққа қарсы (жалпы және арнайы) іс-шаралар кешенін жүргізуге негізделген.

2-параграф. Жануарлар төлдерінің колибактериозы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

61. Бұзаулар арасында колибактериоз анықталған жағдайда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) ауру шыққан профилакторий секциясына бұзауларды қабылдау тоқтатылады. Ауырған жануарларды орнында қалдырады және ауру қоздырғышының профилакторийдің басқа секцияларына таралуының алдын алатын барлық шараларды жүргізеді;

2) қолайсыз секциядағы бұзаулардың қиы мен төсенішін қора-жайдан шығарады және биотермиялық залалсыздандыру үшін арнайы бөлінген алаңға жинайды;

3) қиларды жинауға үшін пайдаланылатын арбалар мен басқа мүкәммал күн сайын дезинфекцияланады;

4) ауру бұзауларды оқшаулайды және емдейді;

5) профилакторийдің колибактериоз бойынша қолайсыз секциясынан бұзауларды шығарғаннан кейін, механикалық тазарту мен дезинфекциялау жүргізеді.

62. Торайлар арасында колибактериоз шыққан кезде мынадай іс-шаралар жүргізеді:

1) барлық ауыратын еметін торайларды енесімен бірге және ауру аналықтан бөлінген торайларды оқшаулайды және емдейді. Терапияның диеталық және симпатикалық құралдарын да қолданады;

2) ауру малдар тұрған босаған қора-жайларды тазартады және дезинфекциялайды.

63. Қозылар арасында колибактериоз шыққан жағдайда мынадай іс-шаралар жүргізеді:

1) ауру қозыларды енесімен бірге оқшаулайды және емдейді;

2) ауру малдар анықталған қора-жайларды тазартады және дезинфекциялайды;

3) қоздатуды қораның қолайлы бөлігінде ұйымдастырады.

7-тарау. Пастереллез ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Пастереллездің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

64. Жануарлардың пастереллезбен ауыруының алдын алу үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) табынды пастереллез бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердегі жануарлармен толықтыру;

2) азықтар залалдануының профилактикасы үшін мал шаруашылығы қора-жайларында, айналасындағы аумақта және азық қоймаларында кеміргіштерді жоюды жүргізу;

3) азықтың, әсіресе сүрлем мен құрама жемнің сапасын тұрақты түрде бақылау, ал көрсеткіштер болған кезде оларды бактериологиялық зерттеу;

4) мастит кезінде сүтке бактериологиялық зерттеу жүргізу.

2-параграф. Ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

65. Жануарлардың пастереллезі анықталған шаруашылық жүргізуші субъектіні пастереллез бойынша қолайсыз пункт деп жариялайды және Карантинді белгілеу қағидаларына сәйкес шектеу енгізеді.

66. Жануарлардың пастереллезі бойынша қолайсыз пунктте жол берілмейді:

1) жануарларды сою үшін әкетуді қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектіден жануарларды шығаруға;

2) пастереллезге сезімтал жануарларды кіргізуге (әкелуге);

3) жануарларды қайта топтастыруға, таңбалауға, сондай-ақ хирургиялық операциялар жасауға;

4) оны ет өңдейтін кәсіпорындарға өңдеуге жіберу үшін шығаруды қоспағанда, пастереллезбен ауырған шарасыз сойылған жануарлардың етін шикі түрде шығаруға;

5) жануарларды жаюға және оларды ашық суайдындардан суаруға;

6) ауру жануардан алынған сүтті зарарсыздандырмаған күйінде сатуға;

7) мүкәммалды, жабдықты және кез келген басқа заттарды, сондай-ақ ірі, шырынды және маңыздандырылған азықтарды шығаруға (әкетуге);

8) ауру қоздырғышы табылған жануарлардың қиын және қи бөкпесін егістіктерге шығаруға.

67. Сүтті 90°C температурада 5 минут ішінде пастерлейді және жануарларды азықтандыру үшін пайдаланады.

Қиды бөлек жинайды және биотермиялық зарарсыздандырады.

68. Эпизоотиялық ошағын бәсеңдету және ауруды жою мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізеді:

1) қолайсыз топтың барлық жануарларын клиникалық қарап тексереді және термометрлейді. Ауру және ауру бойынша күдікті жануарларды бөлек қора-жайларға оқшаулайды және емдейді, ал қалғанына вакцина егеді;

2) шаруашылықтың қалған жануарларына олардың тұрған орнына қарамастан вакцина егеді;

3) ауру жануарлармен жанасқан барлық жастағы жануарларды олар бұрын тұрған қора-жайларда қалдырады және жаз кезінде шектеу алынғанға дейін оларды байлауда күтіп-бағуды ұйымдастырады.

69. Пастереллез бойынша қолайсыз пункттерде жануарларға вакцина егу жұмыстарымен қатар мүмкін болатын ауру көзі ретінде тышқан тәріздес кеміргіштерді жою мақсатында үнемі дератизациялау шараларын жүргізеді.

70. Кезекті дезинфекциялауды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) жануарлардың ауруының бастапқы жағдайлары және қырылуы кезінде дереу жануарлар тұрған қора-жайларда;

2) ауру және ауру бойынша күдікті жануарлар тұрған қора-жайларда күнделікті таңертең тазарту жүргізген кезде;

3) ауру жануарлар жанасқан барлық заттар (қораның едендері, қабырғалары, астаулар, қызмет көрсететін персоналдың аяқ киімі мен арнайы киімдері), қора-жайлардың өтетін жолдары дезинфекцияланады. Ауру және ауру бойынша күдікті жануарлар тұрған қора-жайларға кіре беріс аяқ киімдерді өңдеу үшін дезинфекциялық барьермен жабдықтайды;

4) жұқтыруы күдікті (шартты түрде сау) жануарларды ұстайтын қора-жайлар мен жайылу алаңдарына ауру жануарды әрбір бөліп шығарғаннан кейін және одан кейін шектеу алынғанға дейін әр 10 күнтізбелік күн сайын дезинфекция жүргізеді.

71. Пастереллезден қырылған жануарлардың өлексесін өртеп жібереді немесе биотермиялық шұңқырларда зарарсыздандырады.

72. Қолайсыз пункттен шектеулерді алудың алдында мынадай ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізеді:

1) жайылу алаңдарын, қой қораларды, қоршаулы мал жайлары мен шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағын қидан және қоқыстан тазартады, одан кейін оны дезинфекциялайды және қопсытады;

2) мал шаруашылығы қора-жайларында дезинсекция, дератизация және қорытынды дезинфекция жүргізеді. Дератизацияны шаруашылық жүргізуші субъекті аумағының барлық қора-жайларында жүргізеді.

72-1. Шектеу іс-шаралары ЖАО-ның шешімімен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысының негізінде соңғы ауру жануар анықталған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткен соң және осы Қағидалардың 72-тармағында көзделген ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін алынады.

Ескерту. Қағидалар 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Салмонеллез ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын салмонеллездің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

73. Жануарлар мен құстардың арасында салмонеллездің таралуын болдырмауға бағытталған негізгі іс-шаралар:

шаруашылық жүргізуші субъектілерде жаңа туған жануарлардың және өсіріліп жатқан төлдердің ағзасының резистенттілігін көтеруге бағытталған санитарлық-ветеринарлық тәртіптің сақталуын қатаң бақылауды жүзеге асыру;

ауру жануарлар мен инфекция тасымалдағыштарды уақтылы анықтау жөнінде жануарлар мен құстардың ауруына қатаң ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды орнату;

жануарларға арналған өндірістік қора-жайларды дезинфекциялау мен дератизациялау жүргізу;

шаруашылық жүргізуші субъектілерді қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден ғана жануарлармен толықтыру;

ветеринариялық-санитариялық бақылауды және жануарлар тасымалдаудың ветеринариялық-санитариялық (ветеринариялық) қағидаларының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру;

рационды бірден өзгертуге, бұзылған азық беруге, сапасыз сумен суаруға жол бермеу;

азық пен азық қоспаларына ұдайы Сальмонеллалармен ластануға бактериологиялық бақылау жүргізу.

74. Жануарларды сою өнімдерінде көбейетін сальмонеллаларды шығаруды болдырмау мақсатында мыналарды жүргізеді:

1) мал сою объектілерінде (ет өңдейтін кәсіпорындарда, мал сою пункттері мен алаңдарында) санитарлық мәдениетті арттыруға, сояр алдында ұстау режимін сақтауға және жануардан алынатын шартты түрде жарамды өнімді залалсыздандыруға бағытталған іс-шараларды;

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің салмонеллез бойынша қолайлы екендігі туралы белгісі бар келіп түскен малдардың құжаттамаларды және ұшаны, басты, өкпе-бауырды, теріні бірыңғай нөмірмен таңбалауды;

3) қалдықтарды дұрыс жинақтауды, зарарсыздандыруды және жоюды жүргізеді.

75. Сүт шаруашылығын жүргізуші субъектілерде сүтті жинау, сақтау және тасымалдаудың санитарлық шарттарын қатаң түрде орындау, сүт ыдыстарын, мүкәммалын, жабдықтарын сапалы санитарлық өңдеуді қамтамасыз етеді.

2-параграф. Салмонеллез бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

76. Салмонеллез анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіге шектеулер қойлады. Шектеу шарты бойынша мыналарға жол берілмейді:

1) жануарларды және құстарды басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелуге және шығаруға;

2) шаруашылық жүргізуші субъекті ішінде жануарларды және құстарды қайта топтастыруға;

3) шарасыздан сойылған жануарлар мен құстардың етін алдын ала бактериологиялық зерттеуге жүргізбестен, ал егер зерттеу мүмкін болмаған жағдайда - жоғары температурада залалсыздандырмай пайдалануға;

4) шаруашылық жүргізуші субъектінің басқа секцияларындағы адамдардың, сондай-ақ бөгде адамдардың арнайы киімсіз және аяқ киімдерін дезинфекцияламай оқшаулағышқа кіруіне;

5) салмонеллез бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектінің жайылымдарына жануарларды жаюға және азық дайындауға;

6) қолайсыз құс қорасындағы құстарды, құстардың инкубациялық жұмыртқасын шығаруға жол берілмейді.

77. Шаруашылық жүргізуші субъектіде салмонеллез өршіген уақытта жануарларды міндетті түрде термометрлей отырып бас басына клиникалық тексереді. Ауру және ауруы күдікті жануарларды оқшаулайды және емдейді.

Сальмонеллезбен ауырған жануарлар және құстар табылған қора-жайларда, сондай-ақ торларда, науаларда, өтетін жерлерде, инкубаторларда, қосалқы қора-жайларда және жайылымдарда дезинфекция, дезинвазия, дезинсекция және дератизация бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізеді.

78. Шаруашылық жүргізуші субъектіні ауруды жойғаннан, қорытынды дезинфекция жасағаннан және аурудан сауыққан жануарларды союға өткізгеннен кейін күнтізбелік 30 күн өткен соң жануарлардың салмонеллезі бойынша қолайлы деп таниды.

9-тарау. Трихофития (дерматомикоз, бұзау таз) ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүргізілетін профилактикалық іс-шаралар тәртібі

79. Трихофитияның алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар жаз кезеңінде жүргізіледі.

Қиларды кейіннен мал шаруашылығы қора-жайларын профилактикалық дезинфекциялай отырып, зарарсыздандырады. Жануарларды қамап ұстауға ауыстыру алдында барлық мал басына клиникалық тексеру жүргізеді. Ауруы күдікті немесе ауру жануарлар анықталған жағдайда, диагноз нақтыланады және емдеу жүргізіледі.

Жануарларды қамап ұстауға ауыстыру кезеңінде қора-жайларға дезинфекция жүргізеді. Жаңа туған төлдерді ұстайтын қора-жайлар таза, құрғақ және онда жеткілікті мөлшерде төсеніш болуы қажет.

80. Басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерден жаңадан келген жануарларды карантиндеуде ұстайды. Осы кезең ішінде жануарларды тері ауруларының бар-жоқтығына тексереді.

81. Қызмет көрсететін персонал тері ауруларын анықтау шараларымен және жеке профилактика қағидаларымен таныстырады.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде жүргізілетін іс-шаралар тәртібі

82. Түпкілікті диагноз қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіге шектеу іс-шаралары қойылады.

83. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша:

1) жануарларды етке сою үшін әкетуді қоспағанда, жануарларды әкелуге (кіргізуге) және әкетуге (шығаруға) жол берілмейді;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатынсыз жануарларды қайта топтастыруға жол берілмейді;

3) тазарту мен дезинфекция жүргізгенге дейін ауру жануарларды ұстаған қора-жайларға сау жануарларды әкелуге (кіргізуге) жол берілмейді;

4) ауру жануарлар тұрған қора-жайларда мұқият механикалық тазалау және дезинфекция жүргізеді;

5) жануарлардың жасын және пайдалануды ескере отырып, ұстау, күтіп-бағу және азықтандыру бойынша ветеринариялық-санитариялық қағидаларды қатаң сақтайды;

6) қысағаға сезімтал барлық жануарлардың тері қабатын күнтізбелік бес күнде бір рет тиянақты тексереді;

7) ауру және ауруы күдікті жануарларды оңашаланған топтарға бөледі және емдейді (микроспориямен ауратын мысықтар жоюға жатады);

8) жайылым кезеңінде ауру жануарларды жеке топтармен жаяды;

9) ауру жануарларды емдеуді арнайы бөлінген орында жүргізеді;

10) өңделгеннен кейін алынған жүнді, тері қабыршақтары мен мақтаны жағу, құралдарды қайнату, ал жануарларды өңдеген орынды дезинфекциялау қажет;

11) қиды биотермиялық жолмен өңдейді;

12) қайта ағымдағы дезинфекцияны күнтізбелік 10 күнде бір рет жүргізеді.

84. Клиникалық ауру жануарларды бөлген соңғы жағдайдан кейін 2 ай өткен соң қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін шектеу іс-шаралары алынады.

10-тарау. Риккетсиоздар ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық таза аумақтарда жүргізілетін алдын алу шаралары тәртібі

85. Рикетсиоздар бойынша эпизоотиялық жай-күйді бақылау үшін ветеринария саласындағы мамандар және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандар саламатсыз аумақтарда кеміргіштерді аулап, кенелерді жинап, оларды рикетсиоздар қоздырғыштарын тасып жүруіне диагностикалық зерттеу жүргізеді, аурудың табиғи ошақтарын қатаң есепке алады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Мал қораларында, аулаларында, жем-шөп сақталатын қоймаларында кеміргіштерді жою шараларын жүргізеді. Көп мөлшерде кеміргіштер орналасып алған маялардың шөптерімен сабандарын залалсыздандырады.

Жайылым кезінде ауыл шаруашылық малдарын шағатын кенелерді жоюдың шараларын үнемі ұйымдастырады немесе кенелер жоқ жайылымдарды қолданады. Кенелер жұмыртқа салып кеткен жайылымдардың шөптерін шауып әрі жерін жыртып отырады. Мал жайылымға шығарда тексеру жүргізіп, кенеге қарсы емдік шаралар жүргізеді.

87. Рикетсиоздан таза емес аймақтарда малдарды ашық суатқа (өзенге, көлдерге, бұлақтарға) жіберуге жол берілмейді.

2-параграф. Рикетсиоздан таза емес эпизоотиялық ошақтарда және қолайсыз пункттерде жүргізілетін шаралар тәртібі

88. Ақырғы диагноздың қорытындысы бойынша ауру шыққан шаруашылық субъектілерді, елді мекендерді осы аурудан таза емес деп жариялап, шектеу қойылады.

89. Шектеудің шарты бойынша жол берілмейді:

1) таза емес шаруашылық субъектілерде малдарды әкелуге, союға жіберілген малдардан басқасын шығаруға жол берілмейді;

2) ветеринариялық инспекторлардың рұқсатынсыз малдарды араластыруға;

3) лажсыз рикетсиозбен ауырып сойылған малдардың етін қолдануға. Мұндай малдардың еттерін ветеринариялық - санитариялық тексеру және оларға санитариялық баға беру Ережесіне сәйкес қолданады;

4) ауру малдармен бір жерде болған немесе жүгуі мүмкін деп табылған күдікті жем - шөптерді тасымалдауға.

90. Рикетсиоз ауруына күдікті малдарды төлдету жеке бөлмелерде жүрілуі тиіс, төлдегеннен соң шуларын, өлі туған төлдерді жойып, соңынан тиянақтап бөлмелерді, құралдарды дезинфекциялайды.

91. Бөлмелерді және құрал-саймандарды дезинфекциялауға Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттар қолданылады. Бөлмелерді дезинфекциялау шектеу алынғанша әр күнтізбелік 5 күн сайын жүргізіліп тұрады.

92. Бөлмелерде дератизациялық және дезакаризациялық шаралар жүргізіледі.

93. Рикетсиозбен ауырған малдардың (кой, сиыр, ешкі) сүттерін 3-5 минут қайнатып малдарға азық ретінде береді. Қолайсыз пункттерден алынған клиникалық сау малдардың сүттерін пастеризациядан кейін ғана қолданады.

94. Рикетсиоздан қолайсыз пункттерден жүндерді, ешкі түбіттерін тығыз бұлдармен қаптап тікелей өндейтін өндіріс орындарына (дайындайтын пункттерге жинамай) жіберіледі. Жөнелту құжаттарында шаруашылық субъект рикетсиоздан таза еместігін көрсету керек.

Рикетсиоздан қолайсыз пункттерде лажсыздан сойылған немесе өлген малдардан алынған жүн және терілер дезинфекцияланады.

Көң, жем-шөп және басқа қалдықтар биотермиялық әдіспен залалсыздандырылады немесе өртеледі.

95. Таза емес аймақтан шектеу, ақырғы ауырған малдың патологиялық материалдарынан қоздырғыштар бөлгеннен (диагностика жүргізу үшін сойғаннан соң), комплементтерді ұзақ уақыт бірлестіру реакциясына оң нәтиже бергеннен соң, қорытынды дезинфекция жүргізілген соң күнтізбелік 30 күннен кейін алынады.

11-тарау. Жануарлар мен құстардың туберкулезі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Туберкулездің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

96. Жануарлардың туберкулезбен ауыруының алдын алу мақсатында жануарлардың иелері, шаруашылық жүргізуші субъектілер меншік нысанына қарамастан мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) қолында жануарлар бар болғанда немесе жаңадан сатып алғанда жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын хабардар етеді;

2) жануарларды сатуды, союға тапсыруды, өріске шығаруды, жайылымдарға орналастыруды және басқа да барлық тасымалдау мен қайта топтастыруды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізат өткізуді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының келісімімен жүргізеді;

3) оларға ауру жұқтырмау мақсатында мал азығын дайындауда қауіпсіздік шараларын сақтайды;

4) жаңадан келген жануарларға диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық тазалау жүргізу үшін карантиндеу жүргізеді;

5) туберкулезге күмәнді жануарлар ауруының барлық жағдайлары туралы ветеринариялық қызметке хабарлайды;

6) ветеринария саласындағы мамандардың талабы бойынша сатып алынған жануарлар туралы барлық қажетті мәліметтерді береді және оларға тексеріп-қарау, зерттеу мен тазалау жүргізу үшін жағдайлар жасайды;

7) жануарларды тасымалдағанда, күтіп бағу және азықтандыру кезінде, мал шаруашылығы объектілерін салу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтайды;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұйғарымы бойынша ауру жануарларды уақытында тапсыруды немесе барлық саламатсыз мал бастарын толығымен жоюды жүзеге асырады;

9) жануарлардың туберкулезбен ауруының алдын алу бойынша, сондай-ақ ауру шыққан жағдайда эпизоотиялық ошақты жою бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары мынаны жүзеге асырады:

1) мал шаруашылығы қызметкерлерін жұмыс киімімен және аяқ киіммен қамтамасыз етеді, оларды сақтау бөлмелерімен жабдықтайды, сондай-ақ мал шаруашылығы қора-жайларын қол жуғышпен, сабынмен, сүлгімен және алғашқы көмек қобдишасымен жарақтандырады;

2) мал шаруашылығы және азық дайындау жұмыстарына туберкулезге тексеруден өтпеген, сондай-ақ туберкулезбен ауыратын және диспансерлік есепте белсенді топта тұратын адамдарды жібермейді;

3) қызмет көрсететін персоналда туберкулез анықталған жағдайда, ауру адамдарды дереу жануарларды күту жөніндегі жұмыстан босатады;

4) сүт және сүт өнімдерін өңдеу кәсіпорындарында қолайсыз пункттерден алынған сүтті міндетті түрде пастерлеудің және басқа да шикі сүт өнімдеріне термиялық өңдеудің жүргізілуін қамтамасыз етеді.

99. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандар:

1) жануарларға қызмет көрсететін персоналға тұрақты түрде медициналық қадағалау жүргізеді;

2) халық пен мал шаруашылығы жұмыскерлері арасында туберкулездің зияны мен зардаптары, жеке профилактика және онымен күресу туралы түсіндірме жұмысын жүргізуді тұрақты негізде ұйымдастырады.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерде, жануарларды күтіп-бағатын ветеринарлық мамандар жануарлар туберкулезінің профилактикасы және онымен күресу іс-шараларын жүргізеді.

101. Адамдар туберкулезінің профилактикасы және оларды емдеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да арнайы іс-шараларды, сондай-ақ, осы іс-шаралардың орындалуын бақылауды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандар жүзеге асырады.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Ветеринарлық және медициналық ұйымдар жануарлардың және жануарларды күтіп-бағуға байланысты немесе қайта өңдеу кәсіпорындарында жұмыс істейтін адамдардың туберкулезбен ауыру жағдайлары туралы ақпаратты өзара ұсынады. Елді мекендерде адамдардың туберкулезбен ауыру жағдайлары анықталған кезде адамдардың залалдану көзі мен жұғу жолдарын анықтау мақсатында тез арада эпидемиологиялық-эпизоотологиялық зерттеу жүргізіледі, қажет болған жағдайда малдар туберкулезге зерттеледі және ауру табылған жағдайда эпизоотиялық ошақты жою бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады.

2-параграф. Туберкулез кезіндегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

103. Туберкулез ауруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті жеке меншік нысанына қарамастан туберкулез бойынша қолайсыз пункт деп жариялайды және шектеу енгізіледі.

104. Туберкулинге реакция берген жануарларды қалған мал басынан оқшаулайды және асыл тұқымдық және өндірістік құндылығына қарамастан күнтізбелік 15 күн ішінде союға өткізеді.

105. Сау малдар бұрын ауру жануарлар ұсталған қора-жайларға, жайылым алаңдарына және басқа да объектілерге сауықтыру іс-шараларын жүргізгеннен кейін ғана жіберіледі.

106. Шектеу шарттары бойынша мыналарға:

1) малдарды союға шығаруды қоспағанда, олардың орнын ауыстыруды (кіргізу және шығару) жүзеге асыруға;

2) қолайсыз аймақта шөп, сабан және басқа ірі мал азығын дайындауға;

3) сау жануарлар үшін туберкулез бойынша қолайсыз табындар жайылған жайылым жерлерін пайдалануға және ақпайтын суаттардан суаруға 6 айдан кейін жол беріледі;

4) туберкулезбен ауырған жануарларды пайдалануға және табынды көбейту үшін олардан алынған төлдерді пайдалануға;

5) ауру жануарларды және қолайсыз табындардың мал басын сау малдармен қосып ұстауға, бірге жаюға, суаруға немесе өзге де жанасуға, сондай-ақ қолайсыз табындардың жануарларын жайлауға айдауға және тасымалдауға;

6) туберкулезбен ауырған жануарларды сойған кезде алынған залалсыздандырмаған етті, ет өнімдерін аңдарды азықтандыру үшін пайдалануға жол берілмейді.

107. Туберкулез бойынша қолайсыз пункттегі сиырлардан алынған шикі сүтті базарларда сату, асханаларға, емдеу-профилактикалық, балалар және мектеп мекемелеріне жеткізу үшін шығаруға жол берілмейді. Зерттеу кезінде туберкулезге реакция берген сиырлардан алынған сүт қайнатуға немесе тоң май жасауға қайта өңдеу жолымен зарарсыздандырылуға жатады. Қолайсыз табындардың (ферманың) реакция бермеген сиырларынан алынған сүт (қаймақ) тікелей шаруашылық жүргізуші субъектіде 90⁰С температурада 5 минут ішінде немесе 85⁰С температурада 30 минут пастерлеу жолымен зарарсыздандыруға, ал пастеризатор болмаған жағдайда қайнатуға жатады. Зарарсыздандырылғаннан кейін сүтті сүт зауытына әкетеді немесе шаруашылық ішінде қолданады. Сүт өңдеу кәсіпорындарында сүт құйылғаннан кейін цистерналар немесе бидондар шаюға және дезинфекциялауға жатады.

108. Туберкулезбен ауырған жануарларды сою объектілерінде (сою пункттері, ет өңдейтін кәсіпорындар) союды ветеринария саласындағы маманның тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік санитариялық-ветеринариялық инспекторының бақылауымен, жеке профилактика шараларын сақтай отырып және инфекция қоздырғышының таралуын болдырмауды қамтамасыз ететін талаптарды орындай отырып жұмысшылар жүргізеді.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Туберкулез бойынша қолайсыз пункттерде қора-жайларды, жайылымдарды, жайылым алаңдарын, жабдықтарды, мүкәммалды және басқа да объектілерді ағымдағы дезинфекциялауды, сондай-ақ дезинсекция мен дератизациялауды жүргізеді. Қиды биологиялық, химиялық және физикалық тәсілдермен зарарсыздандырады.

3-параграф. Ірі қара мал туберкулезінен қолайсыз пункттерді сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

110. Ірі қара малдың туберкулезінен қолайсыз пункттерді сауықтыруды мынадай жолмен жүргізеді:

1) қолайсыз табынның мал басын толығымен сау жануарларға ауыстыру жолымен;
2) ауру малдарды бөліп және кейіннен оларды сою арқылы жүйелі диагностикалық зерттеулер жолымен;

3) ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы шаралардың кешенін міндетті түрде жүзеге асырумен.

111. Туберкулез шаруашылық жүргізуші субъектіде алғаш рет анықталғанда және ауру табын арасында кеңінен таралған кезде мал басын толығымен ауыстыруды қолданады. Мұндай жағдайда шектеу қойылғаннан кейін:

- 1) малдарды туберкулезге аллергиялық зерттеуді тоқтатады;
- 2) сиырларды және қашарларды ұрықтандыруды жүргізбейді;
- 3) алынған сүт 850С температурада 30 минут немесе 900С-та 5 минут пастерленеді, содан кейін бұзауларға береді немесе сүт өңдеу кәсіпорындарына жібереді;
- 4) қолайсыз табындағы барлық мал басын төлімен бірге үш ай ішінде союға өткізеді ;
- 5) қора-жайлар малдан босағаннан кейін оларды дезинфекциялауды жүргізеді;
- 6) барлық босаған сиыр қораларда, бұзау қораларда, төл қабылдайтын бөлмелерде едендерді, өтетін жерлер мен қабырғаларды қидан, жем-шөп қалдықтарынан тазартады, қиды механикалық жолмен алып тастау үшін тасылмалдаушыларды қайта жөндейді;
- 7) ағаш едендерді алады, қайта қолдануға жарамды тақтайларды жақсылап тазалап жуғаннан кейін дезинфекциялайды. Жарамсыз тақтайларды өртейді;
- 8) аумақты, жайылым алаңдарын қоқыс пен қидан тазартады;
- 9) қиды арнайы арналған жерге шығарады, ені 3 метр және биіктігі 2 метр дөңдерге жинайды, бетін жермен жабады және қоршайды, бұл қи дөңдерге жиналғаннан кейін кемінде 2 жылдан соң пайдаланады;
- 10) мал шаруашылығы үй-жайларында едендер төсейді, қи шығаратын транспортерлер жасақталады;

11) барлық пайдалануға жарамсыз арнайы киімдерді, аяқ киімді, құнысыз мүкәммалды өртейді;

12) ветеринариялық–санитариялық іс-шаралар аяқталғаннан, шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағындағы барлық қора-жайларда қорытынды дезинфекция жүргізгеннен және дезинфекцияның сапасын зертханалық жолмен тексергеннен кейін қолайсыз пункттен шектеу алынады.

112. Барлық табын бойынша екі рет қатар зерттеу нәтижесі теріс болған кезде, осы кезеңде 1,5 ай аралығымен тері ішіне туберкулиндік сынамамен зерттеу жүргізілетін жануарларды үш айлық бақылап қадағалауға қояды. Аллергиялық және серологиялық зерттеулерден теріс реакция алынған кезде табынды туберкулез бойынша қолайлы деп жариялайды.

113. Егер туберкулезге аллергиялық және серологиялық әдістермен соңғы зерттеу кезінде реакция беретін жануарлар шықса, онда оларды диагностикалық союға жібереді.

114. Қолайсыз пункттерде:

1) ауру сиырлардан туған бұзауларды сиырлармен бірге союға өткізеді;

2) сауықтыру жүргізіліп жатқан табында реакция бермеген сиырлардан туған бұзауларды (оны бақылап қадағалауға қойғанға дейін) оқшауландырылған топпен ұстайды, бордақылауға қояды, содан кейін союға өткізеді;

3) бақылап қадағалау кезеңінде алынған төлдерді оқшаулап ұстау жағдайында өсіреді және шаруашылық жүргізуші субъекіден шектеу алынғаннан кейін қалыпты жағдайда пайдаланады.

115. Шектеуді алар алдында ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың кешенін жүргізеді.

4-параграф. Шошқа, қой, ешкі, жылқы, түйе, терісі бағалы аңдар және құстар туберкулезінен қолайсыз пункттерді сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

116. Шошқа туберкулезі (бұқа немесе адам қоздырғышының түрі) анықталған жағдайда туберкулинге реакция берген барлық шошқаларды, оның ішінде төлдейтін аналық шошқаларды, қабандарды союға өткізеді. Торайлау және төлдерді бордақылау аяқталғаннан кейін шаруашылық жүргізуші субъектінің барлық жануарларын туберкулезге диагноз қойылған сәттен бастап 3 айдан кешіктірмей союға өткізеді.

117. Қойда, ешкіде, жылқыда және түйеде туберкулез анықталған жағдайда:

1) реакция берген барлық жануарларды союға өткізеді;

2) қалған мал басын зерттейді: жылқыны – туберкулинді көзге тамызу арқылы (офтальмосынама);

қой, ешкі және түйені – әр күнтізбелік 30-45 күн сайын тері ішіне туберкулиндік сынама арқылы бір рет теріс реакция бергенге дейін тексереді, содан кейін тиісті топтағы жануарларды сау деп таниды.

118. Терісі бағалы аңдарда туберкулез анықталған жағдайда:

1) оларды клиникалық тексереді, ауру ұрғашы жануарларды төлімен бірге оқшаулайды. Сойылғаннан кейін терілері шектеусіз қолданылады, ал ұшалары өртеу арқылы жойылады;

2) күшіктегеннен бастап сойғанға дейінгі кезең ішінде қырылған және өлтірілген аңдарда органдар мен бөлшектерінің туберкулезге тән өзгерістерін таппаса аң өсіретін шаруашылық сауықтырылған болып саналады;

3) ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізгеннен кейін шектеу алынады.

119. Маралдарда туберкулез анықталған жағдайда:

1) реакция берген барлық маралдарды союға өткізеді;

2) қалған мал басын табын бойынша теріс реакция бергенге дейін туберкулезге зерттейді. Клиникалық ауру жануарларды союға өткізеді.

120. Құс шаруашылығы шаруашылығын жүргізуші субъектілерінде және жеке аулаларда құстардың туберкулезі анықталған кезде қолайсыз құс қорасындағы (цехтағы) барлық құстар союға өткізіледі, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізеді және шектеу алынғаннан кейін сау жас құстардан жаңа топ құрады. Қолайсыз құс қораларындағы (цехтағы) құстардан алынған жұмыртқалар өсіруге жіберілмейді, нан өнімдері мен кондитерлік кәсіпорындарында қолданылады.

121. Кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар өткізгеннен кейін шаруашылық жүргізуші субъектіден шектеу алынады.

12-тарау. Аусыл ауруы жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. ХЭБ-нің Жерүсті жануарларының санитариялық кодексінің ұсынымдарына сәйкес табиғи жағдайларда аусыл вирусының эпизоотиялық штаммын жұқтырған жануарлар мен вакциналанған жануарларды саралау мақсатында аусыл вирусының құрылымдық емес ақуыздарына қарсы денелерді анықтау бойынша серомониторингтік зерттеулер жүргізіледі.

Аусыл вирусының эпизоотиялық штаммын жұқтырған жануарлардан вакциналанған жануарларды саралау аусыл диагностикасы бойынша ХЭБ ұсынған әдістермен жүзеге асырылады.

Аусылға қарсы вакциналанбаған жануарлардың арасынан аусыл вирусының эпизоотиялық штаммының әр түрлі типті құрылымдық емес ақуыздарына реакция

берген жануарлар анықталған жағдайда, ХЭБ ұсынымдарына сәйкес, мұндай жануарлар санитариялық союға жатады.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-1. Тиісті эпизоотологиялық бірліктің эпизоотологиялық мәртебесін айқындау мақсатында вакцинацияланған жануарларда вирустың құрылымдық емес ақуыздарына антиденелер анықталған кезде:

1) мемлекеттік ветеринариялық ұйым ауруға сезімтал жануарлармен жанасқан жануарлардан сынамалар алуды, Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйым айқындайтын іріктемелер бойынша ПТР-диагностика жүргізу немесе вирусты бөліп алу үшін пробанг-сынамаларын алуды жүргізеді;

2) Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйым:

ПТР-диагностика жүргізуді немесе вирусты бөлуді қоса алғанда, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған сынамаларды зертханалық (диагностикалық) зерттеу;

бастапқы зерттеу кезінде пайдаланылған әдістерді қолдана отырып, вирустың құрылымдық емес ақуыздарына антиденелер анықталған ветеринариялық зертханада бар жануарлар қандарының бақылау сынамаларына қайта диагностикалық зерттеу жүргізеді.

Көрсетілген зерттеулердің қорытындылары бойынша оң нәтижелер болмаған жағдайда диагноз анықталмаған болып есептеледі.

Везикулярлық синдром түрінде өтетін ауру кезінде аусылға теріс зертханалық нәтиже болған кезде везикулярлық стоматит, везикулярлық ауру және везикулярлық синдроммен бірге жүретін өзге де аурулар мен уланулар алып тастауға жатады.

Ескерту. Қағидалар 122-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-2. Аусыл вирусының республика аумағына әкелінуіне, пайда болуына және таралуына жол бермеу мақсатында Бірыңғай ветеринариялық талаптарды сақтау жөнінде шаралар қабылданады.

Ескерту. Қағидалар 122-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-3. ХЭБ талаптарына сәйкес, жануарлардың орнын ауыстыру кезінде вирустың пайда болуын және таралуын болдырмау мақсатында вакциналау жүргізілген

саламатты аймақта ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы республиканың аумағында жануарлардың орнын ауыстыру (тасымалдау) жөніндегі іс-қимылдардың тәртібін (алгоритмін) белгілейді.

Ескерту. Қағидалар 122-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-4. Аусылға ветеринариялық мониторингті жүзеге асыру барысында:

1) аусылға барлық күдікті жағдайлар эпизоотологиялық мониторингтен өтеді;

2) жануарларды аусылға қарсы вакциналау жүргізілмейтін елде және аймақтарда ауруға сезімтал жануарлар популяцияларында вирус айналымының жоқтығына дәлелдер алу үшін белсенді мониторинг жүзеге асырылады, ол мыналарды жүргізуді қамтиды:

биологиялық материал сынамаларында вирустың құрылымдық полипротеиндеріне антиденелердің болмауына ауруға сезімтал үй, жабайы және хайуанаттар бағындағы жануарлар популяцияларындағы серологиялық зерттеулер. Егер вирустың құрылымдық полипротеиндеріне антиденелер табылған жағдайда, оң нәтиже көрсеткен жануарлардан алынған сынамалар вирустың құрылымдық емес полипротеиндеріне антиденелердің болмауына зерттеледі;

биологиялық материал сынамаларында қоздырғыштың болмауына, оның ішінде аусылға күдікті жағдайлар анықталған кезде ауруға сезімтал үй, жабайы және хайуанаттар бағындағы жануарлардың популяцияларында вирусологиялық зерттеулер;

3) жануарларды аусылға қарсы вакциналау жүргізілетін елде және аймақтарда ауруға сезімтал жануарлар популяцияларында вирус айналымының жоқтығына дәлелдер алу үшін белсенді мониторинг жүзеге асырылады, ол мыналарды жүргізуді білдіреді:

биологиялық материал сынамаларында вирустың құрылымдық емес полипротеиндеріне антиденелердің болмауына ауруға сезімтал үй, жабайы және хайуанаттар бағындағы жануарлардың және вирустың құрылымдық полипротеиндеріне антиденелердің болмауына ауруға сезімтал жабайы жануарлардың популяцияларында серологиялық зерттеулер. Вирустың құрылымдық емес полипротеиндеріне антиденелерді анықтау аусылға күдікті жағдай болып табылады;

биологиялық материал сынамаларында, оның ішінде өлген жануарларда қоздырғыштың болмауына және аусылға күдікті жағдайлар анықталған кезде ауруға сезімтал үй, жабайы және хайуанаттар бағындағы жануарлардың популяцияларында вирусологиялық зерттеулер;

4) аусылға қарсы жануарларды вакциналауды жүргізу аймақтарында иммундаудың тиімділігі серологиялық мониторинг арқылы бағаланады;

5) ауруға сезімтал жабайы жануарлар популяцияларында вирус айналымының болмауына дәлелдер алу үшін ауруға сезімтал жабайы жануарлар популяциясындағы қоздырғышты барынша ерте анықтауға бағытталған мониторинг жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 122-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122-5. Аусылдың профилактикасы мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен шекаралас үшінші елдерде аусыл бойынша эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, вакциналарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға (нұсқауларға) сәйкес аусылға сезімтал жануарларды вакциналармен вакциналау жүзеге асырылады. Мемлекет аумағында Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген және диагностикалық тесттер мен ХЭБ вакциналары жөніндегі нұсқаулықтың ұсынымдарына сәйкес келетін аусылға қарсы вакциналар қолданылады.

Аусылға қарсы вакциналаудың тиімділігін бағалау мақсатында вакцинация жасалған күннен бастап күнтізбелік 30-60 күннен кейін ауруға сезімтал түрлерге вакциналанған жануарлар популяциясына серологиялық зерттеулер жүргізу арқылы мониторинг жүзеге асырылады.

Поливалентті вакциналарды пайдаланған кезде вакцинадағы серотиптердің әрқайсысына антиденелерді анықтау үшін зерттеулер жүргізіледі. Серологиялық зерттеулер қорғалған жануарлардың пайызын айқындау және ХЭБ басшылығы ұсынған әдістерді қолдана отырып, вирустың ықтимал айналымын анықтау үшін жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 122-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Аусыл бойынша қолайсыз пунктте жүргізілетін іс-шаралар тәртібі

123. Қолайсыз пунктке карантин қойылады.

124. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы бөлімшелері (бұдан әрі – ЖАО бөлімшілері) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық инспекциясымен келісім бойынша буферлік зонада және саламатсыз пункттерде жануарлардың аусыл ауруына қарсы күрес жөнінде жоспар жасайды, ол мынаны көздейді:

1) облыс және аудан орталықтарында ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдарын тарта отырып, аусылға қарсы барлық іс-шараларды басқаруға және үйлестіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 16-04/676 бұйрығымен

бекітілген Мемлекеттік органдардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде өзара іс-қимыл жасау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11727 болып тіркелген) сәйкес жұмыс тобымен өзара іс-қимыл жасауға жауапты топтарды құру;

2) ветеринариялық қызметтің, ішкі істер органдары, кеден және шекара қызметтерінің аумақтық құрылымдарының олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыретін ескере отырып, аусылға қарсы күрес бойынша жедел және келісілген іс-әрекеттері;

3) жануарлардың аусыл ауруымен күрес жөніндегі іс-шараларда адами және материалдық ресурстарды, оның ішінде аусылдың басқа облыстардан таралуын болдырмау үшін бар ресурстарды тарта отырып, шоғырландыру;

4) шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекара арқылы жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен басқа да бақылауға жататын жүктерді заңсыз орын ауыстырудағы негізгі бағыттарды анықтай отырып, аусыл бойынша эпизоотиялық жағдайды жедел бағалау;

5) биоматериалдардың сынамаларын алу және одан әрі молекулярлық деңгейде вирустардың сипатын анықтай отырып, зертханалық зерттеулер жүргізу;

Жануарлардың ауруға сезімтал түрлерінен репрезентативті іріктемені алу кезінде талдау нәтижелері шектеу аймақтарындағы эпизоотиялық жағдайды көрсетуі үшін іріктеме көлемін көздейді;

6) саламатсыз облыстарда және тәуекел дәрежесі жоғары аймақтарда аусылға сезімтал жануарларды тасымалдауды және көршілес мемлекеттермен шекарада орналасқан мал сою пункттері (сою пункттері, сою алаңдары (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдары), ет өңдеу кәсіпорындары) мен сауда объектілерінің жұмысын тоқтату;

7) аусылдың таралуының әлеуетті ауқымын және аусыл өршуінің ықтимал салдарларын бағалау үшін ақпарат жинақтау;

8) жеке аулаларға, шаруашылықтарға, жануарларды өткізуді жүзеге асыратын сауда объектілеріне, өңдеу кәсіпорындарына, сою объектілеріне инспекция жасау жолымен аусыл бойынша тәуекел дәрежесі жоғары аймақтарда белсенді бақылауды жүзеге асыру ;

9) аусылдың таралуын азайту мақсатында карантиндік режимді енгізу және жануарларды тасымалдауды шектеу;

10) Республикалық бюджеттен өтемақы төлей отырып, ауру және ауру малдармен жанасқан жануарларды алып қою және жою;

11) аусыл ошағына дезактивация жүргізу және ауру қоздырғыштарының механикалық жолмен берілу тәуекелін жою;

12) аусылдың қауіптілігі туралы тұрғындардың хабардар болуын арттыру және аусылды тану бойынша ақпараттық материалдар (буклеттер, плакаттар және

кітапшалар) тарату, ауруды тапқан кезде жануарлар иелерінің әрекеттері және жануарларды қорғау шаралары жөнінде жұмыстар жүргізу;

13) ЖАЖ-технологияның бағдарламалық өнімін пайдалана отырып, аурудың шығуын модельдеу, деректерді картаға түсіру және аусыл бойынша молекулярлық зерттеулер жүргізу;

14) аусылдың шығу себептерін, ауру таралуының болжамды ауқымын және клиникалық белгілерін белсенді түрде іздеу арқылы вирустардың айналымын анықтау мақсатында аумақтарда, шаруашылықтарда, малдарды өткізуді жүзеге асыратын сауда объектілерінде және жеке аулаларда эпизоотологиялық тексеру жүргізу; аурудың өршу ошағынан 10 (он) километр радиуста шектеу аймақтарында ауру жануарлармен жанасқан жануарларға зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

15) аусыл бойынша қолда бар ақпараттың негізінде шектеу аймағын, бақылау аймағын және қорғау аймағын картаға түсіру және анықтау;

16) шектеу, бақылау және қорғау аймақтарында аусылға сезімтал жануарлардың барлық түріне күнделікті клиникалық тексеру жүргізу және аурудың кез келген жағдайы және күдігі туралы хабарлау;

17) профилактикалық вакциналауды жүргізу үшін шектес мемлекеттермен шекаралас тәуекел дәрежесі жоғары аудандарды айқындау;

18) Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған ветеринариялық зертханаға биоматериалдардың сынамаларын беру;

19) залалданған қора-жайларды, әкімшілік аудандар мен табиғи шекаралар (өзен, көл, тау) шегінде шектеу аймақтарын, залалданған аумақтың айналасындағы диаметрі 3 километр бақылау аумағын және диаметрі 10 километр қорғау аймағын анықтау;

20) өтемақы төлей отырып, ауру және ауру малдармен жанасқан жануарларды бағалау;

21) тәуекелді бағалауға сәйкес залалданған қора-жайлардағы ауру жануарларды сою және жою;

22) мал сойылған қора-жайлар мен аумақтарды тазарту және дезинфекциялау;

23) аусылдың клиникалық белгілерін анықтау үшін шаруашылық субъектілерін инспекциялау;

24) қорғау аймағындағы жануарларды вакцинаның қолданылуына және ауруды түбегейлі жою стратегиясына сәйкес вакциналау;

25) аусыл кезінде мынадай шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантинді алып тастау:

1) басқа облыстардың саламатсыз аймақтарымен ветеринариялық-санитариялық бекеттерді ұйымдастыруды көздейтін

Қазақстан Республикасының шекарасын күзету жөніндегі іс-шаралар;

1) қол жүгін физикалық бақылауды қоса алғанда, адамдар мен автокөлік құралдарының көрші облыстардан сауда-экономикалық және тұрмыстық байланыстар жөніндегі өткізу пункттері арқылы өтуіне;

2) ауру немесе ауырып қалған жануарларды қолайсыз аудандардан облыс ішіндегі қолайлы аудандарға бақылаусыз орын ауыстыруын қадағалауға

бақылауды күшейту жөніндегі бірлескен іс-шаралардың ведомствоаралық жоспарын әзірлеу және бекіту.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

125. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 767 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6027 болып тіркелген) бекітілген Өңірлендіру, аумақты аймақтарға, компартаментке бөлу қағидаларына сәйкес аумақтарды аймақтарға бөлуді жүзеге асырады.

Саламатсыз пунктте жүргізілетін іс-шаралар мыналарға жол бермеуді көздейді:

1) аусыл бойынша саламатсыз пункттен жануарлардың барлық түрлерін, оның ішінде құстарды әкелу (кіргізу) және әкету (шығару);

2) саламатсыз пунктте жануарлардан алынған өнім мен шикізатты, азықты, азықтық қоспаларды дайындау және одан шығару, сондай-ақ инфекция жұққан мүкәммалды, материалдарды және өзге де материалдық-техникалық құралдарды шығару;

3) ошақтың, саламатсыз пункттің ішінде жануарларды қайта топтастыру (ауыстыру) ;

4) ішкі сауда объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын объектілердің көрмелер, жәрмеңкелер, сауда-саттық өткізу, сондай-ақ саламатсыз пункттің аумағында жануарлардың, адамдардың және көліктің шоғырлануына байланысты басқа да іс-шараларды өткізу;

5) саламатсыз пункттен сүт шығару және пайдалану;

6) жануарларды қолдан ұрықтандыру үшін саламатты шаруашылықтарға ұрық шығару;

7) көліктің барлық түрлерінің саламатсыз пункт арқылы өтуі. Көліктердің межелі жеріне өтуі үшін айналып өтетін жолдар анықталуы және көрсеткіштермен белгіленуі тиіс. Қажет болған жағдайда, қолайсыз пунктке арнаулы тағайындалған көліктің кіруіне және шығуына болады. Бұл ретте, саламатсыз пункттен шығарда көлік, шығатын адамдардың сыртқы киімдері және аяқ киімдері міндетті түрде дезинфекциялануы тиіс. Осы мақсатта бір жолды белгілейді, онда саламатсыз пункттің

шекарасында шығатын адамдардың сыртқы киімін зарарсыздандыру үшін дезинфекциялау камерасын, аяқ киімді дезинфекциялау үшін дезинфекциялау ерітіндісі және щеткасы бар ыдысты, көлікті дезинфекциялау үшін дезинфекциялық қондырғыны, кезекшілер үшін қарауыл күркесін және олардың киімдерін санитариялық тазарту кезінде көрсетілген тұлғалардың болуы үшін вагон орнатады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Аусыл бойынша саламатсыз пункттерде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ЖАО бөлімшесі Заңның 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен (бұдан әрі – РҚО) бірлесіп мынадай іс-шараларды ұйымдастырады:

1) пункттен апаратын барлық жолдарды (соқпақтарды) жабады және тәулік бойы кезекшілігі бар күзет-карантиндік бекеттердің қажетті санын қояды, сондай-ақ "Жүруге тыйым салынады", "Айналып өту", "Аялдау міндетті", "Аялдауға тыйым салынады" деген тиісті көрсеткіштерді (жол белгілерін) орнатады;

2) күзет-карантиндік бекеттерде кезекшілік атқару үшін қажетті адамдар санын бөледі және олардың міндеттерін айқындайды. Күзет-карантиндік бекеттер бойынша кезекшіге арнайы куәліктер мен қолға байлайтын таңғыштар беріледі. Бекеттер шлагбаумдармен, дезинфекциялық тосқауылдармен және кезекшілерге арналған будкалармен жабдықталады, мүмкіндігінше байланыс орнатады;

3) барлық жануарларды қорада ұстауға немесе арнайы бөлінген оқшауланған жайылым учаскесіне ауыстыруды қамтамасыз етеді, саламатсыз пункттегі аусылға бейім барлық жануарларды есепке алады;

4) саламатсыз пункттегі барлық сезімтал жануарларды алдыңғы егу мерзіміне қарамай аусылға қарсы міндетті түрде вакциналайды;

5) үй құсын саламатсыз пункттің аумағында жабық үй-жайларда, ал иттерді байлап ұстайды;

6) мал шаруашылығы үй-жайлары мен өндірістік аумақтарға күнделікті дезинфекция жүргізуді, арнайы киімді, күтім заттарын, көлік құралдарын өңдеуді қамтамасыз етеді;

7) жануарларға арналған үй-жайларға немесе қораларға, жануарлар иелерінің аулаларына кірген кезде, сондай-ақ жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), өңдеуді, өндіруді, сақтауды жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде аяқ киім мен көлікті өңдеуге арналған дезинфекциялық кедергілер орнатады.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы:

1) аусыл бойынша қолайсыз пунктке шығуға және сол жерде диагноз қоюдың, аусылды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізудің, ауру бойынша қолайсыз пункттің шекарасын, қолайсыз аймақты, қадағалау аймағы мен қолайлы аймақты белгілеудің дұрыстығын нақтылауы;

2) ауданның жергілікті атқарушы органының басшысына, облыстың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына, көршілес әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларына аусылдың шыққандығы туралы дереу хабарлауы;

3) қолайсыз пунктте және қолайсыз аймақта карантин талаптарының сақталуы бойынша дереу бақылау орнатуы тиіс.

128. Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы облыстың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторынан хабар алғаннан кейін Жануарлардың денсаулығын сақтаудың дүниежүзілік ұйымын және шектес мемлекеттердің мемлекеттік ветеринариялық қызметтерінің басшыларына Қазақстан Республикасындағы аусыл бойынша эпизоотиялық жағдай туралы хабарлайды.

129. Қолайсыз пунктте аусылдың эпизоотиялық ошағын толық оқшаулауды, онда вирусты жоюға бағыталған іс-шараларды үнемі және жоспарлы орындауды, оны тарату жолдарын жабуды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) өтетін бір жер қалдырып эпизоотиялық ошақтың аумағын қоршайды және онда тәулік бойы күзетшілік бекет қояды;

2) ошаққа кіре берісті дезинфекция барьері және дезинфекциялайтын қондырғысы бар бақылау-өткізу пунктімен жабдықтайды;

3) жануарларға қызмет көрсету және ошақтың аумағында басқа шаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін тысқары шығу құқығынсыз тұрақты көлікті бекітеді. Мал азығын, азық-түлікті және басқа да қажетті материалдарды тасып жеткізу үшін ошаққа кіре берісте сырттан жүктерді жеке көлікпен жеткізетін қайта тиеу алаңын жабдықтайды;

4) қолайсыз пунктте бекітілген адамдарды ауыстыратын санитарлық киіммен және аяқ киіммен, орамалмен, сабынмен және қолды тазартуға арналған дезинфекциялайтын ерітіндімен, сондай-ақ алғашқы медициналық көмек қобдишасымен қамтамасыз етеді. Ошақтан қандай да болмасын заттарды, мүкәммалды, жабдықтарды, азық-түлікті, жем-шөпті және кез-келген заттарды алып шығуға болмайды;

5) ошақтың шегінде сүтті зарарсыздандыру, сүт өнімдерін өңдеу және сақтау үшін үй-жайларды жабдықтайды. Ошақтағы сиырлардан алынған сүтті қорытқан майға

қайта өңдейді. Адамдардың тамағына және жануарларға азыққа 5 минут бойы қайнату немесе 30 минут бойы 850С температурада пастерлеу жолымен зарарсыздандырылған сүтті (сүт өнімдерін) ғана пайдаланады;

6) ошақтың аумағына және әсіресе, ауру малдар тұрған қора-жайларға, сондай-ақ оларды күтіп-бағу заттарына күнделікті дезинфекциялау жүргізуді ұйымдастырады. Қиларды, мал азығы қалдықтарын және төсенішті биотермиялық жолмен зарарсыздандыру үшін ошақтың аумағында жинайды және үйеді немесе жағып жібереді;

7) шаруашылық жүргізуші субъектілерде кеміргіштерді жоюды ұйымдастырады, сондай-ақ аусылмен ауыратын жануарларды ұстайтын жерлерге иттердің, мысықтардың, құстардың және басқа жануарлардың кіруіне жол бермеу шараларын қабылдайды;

8) ошақтағы ауру және қырылған жануарларды өртеу жолымен жояды.

130. Қолайсыз пунктте ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринарлық ұйымдар:

1) жануарлардың аусыл ауруы шығуына күдікті жағдайда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы қызметі жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның бөлімшелеріне, мемлекеттік ветеринариялық бақылау және қадағалау органдарына хабардар етуі;

2) аусыл ауруы бойынша күдікті жануарларды оқшаулауы, оларға қызмет көрсетуге басқа жануарларды күтіп-бағатын адамдармен оның байланысын болдырмай, жеке адам бекітуі. Басқа жануарларды ауру анықталған орнында қалдыру және оларды басқа қора-жайларға ауыстыруды немесе басқа жайылымға айдауға жол бермеуі, жануарларды айдауды, тасуды, жануарларды, жануарлардан алынатын азық-түлік пен шикізаттарды дайындау (сою), өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметін тоқтатуы;

3) аумақ шекарасына немесе ауру жануарлар орналасқан қора-жайларға кіре берісте "Кіруге тыйым салынады! Аусыл ауруына күдікті!" деген жазуы бар көрсеткіш белгілер қоюы;

4) аусылдың эпизоотиялық ошағы аумағынан жануарлардан алынатын азық-түлікті және шикізатты, азықты, азықтық қоспаларды қоса алғанда, кез келген заттарды шығаруға (алып шығуға) жол бермеуі;

5) шаруашылықты қоса алғанда, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа жеке және заңды тұлғалармен, ең алдымен басқа жануар иелерімен байланысқа жол бермеуі;

6) жануарлардың аусыл ауруымен ауруына күдік туралы хабарламаны алған кезде ветеринариялық-санитариялық қорытындыны ресімдей отырып, аусылға алдын ала диагноз қою үшін орынға (аусылдың эпизоотиялық ошағына) дереу келуі;

7) ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторын жануарлардың аусылмен ауырғанына алдын ала қойылған диагноз туралы хабардар етуі;

8) эпизоотиялық ошаққа келген сәттен бастап, аусылдың эпизоотиялық ошағының шекарасын және аусыл бойынша қолайсыз пунктті анықтауы;

9) аусылға диагнозды растау (түпкілікті диагноз қою) және жануарлардың ауруын қоздырған аусыл вирусының типін анықтау үшін, эпизоотиялық ошаққа келген сәттен бастап ауру жануарлардан патологиялық материал алуы;

10) келген сәттен бастап, аусылдың вирусын әкелу көзін, сондай-ақ оны таратудың мүмкін болатын жолдарын анықтау мақсатында тиісті эпизоотологиялық зерттеу актісін ресімдей отырып, эпизоотологиялық зерттеу жүргізуі;

11) киімдері мен аяқ киімдерін мұқият санитарлық тазартқаннан және дезинфекциялағаннан кейін адамдардың аусылдың эпизоотиялық ошағынан шығуын ұйымдастыруы қажет.

131. Қолайсыз пункттен карантин эпизоотиялық ошақта соңғы ауырған жануардың жазылған, сойылған немесе жойылған күнінен бастап күнтізбелік 21 күн өткен соң алынады.

132. Карантинді алудың алдында:

1) аусылмен ауырған жануарлар тұрған барлық қора-жайларды, аумақтарды, мүкәммалды және көлікті тазалау және қорытынды дезинфекция жүргізу;

2) жануарларды ұстау, пайдалану және өсіру жөніндегі өндірістік үй-жайлардың ішінде жаңа сөндірілген әк ерітіндісімен қабырғаларды, бөлінген жерлерді әктейді;

3) қолайсыз пункттен карантинді алу кезінде қорытынды іс-шараларын жаңбыр, қар жауған және аяз уақытында жүргізген жағдайда, қолайлы ауа-райы болған кезде бұл пунктте қайтадан сыртқы ортадағы аусылдың вирусын толық құртуды қамтамасыз ететін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенін (қора-жайларды санитариялық жөндеу, дезинфекция және басқалары) жүргізеді;

4) қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды орындаудың толықтығын, аусыл бойынша малдың сау екендігін тексереді.

133. Карантинді алғаннан кейін Карантинді белгілеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген және ХЭБ жер үсті жануарларының саулығы жөніндегі кодекспен ұсынылған мерзімге шектеу іс-шараларын бекітеді.

2-параграф. Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өндіруді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде аусыл анықталған кезде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

134. Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өндіруді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде (бұдан әрі - Кәсіпорын) аусыл анықталған кезде осы Қағидада белгіленген іс-шараларды жүргізеді.

135. Кәсіпорындарда аусылдың таралуын болдырмайтын мынадай шараларды қабылдайды:

1) кәсіпорын аумағындағы барлық жануарларды дереу алады және өртеу жолымен жояды;

2) жануарлар тасымалданған көлік құралдарын қидан, азық қалдықтарынан және қоқыстардан, жануарларды ұстаған аумақтар мен қора-жайларды, өндірістік үй-жайларды, сондай-ақ мүкәммалды тазартуды ұйымдастырады және оларды мұқият дезинфекциялайды;

3) қиларды кәсіпорын аумағында жабдықталған көң сақтағыштарда биотермиялық тәсілмен жағып жіберуді немесе зарарсыздандыруды, сондай-ақ ағын суларды зарарсыздандыруды қамтамасыз етеді;

4) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің аусыл бойынша қолайсыз партиясын жеткізуге, адамдардың киімдерін және аяқ киімін тазарту, дезинфекциялау, сондай-ақ зарарсыздандыру бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысқан адамдарды санитариялық тазартуды ұйымдастырады.

136. Кәсіпорындарда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының нұсқамасы бойынша дереу мыналар көздейтін шектеу іс-шараларын енгізеді:

1) сою үшін әкелген жануарлардың жаңа партияларын, басқа өткізілетін (тасымалданатын) объектілерді қабылдау ошақты жою жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар аяқталғанға және карантин мен шектеулі іс-шаралар алынғанға дейін тоқтату;

2) кәсіпорынның аумағынан өткізілетін (тасымалданатын) объектілерді шығаруға, сондай-ақ қалдықтарды және кез келген заттарды зарарсыздандырмаған күйде одан тысқары шығаруға (әкетуге) жол бермеу;

3) кәсіпорынға тікелей қатысы жоқ бөгде адамдардың кәсіпорынға кіруіне жол бермеу;

4) кәсіпорынның қызмет көрсететін персоналын санитариялық тазалықтан өткізу режимін күшейту.

3-параграф. Аусыл бойынша қолайсыз аймақта және ветеринариялық-санитариялық қолайлы аймақта жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

137. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары жануарлардың аусыл ауруының алдын

алу бойынша ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Қолайсыз аймақта жануарлардың аусыл ауруының туындауына жол бермеуді қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды қабылдайды:

1) пункттердің аусыл бойынша қолайсыз пунктпен қатер төндіретін шаруашылық байланысты толығымен тоқтатады;

2) барлық аусылға сезімтал жануарлардың есебін жүргізеді және оларды вирустың тиісті типінің аусылға қарсы вакцинасымен иммундайды. Қатерлі аймаққа жаңадан келген барлық жануарларды да аусылға қарсы егеді, оларды карантиндеуден кейін, бірақ вакцинациядан кейін күнтізбелік 21 күннен бұрын емес жалпы табынға қосады;

3) жануарлар орналасқан өндірістік аумақтарға және қора-жайларға бөгде адамдардың кіруіне жол бермейді;

4) профилактикалық іс-шараларды жүргізу және елді мекендерде оларға аусыл қоздырғыштарын әкелуден қорғауға бағытталған осы Қағидаларды сақтауға бақылауды жүзеге асыру үшін қолайсыз аймақтың әрбір елді мекеніне ветеринарлық мамандарды бекітеді;

5) отарлы мал шаруашылығы аймақтарында қолайсыз пункт аумағымен шекараның бойымен 10-15 километр ішке қарай жануарлар жайылмайтын аймақты бекітеді, ол жерден карантин кезінде барлық жануарларды шығарады. Басқа жағдайларда жануарларды азық пен суды әкеліп беретін байлап немесе қамап ұстайды;

6) шөп маяларын және басқа ірі азықтарды үй және жабайы жануарлардың кіруінен қорғауды немесе қоршауды (айналасын қазады) ұйымдастырады;

7) аусыл вирусының әкеліну қаупі және аурудың туындауының алдын алу шаралары туралы жеке және заңды тұлғаларға, азаматтарға хабарлайды, тұрғындар арасында осы мәселелер бойынша түсініктеме жұмыстарын жүргізеді;

8) аусылға қарсы вакцина егілген жануарларды вакцина егілгеннен кейін күнтізбелік 21 күннің ішінде союға жол бермейді.

139. Жабайы жануарлар (ең алдымен – аша тұяқтылар) ұстайтын жеке және заңды тұлғалар көрсетілген объектілерге кіре берісте (шығатын жерде) дезинфекция кілемшелері және дезинфекция барьер жабдықтарын қоса, инфекция қоздырғыштарының әкелінуіне жол бермеу жөніндегі шаралардың жүйесін жүргізеді, қызмет көрсететін персоналды арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етеді.

140. Қолайсыз аймақтан жеткізілген сүтті міндетті түрде 850С температурада пастерлейді немесе қайнатады.

4-параграф. Аусыл бойынша қолайлы аймақта жүргізілетін іс-шаралар

141. тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ЖАО бөлімшесі аусыл бойынша қолайлы аймақта ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық инспекциясымен келісім бойынша аусыл ауруының профилактикасы және онымен күресудің стратегиялық жоспарын жасайды, онда:

- 1) аусыл эпизоотологиясын зерделеу бойынша;
- 2) тәуекелдерді анықтау бойынша;
- 3) тәуекелдерді азайту (төмендету) бойынша;

4) аусылдың таралуын қысқарту және жұғу тәуекелін төмендету бойынша іс-шаралар көзделеді.

142. Аусыл эпизоотологиясын зерделеу жөніндегі іс-шаралар мынаны көздейді:

1) аусыл бойынша эпизоотология жағдайын анықтау мақсатында тиісті аумақтағы мал шаруашылығын жүргізу жүйесін (жануарларды және мал шаруашылығы өнімдерін ұстау, өсіру) толық зерделеу;

2) соңғы 12 ай ішіндегі деректерді жинау және талдау арқылы аусыл бойынша эпизоотология жағдайын зерделеу:

аусылдың үй жануарлары және жабайы фаунаның аша тұяқты жануарларының арасында таралуы;

аурудың клиникалық белгілерінің көрінуі;

жануарларды вакциналау және аусыл вирусының құрылымдық емес ақуыздарын анықтау серомониторингі;

жануарларды және мал шаруашылығы өнімдерін тиісті аумаққа шығару (импорттау);

көктем-жаз мезгілінде жаңа жайылымдарға жаюды ескере отырып, жануарларды әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағы ішінде орын ауыстыру;

жеке аулалар, шаруашылықтар, базарлар, қайта өңдеу кәсіпорындарын белсенді бақылау (инспекциялау) деректерінің жиынтығы;

аусылға қарсы вакцина егілген жануарлар мен аусыл вирусының құрылымдық емес ақуыздарының серомониторингі деректерінің жиынтығы;

жануарларға вакцина егу және серомониторинг жүргізу бойынша есептілікті зерделеу және талдау жолымен пассивті бақылауды жоспарлау;

ауру тіркелген жағдайда, республиканың аумағында таралған аусылдың серотиптерін (кіші типтерін) анықтау үшін ауыл шаруашылығы жануарларының қан сывороткасының сынамаларын ХЭБ халықаралық анықтамалық зертханасына жіберу;

деректер базасын пайдалану және аусылдың таралу көрсеткіштерін картаға түсіру жөнінде ауруларды қадағалау жөніндегі электрондық интеграцияланған жүйені және жер ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - ЖАЖ) қолдану. Ветеринария саласындағы

мамандарды ауру жануарлардан биоматериалдар сынамаларын алуды қоса алғанда, аусылды эпизоотологиялық тексеруге, диагностикасы мен ауру тәуекелдеріне үйрету бойынша семинар-тренингтер өткізу.

143. Тәуекелді анықтау жөніндегі іс-шаралар мынаны көздейді:

1) ауру өршіген және (немесе) ауруы күдікті болған кезде ақпаратты жедел жинауды жүзеге асыру;

2) аусылды жұқтыру мүмкін ошақтарды анықтау үшін оларды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, аусылдың пайда болуына, таралуына және әкелінуіне ықпал ететін тәуекелдерді бағалай отырып, эпизоотологиялық тексеру нәтижесінің деректерін талдау;

3) мынадай факторлар мен оларды бағалау әдістері бойынша аусылдың таралуына ықпал ететін тәуекелдерді бағалау, оның ішінде:

аусыл бойынша қолайсыз пункттерден ауру немесе ауырып жазылған жануарларды көшіру және орнын ауыстыру;

қолайлы аймаққа адамдардың, көлік құралдарының қозғалысы, азықты (шөп, жем-шөп және басқалар), қолайсыз аймақта қолданыста болған жабдық пен мүкәммалды тасымалдау;

сапасыз вакциналарды қолдану;

аусылды жұқтырған жануарлардың сүйектері бар қалдықтармен шошқаларды азықтандыру;

аусылдың пайда болуының және таралуының мерзімдік факторлары және басқа да әлеуетті тәуекелдері;

жабайы фауна;

ауруды қасақана тарату;

тәуекелдерді зерделеу және анықтау негізінде Қазақстан Республикасының аумағында (облыстар бөлігінде) аусылдың таралуына және сау түліктерге жұқтыруға ықпал ететін тәуекелдерді бақылау жоспарын жасау және бекіту;

аусылдың таралуын қысқартуға ықпал ететін тәуекелдерді бақылау шараларын және егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оларды бағалау әдістерін белгілеу;

анықталған жаңа тәуекелдерді ескере отырып, облыс аумағында аусылдың таралуына және сау түліктерге жұқтыруға ықпал ететін тәуекелдерді бақылау жоспарын іске асыру және оны жаңарту.

144. Тәуекелдерді азайту (төмендету) жөніндегі іс-шаралар мынаны көздейді:

1) аусыл эпизоотологиясын зерделеу мен тәуекелдерді бағалау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

2) тұрғындар арасында аусылға қарсы күрес шаралары бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

3) вакцинация жүргізу стратегиясын әзірлеу және "суық тізбек" принципін қамтамасыз ету;

4) жануарлардың аусылды жұқтыруын қысқарту үшін тірі мал сататын базарларда ветеринариялық-бақылау шараларын қабылдау және оған қатысушылар арасында аусылдың жұғу жолдары мен профилактика және онымен күрес шаралары туралы ағарту жұмыстарын жүргізу;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жануарлардың орын ауыстыруына бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) жеке аулаларда, мал шаруашылығы объектілерінде және тірі мал сататын базарларда гигиена нормаларының сақталуын қамтамасыз ету (өндірістік-тұрмыстық желілердің аса күдікті жерлерін үнемі жинау, тазарту, дезинфекция, дератизация және дезинсекция т.б.);

7) жануарларға аусылға қарсы вакцина егуді қамтуды бағалауға бағытталған серомониторинг жүргізу;

8) қолданылатын вакциналардың қажеттігін және оның тиісті аумақта таралған вирус штаммына сәйкестігін растайтын зертханалық зерттеу жүргізу;

9) жүргізілген және жүргізілетін аусылдың таралуын және тәуекелдерді қысқартуды бақылау шараларын бағалау;

10) аусылдың өршуін, оның ішінде қолданылған бақылау шараларына қарамастан орын алған аурудың өршуін эпизоотологиялық тексеру жолымен зерделеу;

11) бақылаудағы нысандарда биологиялық қауіпсіздік және гигиена талаптарының сақталуын тексеруді және инспекциялауды ұйымдастыру;

12) жеке аулалар мен шаруашылықтарға бару, жануарларды тексеру, биоматериалдардың сынамаларын алу және жануарлардың иелерінен сұрау алу жөніндегі ветеринариялық инспекцияның жедел әлеуетін арттыруға ықпал ететін құқықтық жағдай жасау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13) аусыл бойынша эпизоотиялық жағдайды зерделеу жөніндегі алынған деректерді нақты режимде талдау үшін географиялық байланысы бар деректерді және карта жасауды қамтитын ақпараттық жүйені дамыту;

14) жануарлардың орын ауысуы мен оларды базарларда сатуға байланысты аурудың таралу тәуекелін қысқарту үшін қажетті құқықтық нормаларды (тірі малды сату жөніндегі нарық жұмысын және оларға қатысушылардың жауапкершілігін реттеу) міндетті түрде қолдану.

145. Аусылдың таралуын қысқарту және жұқтыру тәуекелін төмендету жөніндегі іс-шаралар мыналарды көздейді:

1) аусылдың эпизоотологиясын зерделеу, тәуекелін анықтау және бақылау шараларының орындалатындығы мен тиімділігін қамтамасыз ету және тиісті жоспарларға түзету енгізу үшін әрбір шара бойынша алынған деректерді міндетті түрде

талдай отырып, тәуекелдерді қысқартуға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

2) аусыл бойынша эпизоотиялық жағдайды зерделеу және тәуекелдерді бақылау жоспарын іске асыру негізінде, мынаны:

аурудың пайда болуына ықпал еткен инфекция көзі мен факторларын көрсете отырып, аусылдың өршуінің әрбір жағдайын эпизоотологиялық тергеуді

аурудың таралуының мүмкін болатын сценарийлерін болжауды және атқарылған жұмыс туралы есеп жасауды;

аусылдың одан әрі таралуын шектеу жөніндегі жедел шараларды (карантиндік режим, ауру және олармен жанасқан жануарларды санитариялық сою, олардың қозғалысын шектеу, аумақты зоналау, жедел вакцина егу және басқаларын) қабылдауды;

белсенді және пассивті бақылау деректерін, оның ішінде өршуді зерттеу, ауру көзін анықтау және аусыл бойынша зертханалық зерттеу туралы деректерді талдауды;

аусыл ауруының таралуының алдын алу мақсатында жануарлардың қозғалысын шектейтін қолданыстағы құқықтық базаны толықтыруды;

аусылға күдікті жағдайлар туралы міндетті хабардар етуді;

ауру жануарларды алуды және жоюды, олардың құнын өтеуді қамтамасыз ететін құқықтық жайлар жасауды;

жануарларды сәйкестендіру және деректер базасын жүргізу жүйесін бір жолға қоюды;

аусылды жұқтыруды қысқарту үшін жануарларды өсіру мен күтіп-бағудың және мал базарларында сатудың, қайта өңдейтін кәсіпорындарда өнімдер мен шикізатты өңдеу мен сатудың технологиялық сызбасын қадағалауды;

импорттық жануарларға карантиндеу жүргізуді және импорттық мал шаруашылығы өнімдерін инспекциялауды;

оларды мерзімдік жазғы жайылымдарға айдауға байланысты жануарлар қозғалысының бағыттарын анықтауды;

үй жануарларының жабайы фаунаның аша тұяқты жануарларымен мүмкін болатын байланысын болдырмауды;

әлеуетті және аусылдың таралу қаупі бар аймақтарды ескере отырып, аумақтарды:

қазақстандық аумақта кемінде 50 километр ішке қарай Қазақстанның мемлекеттік шекарасының бойымен;

кемінде 30 километр радиусымен (жолдың екі жағы бойынша) облыс аумағымен өтетін ірі автомагистралдардың бойымен;

елді мекендердің санын және аусылға сезімтал мал басын ескере отырып, аусылдың бұрын анықталған ошақтарының қолайсыз және буферлік аймақтары бойынша;

жабайы фаунаның аша тұяқты өкілдері арасында мүмкін инфекция көзі бар аймақтар бойынша буферлік аймақтарға бөлуді;

мыналарды:

жеке аулаларды, шаруашылықтарды, базарларды, өңдеу кәсіпорындарын инспекциялауды;

жануарларды аусылға қарсы вакцинациялау серомониторингін;

аусыл вирусының құрылымдық емес ақуызының серомониторингін;

жануарларды клиникалық тексеруді қоса алғанда, ауру өршіген және ауруға күдік болған кезде қолда бар ақпаратты жедел жинау және талдау жүргізу жолымен белсенді бақылауды жүзеге асыруды;

аусыл бойынша есептілікті зерделеу және талдау жолымен пассивті бақылауды жүзеге асыру;

облыс аумағында таралған аусыл вирусы штаммының сипаттамасын анықтау үшін ХЭБ халықаралық анықтамалық зертханасында биоматериалдардың сынамаларын алу кезінде репрезентативтілікті қамтамасыз етуді;

ХЭБ-тың Жер үсті жануарларының денсаулық кодексінің бақылау стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті аумағында аусылдың таралуын бақылауды көздейтін аусылды жою жөніндегі жоспарды әзірлеу және іске асыру.

12-1-тарау. Ауыл шаруашылығы жануарларының сібір жарасының алдын алу жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. Қағида 12-1-тараумен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауыл шаруашылығы жануарларының сібір жарасы ауруының алдын алу жөніндегі эпизоотияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізу тәртібі

145-1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО бөлімшелері:

1) сібір жарасының эпизоотиялық ошақтарын, сібір жарасының топырақты ошақтарының координаттары мен шекараларын белгілей отырып, анықтауға және тіркеуге, эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылауға (қадағалауға);

2) адамдар мен жануарлардың өтіп кетуіне жол бермейтін топырақтағы ошақтарды бүкіл периметрі бойынша биіктігі кемінде 1,5 метр қоршаулармен (метал немесе бетон) қоршауға. Топырақты ошақта "Сібір жарасы" деген жазуы бар тақтайшалар болуы керек;

3) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету, мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинау және жинақтау;

5) мал шаруашылығы қожалықтарында, мал сою пункттерінде, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындайтын және сақтайтын жерлерде, мал тасумен айналысатын барлық типтегі көлік құралдарында, кәсіпорындардағы өндірістік үй-жайларда профилактикалық дезинфекция жүргізуге бағытталған сібір жарасының алдын алу жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды орындайды.

Ескерту. 145-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-2. Ет және ет өнімдерін өткізу Заңның 22-бабының 5-тармағына сәйкес жүргізіледі.

145-3. Жеке және заңды тұлғалар жануарлар ауруының алдын алу мақсатында:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етеді;

2) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшелерін, ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық мекемелерді, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын:

жаңадан сатып алынған жануар (лар), туылған төлдер, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

екі және одан да көп жануарлардың өлуі, бір мезгілде ауырғаны немесе олардың әдеттен тыс мінезі туралы және ветеринария саласындағы мамандар келгенге дейін ауруға күдік тудырған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдау туралы хабардар етеді;

3) ветеринария саласындағы мамандарға ветеринариялық іс-шараларды орындау кезінде жәрдем көрсетеді;

4) сою алдында жануарларға ветеринариялық қарап-тексеруді жүргізбей және сойылғаннан кейін ұшалары мен органдарына ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай сатуға арналған жануарларды союды болдырмайды.

Ескерту. 145-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-4. ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар қолдану жөніндегі тәлімдемеде (нұсқаулықта) көзделген тәртіппен және мерзімдерде ауыл шаруашылығы жануарларына профилактикалық вакциналау жүргізеді.

145-5. Жануарларды сібір жарасына қарсы вакциналау нәтижелері бойынша Жоспарлау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген ветеринариялық іс-шара туралы акт ресімделеді, оған Жоспарлау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлері көрсетіле отырып, вакциналауға ұшыраған жануарлардың тізімдемесі қоса беріледі.

Ескерту. 145-5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-6. Жануарларды вакциналағаннан кейін күнтізбелік 14 күн ішінде бақылайды және сібір жарасына қарсы вакциналанған малды етке союға және вакциналағаннан кейін күнтізбелік 14 күн өткенге дейінгі кезеңде өлген малдың терісін алуға жол берілмейді.

145-7. Кәсіпорындар меншік нысанына қарамастан, мынадай талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді:

1) жануарлардың ұшасына және ішкі ағзаларына ветеринариялық қарап-тексеру және ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу, зертханалық зерттеулерді жүзеге асыру;

2) ет және жануардан алынатын басқа да өнімді зарарсыздандыру, пайдалануға жарамсыз болған жағдайда оны кәдеге жарату;

3) ет және ет өнімін арнайы оқшауланған және сүргі салынған камераларда, тоназытқыштарда сақтауды және зертханалық зерттеулер жүргізу кезеңінде сібір жарасының қоздырғыштарын жұқтыруға күдікті еттің сақталуын;

4) ауыл шаруашылығы жануарларының терісін сібір жарасына зерттеу.

145-8. Өлген жануардың өлексесін ашып қарау барысында сібір жарасына күдіктену туындаған жағдайда жұмыс тоқтатылады.

145-9. Жануарлардың сібір жарасымен ауырғандығы және/немесе сібір жарасына күдікті жануарлардың өлу жағдайлары тіркелгені туралы ақпаратты алған кезде мемлекеттік ветеринар дәрігер және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы маманы ауырған және өлген жануарларға қарап-тексеру жүргізеді.

145-10. Сібір жарасына күдік туындаған кезде жануарлардың өлексесінен патологиялық материалдың мынадай үлгілері алынады және ветеринариялық зертханаға жіберіледі:

1) құлақ тілігінен, перифериялық тамырларынан қан алып немесе құлақ қалқанын кесіп алып жолдайды (алдын ала өлексе жатқан жақтан екі лигатура қоя отырып, тіліктің шеттерін күйдіреді);

2) қан аралас сұйықтықтар болған жағдайда, ауыз және мұрын қуыстарынан алынған шайындыларды жолдайды.

145-11. Патологиялық материал биологиялық қауіпсіздік шаралары сақтала отырып, ветеринариялық зертханаға қолма-қол жіберіледі. Ветеринариялық зертханада материал полимеразды-тізбектік реакция (бұдан әрі - ПТР) арқылы микроскопиялық (материал түскен күні), бактериологиялық (үш тәулік ішінде) және биологиялық (10 тәулік ішінде) әдістермен зерттеледі.

145-12. Микроскопиялық зерттеулердің алдын ала оң қорытындысын алған кезде ветеринариялық зертхана тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринар дәрігерін хабардар етеді.

145-13. ЖАО бөлімшесі ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және тиісті әкімшілік бірліктегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік органның бөлімшесімен бірлесіп сібір жарасы инфекциясының болуына күдікті жануардың өлекселеріне сараптама нәтижелерін алғанға дейін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті биологиялық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, оларды жою бойынша іс-шараларды ұйымдастырады.

145-14. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринар дәрігері ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының, тиісті әкімшілік бірліктегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтық бөлімшесіне шұғыл хабарлама жібереді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор мен тиісті әкімшілік бірліктегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосы өкілімен бірлесіп эпизоотиялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізеді, сібір жарасы қоздырғышын жұқтыруға күдік тудырған жануардан алынатын өнімдерді және шикізатты өткізуге және шығаруға жол бермейді.

2-параграф. Қолайсыз пунктте ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-15. Түпкілікті диагнозды қойған кезде шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына карантин қойылады, бұл кезде:

- 1) жануарлардың барлық түрлерін әкелуге, әкетуге;
- 2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауға және әкетуге, шаруашылық ішінде жануарлардың орнын ауыстыруға;
- 3) ауру жануарлардың сүтін пайдалануға;
- 4) жануарларды етке союға;
- 5) өлген жануарлардың өлексесін ашып қарауға және терісін алуға;
- 6) ветеринариялық хирургиялық операциялардың кезек күттірмейтінінен басқасын жүргізуге;
- 7) эпизоотиялық ошақ аумағына бөгде адамдардың кіруіне, оның аумағына объектіге қызмет көрсетуге байланысы жоқ көліктің кіруіне;
- 8) табиғи су қоймаларынан жануарларды суаруға;

9) жануарларды және жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты саудалауға, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін, көрмелерін (аукциондар) және адамдар мен жануарлар жиналатын басқа да қоғамдық іс-шараларды өткізуге жол берілмейді.

145-16. ЖАО бөлімшесі ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және тиісті әкімшілік бірліктегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік органның бөлімшесімен бірлесіп, эпизоотиялық ошақты жою жөнінде іс-шаралар жоспарын жасайды.

145-17. Сібір жарасының эпизоотиялық ошағында ветеринария саласындағы мамандар шошқалардан басқа, барлық жануарлар басына міндетті түрде дене қызуын өлшей отырып, ветеринариялық қарап-тексеру жүргізеді.

145-18. Сібір жарасын жою бойынша ветеринариялық іс-шараларға сібір жарасымен ауырған немесе өлген жануарлар болған аумақты және үй-жайды дезинфекциялаумен қоса, жануарларды Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген инсектицидтермен және дезинфекциялау құралдарымен өңдеу жатады.

145-19. Сібір жарасымен ауырған немесе өлген жануарлар болған учаскелердегі дақылдар, ірі және шырынды азықтарды шығаруға болмайды, олар сол жерде жойылады немесе сібір жарасына қарсы вакциналанған жануарларды азықтандырады.

145-20. Сібір жарасы бойынша қолайсыз жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат анықталған кезде кәсіпорындарда Заңның 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес карантин енгізіледі. Жануардан алынатын өнім мен шикізат жойылады.

145-21. Сібір жарасының қоздырғыштарымен контаминацияланған жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындау, сақтау және өңдеу жүзеге асырылған үй-жайларда Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген құралдармен дезинфекциялық іс-шаралар жүргізіледі.

145-22. Карантин инфекцияны жойғаннан және қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң алынады.

Карантинді алудың алдында:

1) ауру жануарлар тұрған барлық қора-жайларды, аумақты, мүкәммалды, көлікті тазалау және қорытынды дезинфекция жүргізіледі;

2) жануарларды күтіп-бағатын, пайдаланатын және өсіретін өндірістік үй-жайлардың ішіндегі қабырғаларды, бөлінген жерлерді жаңа езілген әк ерітіндісімен әктейді;

3) қолайсыз пункттен карантинді алу кезіндегі қорытынды іс-шараларды жаңбыр, қар және аяз кезеңдерінде жүргізген жағдайда, қолайлы ауа-райының болуына қарай

бұл пунктте қайтадан сыртқы ортадағы ауру қоздырғышын толық құртуды қамтамасыз ететін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешені (қора-жайларды санитариялық жөндеу, дезинфекция және басқалары) жүргізіледі;

4) қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды орындаудың толықтығын, ауыл шаруашылығы жануарларының сібір жарасы бойынша жануарлардың саулығын тексереді.

3-параграф. Кәсіпорындарда, ішкі сауда объектілерінде сібір жарасы анықталған кезде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-23. Кәсіпорындарда сібір жарасының белгілері анықталған кезде осы Қағидалармен белгіленген іс-шаралар жүргізіледі.

145-24. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы бойынша ЖАО шешімімен кәсіпорындарда дереу:

1) ауру ошағын жою жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар аяқталғанға және шектеу іс-шараларын алғанға дейін союға әкелген жануарлардың жаңа партияларын, басқа орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қабылдауды тоқтатуды;

2) кәсіпорынның аумағынан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді шығаруға, сондай-ақ қалдықтарды және кез келген заттарды зарарсыздандырмаған күйде одан тысқары шығаруға (әкетуге) жол бермеуді;

3) аталған кәсіпорынға тікелей қатысы жоқ бөгде адамдардың кәсіпорынға кіруіне жол бермеуді;

4) кәсіпорынның қызмет көрсететін персоналын санитариялық тазалықтан өткізу режимін күшейтуді;

5) оқшауланған ұшаларды, ішкі органдар мен терілерді жағуды көздейтін шектеу іс-шаралары енгізіледі.

Шектеу іс-шараларының енгізілуіне байланысты, кәсіпорындарда мынадай шаралар қабылданады:

1) жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат тасымалданған көлік құралдарын көңнен, азық қалдықтарынан және қоқыстардан, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат ұсталған аумақтар мен қора-жайларды, өндірістік үй-жайларды, сою цехтарын, сондай-ақ жабдықтарды, мүкәммалды тазарту және оларды мұқият дезинфекциялау;

2) аумақтағы жабдықталған көң сақтағыштарда көңдерді биотермиялық тәсілмен жағып жіберу немесе зарарсыздандыру;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің партияларын жеткізуге, оны өңдеуге, сақтауға, союға, ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуге, тазалау, дезинфекциялау жөніндегі жұмыстарға қатысатын адамдарды және ауру жануарларды немесе олардан алынған жануарлардан алынатын өнімдермен және шикізатты ұстаған басқа да адамдарға санитариялық өңдеу, сондай-ақ адамдардың киімдері мен аяқ киімдерін зарарсыздандыру.

Дезинфекциялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін сою алдында базада қалған жануарларға термометрия жүргізіледі. Ауруға күдік тудырмаған жануарларды союға жібереді.

Жануарлардың өлекселері немесе ауру жануар табылған жағдайда жануарларды қабылдау тоқтатылады, барлық қолда бар мал басы міндетті термометриямен клиникалық қарап-тексеруден өтеді.

Жануарлардың партиясы орын ауыстырған, олардың арасында ауру жануар табылған қашалар, айдау жолы кейіннен көңнен механикалық тазарта және дезинфекциялай отырып, дезинфекцияланады. Ауру жануар табылған қашадан және оған іргелес қашалардан алынған көң өртеледі.

Сою цехында, конвейерде сібір жарасы ауруына тән патологиялық өзгерістер табылған кезде:

1) жануарларды сою және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қозғалысы тоқтатылады;

2) патологиялық материалды зерттеу үшін ветеринариялық зертханаға жіберіледі;

3) бүлінген ұша және оның екі жағындағы ұшалар ішкі органдармен және терілермен бірге оқшауланады;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді кәсіпорын аумағынан шығаруға, сондай-ақ оның шегінен тыс қалдықтарды және кез келген заттарды зарарсыздандырылмаған түрде шығаруға (әкетуге) жол берілмейді.

Ескерту. 145-24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі сауда объектілерінде (сауда базарларын, дүкендерді, қоғамдық тамақтану объектілерін және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізуге байланысты басқа да объектілерді қоса алғанда) сібір жарасының белгілері анықталған кезде осы Қағидаларда көзделген іс-шараларды жүргізеді.

Ішкі сауда объектілерінде (сауда базарларын, дүкендерді, қоғамдық тамақтану объектілерін және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізуге байланысты басқа да объектілерді қоса алғанда) сібір жарасына тән патологиялық өзгерістер анықталған, күдік туындаған кезде:

1) жануарлардың (жануарларды сататын сауда базарлары үшін ғана), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орнын ауыстыру (тасымалдау) тоқтатылады;

2) патологиялық материалды зерттеу үшін ветеринариялық зертханаға жіберіледі;

3) санитариялық қағидалар мен нормалардың талаптарына сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды, ветеринариялық зертханалық зерттеулер жүргізу кезеңінде сібір жарасына залалданған деген күдік тудыратын жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың арнайы оқшауланған және мөрленген камераларда, тоназытқыштарда сақталуын қамтамасыз етіледі;

4) ауру жануарлардың (жануарларды сататын сауда базарлары үшін ғана), сойғаннан кейін алынған, оның ішінде ошақтың шегінен тыс әкетілген еттің, ет өнімдерінің, терілер мен шикізаттың орналасу жерлері анықталады;

5) өлген жануарларды (жануарларды сататын сауда базарлары үшін ғана) және инфекцияның ықтимал көздері және (немесе) инфекцияның берілу факторлары болып табылатын жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, былғары, тері мен өндірістерді жою жөніндегі шаралар ұйымдастырылады;

6) ішкі сауда объектісінің аумағынан (сауда базарларын, дүкендерді, қоғамдық тамақтану объектілерін және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізуге байланысты басқа да объектілерді қоса алғанда) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді шығаруға, сондай-ақ оның шегінен тыс қалдықтарды және кез келген заттарды зарарсыздандырылмаған түрде шығаруға (әкетуге) жол берілмейді.

Ішкі сауда объектілерінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша ЖАО шешімімен:

1) ветеринариялық-санитариялық шектеу іс-шаралары аяқталғанға дейін жануарлардың жаңа партияларын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қабылдауды тоқтатуды;

2) ішкі сауда объектісінің аумағынан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді шығаруға, сондай-ақ оның шегінен тыс қалдықтарды және кез келген заттарды зарарсыздандырылмаған түрде шығаруға (әкетуге) жол бермеуді;

3) осы объектіге тікелей қатысы жоқ бөгде адамдардың ішкі сауда объектісіне баруына жол бермеуді;

4) ішкі сауда объектісінің қызмет көрсетуші персоналын санитариялық өңдеу режимін күшейтуді көздейтін шектеу іс-шаралары дереу енгізіледі.

Ішкі сауда объектілерінде мынадай шаралар қабылданады:

1) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат тасымалданған көлік құралдарының, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат сақталған, өткізілген аумақтар мен үй-жайлардың, өндірістік үй-жайлардың, сондай-ақ мүкәммалдың қоқыстарын тазарту ұйымдастырылады және оларды мұқият дезинфекцияланады;

2) залалданған және ауру жұқтырған жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты жою жүргізіледі;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің партияларын жеткізуге, оны өңдеуге, сақтауға, өткізуге, ветеринариялық-санитариялық сараптама, тазалау, дезинфекциялау, сондай-ақ адамдардың киімдері мен аяқ киімдерін зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізуге қатысқан адамдарды санитариялық өңдеу ұйымдастырылады;

4) жануарлар тасымалданған көлік құралдарын көнінен, азық қалдықтарынан және қоқыстардан, жануарлар ұсталған аумақтар мен үй-жайларды, өндірістік үй-жайларды, сондай-ақ мүкәммалды тазарту ұйымдастырылады және оларды мұқият дезинфекцияланады, аумақтағы жабдықталған көң сақтағыштарда (жануарларды сататын сауда базарлары үшін ғана) көнді биотермиялық тәсілмен кәдеге жарату немесе зарарсыздандыру қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 145-25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-2-тарау. Ауыл шаруашылығы жануарларының құтыруы бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. Қағида 12-2-тараумен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-26. Жануарлардың құтыру ауруының алдын алу мақсатында жеке және заңды тұлғалар (жануарлардың иелері) меншік нысанына қарамастан мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын сақтайды;

2) оларға тиесілі иттер мен мысықтарды клиникалық тексеру және антирабиялық вакцинамен алдын ала егу үшін ветеринариялық емдеу-профилактикалық ұйымдарына жеткізеді;

3) құтыруға қарсы егілмеген иттердің жеке аулаларға, фермаларға, табындарға, отарлар мен табындарға жіберілуін шектейді;

4) жабайы жануарларды табындарға, отарларға, табындарға, шаруашылық жүргізуші субъектілерге және жануарлардың басқа да топтарына жібермеу шараларын қабылдайды;

5) ауыл шаруашылығы және үй жануарларын жабайы жыртқыштар, иттер немесе мысықтар тістеген жағдайларда, ауруға күдікті немесе тістелген жануарларды оқшаулауға қажетті шаралар қолданады;

б) өз жануарларының құтыруға қарсы уақтылы вакциналануын және диагностикасын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 145-26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а . 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-27. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттерді, мысықтарды және басқа да жануарларды (құтырудың айқын белгілері бар жануарларды қоспағанда) иесі немесе қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулайтын арнайы бригада осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринариялық емдеу ұйымына немесе ветеринариялық дәрігерге күнтізбелік 10 (он) күн ішінде дереу жеткізуі тиіс.

Ескерту. 145-27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а . 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-28. Ветеринариялық емдеу ұйымының немесе осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігердің рұқсаты бойынша адамдарды немесе жануарларды тістеген жануарды күнтізбелік 10 (он) күн бойы оқшауланған үй-жайда ұстауға және оны ветеринариялық дәрігердің қарауына ұсынуға жазбаша міндеттеме берген иесінде қалдырады.

Ескерту. 145-28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а . 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-29. Оқшауланған жануарларды бақылау нәтижелерін аталған аумаққа қызмет көрсететін ветеринар дәрігер арнайы журналда тіркейді және бақылау нәтижелері туралы ақпаратты бақылау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 күннен кешіктірмей жазбаша түрде зардап шеккен адамға егу жүргізетін ұйымға және зардап шегушінің тұрғылықты жері бойынша ЖАО ветеринариялық бөлімшесіне хабарлайды.

145-30. Оқшаулау мерзімі аяқталғаннан кейін клиникалық сау жануарлар алдын ала вакциналанғаннан кейін оларды күнтізбелік 30 күн ішінде оқшаулап ұстау шартымен иелеріне қайтарады. Құтырумен ауырған жануарларды жояды.

145-31. Құтыру бойынша эпизоотиялық қолайсыз аймақтарда ауыл шаруашылығы жануарларының (ірі қара мал, ұсақ мал, жылқылар, түйелер), иттер мен мысықтардың құтыруына қарсы жоспарлы профилактикалық иммундеу және диагностика жүргізеді.

Ветеринариялық іс-шаралар жүргізу аяқталғаннан кейін Жоспарлау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар жүргізу туралы акті жасалады, оған Жоспарлау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша дерекқордағы

мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлерін көрсете отырып, вакциналауға, аллергиялық зерттеуге, өңдеуге тартылған жануарлардың тізбесі қоса беріледі.

145-32. Жануардың ветеринариялық паспортында Бірыңғай ветеринариялық талаптарға № 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тиісті белгілер жасалынады.

Ескерту. 145-32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а . 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145-33. Жабайы жануарлардың құтыруын уақтылы анықтау және оның таралуының алдын алу мақсатында орман шаруашылығы, табиғатты қорғау, аңшылық шаруашылығы органдарының, қорықтар мен қаумалдардың қызметкерлері:

1) жабайы жануарлардың құтыру жағдайлары (құтыруға күдіктену) немесе олардың әдеттен тыс әрекеттері (адамнан қорықпау, адамдарға немесе жануарларға арандатылмаған шабуылдау) туралы ветеринариялық маманға тез арада хабарлайды;

2) аңшылық алқапта, қорықтар, қаумалдар аумақтарында, ірі елді мекендердің жасыл аймақтарында табылған жабайы жыртқыштардың (түлкілер, жанат тәрізді иттер, ақ түлкілер, қасқырлар, қарсақтар, шибөрілердің) өлекселерін құтыруға зерттеу үшін ветеринариялық зертханаға жібереді;

3) аңшылардың жолдамаларын және аңшылық билеттерін тексеру кезінде табиғатты қорғайтын аңшылық инспекция және қорықшылық қызметі иттердің құтыруға қарсы егілгенін куәландыратын тіркеу куәліктерін тексереді. Вакциналанбаған иттер аңға жіберілмейді.

145-34. Құтыруға зерттеу жүргізу үшін зертханаға ұсақ малдан - жаңадан өлген өлексені немесе оның басын, ал ірі малдан - жаңа өлген өлексенің басын жібереді.

145-35. Зерттеу нәтижелері туралы зертханаға патологиялық материалды жіберген ветеринар маманға және бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторға және тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринар дәрігеріне хабарлайды.

2-параграф. Құтыру бойынша саламатсыз пунктте ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-36. Бас мемлекеттік ветеринар дәрігер жануарларда құтыру жағдайы анықталғаны туралы ақпарат алған кезде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне дереу хабарлайды;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өкілімен бірлесіп, сол жерге барады, эпизоотиялық ошаққа және қолайсыз пунктке эпизоотологиялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізеді, қауіп төндіретін аймақтың шекарасын айқындайды және эпизоотиялық ошақты оқшаулау және жою

бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, сондай-ақ адамдар мен ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аурудың жаңа жағдайларын болдырмау бойынша профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізеді;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органында бекіту үшін шектеу іс-шараларын белгілеу бойынша құжаттарды ресімдейді.

145-37. Құтыру бойынша қолайсыз елді мекендерде иттер мен мысықтардың көрмесін өткізуге, иттерді шығаруға және айтақтауға жол берілмейді. Жануарларды саудаға салу тоқтатылады, иттер мен мысықтарды қолайсыз пункттен тыс шығаруға және шектеу қойылған аумақта және қауіп төндіретін аймақта жабайы жануарларды аулауға (хайуанаттар паркіне апару үшін, басқа аудандарға орналастыру мақсатында) тыйым салынады.

145-38. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО бөлімшелері ветеринария саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясы мен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша қолайсыз пункттерде ауыл шаруашылығы жануарларының құтыруымен күресу жөнінде жоспар жасайды, ол:

1) халық арасында құтыру ауруының қауіптілігі және оның алдын алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

2) ит, мысық және басқа да жануарларды ұстау жағдайын тексеру, құтырумен ауыратын науқастарды, ауруға күдіктілерді және құтыруды жұқтыруға күдікті жануарларды анықтау үшін қолайсыз пункттің әр ауласын (әр пәтерін) аралауды;

3) адамдар мен жануарларды тістеген, оқшауланатын және бақылауда ұсталатын жануарлардан басқа құтырумен ауыратыны анықталған иттерді, мысықтарды және басқа жануарларды өлтіріп, кейін өртеуді;

4) жабайы жануарлардың құтыру жағдайлары анықталған кезде жергілікті атқарушы органдар (ауылдық округтердің, аудандардың, қалалардың, облыстардың әкімдері) жабайы жануарларды, иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша іс-шаралар жүргізуді көздейді.

145-39. Құтырудың эпизоотиялық ошағында құтырумен ауыратын немесе ауруға күдікті жануарлар бөлініп алынған жануарлардың тобына (ферма, үйір, мал тобы, отар, табын) тұрақты бақылау орнатылады. Бұл жануарларды күніне кемінде үш рет қарайды және антирабиялық вакцинаны қолдану нұсқаулығына сәйкес оған профилактикалық егулер жүргізіледі. Егулерден кейін малдарды күнтізбелік 60 күн бойы оқшаулайды.

145-40. Жабайы жыртқыш аңдар немесе иттер тістеген клиникалық сау жануарларды құтыруға қарсы егулерге және тұқымдылықтарына қарамастан, өлтіріп, кейін өртейді.

145-41. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою құтырумен ауыру жағдайы тіркелген орында жүргізіледі.

145-42. Құтыру бойынша қолайсыз ферманың (мал тобы, үйір, отар, табын) клиникалық сау жануарларының сүтін құтыруға қарсы егулер жүргізілгеніне қарамастан, 30 минут бойы 800-850 С пастерленгеннен кейін немесе 5 минут бойы қайнатқан соң ғана адамдарға тамаққа пайдалануға немесе жануарларға азық ретінде беруге рұқсат етіледі.

145-43. Құтыру бойынша қолайсыз топтың клиникалық сау жануарынан алынған жүнді оның дезинфекциялануға жататынын ветеринариялық ілеспе құжаттарда көрсете отырып, қожалықтан тығыз матадан жасалған ыдыспен арнайы өңдеу кәсіпорындарына апарды.

145-44. Құтыру ауруымен ауырған және күдікті жануарлардың тұрған орындары, құрал-саймандар, сілекеймен және басқа бөлінділермен ластанған киім және басқа заттар дезинфекциялануы тиіс.

12-3-тарау. Ауыл шаруашылығы жануарларының листериозы бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. Қағида 12-3-тараумен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аймақта профилактика бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-45. Жануарлардың басы листериоз бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жануарларынан жинақталады.

145-46. Жануарларды сатып алу, сату, союға тапсыру, басқа орындарға ауыстыру және жаңадан топтастыру ветеринариялық ілеспе құжаттар (ветеринариялық сертификат немесе ветеринариялық анықтама) болған кезде жүргізіледі, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізу ветеринариялық-санитариялық сараптама өткізгеннен кейін жүргізіледі.

Листериозды дер кезінде анықтау мақсатында комплементті байланыстыру реакциясында жануарлар қанының сарысуына:

- 1) листериозға күдіктенген барлық жағдайларда;
- 2) эпизоотиялық жағдайға байланысты асыл тұқымды мал өсіретін орталықтарда, қолдан ұрықтандыру станцияларында (пункттерінде) барлық тұқымдықтарды (бұқалар, қабандар, қошқарлар);
- 3) эпизоотиялық жағдайға байланысты асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтағы шошқалардың, ірі кара және ұсақ малдардың барлық мал бастарына зерттеу жүргізіледі

145-47. Жаңадан келген жануарларды карантиндейді.

145-48. Мемлекеттік ветеринар дәрігер және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы маманы жануарлардың іш тастау, өлі туу және қырылу жағдайларының барлығын есепке алуды жүргізеді және ветеринариялық зертханаға тексеруге патологиялық материал жібереді.

145-49. Барлық азықтарды, оның ішінде сүрленген шөп пен құрамажеммен азықтандыру алдында листерияны жұқтыруына зерттеу қажет және бұл азықтарды зерттеу нәтижелері теріс болған кезде ғана жануарлардың рационына қосу қажет.

145-50. Сүтпен және сүт өнімдерімен (қаймағы айырылған сүт, сүт сарысуы және басқасы) қоректендіру үшін қолданылатын астаулар жуылуы және дезинфекциялануы тиіс.

145-51. Жануарлардың маститі болған кезде, сүтке бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

145-52. Листериозға зерттеу үшін зертханаға:

1) іш тасталған жатырдан бөлінген жыныс мүшелерінің ағындысын, ауру жануардың және ауруға күдікті жануардың қанын немесе сарысуын, малдың сүтін;

2) ұсақ жануарлардың тұтас өлексесін немесе басын (бас миын), бауырды, көкбауырды, бүйректі, лимфатүйіндерді, өкпенің зақымданған бөлігін, іш тасталған ұрықты немесе оның қабығын жіберу қажет. Жаз мезгілінде патологиялық материалды глицериннің 40%-дық стерильденген сулы ерітіндісімен консервациялап жіберу қажет.

145-53. Листериоз диагнозы эпизоотологиялық деректер кешені мен зертханалық зерттеулер нәтижелері негізінде қойылады. Шешуші мән бактериологиялық зерттеу - листерия өсірінділерінің бөлінуіне тиесілі.

2-параграф. Листериоз бойынша қолайсыз пункте ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-54. Жануарға листериоз диагнозы қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маман бұл туралы шаруашылық субъектісінің басшысына, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринар дәрігеріне дереу хабарлайды. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринар дәрігері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен бірлесіп, эпизоотиялық ошақта эпизоотологиялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізеді.

145-55. Жануарлар аурулары анықталған қолайсыз пунктте шектеу қойылады.

145-56. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша:

1) жануарларды сою үшін әкетуді қоспағанда, оларды әкетуге (шығаруға);

2) ет өңдейтін кәсіпорындарға өңдеуге жіберу үшін шығаруды қоспағанда, листериозбен ауырған шарасыз сойылған жануарлардың етін шикі түрде шығаруға;

3) ауру жануарлармен жанасқан және листерияларды жұқтыруға күдік болған кезінде азықты сыртқа шығаруға;

4) ветеринар дәрігердің рұқсатынсыз шаруашылық субъектісінің ішінде жануарларды топтастыруға (ауыстыруға);

5) асыл тұқымды және пайдаланылатын жануарлардың қолайсыз пункттерінде шөпті, сабанды және басқа да ірі азықты басқа шаруашылық субъектілеріне және аудандарға шығару үшін оларды дайындауға, сондай-ақ жануарлардың (құстарды қоса алғанда), мамық жүнді аңдардың, иттердің, мысықтардың жәрмеңкелерін, базарларын және көрмелерін өткізуге;

б) ауру жануарларды өсіру және бордақылау үшін халыққа сатуға;

7) ауру жануарлар мен қолайсыз табындардың мал басының сау жануарлармен бірге жайылуына, бірге су ішуіне және басқадай жанасуда болуына, сондай-ақ жануарларды алыс жерлердегі жайылымдарға айдауға және тасуға жол берілмейді.

145-57. Листериоз бойынша қолайсыз пункт деп жарияланған шаруашылық субъектісінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) әр жануар басын клиникалық қарап-тексеруден өткізеді және әр жануардың дене қызуы өлшенеді;

2) клиникалық белгілері және листерия тасымалдаушылары жоқ ауру жануарларды анықтау үшін серологиялық зерттеу жүргізіледі;

3) орталық жүйке жүйесінің зақымдалуының клиникалық белгілері бар ауру жануарлар союға жіберіледі;

4) ауруға күдікті жануарлар және оң серологиялық реакциясы бар жануарлар оқшауланады және антибиотиктермен емдеуге немесе союға жіберіледі. Листериозбен ауырған және оң нәтиже көрсеткен жануарларды қабылдау және сою ет өңдейтін кәсіпорындарда және сою пункттерінде жүзеге асырылады. Объектіге түскен ауру жануарлар сау жануарлардан бөлек арнайы бөлінген қашаларда (оқшаулағыштарда) ұсталынады. Оларды жалпы сою цехында ауысым соңында немесе жеке ауысымда союға рұқсат етіледі. Сою аяқталғаннан кейін санитариялық қасапхана үй-жайын, жануарларды союдың алдында ұстауға арналған орынды, сою өнімдерін қайта өңдеу бойынша өндірістік үй-жай, технологиялық жабдықтар, бұйымдар, санитариялық және арнайы киімдер, аяқ киім, көлік құралдары және өндірістік ағындар механикалық тазалауға және дезинфекциялауға жатады;

5) клиникалық белгілері жоқ және теріс серологиялық реакциясы бар жануарларға профилактикалық мақсатта антибиотиктер қолданылады;

б) жануарлардан алынған сүт диагностикалық зерттеуден өтеді және оң нәтиже көрсетілген кезде 15 минут бойы қайнатылады, кейін оны шаруашылық ішінде жануарларға беру үшін қолданады немесе қорытылған май жасауға қайта өңдейді. Сауыққан жануарлардың сүті шаруашылық субъектінде екі ай бойы пастерленеді, одан кейін оны шығаруға жол беріледі;

7) сау тұқымдық жануарлардың ұрығымен серологиялық зерттеп-қараудан кейін қолдан ұрықтандыру жүргізіледі;

8) мал шаруашылығы үй-жайларындағы қи күнделікті қи сақтайтын қоймаларға шығарылады немесе жеке учаскелердегі үйінділерге жиналады. Оны 2-3 ай бойы биотермиялық зарарсыздандырудан кейін тыңайтқыш ретінде қолдануға жол беріледі.

145-58. Дезинфекциялау төменде келтірілген мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) мал шаруашылығы үй-жайларында және оған іргелес аумақтарда ауру жануарлар анықталған әр жағдайдан кейін, содан соң шектеу қойылған барлық кезеңде әрбір күнтізбелік 14 күннен кейін дезинфекциялау жүргізіледі. Ауырған жануарлар, ауруға күдікті жануарлар ұсталатын орын-жайлардың кіреберісі аяқ киімді өңдеуге арналған дезинфекциялық кедергілермен (кілемшелермен) жабдықталады;

2) листериоз қоздырғышы бар жайылу алаңдары, аулалар, базалар, жануарларға арналған орын-жайлар, су айдындарына жақын жерлер және басқа да учаскелер немесе аумақтар ауру тоқтағаннан кейін қоқыстан, қидан тазартылады. Қи мен қатты қалдықтар (шөп қалдықтары және басқалар) шығарылады және зарарсыздандырылады (биотермиялық әдіспен, химиялық құралдармен және басқалармен). Үй-жайларда және оларға іргелес аумақтарда дератизация жүргізіледі, кеміргіштердің өлекселері жиналады және өртеледі;

3) пішен маялары, шөмелелер, сабандар, сүрлем, құрамажем кеміргіштердің мекендеуіне тексеріледі. Кеміргіштер анықталған жағдайда дереу дератизация жүргізіледі;

4) траншеяларда немесе үйінділерде сақталатын сүрлемдік масса листериоз қоздырғышымен контаминацияланған жағдайда, барлық листериоз қоздырғышымен зақымдалған сүрлемдік масса биотермиялық әдіспен зарарсыздандырылуға жатады;

5) листериозбен ауыратын ауру жануарлардан алынған былғары-тері шикізаты зарарсыздандырылады.

145-59. Мал тұратын орын-жайлар мен мал күтуге қолданылатын заттарды дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

145-60. Малдың іш тастаған ұрығы, өлекселері тез арада кәдеге жаратылуы тиіс.

145-61. Шаруашылық субъектісіне қойылған шектеу іс-шаралары клиникалық ауру жануарлар анықталған соңғы жағдайдан кейін, серологиялық тексерудің теріс нәтижесін алғаннан кейін, шаруашылық субъектісінің ғимараттары мен аумағына қорытынды механикалық тазалау және дезинфекциялау жүргізгеннен кейін екі айдан соң тоқтатылады.

145-62. Шаруашылық субъектісі листериоздан сауыққаннан кейін екі жыл ішінде қойларды асыл тұқымды және пайдалануға өсіруге жануар қанының сарысуына

серологиялық зерттеудің теріс нәтижелері алынғаннан кейін жол беріледі. Бір жыл ішінде жануардың басқа түрлерін өсіру де осындай шарттармен жүзеге асырылады.

145-63. Бұрын листериоз бойынша қолайсыз болған шаруашылық субъектілерінде оң реакциялары жойылғанға дейін жануарларды қораға қоюдың алдында жылына 1 рет серологиялық тексеру жүргізіледі. Оң реакция берген жануарлар оқшауланады, емделуге немесе союға жіберіледі. Жануарларды әкету кезінде ветеринариялық ілеспе құжаттарда листериозға жүргізілген зертханалық зерттеулердің нәтижелері көрсетіледі.

12-4-тарау. Ауыл шаруашылығы жануарларының лептоспирозы бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. Қағида 12-4-тараумен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлылық аумағында профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-64. Лептоспироз бойынша қолайлы аумақтарда лептоспироздың алдын алу жөніндегі эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар:

- 1) жануарлардың клиникалық жағдайларын бақылау, іш тастаулар санын есепке алу ;
- 2) лептоспироз бойынша қолайлы қолдан ұрықтандыратын асыл тұқымды мал шаруашылықтарын, кәсіпорындарды, қолдан ұрықтандыру станцияларын топтастыру;
- 3) жаңадан келіп түсетін жануарларды карантиндеу;
- 4) бордақылау шаруашылықтарын клиникалық сау жануарлармен толықтыру;
- 5) жануарлардың лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықтардың (фермалардың), елді мекендердің жануарларымен жайылымда, суаттарда жанасуларына жол бермеу, вакциналанбаған малдарды лептоспироздың табиғи ошақтарының аумағында жаймау;
- 6) ашық су айдындары жағасына жануарларға арналған жазғы лагерьлер орнатуға жол бермеу;
- 7) мал шаруашылығы үй-жайларында, фермалар аумағында, азық сақтау орындарында кеміргіштерді жүйелі түрде жоюды бақылау шараларын сақтау болып табылады.

145-65. Лептоспирозға күдіктенудің барлық жағдайларында зертханалық зерттеуге жануарлардан қанның сарысуы және басқа да патологиялық материал (тіндер,

органдардағы сұйықтықтар, ұрық айналасының суы, ұрық қанының сарысуы, іш тастау материалы) алынады.

145-66. Зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша шаруашылық (ферма, табын): лептоспироз бойынша:

- 1) патологиялық материалды микроскопиялық зерттеу кезінде лептоспирлер анықталғанда;
- 2) 20%-дан астам тексерілген жануарлар қанының сарысуында (зәрінде) антидене анықталғанда;
- 3) патологиялық материалдан лептоспир өсіндісі бөлінгенде қолайсыз деп саналады

145-67. Жануарлар қанының сарысуында спецификалық антидене немесе зәрімен бөлінетін лептоспир анықталған кезде лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықтар үшін көзделген іс-шаралар жүргізіледі.

145-68. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринар дәрігері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, эпизоотиялық ошаққа эпидемиялық-эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізеді.

2-параграф. Лептоспироз бойынша қолайсыз пункте ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

145-69. Жануарлардың лептоспироз диагнозы расталған кезде шаруашылық субъектісінің аумағына шектеу қойылады.

145-70. Шектеу шарттары бойынша:

- 1) өсімін молайту мақсатында жануарларды әкетуге (әжелуге), сатуға;
- 2) тиісті аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринар дәрігерінің рұқсатынсыз жануарларды қайта топтастыруды жүзеге асыруға;
- 3) жануарларды ашық су айдындарына жіберуге және оны жануарларға ішкізу және шомылдыру үшін пайдалануға;
- 4) вакцина егілмеген жануарларды лептоспирозбен ауырған жануарлар жайылған жайылымға немесе лептоспироздың табиғи ошағы аумағына жаюға;
- 5) вакцина егілмеген жануарларды лептоспирозды жұқтырған кеміргіштер анықталған азықпен қоректендіруге жол берілмейді.

145-71. Лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықта (фермада, отарда, шошқа қорада) клиникалық тексеру және ауруға күдікті жануарлардың дене қызуын өлшеу жүргізіледі.

145-72. Ауру және күдікті жануарларды оқшаулайды, гипериммундық сарысумен және қолдану жөніндегі тәлімдемелерде (нұсқауларда) көрсетілген дозаларда антибиотиктерді қолдана отырып, емдейді. Мұндай жануарларды сою санитариялық қасапханада, ал ол болмаған жағдайда, жеке профилактика шаралары сақтала отырып,

сойылған сау жануарлардың өнімдері шығарылғаннан кейін, ауысымның соңында ет өңдеу кәсіпорынының мал сою цехында жүргізіледі. Мұндай жануарларды сойғаннан кейін үй-жайды және жабдықтарды Қазақстан Республикасында және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде рұқсат етілген құралдармен дезинфекциялайды.

145-73. Асыл тұқымды және өндірістік құндылығына қарамастан барлық жануарларды бордақылайды және союға тапсырады.

145-74. Лептоспирозбен ауыратын жануарлардан алынған сүтті қайнағанға дейін қыздырады және жануарларды азықтандыру үшін пайдаланады.

145-75. Мал басының өсімін молайту үшін сақталуы қажет аналық бастарды, тұқымдықтарды және жас төлдерді вакциналағаннан кейін лептоспироцидтік препараттармен өңдейді және дезинфекцияланған үй-жайларға ауыстырады.

145-76. Өңдеудің тиімділігін күнтізбелік 10-15 күннен кейін зәрдің микроскопиясы арқылы тексереді.

145-77. Іс-шаралар жүргізгеннен кейін алынған жас төлді бөлек күтіп-бағады, лептоспирозға қарсы вакцинаны қолдану жөніндегі тәлімдемеде (нұсқаулықта) көзделген мерзімде вакциналайды және шектеу алынғаннан кейін жалпы негізде өткізеді.

145-78. Лептоспироз бойынша бұрын қолайсыз кәсіпорында (станцияда) барлық тұқымдықтардың қанының сарысуын реакцияда және зәрінің микроскопиясын 3 айдан кейін қайта зерттейді және теріс нәтижелер алған кезде, одан әрі әрбір 6 айда жүргізеді.

145-79. Лептоспирозға сезімтал клиникалық сау жануарлардың барлық түрлерін және жастық топтарын вакциналайды. Емдеудегі жануарларды сауыққаннан кейін күнтізбелік 5-7 күн өткен соң вакциналайды.

145-80. Жекелеген жануарлардың қанында антиденелер немесе зәрінде лептоспир анықталған жағдайда, барлық топты шаруашылықта қалдырады және оның лептоспироз бойынша қолайлылығы туралы мәселені шешу үшін қосымша зерттеулер жүргізеді.

145-81. Соңғы ауырған жануар сауыққаннан кейін және қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін бір айдан соң жануарларды бордақылауға облыс аумағында шығаруға (әкетуге) рұқсат етіледі.

145-82. Барлық тексерілген жануарларда зерттеулердің теріс нәтижелері алынған кезде шаруашылық сауыққан болып саналады.

145-83. Лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықтардағы шектеу:

1) бордақылау шаруашылықтарында - мал басын союға тапсырғаннан кейін және қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін;

2) асыл тұқымды және пайдаланылатын шаруашылықтарда - олардың лептоспироз бойынша қолайлылығын зертханалық зерттеу әдістерімен анықтағаннан кейін алып

тасталады. Шектеу алынғаннан кейін лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықтарды қайта зерттеу 6 айдан соң жүргізіледі.

145-84. Сатуға арналған жануарлар карантинденеді және лептоспирозға қанның сарысуы тексеріледі, шошқалар бұнымен қоса, зәрде лептоспириннің болуына тексеріледі.

145-85. Шаруашылықтардан әкетілетін асыл тұқымды және пайдаланылатын жануарларды ветеринариялық өңдеу тәртібі: лептоспироз бойынша қолайлы шаруашылық субъектілерінен ғана асыл тұқымды немесе пайдаланылатын жануарларды әкетуге (шығаруға) рұқсат етіледі.

145-86. Барлық сезімтал жануарларды лептоспирозға қарсы:

1) лептоспироз бойынша қолайсыз шаруашылықтарда;

2) мал басын лептоспирозға зерттеп-қарамай жинақтайтын бордақылау шаруашылықтарында;

3) лептоспироздың табиғи ошағы аймағында жануарларды жайғанда;

4) шаруашылықта қан сарысуы оң реакция беретін жануарлар анықталғанда;

5) шаруашылық субъектілерінің отарлы мал шаруашылығы бар аудандарда вакциналайды.

145-87. Қызметтік ит өсіру питомниктерінде клиникалық ауру иттерді және ауруға күдікті иттерді оқшаулайды, оларды гипериммундық сарысумен және антибиотиктермен емдейді. Клиникалық сау иттердің барлық жастық топтарын лептоспирозға қарсы вакциналайды.

145-88. Лептоспироз бойынша қолайсыз питомниктердегі иттерді сатуға жол берілмейді.

145-89. Жануарларды әкетуге (шығаруға) барлық топтар бойынша зерттеулердің теріс нәтижелері болғанда шектеусіз рұқсат етіледі.

13-тарау. Ірі қара малдың вирустық диареясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүргізілетін профилактика бойынша ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

146. Вирустық диареяны болдырмау жөнінде жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар:

ірі қара малды орналастырған, азықтандырған және пайдаланған кезде осы Қағиданың орындалуын қамтамасыз етуді;

жайылымдардың және суару орындарының ветеринариялық-санитариялық жағдайын тиісті түрде ұстауды;

өлген жануарлардың қиын және өлекселерін уақтылы зарарсыздандыруды қамтамасыз етуді;

профилактикалық дезинфекцияны, дератизацияны, дезинсекцияны ұдайы жүргізуді; барлық жануарларды сәйкестендіруді қамтамасыз етуді;

қолайлы және қолайсыз аймақтардың жануарларының арасында байланысқа жол бермеуді қамтиды.

2-параграф. Вирусты диареяның эпизоотиялық ошағында және ол бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

147. Диагноз анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні осы ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және шектеу қояды

148. Ауру жануарларды оқшаулайды және аурудың таралу деңгейіне қарай жояды немесе емдейді. Таралу және сау жануарларға жұқтыру деңгейі экзотикалық, жануарлардың алғашқы анықталған ауруларын қоса алғанда, қосымша инфекция жұқтырудың жоғары тәуекелінің болуына қарай анықталады.

149. Емдеу кезінде негізінен, асқину профилактикасына және ағзаның қорғаныс күштерін қолдауға бағытталған симптоматикалық терапияға жол беріледі.

Антибиотиктерді іріктеу кезінде микрофлораның оған деген сезімталдығы ескеріледі.

Жануарларды қайта топтастыруға шектеу қойылады.

Егжей-тегжейлі дезинфекция жүргізеді.

150. Шаруашылық жүргізуші субъекіден шектеу ақырғы ауру жануар жазылған соңғы жағдайдан және қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін күнтізбелік 30 күннен кейін алынады.

14-тарау. Ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 14-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Ірі қара малдың азығы үшін күйіс қайыратын жануарлардың ет-сүйек ұны мен қайта өңдеу қалдықтарын пайдалануға жол бермеу профилактиканың негізгі әдісі болып табылады.

152. Кеміктәріздес энцефалопатиясына күдікті ірі қара мал союға, жатады, өлексесін өртеп жібереді.

153. Ауру жұққан жануар анықталған жағдайда, оны жояды, ал шаруашылықта карантин енгізіледі. Шаруашылықтағы қалған жануарларды кейін ұшаларын және ішек-қарынын өртей отырып, қасапханада сояды.

154. Бас миын диагнозды түпкілікті растау үшін гистопатологиялық, иммунохимиялық, электронды микроскопиялық әдіспен және иммуно-блотингті түрлі әдістерді пайдалана отырып, түпкілікті растау үшін алады.

155. Ауру жануарларды анықтау үшін етке сояр алдында жасы 6 айдан асқан ірі қара малдың, барлық жас тобындағы қойлар мен ешкінің барлық басын жүйелі түрде тексеруден өткізеді.

156. Аурудың инкубациялық кезеңі ұзақ және серологиялық немесе ауырған, әсіресе аурудың инкубациялық кезеңіндегі жануарларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік беретін басқа да тесттердің болмауына байланысты аурудың таралу қаупі ұлғаяды. Осыған байланысты:

1) ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясына кез келген күдіктену туралы ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық мекемелерге, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына хабарлау;

2) ветеринария саласындағы мамандар ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясының клиникалық белгілерін таниды;

3) диагностикалық қызметтерде Еуропалық комиссиясының ғылыми ветеринариялық комитеті әзірлеген стандартталған тесттерді қолдана отырып, ауруды растауға және ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясын ірі қара малдың клиникалық белгілері ұқсас басқа да жақын ауруларынан ажыратуға мүмкіндік беретін білімі, тәжірибесі және әдістері болады;

4) инфекцияның азық арқылы берілуі мүмкіндігін болдырмау. Ол үшін күйіс қайыратын жануарларды күйіс қайыратын жануарлардан алынған ақуыздармен азықтандыруға жол бермеу қажет. Мұндай шара жануарларды, соның ішінде зоопарктегі және табиғи қорықтардағы жануарларды қоздырғыштың ағзаға мал азығымен түсуінен қорғауы тиіс.

Ескерту. 156-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

157. Ет-сүйек ұнын өндіру кезінде ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы жұқпаған күйіс қайыратын жануарлардың субөнімдерін өңдеу технологиясы ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясының қоздырғышымен өндіру, тасымалдау және сақтау барысында бірігу мүмкіндігін жоққа шығаратын шараларды көздейді.

158. Аурудың инкубациялық кезеңі ұзақ болуына байланысты қоздырғыш ірі қара мал арасында клиникалық белгілері байқалмай таралады. Осыған байланысты мынадай шарттарды сақтау қажет:

1) беру факторларын ескеру, рационға күйіс қайыратын жануарлардың субөнімдерін, күйіс қайыратын жануарлардың ақуыздарын қосуды болдырмау;

2) ет-сүйек ұнын өндіру кезінде қолданылатын күйіс қайыратын жануарлардың субөнімдерін өңдеу технологиясын қатаң сақтау;

3) шекарадағы және көліктегі ветеринариялық қызмет ет импортына ерекше бақылауды жүзеге асырады. Күйіс қайыратын жануарлардың ұшаларын бас миымен, жұлынымен, көк бауырымен, айырбезімен бірге әкелуге жол бермеу қажет.

159. Адамға және күйіс қайыратын жануарларға ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясының жұғу қаупін азайту мақсатында: бас миы мен жұлынды, көзді, көмекей бездерін, айырбезін, көк бауырын және 6 айдан асқан жануарлардың ішек-қарнын, сондай-ақ осы ағзалардан алынған ақуыз өнімдерді пайдалануға, сондай-ақ етті бөлшектеген кезде көрініп тұратын жүйке және сөл бездері ұлпаларының алып тастауға және жоюға жол бермеу қажет.

160. 1996 жылы сәуірде Женевада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның және Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының, Біріккен ұлттар ұйымының қатысуымен ұйымдастырған конференцияда халықаралық сарапшылар тобы Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғалар орындауы үшін міндетті мынадай ұсынымдарды әзірледі:

1) барлық елдер олардың тағамға түсуіне, азық-түлік өнімдерін өңдеу барысында оның қоздырғышы активтілігінің жойылуына жол бермеу үшін ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы жұққан жануарларды союды және қауіпсіз жоюды қамтамасыз етеді;

2) Халықаралық Эпизоотиялық Бюро қабылдаған ұсынымдарға сәйкес ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы жағдайларын ұзақ мерзімді бақылауды және тіркеуді белгілеу;

3) ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясының бірді-екілі жағдайы байқалған елдер де аурудың қоздырғыш ластаған жануарлар ұлпаларының адам және жануарлардың азық-түлік өнімдерін шығару үшін түсуіне жол бермейді;

4) ұсақ күйіс қайыратын жануарлардың ұлпаларын олардан азық дайындау үшін пайдалануға жол бермеу.

15-тарау. Ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 15-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүргізілетін профилактика бойынша ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

161. Ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеитінің профилактикасы мынадай іс-шараларды қамтиды:

шаруашылық жүргізуші субъектілерді инфекция қоздырғыштарының әкелінуінен қорғау;

ағзаның резистенттілігін күшейтуге бағытталған шаралар кешенін жүргізу;

уақтылы диагноз қою, ауру жануарларды бөлу және оқшаулау;

сыртқы ортадағы вирустарды залалсыздандыру;

табынды жануарлардың инфекциялық аурулары бойынша қолайлы аймақтардан сау жануарлармен топтастыру;

жаңадан келген жануарларды карантиндеуде ұстау;

қора-жайларда қалыпты микроклиматты сақтау, үнемі жүргізілетін ауаны аэрозольдық профилактикалық дезинфекциялау, кейіннен дезинфекциялай отырып, қабырғаларды, аралықтарды, еденді және науаларды механикалық тазалау.

2-параграф. Ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеиті бойынша эпизоотиялық ошақта және қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

162. Диагноз қойылған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағын қолайсыз деп жариялайды және шектеу қояды.

163. Шектеу қойған кезде мыналарға:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына жануарларды кіргізуге және одан шығаруға;

2) оларды шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағында қайта топтастыруға;

3) жем-шөптерді және күтіп-бағу заттарын әкетуге жол берілмейді.

164. Жаңа эпизоотиялық ошақтағы ауру жануарларды қоспағанда, барлық жануарларды дереу ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеитіне қарсы вакцинамен иммундайды.

165. Буферлі аймақтағы жануарларды вакцинамен иммундайды.

166. Ауру және ауруы бойынша күдікті жануарлар тұрған қора-жайларды, сондай-ақ күтіп-бағу құралдарын, арнайы киімді, мал төсеніші мен қиды зарарсыздандырады.

167. Өлген және шарасыздан сойылған жануарлардың терілерін дезинфекциялық ерітіндіге салу арқылы зарарсыздандырады.

Шарасыздан сойылған жануарлардың ұшалары ет жетілгеннен кейін және дегенеративті өзгерістер болмаған жағдайда кедергісіз сатады. Танаудың, өңештің,

жұтқыншақтың, өкпенің, асқазан-ішек органдарының кілегей қабығында талаурау және некроздық процестер анықталған жағдайда бұл органдарды техникалық жолмен жағып жібереді.

Ауру және ауру бойынша күдікті жануарлардан алынған сүтті 70°C температурада 30 минут пастерлеуден кейін адамдарға тамаққа және малдарға азық ретінде қолдануға болады.

168. Ауру жануарлар тұрған қора-жайларға кіретін жерде дезинфекциялық ерітіндімен қатты шыланған дезинфекциялық маттар орнатылады.

169. Шектеу ауру жануар жазылған соңғы жағдайдан кейін күнтізбелік 30 күннен кейін алынады.

3-параграф. Жануарларды қолдан ұрықтандыру кәсіпорындарында және пункттерінде ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеитімен күрес бойынша іс-шаралар

170. Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша ұйымды ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеиті бойынша қолайсыз өңірлерден тұқымды бұқалармен жинақтайды.

171. Қолдан ұрықтандыру стансаларына жаңадан келген бұқаларды карантиндеуге қояды.

172. Қолдан ұрықтандыру стансаларындағы барлық бұқаларды айына бір рет термометрия жасап, жыныс органдарының жай-күйіне ерекше көңіл бөле отырып клиникалық тексереді.

173. Баланопаститпен ауырған бұқаларды оқшаулайды, олардың күпегінен тампонмен кілегей сынамаларын және жуынды, сондай-ақ ұрықтар алады және зерттеу үшін диагностикалық зертханаға жібереді.

174. Вирусты бейтараптаушы анти денелерді анықтау үшін қан сывороткасының сынамасын және вируспен ластанғанына зерттеу үшін ұрықты алады.

175. Соңғы күнтізбелік 14 күнде алынған ұрықтардың сериясын біріктіреді және бір сынама ретінде зерттейді.

176. Ұрығынан вирус табылған бұқалар жарамсыз деп есептеледі, ал олардан соңғы 2 айда алынған ұрықтарды жояды. Қан сывороткасында антидене табылған бұқалар да жарамсыз деп танылады.

177. Баланопаститпен ауыратын бұқалар зертханалық әдіспен вирустың этиологиясы дәлелденсе жарамсыздыққа шығарылады, ал олардан соңғы 2 айда алынған ұрықтар жойылады.

178. Бұдан кейін процудент ретінде қолданылатын барлық бұқалардың ұрықтарын вируспен контаминациясына және қанын антидененің бар-жоғына арасы 6 айдан жылына 2 рет зерттейді.

16-тарау. Кампилобактериоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 16-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауыл шаруашылығы жануарлары кампилобактериозының профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

179. Жануарлардың кампилобактериозбен ауыруына жол бермеу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары, жануарлардың иелері және ветеринария саласындағы мамандар мыналарды қамтамасыз етеді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде ветеринария саласындағы мамандардың рұқсатынсыз жануарлардың орнын ауыстыруға жол бермеу;

2) қолайлы табынды (отарды) толықтыру үшін тек ірі қара мал және қой кампилобактериозы бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъекіден ғана жануарларды әкелуге рұқсат ету;

3) шаруашылыққа жаңадан келген барлық бұқаларды асыл тұқымдық немесе өндірістік мақсатта пайдалану үшін арасына күнтізбелік 10 күн салып үш рет кампилобактериозға тексеріп карантиндеуде ұстайды.

180. Жануарлар кампилобактериозының ерекше профилактикасы үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген вакциналарды қолданады.

2-параграф. Асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорындарды ірі қара малдың кампилобактериозынан сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

181. Кампилобактериоз диагнозы анықталған кезде асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорын кампилобактериоз бойынша қолайсыз пункт деп жариялайды және шектеуді енгізеді.

182. Кампилобактериоз бойынша қолайсыз асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорындардың барлық тұқымдық бұқаларын иммундайды.

Барлық тұқымдық бұқалардан ұрық алу тоқтатылады.

Жануарларға вакцина егумен қатар тұқымдық бұқаларға емдеу жүргізіледі.

Емдеуден және вакцина еккеннен кейін бір айдан соң арасына күнтізбелік 10 күн салып үш рет барлық тұқымдық бұқалардың ұрықтарына және күпек шырышына бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Үш рет теріс реакция алынған кезде бұқаларды сауықты деп таниды.

183. Ауру бұқалардың қатты мұздатылған ұрықтарының барлық қоры жойылуға жатады. Шартты түрде сау бұқалардан алынған ұрықтардың қалған сериялары жануарларды кампилобактериозға бактериологиялық зерттеуден кейін оларды қолдан ұрықтандыру үшін қолданылуы мүмкін.

184. Кампилобактериоз бойынша қолайсыз асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорындарда сауықтыру кезеңінде, санитарлық ахуалды жақсарту және ауруды таратуға жол бермеу бойынша іс-шараларды жүргізеді:

1) асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорындарды, кампилобактериозға қарсы сауықтыру іс-шаралары кезеңінде табынды жаңартуға арналған жас малмен толықтыруға жол берілмейді;

2) асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорындарына түсіп қойған табынды жаңартуға арналған жас малды оқшау қорада ұстау және оларды тазарту және вакцина еккеннен кейін жалпы мал шаруашылығы қора-жайларына ауыстыру қажет;

3) бұқаларға вакцина егердің және тазалаудың алдында және емдеу курсы аяқталғаннан кейін барлық мал қораларға, аумақтарға, күтіп-бағу және ұстау заттарына толық дезинфекциялау жүргізеді. Кейіннен дезинфекциялауды күнтізбелік 10 күнде бір рет жүргізеді.

185. Асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі кәсіпорын жануарлардың барлық тобы бойынша ұрықтың және күпек шырыштың бактериологиялық зерттеулерінің үш рет (арасына күнтізбелік 10 күн салып) теріс реакцияларының негізінде ірі қара малды кампилобактериоз бойынша сауықты деп жариялайды.

3-параграф. Ірі қара мал кампилобактериозы бойынша қолайсыз шаруашылықты сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

186. Ірі қара малдың кампилобактериозы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде профилактикалық және емдеу-сауықтыру іс-шаралар кешенін жүргізеді.

187. Қолайсыз табындарда аурудың одан әрі таралуын болдырмау мақсатында қолдан ұрықтандыру жүргізіледі. Аталған шаруашылықтағы қашарлардың және сиырлардың бұқалармен ерікті шағылысуына жол берілмейді. Бұқаларды оқшаулайды, кампилобактериозға зерттейді және емдеу-профилактикалық тазартуды жүргізеді.

188. Сауықтыру іс-шараларын жүргізу кезеңінде мыналарға:

1) басқа шаруашылықтардан жануарларды әкелуге және шаруашылық ішінде фермалар арасында малды қайта топтастыруға;

2) кампилобактериоз бойынша қолайсыз шаруашылықтан асылдандыру үшін және қолдану мақсатында жануарларды әкетуге жол берілмейді.

189. Ірі қара малдың барлық басы кампилобактериозға қарсы иммундалады.

190. Фермаларда сиырлардың және құнажындардың бұзаулауы төлдету бөлімшелерінде жүргізіледі. Шаруашылық жүргізуші субъектіде оларды кезеңді санациялау үшін резервті төлдету бөлімшелері болады. Әрбір іш тастаған сиырды оқшаулайды, іш тастау жүргізілген қора-жайды және станоктарды тазалайды және дезинфекциялайды. Барлық түсіп қалған ұрықтарды бактериологиялық зерттеу үшін ветеринарлық зертханаға жолдайды. Жаңа туған бұзауларды сақа малдардан оқшау ұстайды.

191. Жаз кезеңінде қолайсыз фермалардағы малды лагерлік ұстауға ауыстырады, мал шаруашылығы қора-жайларында санитарлық тазартуды, дезинфекциялауды және жөндеуді жүргізеді. Қора-жайларды барлық лагерлік кезеңде жануарлардан бос қалдырады.

192. Кампилобактериоз бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде сауықтыру іс-шаралары барысында мал шаруашылығы қора-жайларына және аумақтарына дезинфекция жүргізіледі.

193. Егер 12 айдың ішінде кампилобактериялардың патогендік дақылдары бөлінбесе және аурудың клиникалық белгілері байқалмаса, профилактикалық және емдеу-сауықтыру іс-шараларының барлық кешені орындалған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні сауықтырылған деп хабарлайды.

194. Шаруашылық жүргізуші субъектіде тұқымдық бұқалар бар болған кезде шектеуді алудың алдында ұрықты, күпек шырышын немесе өсінді жыныс бездерінің сөлін бактериологиялық зерттеудің үш рет теріс нәтижесін алған кезде бұқалар сау деп саналады.

4-параграф. Қойлардың кампилобактериозы бойынша қолайсыз шаруашылықтарды сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

195. Барлық іш тастаған қойларды, сондай-ақ мезгілінен ерте төлдеу белгілері бар қойларды отардан тез арада бөліп және сақман біткенге дейін отардан оқшаулайды.

196. Түсіп қалған ұрықтарды, шарана қабықтарын, шуды және ластанған төсенішті, қиды жинайды, содан кейін өртейді немесе дезинфекциялық заттармен зарарсыздандырғаннан кейін жерге көмеді.

197. Қой қораны және жайылатын аулаларды тазартады және дезинфекциялайды.

198. Кампилобактериоз бойынша қолайсыз отардан асылдандыру және қолдану мақсаты үшін қойды шығаруға (әкетуге) жол берілмейді, отарларды шаруашылық жүргізуші субъектінің ветеринария саласындағы маманының рұқсатынсыз қайта толықтыруға жол берілмейді.

199. Қолайсыз отардың қойларын қырқуды және тоғытуды кесте бойынша соңғы кезекте жүргізеді, содан кейін қора-жайлар, жабдықтар, құрал-саймандар және аумақты дезинфекциялайды.

200. Қойларды жайылымдық ұстау кезінде отарды басқа жайылымдық учаскелерге ауыстырады, ал қолайсыз отар бағылған жайылымды 2 ай мерзімге карантиндейді.

201. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектінің барлық буаз қойларын қойлардың кампилобактериозына қарсы вакцинамен иммундайды.

202. Егер шаруашылықта бір мезгілде қойлардың кампилобактериозы бойынша бірнеше отар қолайсыз болған жағдайларда, мұндай отарлардан алынған қойлардан жас малды (ұрғашы тоқтыларды) жеке отарға жинақтайды және оларды шартты түрде қолайлы деп есептейді.

203. Шаруашылық жүргізуші субъектіні қойларда екі жыл ішінде кампилобактериоздық іш тастау болмаған кезде кампилобактериоз бойынша қолайлы деп таниды.

17-тарау. Ірі қара малдың жұқпалы алаөкпесі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 17-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

204. Ірі қара малдың алаөкпесімен ауру жағдайы анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті қолайсыз деп танылады.

205. Эпизоотиялық ошақтарда және қолайсыз пункттерде ветеринарлық мамандар мынадай іс-шараларды өткізеді:

- 1) ірі қара малдың басын есепке алу;
- 2) қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектідегі барлық сақа ірі қара малды және бұзауларды алаөкпеге (перкуссия, аускультация және температура өлшеу) клиникалық зерттеу. Сонымен қатар комплементті байланыстыру реакциясында (бұдан әрі - КБР) зерттеу мақсатында зертханаға жолдау үшін қан алынады;
- 3) зерттеулердің нәтижесіне сәйкес малды топтарға бөлу;
- 4) клиникалық белгілері бар ауру малдарды санитарлық союды ұйымдастыру.

206. Карантин белгіленген аумақта мыналарға:

- 1) сауықтыру іс-шараларын жүргізетін ветеринария саласындағы дәрігердің рұқсатынсыз малды қайта топтастыруға;
- 2) алаөкпе бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден (пункттен) малды әкету және оған сау малды қосуға;
- 3) шаруашылық жүргізуші субъектінің алаөкпе бойынша қолайсыз аумағы арқылы тасымалдауға немесе айдауға;

4) ірі қара малдың алаөкпесі бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден және елді мекеннен жем-шөпті әкетуге жол берілмейді. Бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің және елді мекеннің жем-шөбі тек аталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде және пункттерде пайдаланылады.

207. Алаөкпе ауруы бойынша күдікті және КБР бойынша оң реакция берген барлық клиникалық ауру жануарлар отардан оқшау қораға тез арада бөлініп алынады және сойылуға жатады. Өлген жануарлардың сылынған терілерін оқшауланған жағдайда ауада кептіреді. Жарамсыз деп танылған зақымданған мүшелер мен тұтас еттің бөлігі өртеу әдісімен жойылады.

208. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден алаөкпенің таратушы көзі болып табылуы мүмкін ауру жануарларды уақытылы және толығымен жою мақсатында , шаруашылық жүргізуші субъектілердегі вакцинацияға қарамастан, карантинді алып тастағанға дейін малға клиникалық зерттеу екі аптадан кешіктірмей жүргізіледі.

209. Шартты сау малы бар шаруашылық жүргізуші субъектіде барлық карантин мерзіміне оны қоршаған шаруашылық жүргізуші субъектілерден немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің қалған бөліктерінен толық оқшаулануын қамтамасыз ететін жағдай жасалады.

210. Карантин екінші вакцина егуге барлық жануарлардағы реакцияның аяқталуы уақытынан бастап үш айға қойылады. Екінші вакцина еккеннен кейін аурулар анықтаған кезде, карантин мерзімі отардан ауруларды жойған сәттен бастап есептеледі.

211. Егер үш ай ішінде жануарлардың алаөкпесі бойынша аурулары немесе күдіктілері анықталмайтын болса, карантин алынады және шаруашылық жүргізуші субъекті алаөкпе бойынша қолайлы деп жарияланады.

18-тарау. Ірі қара малдың нодулярлық дерматиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 18-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Нодулярлық дерматиттің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

212. Жануарлардың нодулярлық дерматит ауруының алдын алу бойынша:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

2) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны;

бірнеше жануарлар өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайларда және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдау;

3) ветеринария саласындағы мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер жүргізу және вакциналау жүргізу үшін жануарларды беру қажет.

Ескерту. 212-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212-1. Нодулярлы дерматиттің пайда болуының алдын алу мақсатында ветеринариялық-санитариялық саламатты аумақта іс-шаралар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттармен жануарларды вакциналауға жол беріледі.

Ескерту. 1-параграф 212-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Нодулярлық дерматитпен (бұлдырмақ ісікпен) күресу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

213. Нодулярлық дерматит шыққан кезде шаруашылық жүргізуші субъектіге карантин қойылады.

214. Карантиннің шарты бойынша жол берілмейді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіге құстарды қоса алғанда, барлық жануарлар түрлерін кіргізуге (әкелуге), шығаруға (әкетуге);

2) шаруашылық жүргізуші субъекті ішінде ветеринария саласындағы маманның рұқсатынсыз малдардың орнын ауыстыруға;

3) ауру және ауру бойынша күдікті жануарларды союға, саууға және етін, сүтін пайдалануға.

214-1. Нодулярлы дерматит кезінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

ауру және ауруға күдікті жануарларды жедел оқшаулау;

Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинсекциялық құралдарды пайдалана отырып, қансорғыш жәндіктермен күресу;

қора-жайларды, серуендеу алаңдарын және жануарлар топтасатын басқа да орындарды дезинфекциялау.

Ескерту. 2-параграф 214-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

215. Нодулярлық дерматиттен қырылған жануарлардың өлекселері терісімен бірге өртеу жолымен жойылуға жатады.

215-1. Эпизоотиялық ошақта және нодулярлы дерматит бойынша саламатсыз пунктте іс-шаралар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттармен жануарларды вакциналауға жол беріледі.

Ескерту. 2-параграф 215-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

216. Шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин барлық ауру және ауру бойынша күдікті жануарларды сойғаннан және қорытынды шаралар жүргізгеннен кейін алынады.

19-тарау. Ірі қара малдың парагрипп-3 ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 19-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ірі қара малдың парагрипп-3 ауруының алдын алу бойынша ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

217. Ірі қара малдың парагрипп-3 ауруының алдын алу бойынша іс-шаралары:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектілерді қоздырғыштың әкелуінен қорғауды;
- 2) жануарлардың жалпы резистенттілігін көтеруге бағытталған шаралар кешенін жүргізуді;
- 3) осы Қағиданы қатаң сақтауды;
- 4) ауруға уақтылы диагноз қоюды;
- 5) сыртқы ортадағы вирусты жоюды;
- 6) жаңадан келген жануарларды карантиндеуде ұстауды қамтиды.

218. Жеткізуші шаруашылық жүргізуші субъектілерде тасымалдағанға дейін кемінде күнтізбелік 14 күн бұрын бұзауларға парагрипп-3 ауруына қарсы профилактикалық вакцина егеді.

219. Жануарларды арнайы жабдықталған көлікпен жеткізеді.

220. Шаруашылық жүргізуші субъектінің мал шаруашылығы қора-жайларында қажетті микроклиматты қалыпты жағдайда ұстайды және үнемі профилактикалық дезинфекциялауды жүргізеді.

2-параграф. Шаруашылық жүргізуші субъектіні ірі қара малдың парагрипп-3 ауруы бойынша сауықтыру жөніндегі іс-шаралар

221. Парагрипп-3 диагнозы анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні қолайсыз пункт деп жариялайды және шектеу қояды.

222. Шектеу шарттары бойынша қолайсыз пунктте мыналарға:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектіге жануарларды әкелуге және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге әкетуге және оларды қайта топтастыруға;
- 2) жануарларды күтіп-бағуға байланысты емес адамдардың қолайсыз қора-жайларға баруына;
- 3) ауру жануарларды күтіп-бағатын персоналдың сау бұзаулар орналасқан қора-жайға кіруіне жол берілмейді.

223. Клиникалық сау жануарларды сою пунктіне союға арнайы жабдықталған көлікпен әкетуге жол беріледі. Жануарлардың өлекселерін өртеп жібереді.

224. Жануарлардың етінде азудың өзгерістері болмаған кезде жануарлардың етін шектеусіз сатуға рұқсат етіледі. Танауының, кеңірдегінің, өкпесінің, асқазан-ішек жолының кілегей қабаттарында қабынған және өлі етке айналған өзгерістері анықталған кезде бұл органдар техникалық кәдеге жаратуға жібереді.

225. Ауру жануарларды бөлек секцияларға оқшаулап гипериммунды сывороткасымен, спецификалық емес глобулинмен немесе реконвалесцентті сывороткасымен емдейді. Сонымен қатар антибиотиктер, сульфаниламид, нитрофуран препараттарын қолданады.

226. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектідегі торларды, станоктарды, күту құрал-саймандарын, жабдықтар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген препараттармен дезинфекциялауды жүргізеді.

227. Ауыру жануардың сауығуының немесе сойылуының соңғы болған оқиғасынан кейін күнтізбелік 14 күн өткен, сондай-ақ қорытынды шаралар өткізілген соң шаруашылық жүргізуші субъекті қолайлы деп жарияланады және шектеу алынады.

20-тарау. Ірі қара малдың паратуберкулезі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 20-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

228. Ірі қара малдың паратуберкулезінің пайда болуының және оның таралуының алдын алу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер, ветеринария саласындағы мамандар, сондай-ақ мал иелері мыналарды:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілерге ірі қара малдың паратуберкулезі бойынша қолайсыз аумақтардан жануарларды әкелуге (кіргізуге) жол бермеу;

2) шаруашылық жүргізуші субъектілерге жаңадан келетін барлық жануарларды карантиндеуде ұстайды;

3) жануарларды жылына екі реттен кем емес клиникалық тексеруді қамтамасыз ету: жайылымға шығару алдында және күзде қыстаққа тұрғызу алдында;

4) жайылымдарды, суаратын жерлерді, мал шаруашылығы фермаларын, қора-жайларды және жануарларды ұстайтын басқа да жерлерді қалыпты ветеринариялық-санитариялық жағдайда ұстау;

5) паратуберкулез бойынша қолайсыз пункттердің жануарларымен ірі қара малдармен, жеке қолданыстағы малдармен байланысына, сондай-ақ жануарлардың әртүрлі түрімен және әртүрлі жастағы топтарын бірге ұстауға жол бермеу;

6) жануарлар ағзасының резистенттілігін көтеру үшін рационды ақуыз, минералды заттар, микроэлементтер мен витаминдер бойынша құрастыру;

7) жануарлардың рационы қышқылды жеммен күшейтілген бір жақты жемдеуге жол берілмейді.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

229. Диагноз қойылған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағында шектеу іс-шаралары қойылады.

230. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша:

1) диагноз қойылғаннан кейін барлық жануарларды клиникалық тексереді;

2) аурудың клиникалық белгілері бар жануарларды шығарады және етке союға тапсырады;

3) қалған ірі қара мал басын паратуберкулезге тексереді;

4) одан кейін сауықтырылатын табындағы жануарлардың қан сывороткаларын серологиялық зерттеу мен аллергиялық тексеру жылына 2 рет - көктем мен күзде жүргізіледі;

5) мал басын тоқсанына бір рет клиникалық тексереді, паратуберкулездің клиникалық белгілері бар жануарларды аллергиялық және серологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарамастан етке союға тапсырады;

6) екінші рет зерттеу кезінде оң немесе күдікті реакция берген жануарларды етке союға өткізеді, қалғаны жалпы табынға қайтарады;

7) сойылған жануарлардан алынған материалдарды барлық жағдайда бактериологиялық және гистологиялық зерттеулерге жолдайды;

8) паратуберкулезбен ауыратын сиырлардан туған бұзауларды етке союға өткізеді, қолайсыз табындағы сау жануарлардан туған бұзауларды үлкен малдардан бөлектейді және күнтізбелік 5 (бес) күн уыз береді, сонан кейін осы ферма үшін арнайы бөлінген пастерленген сүтпен және обратпен бағады. Кейін оларда паратуберкулездің бар жоқтығын зерттейді.

231. Паратуберкулез бойынша қолайсыз пунктте өткізілетін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатынсыз малдарды қайта топтастыруға жол беріледі;

2) мал аулалары мен олардың аумағының айналасының тиісті санитариялық жағдайын қамтамасыз етеді;

3) мал шаруашылығы қора-жайларын механикалық тазартуды, жануарларды ұстау орындарын, әр зерттеуден кейін мүкәммал мен басқа да жабдықтарды ағымдағы дезинфекциялауды жүргізеді;

4) ауру малдардың және ауру бойынша күдікті малдардың қиын өртейді, шартты түрде сау малдардың қиын биотермиялық әдіспен зарарсыздандырады;

5) сауын сауу қондырғысы мен сүт ыдыстарын күнделікті зарарсыздандыруды қамтамасыз етеді;

6) сиырлардың бұзаулауын төлдеу қора-жайларында жүргізеді, шуларды өтпейтін ыдысқа жинайды және залалсыздандырады;

7) алғашқы уызды жеке ыдысқа сауады және қайнату арқылы залалсыздандырады, шартты түрде сау жануарлардан алынған сүтті 850С температурада 30 (отыз) минут пастерлейді;

8) жануарларды жабық су көздерінен суаруды ұйымдастырады, олардың жануарлардың тезегімен ластануын болдырмау үшін жайылымдағы бөгеттерді, арықтарды, үлкен шалшықтарды қоршайды.

232. Ауру жануарды соңғы бөлу жағдайынан кейін 3 (үш) жыл өткен соң және қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізгеннен кейін шектеу іс-шаралары алынады.

21-тарау. Ірі қара малдың обасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 21-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қазақстан Республикасының аумағын ірі қара малдың Обасы қоздырғышының әкелінуінен қорғау бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

233. Ірі қара малдың обасына қарсы іс-шаралар ел аумағын шетелден ауру вирусының әкелінуінен сенімді қорғауды, шекара маңындағы аймақта оған сезімтал жануарлардың мал басына жыл сайын вакцина егуді, ал оба анықталған жағдайда – барлық ауру және ауру бойынша күдікті ірі қара малды сою және жоюды көздейді. Қолайсыз пункттерде қатаң карантин және басқа ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу.

234. Ерекше профилактика Қазақстан Республикасының аумағын ірі қара малдың обасынан қорғау жөніндегі кешенді іс-шаралар болып табылады.

235. Ірі қара малдың обасы бойынша қолайсыз елдермен шекаралас әкімшілік аудандарда орналасқан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде осы бөлімде көрсетілген ұйымдастыру, эпизоотияға қарсы және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар міндетті түрде орындалуы тиіс.

236. Жайылым мерзімінде әрбір табынға жеке жайылым және суат бекітіледі және жануарлардың әр түрі бөлек бағылады; әртүрлі табынның жануарларының араласуына, сондай-ақ үй жануарларының жабайы жануарлармен (бұғы, елік, бұлан, қабан және басқалары) байланысына жол берілмейді.

237. Жеке және заңды тұлғалар жайылымдарда ірі қара малдың обасына сезімтал үй немесе жабайы жануарлардың өлекселері тапқан жағдайда Заңға сәйкес бұл туралы ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына патологиялық материалдарды алу (диагностикалық зерттеулерге) және өлекселерді көмуді ұйымдастыру үшін хабарлайды.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

238. Шекаралас аумақта ұсталынған жабайы жануарлар немесе атқаннан кейін олардың ұшалары міндетті түрде ветеринариялық тексеруге жатады.

239. Шекара аймағында қараусыз қалған малдың пайда болғаны туралы ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына хабарлайды. Мұндай малды дереу ұстайды және оның кімге тиесілі екендігі анықтағанға дейін және ветеринариялық тексергенге дейін оқшаулап ұстайды.

Ескерту. 239-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

240. Жануарларды бір шаруашылық жүргізуші субъектіден басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге, сондай-ақ шекаралық аймақтан тыс жерге ауыстыруға клиникалық тексеруден кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының келісімімен ғана жол беріледі.

Ескерту. 240-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

241. Шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан мал әкелу (әкету) алдын ала сол әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен келісіледі, шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келген малдарды бордақылау алаңдарына және табындарға орналастыруға тек ветеринариялық тексеруден және оларды карантиндеуде оқшаулап ұстаудан кейін ғана рұқсат етіледі.

2-параграф. Жануарларды ірі қара малдың обасыауыруын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

242. Диагноз анықталған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектіні қолайсыз пункт деп жариялайды және карантин қояды.

243. Ауру және ауру бойынша күдікті жануарлар қан шықпайтын әдіспен өлтіруге жатады, өлекселері терісімен бірге жағып жібереді.

244. Ауырған және өлген жануарлардың жатқан жерін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген препараттармен мұқият дезинфекциялау қажет.

245. Қалған (шартты түрде сау) жануарлар (табындағы, топтағы, фермадағы, шаруашылықтағы) жеке қолайсыз топқа бөліп жыл мезгіліне қарамастан олардың шаруашылық шегінде қайта топтастырылуына жол бермей, оқшаулап қамап ұстау шартында ұстайды.

246. Көліктің барлық түрінің шаруашылық жүргізуші субъектіден шығуына, оған кіруіне, адамдардың тиісті дезинфицициялық өңдеусіз шығуына және кіруіне, сондай-ақ шаруашылық аумағынан жануарлар өнімдері мен шикізаттарын шығаруға жол берілмейді.

247. Қолайсыз шаруашылық аумағының кіре берісіне бекеттер және дезинфекциялық ерітінділері бар ыдыстар қойылады.

248. Шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маманы мыналарды:

- 1) барлық жануарларды клиникалық тексеруден өткізіп дене қызуын өлшеуді;

2) ауырған және өлген жануарлардың санын нақтылауды, көршілес шаруашылықтағы және елді мекендегі эпизоотиялық жағдайды, ауру қоздырғышын әкелудің мүмкін жолдарын анықтауды;

3) ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың қатаң орындалуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

249. Карантин соңғы ауыру жануар жойылғаннан күннен бастап күнтізбелік 21 күн өткен соң алынады.

22-тарау. Қарасан ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 22-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жануарлардың қарасан ауыруының профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

250. Жануарларды қарасан ауыруының профилактикасы мақсатында мынандай іс-шаралар жүргізіледі:

1) мал қорымдарын (биотермиялық шұқыр) тиісті санитарлық жағдайда ұстау және оны қоршау жұмыстарын жүргізу;

2) қарасан ауыруынан өлген жануарлар көмілген жерлердің топырағын зарарсыздандыру;

3) балшықтанған жайылымдарды және шөп шабатын жерлерді құрғату бойынша жұмыстарды жүргізу;

4) суаттарды, құдықтарды қалпына келтіру, жануарлар су ішетін зақымданған немесе күдікті суаттарды жабу;

5) ветеринариялық маманның рұқсатынсыз мал союға, шарасыз өлтірілген жануарлардың етін және ет өнімдерін сатуға жол бермеу;

6) қолайсыз аулаларды, өлген жануарлар жатқан қора-жайлар мен жерлерді тазарту және дезинфекциялау;

7) 3 айдан 4 жас аралығындағы ірі қара малдың барлық сезімтал басына профилактикалық вакцина егуді жүргізу. Қарасан ауруы тіркелген шаруашылықта 6 айдан жоғары жастағы қойлар вакцина егуге жатады.

251. Профилактикалық иммундау үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттар Мемлекеттік тізілімінде тіркелген вакциналар қолданылады.

252. Активтігі жойылған вакцинамен профилактикалық егу жануарларды жайылымға шығарғанға дейін күнтізбелік 14 күн кешіктірілмей аяқталуы тиіс. Мал жайылымда 6 айдан артық болатын аудандарда ауруға сезімтал мал басына арасына 6

ай салып жылына 2 рет вакцина егілуі тиіс. Қарасан ауыруына қарсы тірі вакцинамен жануарларды жылына 1 рет жайылымға шығарғанға дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей егеді.

253. Жаңа туған төлдерді олардың 3 айлық жасқа толуына қарай жыл ішінде вакцина егеді, кейінгі вакцина егу активтігі жойылған вакцинамен 6 айдан кейін егеді. Тірі вакцина қолданылған кезде малды қайта вакцина егу 12 айдан кейін егеді.

254. Қауіп төнген аумақта орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келген барлық жануарлар міндетті түрде вакцинамен егуге жатады. Егу жүргізгеннен кейін 14 тәуліктен соң оларды жалпы табынға қосуға жол беріледі.

255. Қарасан ауруына қарсы жүргізілген екпе туралы егу жасалған жануарлардың (түрлері бойынша) санын, вакцинаның, препарат шығарған кәсіпорынның атауын, дайындалған күнін, жұмсалған вакцинаның мөлшерін, сондай-ақ вакцинаны жүргізген тұлғаның аты-жөнін және жануарлардың жағдайын қадағалауды көрсете отырып акті толтырылады.

2-параграф. Қарасан ауруын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

256. Қолайсыз пункттерде қарасан ауыруына бейім жануарлар дене қызуы өлшеп клиникалық қаудан өткізеді. Ауырудың клиникалық белгілері (ақсау, ісіну, дене қызуы) белгілері байқалған жануарлар оқшауланады.

257. Жануарлардың өлекселері терісімен бірге өртеу арқылы жойылады.

258. Ауру жануарлардан ластаған қи, төсеніш және жем-шөп қалдықтары далаға шығар алдында дезинфекциялық ерітіндісі себіліп, содан кейін (мүмкіндігінше сол жерде) өртеледі.

259. Ауырудың клиникалық белгілері жоқ барлық жануарлар тез арада вакцинамен егіледі.

260. Қарасан ауыруымен ауырған жануарлар клиникалық белгілері (ақсау, ісіну, сықырлау) жойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен ерте емес етке союға рұқсат етіледі.

261. Егілген жануарлардың дене қызуының көтерілуі, вакцина егілген жерлерде ісінудің немесе ауырудың басқа белгілерінің болуы жағайын қоспағанда, вакцина егілген сиырлардың сүті шектеусіз қолданылады. Мұндай жағдайда сүтті тек пісіргеннен кейін пайдалануға жол беріледі.

262. Диагноз анықталған кезде қолайсыз пунктте карантин қойылады.

263. Карантин шарттары бойынша мыналарға:

- 1) ірі қара мал мен қойларды карантин белгіленген аумақтан тыс әкетуге;
- 2) ірі қара мал мен қойлардың карантин белгіленген аймаққа әкелуге және оларды осы аумақ арқылы айдауға;

3) ірі қара мал мен қойларды сатуға, айырбастауға және шаруашылық ішілік қайта топтастыруға;

4) карантин белгіленген аумақта жиналған шөп пен басқа да азықтарды шығаруға. Мұндай азықтарды карантин белгіленген пункттің ішінде жылқыларды және иммундалған қара малды азықтандыру үшін оларды вакциналағаннан кейін кемінде күнтізбелік 14 күн өткен соң пайдаланады;

5) ауру малдардан алынған сүтті тамаққа пайдалануға;

6) ауру жануарларды етке союға;

7) өлекселерді ашып қарауға және өлген жануарлардың терісін алуға;

8) саламатсыз шаруашылық жүргізуші субъектіге бөгде адамдардың кіруіне және осы шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсетуге қатысы жоқ көліктің кіруіне;

9) тоғандар мен басқа да су айдындарынан жануарларды жалпы суаруға;

10) егілген және асқынуы бар малдардан алынған сүтті тамаққа пайдалануға жол берілмейді.

Шаруашылық жүргізуші субъектіні қарасан бойынша саламатты деп жариялайды және одан карантин жануардың қарасаннан сауыққан немесе өлген соңғы оқиғасынан бастап және қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 14 күннен соң алынады.

Ескерту. 263-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-тарау. Қой мен ешкінің секіртпесі (браздот) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 23-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

264. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге жануарлар ауыруының алдын алу мақсатында мыналар қажет:

1) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

2) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

бірнеше жануардың өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайлар және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті болған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдағаны туралы хабарлайды;

3) ветеринария саласындағы мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беру;

Ескерту. 264-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

265. Секіртпе ауруы анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіге шектеу шаралары қойылады, бұл ретте:

1) барлық ауру және ауруға күдікті жануарларды оқшаулап, емдік дозамен гипериммунды сарысу және антибиотик егеді, ал керек болған жағдайда симптоматикалық емдеу жүргізіледі;

2) сау жануарлар қорада ұстап бағуға ауыстырылады, рационда тек сапалы ірі-тартылған азық, минералды заттардан тұратын қосымша азық қалдырылады және тиісті вакцина егіледі;

3) бірінші вакцина егілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң және секіртпеден жануарлардың ауыруы мен өлімі тоқтағаннан кейін қой мен ешкі әдеттегі бағу және жемдеу жағдайына көшіреді.

266. Секіртпеден өлген қой немесе ешкінің өлекселері терісімен және жүні алынбай жойылады. Өлекселерді ашу тек арнаулы жабдықталған орында ғана диагностикалық мақсатта жол беріледі.

267. Қиды химиялық немесе күйдіру әдісімен дезинфекциялау жүргізіледі.

268. Шаруашылық жүргізуші субъектіні қолайсыз деп жарияланған кезеңде мыналарға жол берілмейді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіде қой мен ешкіні әкелуге, шығаруға және ауыстыруға;

2) секіртпемен ауырған қой мен ешкіні союға және етін тамаққа пайдалануға;

3) қой мен ешкіні саууға және сүтін тамаққа пайдалануға, секіртпемен ауырғаннан алынған сүт қайнату жолымен зарарсыздандырылады.

269. Шаруашылық жүргізуші субъекті жануардың ауыруы немесе көрсетілген аурудан өлуі болған соңғы оқиғадан кейін қорытынды шаралар жүргізілгеннен соң күнтізбелік 20 күннен кейін қой мен ешкінің секіртпе ауруы бойынша қолайлы болып саналады.

24-тарау. Қой мен ешкінің инфекциялық агалактия ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 24-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

270. Қой мен ешкінің жұқпалы агалактия ауыруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъектіні қолайсыз деп жариялап, шектеу қойылады.

271. Агалактия ауруы бойынша ауру және күдікті жануарлар тез арада оқшаулауға және емдеуге жатады.

272. Ауру жануарларды дәрімен емдеумен қатар оларды азықтандыру мен күту жағдайын жақсарту қажет.

273. Жұқпалы агалактия бойынша қолайсыз отардағы түсік тастаған қой мен ешкілер де оқшауланады. Іш тастаған төл және шу жойылады, ал түсік тастаған жер мұқият дезинфекцияланады.

274. Барлық бөлінген жануарларды емделіп сауыққаннан кейін 8 ай бойы оқшаулауда ұстайды. Емделуге келмейтін жануарларды етке союға жібереді.

275. Еметін қозылар мен лақтарды оқшаулап, сау аналықтардың сүтімен қоректендіреді. Қолайсыз отардағы басқа малдарды жаңа суаттары бар жаңа жайылымдарға ауыстырады, оларға жүйелі түрде ветеринариялық қадағалау белгілейді және үнемі клиникалық тексеру жүргізеді.

276. Ауыру жануарлар тұрған қора, аула мұқият механикалық тазартылады және дезинфекцияланады. Күтім заттары қайнату немесе күлді сілті ерітіндісімен зарарсыздандырылады. Бөлінген ауыру жануарлардың ластанған төсеніші, азығы мен қиы өртеледі.

277. Қолайсыз отардағы қой мен ешкіден алынған сүтті сол жерде пастерлейді.

278. Терілерді күнге кептіреді де шектеусіз қолданады.

279. Жұқпалы агалактиямен ауыру және жазылған қошқарлар табиғи немесе қолдан ұрықтандыруға жіберілмейді. Жазылған саулықтарды сау қошқарлардың ұрығымен ұрықтандырады.

280. Қолайсыз отарлардан асыл тұқымды және өндірушілік мақсат үшін жануарларды шығаруға, сондай-ақ шаруашылықта шектеу алынғанға дейін отарларды қайта топтастыруға жол берілмейді.

281. Қолайсыз пункттерден шектеу соңғы ауру жануарды жойғаннан (оқшаулағаннан) кейін күнтізбелік 60 күннен соң алынады.

25-тарау. Қойлар мен ешкілердің инфекциялық анаэробтық энтеротоксемиясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 25-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

282. Шаруашылық жүргізуші субъектілер энтеротоксемия ауруының алдын алу мақсатында қажет:

1) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

2) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

бірнеше жануардың өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайлар және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті болған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдағаны туралы хабарлайды;

3) ветеринария саласындағы мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беру;

Ескерту. 282-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

283. Қойлар мен ешкілердің инфекциялық анаэробтық энтеротоксемиясы ауруы анықталғанда, шаруашылық жүргізуші субъектіні қолайсыз деп жариялайды және мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) барлық ауру және ауруға күдікті жануарларды оқшаулайды және емдейді;

2) сау жануарлар қорада ұстап бағуға ауыстырылады, рационда тек сапалы ірі-тартылған азық, минералды заттардан тұратын қосымша азық қалдырылады және тез арада иммундейді;

3) бірінші вакцина егілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң және қойлар мен ешкілердің инфекциялық анаэробтық энтеротоксемиясы ауыруы мен өлімі тоқтағаннан кейін қой мен ешкі әдеттегі бағу және жемдеу жағдайына көшіреді.

Қолайсыз пункт кезеңінде мыналарға:

1) инфекциялық энтеротоксемиямен ауырған қойлар мен ешкілерді союға және етін тамаққа пайдалануға;

2) ауру қойлар мен ешкілердің сүтін саууға және тамаққа пайдалануға жол берілмейді.

284. Инфекциялық энтеротоксемиядан өлген қойлар мен ешкілердің өлекселері терісімен, жүнін сылып алмастан жоюға жатады.

285. Қидың дезинфекциясын химиялық әдіспен немесе биотермиялық зарарсыздандырмай өртеу арқылы жүргізеді.

286. Қойлар мен ешкілердің инфекциялық энтеротоксемия ауруын алдын алу мақсатында жануарларды құнарлы азықпен қамтамасыз ету, рационды бірден өзгертуге жол бермеу, суару мен ұстаудың санитариялық және зоогигиеналық қағидаларын сақтау қажет. Аурудың пайда болу мүмкіндігі кезінде қойлар мен ешкілерді жайылымға шығарар алдында сапалы азықпен қоректендіруді ұсынады.

287. Қойлар мен ешкілердің инфекциялық энтеротоксемия ауруы бойынша бұрын тіркелген қолайсыз пункттерде барлық қой мен ешкілерді аурудың пайда болу кезеңіне дейін күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей немесе жайылымға шығар алдында тиісті вакцинамен иммундеуге жатады.

288. Шаруашылық жүргізуші субъекті қойлар мен ешкілердің инфекциялық анаэробтық энтеротоксемиясы ауруы бойынша аурудың соңғы жағдайынан немесе жануарлардың өлгенінен кейінгі күнтізбелік 20 күн өткен соң және қорытынды дезинфекциялау жүргізілгеннен кейін қолайлы болып саналады.

26-тарау. Қойлардың инфекциялық катаральды қызбасы ("көк тіл", блютанг) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 26-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

289. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге жаңадан әкелінген жануарларға карантиндеуді жүргізу.

290. Қора-жайларда дезинфекцияны, дезинсекцияны, сондай-ақ дератизацияны жүйелі жүргізу.

291. Ойпаң жердегі шөптерді шабу және жануарларды жоғары учаскелерге көшіру.

292. Қансорғыш жәндіктерге қарсы репеллентермен жануарларды өңдеу.

293. Жаңадан сатып алынған жануарларға белсенді және белсенді емес клиникалық, вирусологиялық және серологиялық қадағалауды жүргізу.

294. Жануарлардың кіргізілуін соңғы 24 ай ішінде осы инфекциядан бос елдерден жүзеге асыру.

27-тарау. Қойлардың инфекциялық маститі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 27-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

295. Жүйелі түрде аналық қойларға клиникалық қарау жүргізіледі. Ауру аналық қойды қозыларымен бірге оқшаулайды және емдейді. Ауру аналық қойдың қозысын жекелейді және, ауыз қуысын антисептикалық ерітінділермен мұқият түрде өңдегеннен кейін сиыр сүтімен азықтандырады немесе сау аналық қойларға қосады. Ауырып жазылған қойларды оқшаулап ұстайды.

296. Қой қораларды мұқият тазалайды және дезинфекциялайды. Ауру қойлардың сүтін жеке ыдысқа жинап жояды. Қиды биотермиялық әдіспен зарарсыздандырады.

297. Аналық қой отарын инфекциялық мастит бойынша қолайлы бастарымен қалыптастырады.

298. Емізулі аналық қойларды құнарлы азықпен қамтамасыз етеді және ұстауға қажетті жағдай жасайды. Олардың сүт безінің жағдайына назар аударады және жүйелі түрде қарайды.

299. Маститке күдіктенген кезде сауылатын қойлардың сүтін экспресс әдіспен зерттейді, ал аурулардың сынамаларын және өлген жануарлар желінінің бөлігін бактериологиялық зерттеу үшін зертханаға жібереді.

300. Ауруларды бөлгеннен кейін қора-жайларды тазалайды және дезинфекциялайды.

301. Инфекциялық маститпен ауыратын қойларды оқшаулайды, құнарлы азықпен қамтамасыз етеді.

302. Емдеу үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген осы ауру үшін тиімді антибиотиктерді, сульфаниламидтерді және тағы басқа препараттарды пайдаланады.

303. Шектеу ауруды жойғаннан және қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін алынады.

28-тарау. Қойлар мен ешкілердің контагиозды эктимасы (контагиозды пустулезді стоматиты және дерматиты) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 28-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

304. Қойлар мен ешкілердің контагиозды эктимасының профилактикасы мыналарды:

1) жануарлардың контагиозды пустулезді дерматиты ауруына уақытылы диагностикалауды;

2) қойлар мен ешкілердің контагиозды пустулезді дерматитіне қарсы вакцинаны барлық бейім бастарға вакцина егуді қамтиды.

305. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойлар мен ешкілердің контагиозды эктимасының әкелінуінен қорғау мақсатында жануарлар иелері мен ветеринария саласындағы мамандарға мыналарды:

1) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

2) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

бірнеше жануарлар өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайлар және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті болған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдағаны туралы хабарлайды;

3) ветеринария саласындағы мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беру;

Ескерту. 305-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

306. Қойлар мен ешкілердің контагиозды пустулезді дерматиты ауруы қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағын қолайсыз деп жариялайды және шектеу қояды.

307. Шектеудің шарттары бойынша мыналарға:

1) қойлар мен ешкілерді ет комбинатына клиникалық сау ұсақ мал басын союға автокөлікпен шығаруды қоспағанда, әкелуге (кіргізуге) және шығаруға (әкетуге);

2) қолайсыз топтардың жануарларына қызмет көрсетумен байланысты емес адамдардың қора-жайларға және осы жануарларды ұстайтын басқа орындарға кіруге;

3) ветеринариялық маманның рұқсатынсыз шаруашылықтың ішінде жануарларды қайта топтастыруға;

4) ауру жануарлар жанасқан жем-шөптерді (шөп, сабан) шығаруға жол берілмейді. Осы жем-шөппен сол жерде қойлар мен ешкілердің контагиозды пустулезді дерматиты ауруына бейім емес жануарларға, сондай-ақ ауру және осы аурумен ауырып жазылған қойлар мен ешкілерді азықтандырады.

308. Қолайсыз жерлердің қойлар мен ешкілердің сүтін тамаққа қайнатқаннан кейін немесе сүт өнімдерін тікелей шаруашылық жүргізуші субъектіде қайта өңдегеннен кейін, және кейіннен шаруашылық жүргізуші субъектіде ғана пайдалануға рұқсат етеді.

309. Қойлар мен ешкілердің контагиозды эктимасы ауруымен ауыратын жануарларды оқшаулайды және емдеу жүргізеді.

310. Өлген және контагиозды эктимасы ауруының клиникалық белгілері бар, жануарларды шарасыздан өлтірген өлекселерін жояды.

311. Әкімшілік-аумақтық бірліктің қойлар мен ешкілердің контагиозды эктимасы бойынша қолайсыз жануарларын қырку қолайлы отарларды қырққаннан кейін соңғы кезекте жүргізеді. Қырку орындарын, сондай-ақ қырку құралдарын жұмыс аяқтағаннан кейін механикалық тазартудан және дезинфекциядан өткізеді. Алынған жүн тығыз материалдан жасалған ыдыста шаруашылық жүргізуші субъектіден тек қайта өңдеу кәсіпорынға шығарады.

312. Қолайсыз пункттен шектеуді соңғы ауру жануарды анықтаған немесе сауыққан жағдайынан кейін күнтізбелік 30 күннен соң және қорытынды дезинфекциялау жүргізілгеннен кейін алады.

29-тарау. Қойлар мен ешкілер тұяқтарының піруі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 29-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын қойлар мен ешкілер тұяғының шіруінің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

313. Аурудың алдын алу мақсатында жеке және заңды тұлғалар тұқымдық және пайдалану мақсаттары үшін жануарларды ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтан тыс шығару (әкету) кезінде жөнелтуге дейін және жаңадан сатып алынған жануарларды карантиндеу кезеңінде жалпы ветеринариялық тексеруден өткізеді.

314. Жануарларды сатуға, сондай-ақ оларды осы пункттен әкетуге (шығаруға) жануарларды тексеру нәтижелері теріс болған және ветеринариялық паспортта тиісті белгі болған кезде жол беріледі.

315. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде отарларды жинақтауды қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруі бойынша қолайлы пункттерден шығатын жануарлармен жүргізу қажет.

316. Импортталатын жануарлар карантиндеуге жатады.

317. Экспортталатын жануарларды импорттаушы елдің ветеринариялық талаптарына және әдістеріне сәйкес зерттейді.

2-параграф. Эпизоотиялық опақтарында және қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруі бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

318. Жануарлардың қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруі ауыру анықталған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектіге шектеу қойылады.

319. Қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруі бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіде (елді-мекенде):

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына қойлар мен ешкілерді әкелуге (кіргізуге) және одан тыс әкетуге (шығаруға);

2) қойлар мен ешкілерді шаруашылық жүргізуші субъектінің (елді-мекеннің) ішінде қайта топтастыруға, сондай-ақ, ауру қойлар мен ешкілерді сау қойлармен және ешкілермен бірге бағуға, суғаруға және ұстауға жол берілмейді.

320. Шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маманы қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруін жою жоспарын жасайды және оны тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігермен, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен келіседі, тұяқтың шіруін қойлардың некробактериозынан, эктимасынан, шешектен және ауысылдан саралау үшін ауру жануарлардан алынған патологиялық материалды іріктейді және зертханаға жібереді.

321. Қойлар мен ешкілердің тұяғының шіруі пайда болған шаруашылық жүргізуші субъектіде барлық жануарлар әрбір күнтізбелік 10 күн сайын зерттейді, анықталған ауру жануарларды оқшаулайды.

322. Шартты түрде сау қойлар мен ешкілердің сүті қайнатылғаннан кейін тамаққа қолданылады, ал ауру жануарлардан алынған сүт жойылады.

323. Қолайсыз пунктте тұяқтың шіруінің жұғуын болдырмау мақсатында қойлар мен ешкілер аяқ ваннасынан өткізіледі.

324. Оқшауланған ауру қойлар мен ешкілерді емдейді.

325. Шаруашылық жүргізуші субъектіден шектеу соңғы ауру қойдың немесе ешкінің сауығу сәтінен бастап немесе ауру қой немесе ешкі сойылғаннан кейін 1 ай өткен соң алынады. Шектеу алынар алдында барлық қойлар мен ешкілердің тұяқшаларына ветеринариялық тексеру жүргізіліп, аяқ ваннасынан өткізеді.

30-тарау. Қойлардың баяу инфекциялары (скрепи, висна-маеди, аденоматоз) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 30-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

326. Отарды қолайлы өңірлердегі жануарлармен жинақтау.

327. Жаңадан әкелінген жануарларды карантиндеу.

328. Баяу инфекцияларға жол бермеу бойынша қой мен ешкі иелері жүргізетін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар мыналарды қамтиды:

1) қойлар мен ешкілерді орналастыру, азықтандыру және пайдалану кезінде ветеринариялық-санитариялық қағидалардың орындалуын қамтамасыз ету;

2) жайылымдар және суат орындарын тиісті ветеринариялық-санитариялық жағдайда ұстау;

3) қиды және өлген жануарлардың өлекселерін уақытында залалсыздандыру;

4) профилактикалық дезинфекция, дератизация, дезинсекция, дезакаризацияны тұрақты жүргізу;

5) мал шаруашылығы фермаларын, қора-жайларын дезинфекциялық кедергілермен қамтамасыз ету;

6) мал шаруашылығы объектілерінің аумақтарына қоршауды қамтамасыз ету;

7) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

бірнеше жануарлар өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайлар және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті болған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдағаны туралы хабарлайды;

8) барлық жануарлардың сәйкестендіруін қамтамасыз ету;

9) жаңадан әкелінген жануарларды диагностикалық зерттеу және ветеринариялық өңдеу жүргізу мақсатында күнтізбелік 30 күн ішінде оқшаулап ұстау;

10) инфекциялық ауруларға қолайлы аумақтарда азықтардың дайындығын жүргізу;

11) асхана және сою қалдықтарына термикалық залалсыздандыру жүргізу;

12) қолайлы және қолайсыз аймақтардың жануарлары арасында байланысқа жол бермеу.

Ескерту. 328-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

329. Ветеринария саласындағы мамандар жүргізетін арнайы іс-шаралар:

1) жануарлардың жыл сайын клиникалық қарауды жүргізу;

2) жануарларды емдеу-профилактикалық тазалауды жүргізу;

3) жануарларды жоспарлы диагностикалық зерттеуді жүргізу.

2-параграф. Қойлар мен ешкілер арасында баяу инфекция пайда болған жағдайда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

330. Жануарлар иелері мыналарды жүзеге асырады:

1) ЖАО бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және сатылғаны туралы;

бірнеше жануарлар өлген, бір мезгілде ауырған немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы жағдайлар және ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауруға күдікті болған жануарларды оқшаулап ұстау шараларын қабылдағаны туралы хабарлайды;

2) бір уақытта бірнеше жануар ауырған, өлген немесе олардың ерсі қылықтардың жағдайлары туралы ветеринария саласындағы мамандарға хабарлауды және ветеринария саласындағы мамандар келгенге дейін ауруға күдікті жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қабылдауды;

3) ветеринария саласындағы маманың ескеруінсіз ауруы бар деп анықталған жануарды кез келген қозғалысына жол бермеу;

4) союдың алдында ветеринариялық қарауды жүргізбей және сойылғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай сатуға арналған жануарларды союға жол бермеу;

5) қолайсыз пункттің аумағына жануарлардың, бөгде адамдар мен көліктердің кіруіне жол берілмейді;

6) жануарлардың қиын, өлексесін және ауру жануарлардың басқа да қалдықтарын зарарсыздандырумен қамтамасыз ету.

Ескерту. 330-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

331. Ветеринария саласындағы мамандар жүзеге асырады:

2) жануарлардың клиникалық қарауын;

3) барлық ауру және жұғу күдігі бар жануарларды жоюды;

4) лажысыз дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізуді.

332. Барлық ауру, ауруға күдігі бар жануарларды сойған соң және қорытынды іс-шараларды жүргізгеннен кейін карантин алынады.

31-тарау. Қойлардың күл ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 31-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүргізілетін профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

333. Қойлардың күл ауруының пайда болуы мен оның таралуын алдын алу үшін мыналар:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіге қойдың күлі бойынша қолайсыз өңірлерден келген қойларды, азық пен құрал-саймандарды әкелуге (кіргізуге) жол бермеу;

2) шаруашылық жүргізуші субъектілерге келген барлық қойларды күнтізбелік 30 күн ішінде оқшаулап ұстау;

3) қойлардың жай-күйіне жүйелі түрде ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыру;

4) отарларға, сондай-ақ жайылым учаскелерге, суару жерлері мен айдау жолдарына тұрақты түрде қызмет көрсететін персоналды бекіту қажет.

334. көрсетілген ауру бойынша қолайсыз шектес елдермен тікелей шекаралас аудандардың аумақтарында орналасқан бастарды қоса алғанда, қойдың күл ауруы бойынша қауіпті шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық қойларына жылына 2 рет күлге қарсы профилактикалық вакцина егу қажет.

335. Қойдың күл ауруы жойылған кейінгі үш жыл ішінде бұрынғы қолайсыз пункттердегі қой бастарына вакцина егуге жатады.

2-параграф. Қойдың күлі бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін профилактикалық іс-шаралары

336. Түпкілікті диагнозды қойған кезде шаруашылық жүргізуші субъектісінің аумағына карантин қойылады.

337. Карантиннің шарттары бойынша мыналарға:

1) жануарлардың барлық түрлерін қолайсыз пункттерге әкелуге (кіргізуге) және олардан әкетуге (шығаруға);

2) қолайсыз пунктте дайындауға және жануарлардан бұрын дайындалған өнімді және шикізатты шығаруға;

3) шаруашылық жүргізуші субъектісінің ішінде жануарларды қайта топтастыруға, сондай-ақ ауру қойларды сау жануарлардың барлық түрлерімен бірге жаюға, суаруға және ұстауға;

4) қолайсыз топтардағы жануарларға қызмет көрсетумен байланысты емес адамдарға қора-жайларға және осындай жануарлары бар басқа орындарға кіруге;

5) карантин қойылған аймақта малдар мен мал өнімдерін сатуға, көрмелер, жәрмеңке, базар, сондай-ақ жануарлардың, адамдардың және көліктердің жиналуымен байланысты басқа да іс-шаралар жүргізуге;

6) қойдың күл ауруымен ауыратын жануарлармен жанасқан жем-шөпті (пішен, сабан және тағы да басқа) шығаруға. Ол жем-шөпті сол жерде (шаруашылықта) күл ауруына бейім емес жануарларға немесе ауру және қойдың күлімен ауырып жазылған қойларды азықтандырады;

7) қойдан алынған сүтті және одан алынатын өнімдерді залалсыздандырылмаған күйінде пайдалануға. Қолайсыз пункттегі қойдан алынған сүт сол жерде 850С температурада 30 минут пастерлеу жолымен немесе 5 минут қайнату арқылы залалсыздандыруға жатады;

8) қойдың күл ауруына қолайсыз пункттің аумағы арқылы автокөліктің жүруіне. Бұндай жағдайда көліктің белгіленген жеріне жету үшін айналма жолдары көрсетілуі қажет;

9) карантин алынғанға дейін күл ауруына қолайсыз қойларды қыркуға жол берілмейді.

338. Күл ауруымен қойлар мен қозыларды окшаулайды және емдейді, клиникалық сау малдарға күлге қарсы вакцина егеді.

339. Күлдің клиникалық белгілерімен өлген қойлардың өлекселерін өртеу арқылы жояды. Ондай өлекселердің терілерін сылып алуға және пайдалануға жол берілмейді.

340. Қолайсыз пункттегі мал шаруашылығының қора-жайларын, жабдықтарды, серуендету алаңдарын, қоршауларды және ауру қойлар болған басқа да орындарды

барлық карантиннің мерзімі кезінде қорытынды дезинфекция жүргізілгенге дейін әр күнтізбелік 5 күн сайын дезинфекциялайды.

Қиды биотермиялық әдіспен зарарсыздандырады.

341. Қолайсыз пунктте соңғы күл ауруымен ауырып сауыққан, өлген немесе сойылғаннан кейін күнтізбелік 20 күн өткен соң карантин алынады.

32-тарау. Ірі қара малдар, қойлар мен ешкілердің энзоотиялық (хламидиоздық) түсік тастауы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 32-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ірі қара малдың, қой мен ешкінің энзоотиялық (хламидиоздық) түсігінің профилактикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

342. Ірі қара малдың, қойлар мен ешкілердің хламидиозды іш тастауымен ауыруының алдын алу үшін:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келіп түскен жануарларды карантиндеу;

2) қора-жайлардың, жайылымдардың, суат орындарының тиісті ветеринариялық-санитариялық жай-күйде ұсталынуы;

3) олардың толыққанды азықпен қамтамасыз етілуі;

4) отарларға жайылымдар мен суару орындарын бекітілуі қажет.

Ескерту. 342-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

343. Асыл тұқымды ірі қара мал, қойлар мен ешкілер шаруашылықтарда Жоспарлау қағидаларының талаптары ескеріле отырып, әрбір 6 ай сайын серологиялық тексеруден өтеді.

Ескерту. 343-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

344. Төлдеу мен қозылау оқшауланған секцияларға (торларға) бөлінген жеке үй-жайларда жүргізіледі.

Ескерту. 344-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қойдың энзоотиялық (хламидиоздық) іш тастауларын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

345. Ірі қара мал мен қойдың энзоотиялық (хламидиоздық) іш тастауына диагноз қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні саламатсыз деп жариялайды және шектеу іс-шараларын енгізеді.

Ескерту. 345-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

346. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша:

1) ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз ірі қара мал басын саламатсыз пунктке кіргізуге және шығаруға, жануарларды қайта топтастыруға;

2) ауру жануарлар жанасқан қой шаруашылығының, ешкі шаруашылығының шикі өнімін және азықтың барлық түрлерін әкетуге;

3) қой мен ешкілерді еркін шағылыстыруға;

4) ауру жануарлардан алынған шикі өнімді ет қоректі және көп қоректі жануарлармен азықтандыруға жол берілмейді.

Ескерту. 346-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

347. Ауру және ауруға күдікті жануарларды союды пункттері мен алаңдарында жүргізеді.

348. Саламатсыз пунктте тұқымдық бұқалар мен қошқарларды (текелерді) егу алдында хламидиозға тексереді. Оң немесе күмәнді реакция берген жануарларды оқшаулайды және күнтізбелік 30 күннен кейін қайта зерттейді. Егер қайта зерттеу кезінде оң немесе күмәнді нәтиже алынса, бұл жануарларды союға жібереді, ал теріс нәтиже берілсе оларды вакциналайды. Вакциналанған бұқаларды, қошқарларды (текелерді) мақсаты бойынша пайдаланады.

Ескерту. 348-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

349. Саламатсыз отарлардан қалыпты төлдеген ірі қара мал мен қалыпты қозылаған қойлардың (ешкілердің) сүтін тамаққа қайнатылған немесе сүт қышқылы түрінде пайдаланады.

Ескерту. 349-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

350. Қоражайларды, керек-жарақтарды, күтіп-бағу заттарын, киім-кешектерді, аяқ киімдерді дезинфекциялайды.

351. Түсік тасталған төлді, төлдік қабықшалар, қойлардың, ешкілердің, қозылардың, лақтардың жолдастары және өлекселері жойылады.

352. Энзоотиялық (хламидиоздық) іш тастау бойынша қолайсыз отарлардың (топтардың) жануарларды, аурудан қолайлы отарлардың қойлары мен ешкілерін қырққаннан кейін соңғы кезекте қырқады.

353. Қырықтық орны, керек-жарақтары, сондай-ақ, қырықтық құралдары жұмыс аяқталғаннан кейін тазартылады және дезинфекцияланады. Шаруашылық жүргізуші субъектісінен алынған жүнді қайта өңдеу кәсіпорындарына жібереді.

354. Қойлардың энзоотиялық (хламидиоздық) іш тастауы бойынша қолайсыз пункттен шектеу соңғы жануарлар сойылғаннан және қорытынды іс-шаралар өткізілгеннен кейін күнтізбелік 30 күннен соң алынады.

33-тарау. Жылқы тұмауы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 33-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың тұмау ауруының профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

355. Жылқы тұмауының алдын алу мақсатында меншігінде жылқылары бар жеке және заңды тұлғалар мынандай іс-шараларды өткізеді:

1) тұмауға қарсы профилактикалық екпелер жасау үшін оларды жыл сайын ветеринария мамандарына көрсетеді;

2) қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектіге жылқы тұмауымен ауыратын және ауру күдігі бар жануарларды кіргізуге (әкелуге) жол берілмейді;

3) барлық жаңа әкелінген жылқыларды карантиндеуде ұстайды.

356. Импортталатын жылқыларға жөнелтуге дейін ең көбі сегіз және ең азы екі апта ішінде жылқы тұмауына қарсы вакцина егілуге тиіс.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және жылқы тұмауы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

357. Жануарлардың жылқы тұмауымен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

358. Карантин шарттары бойынша:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына жылқыларды кіргізуге (әкелуге) және оның шеңберінен тыс шығаруға (әкетуге);

2) жылқыларды шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде қайта топтастыруға (ауру жануарларды оқшауланған жерге шығаруды қоспағанда), сондай-ақ, ауру жануарларды сау жануарлармен бірге бағуға, суғаруға және ұстауға рұқсат етілмейді.

359. Жылқы тұмауымен ауыратын және ауру күдігі бар жануарлар оқшауланып, симптомдық емдеуге түседі.

360. Ауру және ауру күдігі бар жануарлар ұсталған қоражайлар карантин тоқтатылғанға дейін әрбір күнтізбелік 10 күн сайын дезинфекцияланады.

361. Қи және төсем биотермиялық әдіспен зарарсыздандырылады. Өлген жануарлардың өлекселері өртеледі.

362. Клиникалық сау жылқыларға вакцина егіледі.

363. Қолайсыз пункттен карантин жануарлардың жылқы тұмауымен соңғы ауыру жағдайынан және қорытынды іс-шаралар өткізілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң алынады.

34-тарау. Жылқылардың жұқпалы анемиясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 34-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың жұқпалы анемиясын сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

364. Тақ тұяқты жануарлардың инфекциялық анемиямен ауруының алдын алу мақсатында, меншігінде жануарлары бар жеке және заңды тұлғалар инфекциялық анемияға диагностикалық тексеру үшін жануарларды ветеринария мамандарына көрсетеді. Жануарларды тексеру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) асыл тұқымдық және пайдалану мақсаттары үшін әкімшілік-аумақтық бірліктің шеңберінен тыс шығару (әкету) (жөнелтуге дейін күнтізбелік 30 күннен аспайды);

2) жаңадан сатып алынған жануарларды карантиндеу;

3) жануарлардың биологиялық өнеркәсіп кәсіпорындарына продуцент ретінде түсуі (арасына күнтізбелік 30 күн салып екі мәрте, одан әрі жылына 2 рет).

365. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жануарларын жинақтауды жылқылардың жұқпалы анемиясы бойынша қолайлы пункттердегі жануарлармен жүргізу қажет.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және жылқылардың жұқпалы анемиясы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

366. Жануарлардың жылқылардың жұқпалы анемиясымен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

367. Карантиннің шарттары бойынша:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына жануарларды кіргізуге (әкелуге) және оның шеңберінен тыс шығаруға (әкетуге);

2) сезімтал жануарларды шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде қайта топтастыруға, сондай-ақ, ауру жануарларды сау жануарлармен бірге бағуға, суғаруға және ұстауға;

3) оларды жылқылардың жұқпалы анемиясы вирусынан зарарсыздандырмай жануарлардан алынатын қан-сарысу дәрі-дәрмектерін сатуға;

4) жеке және заңды тұлғаларға тиесілі жануарлардан алынған қымызды карантиндегі пункттен шығаруға және сатуға рұқсат етілмейді.

368. Қолайсыз пункт жануарларының барлық мал басы клиникалық тексеруге түседі және диффузиялық преципитациялау реакциясы әдісімен инфекциялық анемияға тексеріледі.

369. Инфекциялық анемиямен клиникалық ауыратын жануарлар оқшауланып, техникалық кәдеге жаратуға жіберіледі.

370. Ауру жануарлар ұсталған қоражайлар карантин тоқтатылғанға дейін әрбір күнтізбелік 15 күн сайын дезинфекцияланады.

Қи биотермиялық әдіспен зарарсыздандырылады.

371. Инфекциялық анемияға серологиялық тексеру кезінде араға күнтізбелік 7-10 күн салып екі мәрте оң немесе күдікті сезінетін және клиникалық ауру белгілері (дене температурасының көтерілуі, ісінуі, жүдеуі) жоқ жануарлар санитарлық қасапханада сойылады. Тамаққа жарамды ет пісіріліп зарарсыздандыруға немесе консервілер дайындау үшін жіберіледі. Басы, сүйектері, ішек-қарындары, терісі кәдеге жаратылады.

372. Қолайсыз пунктте диффузиялық преципитациялау реакциясы әдісімен инфекциялық анемияға тексеру кезінде теріс реакция берген жануарлар топ бойынша екі мәрте теріс реакция алуға дейін араға күнтізбелік 30 күн салып осы әдіспен қайта тексеріледі.

373. Серологиялық тексеру кезінде оң нәтиже берген биелерден туған құлындар диффузиялық преципитациялау реакциясымен араға күнтізбелік 30 күн салып екі мәрте

инфекциялық анемияға тексеріледі. Екі мәрте тексерудің нәтижелері теріс болған кезде олар сау деп есептеледі.

374. Бірінші немесе екінші тексеру кезінде күмәнді нәтиже берген жануарлар күнтізбелік 7-10 күннен кейін қайтадан тексерілуге тиіс. Оң және екі мәрте күмәнді нәтиже берген жануарлар союға жатады.

375. Қолайсыз пункттен карантин ауру және оң нәтиже берген жануарлар сойылғаннан кейін, сондай-ақ, араға күнтізбелік 30 күн салып қалған тақ тұяқты жануарлардың мал басын серологиялық тексерулердің теріс реакцияларын екі мәрте алғаннан және қорытынды іс-шаралар өткізілгеннен кейін 3 ай өткен соң алынады.

35-тарау. Жылқылардың сақауы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 35-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жылқылардың сақауының профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

376. Аурудың алдын алу мақсатында меншігінде жануарлары бар жеке және заңды тұлғалар мынадай іс-шараларды өткізеді:

1) ветеринарлық қарап тексеру үшін жануарларды ветеринария мамандарына көрсетеді;

2) жануарларды толыққанды азықтандыруды ұйымдастырады;

3) құлындарды үлкен мал басынан бөлек ұстайды;

4) жануарларды жеткізуді және жемшөпті сатып алуды тек қана қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден жүргізеді;

5) барлық жаңадан сатып алынған жануарларды карантиндеуде ұстайды;

6) 5 жасқа дейінгі жануарларды жылқылардың сақауына қарсы вакцина егу үшін жыл сайын ветеринария мамандарына көрсетеді;

7) қоражайларды профилактикалық дезинфекциялауды жүргізеді.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақтарында және жылқылардың сақауы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

377. Жануарлардың жылқылардың сақауымен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке шектеу қойылады.

378. Шектеудің шарттары бойынша:

1) қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағынан жануарларды және жемшөпті шығаруға (әкетуге);

2) жануарларды шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде қайта топтастыруға;

3) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.

Ауру жануарларды оқшаулайды және емдейді.

379. Барлық мал басының термометриясымен күн сайынғы клиникалық тексеру белгіленеді.

380. Қи, төсем, азық қалдықтары биотермиялық әдіспен зарарсыздандырылады.

381. Жануарлар тұрған қора-жайлар тазаланады және дезинфекцияланады.

382. Қолайсыз пункттен шектеу жануарлардың жылқылардың сақауымен соңғы ауруы жағдайынан және қорытынды іс-шаралар жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн өткен соң алынады.

36-тарау. Жылқы ринопневмониясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 36-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқы ринопневмониясы профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

383. Жануарлардың жылқы ринопневмониясымен ауруының алдын алу мақсатында меншігінде жануарлары бар жеке және заңды тұлғалар профилактикалық ветеринариялық тексеру үшін жануарларды ветеринария мамандарына көрсетеді.

384. Жануарларға тексеру:

1) жануарларды тұқымдық мақсаттар үшін ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумағынан тыс шығару (әкету) кезінде;

2) қайта сатып алынған жануарларға карантиндеу кезеңінде жүргізіледі.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақтарында және жылқы ринопневмониясы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

385. Жануарлардың жылқы ринопневмониясымен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке шектеу қойылады.

386. Жылқы ринопневмониясы бойынша қолайсыз пунктте:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына жануарларды кіргізуге (әкелуге) және одан тыс шығаруға (әкетуге);

2) шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде жануарларды қайта топтастыруға, ауру жануарларды сау жануарлармен бірге бағуға, суғаруға және ұстауға;

3) аталық жануарлардан қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерге ұрық беруге жол берілмейді.

387. Ветеринария саласындағы маманы шаруашылық жүргізуші субъектінің қалған жануарларына мұқият клиникалық бақылауды белгілейді.

388. Ветеринария саласындағы маманы түсік тастаған немесе төлі өліп қалған құлындаған биелерді симптоматиялық емдеуге түсіреді.

389. Шаруашылық жүргізуші субъектінің ветеринария саласындағы маманы барлық мал басына жылқының ринопневмониясына қарсы вакцина егуді жүргізеді.

390. Әрбір түсік жағдайынан кейін ат қора дезинфекцияланады.

Тастанды төл қабығымен бірге өртеледі.

Қи, төсем, азық қалдықтары биотермиялық әдіспен зарарсыздандырылады.

Жылқы ринопневмониясымен ауыратын немесе күдігі бар жануарлардан алынған ұша қайнатылады.

Сүйектер мен ішкі органдар жоюға жіберіледі.

Теріні оларды кейіннен таза сумен жуып және кептіре отырып, әк тұнбасы ерітіндісінде (1 килограмм жаңа өшірілген әк 20 литр суға) 12 сағат ұстау жолымен дезинфекцияланады.

391. Жылқылардың ринопневмониясы бойынша қолайсыз пункттен шектеу егер буаздықтың екінші жартысында жануарлар болмаса, соңғы түсік жағдайынан немесе тіршілікке қабілетсіз құлын туылғаннан және қорытынды іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін екі айдан соң алынады.

37-тарау. Жылқылардың маңқасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 37-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың маңқасын сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

392. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумаққа жылқылардың маңқасының әкелінуін болдырмау мақсатында, қолайлы аумақтардан тек қана клиникалық сау және маллеинизацияда теріс реакция берген жануарларды әкелуге (енгізуге) рұқсат етіледі.

393. Қайта сатып алынған жануарлар күнтізбелік 30 күн ішінде оқшауланып ұсталады және маллеинизация мен клиникалық тексеруге ұшырайды.

394. Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде жыл сайын жылына бір рет жануарларды маңқаға жоспарлы аллергиялық тексеру жүргізіледі.

395. Жылқылар мына жағдайларда клиникалық және маллеи арқылы тексеріледі:

- 1) басқа шаруашылық жүргізуші субъектілеріне беруге дейін екі апта бұрын;
- 2) көрмелерге, спорт жарыстарына жіберу алдында;
- 3) сою алдында.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақтарында және жылқылардың маңқасы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

396. Жануарлардың жылқы маңқасымен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

397. Карантиннің шарттары бойынша:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына жануарларды кіргізуге (әкелуге) және одан тыс шығаруға (әкетуге);
- 2) қолайсыз пункттің аумағы арқылы жылқыларды айдауға және оларға мініп өтуге;
- 3) шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде жануарларды қайта топтастыруға, ауру жануарларды сау жануарлармен бірге бағуға, суғаруға және ұстауға;
- 4) союға, жылқыларды қымызбен емдеу орындарында пайдалануға, ауру және маңқамен ауру күдігі бар жануарларды қаштыруға рұқсат етілмейді.

398. Шаруашылық жүргізуші субъектінің ветеринария саласындағы маманы барлық жануарларды клиникалық тексеруге және маллеинизацияға түсіреді.

399. Тексеру нәтижелері бойынша жануарларды төрт топқа бөледі:

- 1) жылқы маңқасының клиникалық белгілері анық байқалған жануарлар;
- 2) анық белгілері жоқ және маллеинизацияда сезінетін;
- 3) клиникалық белгілері жоқ, бірақ маллеинизацияда оң әсер көрсететін жануарлар;
- 4) клиникалық белгілері жоқ және маллеинизацияға әсер көрсетпейтін жануарлар.

400. Осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген жануарлардың өлекселері терісі сыпырылмай және ашылмай жағу жолымен жойылады.

401. Маңқамен ауырған жануарлардың өлекселерін ашуға және олардың терісін сылып алуға жол берілмейді.

402. Ауру жұқтыру күдігі бар жануарлар әрбір күнтізбелік 15 күн сайын пунктті қолайлы деп жарияланғанға дейін маллеинизациялау әдісімен зерттейді.

403. Маңқаны жұқтыру күдігі бар жануарларды осы шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағы шегінде жекеленген жерде жаюға рұқсат етіледі.

404. Қора-жайларды дезинфекциялау әрбір күнтізбелік 15 күн сайын (әрбір маллеинизациядан кейін) жүргізіледі.

Қиға, төсемге және азық қалдықтарына дезинфекциялық ерітінді құйып өртейді.

405. Қора-жайдағы жылқыларды күтуге арналған барлық заттар, абзелдер, шелектер мен басқа да саймандар:

- 1) металл заттарды күйдіру жолымен дезинфекцияланады;
- 2) ағаш заттар, арбалар, шаналар дезинфекцияланады;
- 3) абзелдің былғары бөліктері, етіктер, кебістер дезинфекциялық ерітіндісімен сүртіледі;
- 4) халаттар, сүлгілер 30 минут бойы қайнатылып зарарсыздандырылады;
- 5) қызмет көрсететін персоналдың жеке киімдері параформалинді камерада дезинфекцияланады.

406. Қолайсыз пункттегі карантин көзді маллеинизациялау әдісімен барлық сезімтал мал басын зерттеудің үш есе теріс нәтижелерін алу жағдайында маңқамен ауыратын жылқыларды соңғы анықтаудан кейін 45 күн өткен соң және қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін алынады.

38-тарау. Жылқылардың эпизоотиялық лимфангиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 38-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың эпизоотиялық лимфангитіне профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

407. Аурудың пайда болуының алдын алу үшін өсіруге арналған жылқыларды жеткізушілер аумағының және шаруашылықтарының эпизоотиялық жай-күйі тұрақты түрде бақыланып отырады. Шаруашылыққа қайтадан келіп түскен жылқылар карантиндеуде ұсталып, тері және көзге көрінетін шырышты қабыршақтары мұқият тексеріледі. Жылқыларды пайдалану кезінде тері жамылғысының жарақаттануына жол бермеу бойынша іс-шараларға ерекше назар аударылады.

408. Эпизоотиялық лимфангиттің пайда болуының алдын алуға жылқыларды ұстау, күтім жасау және пайдалану жөніндегі ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтай отырып қол жеткізіледі.

408-1. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта эпизоотиялық лимфангиттің пайда болуының алдын алу мақсатында іс-шараларды жүргізу кезінде вакциналарды оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықта (нұсқамада) көзделген тәртіппен және мерзімдерде қолдануға жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 408-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.06.2025 № 195 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

409. Жылқыларға арналған қора-жайлар, құрал-саймандар және күтім жасау заттары мерзімді түрде дезинфекцияланады.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақтарында және жылқылардың эпизоотиялық лимфангиті бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

410. Жануарлардың жылқылардың эпизоотиялық лимфангитімен ауыру жағдайы анықталған қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

411. Карантиннің шарты бойынша шаруашылықта жылқыларды (есектерді, қашарларды) шығаруға, сатуға және көшіруге, жаңа жануарларды кіргізуге, ауру және ауру күдігі бар жануарларды жаюға, сондай-ақ, құлындарды қашыртуға, піштіруге, ауру және ауру күдігі бар биелерден алынған сүтті пайдалануға рұқсат етілмейді.

412. Эпизоотиялық лимфангитпен ауыратын, сондай-ақ ауруға күдікті жануарлар оқшауланады және емделуге жатады.

Эпизоотиялық лимфангиттен өлген жануарлардың өлекселері терісімен бірге өртеледі.

Ескерту. 412-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.06.2025 № 195 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

413. Қолайсыз ферманың сау жылқыларын (есектері, қашарлары) әрбір күнтізбелік 5 күн сайын клиникалық тексеруден өткізеді. Оларды қолайлы фермалардың жылқыларымен байланысты болдырмау шартында шаруашылық ішіндегі жұмыстарға жібереді.

413-1. Қолайсыз пунктте ветеринариялық іс-шараларды жүргізу кезінде вакциналарды оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықта (нұсқамада) көзделген тәртіппен және мерзімдерде қолдануға жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 413-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.06.2025 № 195 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

414. Ат қоралар және олардың айналасындағы аумақты тазартады және әрбір күнтізбелік 15 күн сайын дезинфекцияланады.

415. Абзелдерді бір сағат ішінде 60 С0 температурада формальдегид буымен дезинфекцияланады.

416. Ауру және ауру күдігі бар жануарлардың қиы, төсемі және азық қалдықтары жағылады.

417. Ауру жануар сауыққан соңғы жағдайдан, жылқылар қорытынды клиникалық тексерілгеннен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 7-1/619 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10028 болып тіркелген) бекітілген Дезинфекция,

дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын үй-жайларды тазалау мен дезинфекциядан кейін 3 айдан соң қолайсыз пункттен карантин алынады.

Ескерту. 417-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.06.2025 № 195 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-тарау. Шошқаның атрофиялық риниті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 39-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқаның атрофиялық ринитін профилактикалау және жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

418. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын шошқаның инфекциялық атрофиялық ринитін профилактикалау іс-шараларына негізделген:

шошқаларды ұстау және азықтандыру бойынша жалпы ветеринариялық-санитариялық және зоогигиеналық талаптарды сақтау арқылы шаруашылық жүргізуші субъектісіне инфекцияның әкелінуін алдын алуға;

ветеринариялық құжаттармен және инфекциялық атрофиялық риниті бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден шошқалардың табынын жинақтауға; жаңа әкелінген шошқаларды карантиндеуде ұстауға;

олардың жасын ескере отырып, шошқалардың бөлек ұстауын сақтауға;

аналық шошқаларды торайлау кезінде басқа жас топтарынан бөлек ұстауға;

шошқа фермасының аумағына және қора-жайларына көктем мен күзде, кейіннен қиды дезинфекциялап және биотермиялық зарарсыздандыра отырып, механикалық тазалауды жүргізуге;

шошқа қорасының кіреберісіне дезинфекциялық кедергі және дератизация жүйелі орнатуға;

қолайсыз инфекциялық атрофиялық риниті бойынша жеке сектордың және шаруашылық жүргізуші субъектінің шошқаларымен қатынасқа жол бермеуге;

шошқа тұрған қора-жайларға бөгде адамдардың кіруін болдырмау;

ветеринария саласындағы мамандар барлық шошқа басына клиникалық қараудан өткізу;

жануарларды күтіп-бағуда пайдаланылатын заттарды (күрек, айыр, сыпыртқы) күнделікті тазалауға және дезерітіндімен жууға;

әрбір шошқа қорасына сабыны мен сүлгісі бар қолжуғыш орнатуға және арнайы киімді шығаруға жол берілмейді;

ветеринариялық зертханаға келіп түскен шошқа өлексесінің танау қуысын міндетті түрде ашу және инфекциялық атрофиялық ринитке тән өзгерістердің болуын зерттеуге негізделген.

419. Ауруға диагнозды белгілеген кезде мынадай іс-шаралар өткізіледі:

аурудың анық белгілері бар ауру шошқалар тобын ортақ шошқа қораларынан оқшаулайды және союға тапсырады немесе шошқа фермасынан тыс аумағына семіртуге қояды;

аурулары табылған шартты сау шошқаның тобын әрбір күнтізбелік 5-6 күннен кейін мұқият жеке клиникалық қараудан өткізеді және барлық анықталған ауру шошқаларды оқшаулайды және союға тапсырады;

сау шошқаның тобына шошқа қорада қалған барлық шошқа бастарына клиникалық қарау кезінде ауру және ауру күдігі бар жануарлар анықталмаған және олардың жұқтырмаудан қорғау іс-шаралары қабылданған шошқа бастары жатады.

420. Шаруашылық жүргізуші субъектіні сауықтыру кезінде мыналар қарастырылады:

1) қолайлы шошқа қоралардан іріктелген үш және одан да көп торайлары бар клиникалық сау аналық шошқалар мен екі жастан асқан аталық шошқалардан топ құру және оларды шаруашылық сауықтырылғанша жеке оқшауланған, құрғақ, ауасы жақсы желдетілетін қора-жайларда орналастыру;

2) осы топтар тұратын шошқа қораларды және айналадағы ортаны тазалау, қажетті жөндеу жұмысын, дезинфекция және дератизация жүргізу;

3) оқшауланып ұсталатын клиникалық сау шошқа топтарын жазғы лагерге шығару және осы шошқа басын күту үшін жеке персоналды бекіту;

4) шошқаның қолайсыз бастарын шошқалардың қолайлы топтарда өсірілген сау аналық баспен ауыстыра отырып, союға тапсыру немесе шошқалардың инфекциялық атрофиялық ринит ауруынан қолайлы басқа шаруашылықтан сау бастарын әкелу.

421. Шошқаның инфекциялық атрофиялық ринит ауруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъектіні осы ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және шектеу қояды.

422. Шектеу талаптары бойынша мыналарға:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің табынын көбейту үшін толық сауыққанша басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге шошқаларды шығаруға;

2) клиникалық ауру шошқаларды семірту үшін басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге шығаруға рұқсат берілмейді.

423. Шаруашылық жүргізуші субъектіні бір жыл ішінде ауру болмаған кезде және шартты қолайлы топтардың негізгі аналық шошқалардан соңғы екі рет торайлану

кезінде инфекциялық атрофикалық ринитке қолайлы сау торайлар алынған жағдайда, сондай-ақ қорытынды ветеринариялық іс-шаралар өткізгеннен кейін инфекциялық атрофиялық ринит бойынша қолайлы деп жариялайды.

40-тарау. Шошқаның африкалық обасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 40-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқаның африкалық обасын профилактикалау және жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

424. Шошқаның африкалық обасы вирусының әкелінуін алдын алу мақсатында мыналарға:

1) шошқаның африкалық обасы бойынша қолайсыз елдерден үй және жабайы жануарларды, оларды союдың өнімдерінің және азықтың барлық түрін кіргізуге;

2) Қазақстан Республикасына бағытталған көлік құралдарының иелеріне Қазақстан Республикасы аумағына шошқаның африкалық обасы бойынша қолайсыз мемлекеттерде сатып алынған жануарлар мен олардың тамаққа қолданылатын ет өнімдерін (консервілерден басқа) жеткізуге;

3) Көлік құралдарынан Қазақстан Республикасының теңіз порттары акваторияларына, әуе кеңістігіне, темір және тас жол магистральдары бойынша тамақ қалдықтары мен қоқыстарды тастауға жол берілмейді. Шошқаның африкалық обасы бойынша қолайсыз елдерден келген кемедегі ағынды су зарарсыздандыруға жатады. Тамақ (ет) өнімдері бар сақтайтын тоңазытқыш камералары және теңіз, өзен кемелеріндегі қоймалары Қазақстан Республикасы портында барлық тоқтап тұру кезеңінде пломбалауға жатады;

4) шошқаларды халықаралық әуе, теңіз, өзен порттары және шекаралық теміржол станцияларының аумақтарында ұстауға жол берілмейді.

425. Ветеринариялық бақылау бекеттерінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен бірлесіп, шошқалардың африкалық обасы бойынша саламаттылығына қарамастан, шет мемлекеттерден келген теңіз және өзен кемелерінен, ұшақтардан, вагон-мейрамханалардан, рефрижераторлардан және басқа да көлік құралдарынан түсірілген қоқыстың, тамақ және басқа да қалдықтардың жиналуына және залалсыздандырылуына бақылау жүргізеді. Бұл қалдықтар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен және халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қаланың қоқыс тастайтын жерлерінен тыс арнайы жабдықталған орында өртеу арқылы жойылуы тиіс.

Ескерту. 425-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

426. Мемлекеттерден (шошқаның африкалық обасы бойынша саламатсыз) келетін жолаушылар мен экипаж мүшелеріне тиесілі жүктерді, қол жүгін, сондай-ақ халықаралық почта жөнелтілімдерін тиісті шаралар қабылдау үшін ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар тексеріп қарайды.

Ескерту. 426-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

427. Қазақстан Республикасына ауру вирусының әкеліну қаупі төнген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында аурудың эпизоотиялық ошақтары туындаған жағдайда, облыстардың, аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары белгіленген тәртіппен шошқаның африкалық обасына қарсы күрес жөніндегі арнайы комиссияларды құрады. Комиссия құрамына тиісінше жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді, олардың қатысуы шошқаның африкалық обасының алдын алу және жою бойынша іс-шараларды ұйымдастыру үшін қажет.

Ескерту. 427-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

428. Қазақстан Республикасымен шекаралас аумақта шошқаның африкалық обасы пайда болған кезде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары шекаралас аудандардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қайта өңдеу кәсіпорындардың тұрғындарына шошқа шаруашылығы үшін туындаған қауіптер туралы кеңінен таныстыруды ұйымдастыруы және Қазақстан Республикасының аумағына аурудың вирусының әкелінуін болдырмау бойынша іс-шараларды қабылдайды.

429. Шаруашылық жүргізуші субъектіндегі ветеринариялық маман шошқаның африкалық обасы ауруына күдік пайда болған кезде ол туралы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына хабарлайды.

430. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы шошқаның африкалық обасы ауруына жануарларда күдігі туралы хабарлама алған кезде, эпизоотиялық тексеру,

патологиялық материалдарды іріктеу жүргізу үшін және эпизоотиялық ошақтың шекарасын, қолайсыз пунктті, аурудың таралу мүмкін жолдарын анықтауға тез арада сол жерге келуге және аурудың таралуын болдырмау бойынша мынадай іс-шараларды қабылдауы қажет:

- 1) ауру және ауру күдігі бар шошқаларды олар болған қора-жайлардан оқшаулау;
- 2) жануарлардың (құстарды қоса алғанда) барлық түрлерін союға және ет өнімдерін (ет, май, тері, қауырсын, түбіт) сатуға жол бермеу;
- 3) ауру анықталған елді-мекеннен, шаруашылық жүргізуші субъектіден шығуға және олардың аумақтарына көлік құралдарының кез-келген түрлеріне кіруге, шаруашылық жүргізуші субъектіден тиісті санитарлық өңдеусіз қызмет көрсету персоналына шығуға жол берілмейді;
- 4) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағынан жануарлардың өнімдерін және шикізаттарын, азықтарын және өткізілетін (тасымалданатын) объектілерді шығаруға;
- 5) шошқаның африкалық обасы ауруына күдік болған кезде тиісті іс-шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, көрші аудандардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларына, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерге қабылданған іс-шаралар туралы тез арада хабарлауға;
- 6) пысықталған патологиялық материалды ветеринариялық зертханаға патологиялық материалдарды іріктеу және қайта жіберудің белгіленген тәртібін сақтай отырып, шошқаның африкалық обасын зерттеу үшін жібереді.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақта шошқаның африкалық обасын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

431. Шошқаның африкалық обасының диагнозын қою туралы материалдарды алғаннан кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы жергілікті атқарушы органға карантинді белгілеу туралы ұсыныс енгізеді.

432. Ветеринария саласындағы уәкілеттік органмен бекітілген аумақтарды аймаққа бөлу қағидаларына сәйкес эпизоотиялық ошақтың шекарасын анықтайды және онда аурудың профилактикасы мен жою бойынша қажетті іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады.

433. Карантин шарттары бойынша:

- 1) жануарлардың барлық түрлерін, оның ішінде құстарды шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына әкелуге, одан тысқары жерлерге әкетуге;
- 2) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты оларда дайындауға және олардың аумағынан шығаруға;
- 3) өсімдік шаруашылығы өнімдерін олардың аумағынан әкетуге;

4) шаруашылық жүргізуші субъектіге бөгде адамдардың кіруіне, оның аумағына көлік құралдарының кіруіне және шаруашылық жүргізуші субъектіде шошқа басын қайта топтастыруға;

5) базарларда және басқа да сауда орындарында жануарлармен, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатпен сауда жасауға, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін, көрмелерді (аукциондарды) және адамдар мен жануарлар жиналатын басқа да қоғамдық іс-шараларды өткізуге жол берілмейді.

Ескерту. 433-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

434. Эпизоотиялық ошақтағы барлық шошқаларды қан шықпайтын әдісімен жояды. Өлген, сойылған шошқаның өлексесін, қиды, азық қалдықтарын, ыдысты және арзан құнды құрал-жабдықтарды, сондай-ақ тозған қора-жайларды, ағаш едендерді, науаларды, қалқаларды сол жерде өртейді.

435. Жануарлар ұсталған қора-жайларға, қоршаулар мен басқа орындарға мына тәртіпте 3 рет дезинфекцияны жүргізеді: бірінші - жануарларды жойғаннан кейін бірден жасайды; екінші - ағаш едендерді, қалқаларды, науаларды алғаннан және тиянақты механикалық тазарту жүргізгеннен кейін; үшінші - карантинді алардың алдында жасайды. Бірінші дезинфекцияны жүргізген кезде дезакаризация, дератизация, дезинсекция жасалады.

Дератизация жасағаннан кейін жиналған кеміргіштердің өлекселерін өртейді.

436. Барлық қора-жайларға, құрал-жабдықтарға, қоршауларға, мал сою пункттерге және жануарлар тұрған басқа орындарға механикалық тазарту жүргізудің алдында дезинфекциялауға түседі.

437. Жануарлардың қора-жайларына, қоршауларға, азық алаңдарына, мал сою пункттерге, ет өңдеу кәсіпорындарға және басқа объектілерге ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген препараттар қолданылады.

438. Жануарлардың өлекселері болған қора-жайлардың жерлерін (ағаш едендерді алғаннан кейін), қораларды, орындарды дезинфекциялау жүргізеді. 24 сағат өткен соң жердің 10-15 сантиметр қабатын қопарып алады және арнайы қазылған, тереңдігі кемінде 2 метр орға көмеді. Топырақ бетіне біркелкі дезинфекция жүргізеді.

439. Нәжіс жинағыштағы қи бөкпесін дезинфекциялайды.

440. Жануарлардың қи қоймасындағы қиды дезинфекциялап араластырады, содан 1,5 метр тереңдікке көміп тастайды.

441. Қилардың көп мөлшерін биологиялық зарарсыздандыру үшін 1 жылға қалдырады. Ол үшін, қи қойманың жиегіне 1 шаршы метрге 2 килограмм құрғақ хлорлы әк себеді. Қи қоймасының ішкі жағының периметрі бойынша тікенек сымдардан қоршау орнатады және ор қазады.

442. Көлік құралдарды және басқа да техникаларды (бульдозерлер, экскаваторлар және басқалар) сол эпизоотиялық ошақтың аймағындағы арнайы бөлінген алаңда мұқият жуып болған соң, дезинфекциялайды, ол үшін осы Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық заттардың біреуін қолданады.

443. Дезинфекциялық кедергілерді, дезтөсеніштерді, дезванналарды Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген препараттардың біреуімен толтырады.

444. Эпизоотиялық ошақты душ қабылдайтын кабиналармен жабдықтайды және онда жұмыс істейтін адамнан басқа, барлық мамандар күнде гигиеналық душта санитариялық өңдеуден өтеді. Бұл ретте, сыртқы, ішкі киімдерді, бас киімдерді, арнайы жұмыс киімдерді және аяқ киімдерді бу камерасында 57-600 С температурасымен 1 сағат ішінде зарарсыздандырады. Ошақтағы жұмыс толық аяқталғаннан кейін пайдаланылған арнайы киімдерді отқа жағады.

445. Ауаның температурасы төмен болған жағдайда дезинфекцияның алдында тиянақты механикалық тазарту жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін дезинфекциялық объектілердің беті ең алдымен дезинфекция ерітіндісінің біреуімен суарады, сонан кейін мұздан, қардан босатады да, қи мен қоқысты тазалайды.

3-параграф. Буферлік аймақта жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

446. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы шаруашылық жүргізуші субъектідегі, елді-мекендегі барлық шошқаларды дереу есепке алады, шаруашылық жүргізуші субъектіге шошқаларды сатуға, ауыстыруға, қора-жайдан шығаруға, союға жол бермеу туралы жазбаша түрде ескертеді.

447. Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұрығымен қаулысымен бекітілген тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринарлық дәрігер қысқа мерзімде барлық шошқалардың алуды жүзеге асырады. Жануарларды тасымалдау кезінде жүру жолында қоршаған ортаны вируспен ластану үшін тасымалдау көліктерінің шанағын жабдықтайды.

448. Шошқаларды түсіргеннен кейін көлік құралдары арнайы оқшауланған орында механикалық тазартуға және дезинфекциялауға жатады. Көлік құралына санитариялық өңдеудің жүргізілгені туралы бұл жұмысты есепке алу журналына жазады.

449. Буферлік аймақта шошқаларды союды вирустың таралу мүмкіндігін болдырмайтын осы Қағидаларды сақтай отырып жүргізеді.

450. Сойылған шошқадан алынған етті және оның өнімдерін пісірілген немесе пісіріліп-қақталған шұжықтар немесе консервілерге қайта өңдейді

451. Еттерді көрсетілген өнімдерге қайта өңдеу мүмкін емес болса, онда оларды пісіру арқылы зарарсыздандырады. Өндірілген өнім қолайсыз аумақтың шегінде пайдаланылады.

452. Егер ұшаны сойған кезде бұлшықеттерде, ішкі органдарында және теріде қанталау немесе дегенеративтік өзгерістер анықталса, онда оларды барлық ішкі органдарымен өртеу арқылы жояды.

453. Шошқаның африкалық обасына қолайсыз пункттерден және эпизоотиялық ошақтарынан буферлік аймаққа апаратын барлық жолдарға, буферлік аймақтың және қадағалау аймақтың сыртқы шекарасына апаратын жолдарға тәуліктік карантиндік-күзеттік полициялық бекеттері орнатылады.

454. Бекеттерді шлагбауммен, дезтосқауылмен және кезекшілерге арналған үйшіктермен жабдықтайды.

4-параграф. Бақылау аймағында жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

455. Базарларда шошқалардың және олардың өнімдерінің саудасына жол берілмейді

456. Шаруашылық жүргізуші субъектідегі барлық шошқа бастарына қайта есепке алу жүргізіледі. Оларды жаюға жол берілмейді. Шошқаның классикалық обасына және шошқа тілмесіне қарсы иммундау жұмыстары жүргізіледі.

457. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде барлық санаттағы шошқалардың денсаулығының жағдайына мемлекеттік ветеринариялық бақылауды және қадағалауды күшейтеді. Ветеринариялық зертханаларға шошқалардың өлекселерін және патологиялық материалдарды зерттеу үшін пошта арқылы қайта жіберуге жол берілмейді. Патологиялық материалдарды тиісті талаптарды сақтай отырып қолма-қол жеткізуге ғана жол беріледі.

5-параграф. Карантинді және шектеуді алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

458. Шаруашылық жүргізуші субъектідегі шошқаның африкалық обасы бойынша карантин күнтізбелік 30 күннен кейін алынады.

459. Карантин алынғаннан кейін 12 ай мерзіміне шошқаларды және оны сойғаннан кейін алынған өнімдері мен шикізаттарын қолайсыз аудандардан, облыстардан тыс шығаруға жол берілмейді.

460. Шошқаның африкалық обасына қолайсыз аудандардың (қалалардың), облыстардың ішкі сауда объектілерінде және шаруашылық жүргізуші субъектілерінде шошқаны сатуға және тұрғындардан сатып алуға жол берілмейді.

461. Шошқаның африкалық обасына қолайсыз аудандардың, облыстардың байланыс бөлімшелерінде азаматтардан жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттары бар сәлемдемелерді қабылдауға жол берілмейді.

462. Шошқаның африкалық обасына қолайсыз аумақтар үшін белгіленген шектеулер қадағалау аймақтың шекаралас әкімшілік-аумақтық бірлікке де қатысты.

463. Карантиннің әрекет ету мерзімінде қолайсыз аудандардан, облыстардан тыс шығатын кезде жолдарда карантиндік бекеттер жұмыс атқаруы қажет.

464. Бұрынғы эпизоотиялық ошақтарында және буферлік аймақтарда карантин алынғаннан кейін 12 айдан соң, шаруашылық жүргізуші субъектілерді шошқалармен жинақтауға рұқсат беріледі.

465. Ірі шошқа шаруашылығының кешеніне жануарлар басын жинақтау карантин алынғаннан кейін 12 айдан соң, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатымен жол беріледі. Мұндай қора-жайларға жануарлардың (құстарды қоса алғанда) басқа түрлерін орналастыру карантин алынғаннан кейін рұқсат беріледі.

41-тарау. Шошқаның везикулярлық ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 41-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқаның везикулярлық ауруының әкелінуінің алдын алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

466. Ауру қоздырғыштың әкелінуін алдын алу мақсатында мыналарға:

1) везикулярлық ауруға қолайсыз елдерден шошқаның терісін, шошқа өнімдерін және шошқаларды әкелуге;

2) халықаралық желілерге қызмет көрсететін әуежайлардан, ұшақтардан, пароходтардан, пойыздардан жиналған тамақ қалдықтарын шошқаларға азық ретінде пайдалануға;

3) құстардың жаппай ұшу кезеңінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің ашық жайылым алаңдарда шошқаларды ұстауға жол берілмейді.

467. Шошқаның везикулярлық ауруының негізгі алдын алуы ауру қоздырғышының қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелінуін болдырмау және шаруашылық жүргізуші субъектінің шегінде шошқа басының өткізілуіне бақылау болып табылады.

468. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге шошқаның везикулярлық ауруының қоздырғышының әкелінуін алдын алу үшін:

3) шаруашылық жүргізуші субъектіні везикулярлық ауруына қолайлы шаруашылық жүргізуші субъекіден сау жануарлармен толықтыру қажет;

4) шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелінген шошқаларды карантиндеуде ұстау қажет. Карантин кезінде шошқаларға шошқаның везикулярлық ауруына серологиялық зерттеу жүргізеді.

469. Шошқаның везикулярлық ауруына күдіктенген жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысы және шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маман бұл туралы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігеріне, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына хабарлайды, ауру және ауруға күдікті жануарларды оқшаулауды ұйымдастырады, оларға жеке қызмет көрсетуші персоналды бекітіп береді.

Ескерту. 469-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

470. Шошқаның везикулярлық ауруына күдік туралы хабарлама алған тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және мемлекеттік ветеринариялық дәрігері дереу сол жерге келіп, эпизоотиялық жағдайды анықтап, диагнозын анықтау және аурудың таралуына жол бермеу үшін шаралар қолдану қажет.

Ескерту. 470-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

471. Осы мақсатта:

1) ауру қоздырғышының әкеліну көздерін және жолдарын анықтау бойынша шаруашылықта мұқият эпизоотиялық зерттеу, талдау жүргізіледі;

2) айналадағы шаруашылық жүргізуші субъектілерде шошқаның везикулярлық ауруының және басқа ауруларының эпизоотиялық жағдайын нақтылайды;

3) оқшауда тұрған шошқа басына, аурудың әртүрлі сатысында жануарлардың дене қызу реакциясына назар аудара отырып, клиникалық тексеру жүргізіледі;

4) патологиялық материалдарды іріктеп, зерттеуге жолдайды.

2-параграф. Шошқаның везикулярлық ауруының қоздырғышының әкелінуі қаупі бар аймақтағы жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

472. Қауіпті аймақта мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) тұрғындарды аурудың таралу қаупі және осыған байланысты жүргізілетін іс-шаралар туралы хабардар етеді. Шошқаларға активтілігі жойылған профилактикалық вакцинаны қолайсыз пункттен карантинді алғаннан кейін 2 жыл бойы егеді;

2) жануарлардың өсіруін, жануарлардан жасалған өнімдер мен шикізаттардың дайындауын (союын), сақтау мен қайта өңдеуін, сатуын жүзеге асыратын ішкі саудада, қайта өңдейтін кәсіпорындарда, мал сою алаңдарда немесе мал сою пункттерде, өндіріс объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды күшейтеді;

3) қауіпті аймақтан шошқаларды әкелуге және әкетуге (қайта өңдейтін кәсіпорындарды, сою алаңдары мен сою пункттерін қоспағанда) жол берілмейді. Ішкі сауда объектілерінде тірі шошқалардың саудасы Шошқаның везикулярлық ауруына қарсы вакцина еккен кейін күнтізбелік 21 күннен кейін жүргізеді;

4) шошқаларды ұстауға және азықтандыруға мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау қойылады.

3-параграф. Шошқаның везикулярлық ауруын жоя бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

473. Шошқаның везикулярлық ауруының диагнозы анықталған кезде карантин қойылады.

474. Карантин шарттары бойынша:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына шошқаларды әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге (жануарларды өңдеу кәсіпорындарына, сою алаңдарына немесе сою пункттеріне әкетуді қоспағанда);

2) саламасыз пункттен ет комбинаттарына немесе қайта өңдеуге арналған сою пункттеріне, сондай-ақ азықтарды, жабдықтар мен мүкәммалды қоспағанда, шикі шошқа етін және басқа да зарарсыздандырылмаған шошқаларды сою өнімдерін шығаруға;

3) ветеринария саласындағы мамандардың келісімінсіз шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде шошқаларды сою және қайта топтастыруға;

4) көлік құралдарын шаруашылық жүргізуші субъекіден тыс жерлерге дезинфекциялық дауалаусыз шығаруға;

5) санитариялық дауалаусыз аурудың эпизоотиялық ошағынан қызмет көрсететін персоналдың шығуына;

6) жануарларға қызмет көрсетумен байланысты емес тұлғалардың шошқа қора-жайларына кіруіне.

7) базарларда тірі шошқаларды, сондай-ақ шикі түрдегі сою өнімдерін (ет, май, ливер) сатуға жол берілмейді.

Ескерту. 474-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

475. Шаруашылық жүргізуші субъектіде барлық шошқа басын сою тиімсіз болып табылатын қолайсыз шошқа кешендерінде және репродуктивті шаруашылық жүргізуші субъектілерде, асыл тұқымды зауыттарда күнделікті клиникалық қарау жүргізеді, шошқаның везикулярлық ауруымен ауырған және ауруға күдікті барлық жануарларды сояды және қора-жайларды дезинфекциялайды. Қолайсыз шошқаның везикулярлық ауруынан сау және қауіпті шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі шошқаларға вакцина егіледі.

476. Шошқаның везикулярлық ауруымен ауыратын және ауруға күдікті шошқаларды союды ет комбинаттардың санитариялық сою цехтарында немесе ортақ конвейерде, сондай-ақ вирустың таралуын болдырмайтын қағидаларды сақтай отырып, арнайы жабдықталған сою пункттерінде (аулаларда) жүргізеді.

477. Шошқаларды союға немесе олардан алынған өнімдерді қайта өңдеу үшін ет комбинатына және сою пунктіне сұйықтықты өткізбейтін, тығыз шанағы бар көлік құралымен жеткізеді. Жүру жолында елді-мекендерде тоқтауға, сондай-ақ шошқаны союға жол берілмейді.

478. Шаруашылық жүргізуші субъектіден, сондай-ақ ет комбинаты немесе сою пункті аумағынан шығатын көлік құралдар мұқият тазаланады және дезинфекцияланады. Жануарларды тиеу және түсіру кезінде, сондай-ақ жүру жолында шошқаларға қызмет көрсететін қызметкерлердің арнайы киімдері және аяқ киімдері дезинфекцияланады.

479. Жануарларды сою кезінде пайдаланған жабдықтарды жұмыс аяқталған соң мұқият дезинфекциялайды. Құндылығы аз ағаштан жасалынған құралдарды өртейді. Сою пункттерін (аулаларды) тазалайды және дезинфекциялайды.

480. Етті, қыртыс майды және субөнімдерді пісірілген немесе пісіріліп-қақталған шұжықтар немесе консерві жасауға қайта өңдейді немесе пісіруге жібереді.

481. Жануарлардың арық ұшаларды барлық ішкі құрылыс мүшелерімен бірге, сондай-ақ шошқалардың өлекселерін өртейді немесе ветеринария саласындағы мамандардың бақылауымен техникалық жоюға жібереді.

482. Жануарлардың терісін сылып алмайды, оларды үйітеді немесе жидітеді. Ет комбинаттарында немесе сою пункттерінде жануарлардың зарарсыздандырылатын терісін сылып алуға жол беріледі.

483. Барлық орындалған іс-шаралардан кейін карантинді алар алдында екі рет қорытынды дезинфекцияны жүргізеді.

484. Шошқаның везикулярлық ауруын профилактикалау үшін активтілігі жойылған вакцина қолданады.

485. Везикулярлық ауруы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин ауру немесе ауруға күдікті барлық жануарларды сойғаннан кейін, сондай-ақ барлық ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізілген соң күнтізбелік 30 күннен кейін алынады.

486. Шаруашылық жүргізуші субъектіден карантинді алғаннан кейін 12 ай мерзіміне шектеу қойылады, бұл уақыт ішінде:

1) ет комбинатынан басқа бұрынғы шошқаның везикулярлық ауруына қолайсыз аумақтан тыс шошқаларды және олардың өнімдерін шығаруға және сатуға;

2) сәлемдемемен шошқадан алынған өнімдер мен шикізаттарды жіберуге жол берілмейді.

42-тарау. Шошқа дизентериясы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 42-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын шошқаның дизентериясын профилактикалау бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

487. Дизентерияны болдырмау және таратпау мақсатында жеке және заңды тұлғалар:

1) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді және шошқа басын азықтандыру мен ұстау технологиясының талаптарын қатаң орындауға;

2) жабық түрдегі шошқа фермаларын өзінің сауықтырылатын жас мал есебінен, ал бордақылау шаруашылықтарын жұқпалы аурулар бойынша оның ішінде шошқа дизентериясы бойынша қолайлы (кемінде 2-3 жыл ішінде) бекітілген шаруашылық жүргізуші субъектілерден әкелінетін мал басы есебінен жинақтауға;

3) шошқа дизентериясы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілермен шаруашылық байланыстарына жол бермеуге;

4) бордақылау шаруашылық жүргізуші субъектілерде көбейту үшін бір реттік шошқаларды және қабандарды пайдалануға қатаң жол бермеуі тиіс.

488. Қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелінетін жануарларды күнтізбелік 30 күн бойы ұстайды.

489. Фермадағы шошқаларда дизентерияға күдікті гастроэнтерит карантині пайда болған кезде барлық жануарларды тобы кейіннен қора-жайларды (секцияларды, торларды, станоктарды) санациялай отырып, союға тапсырылады.

490. Сауықтырылатын жануарларды бір цехтан екінші цехқа негізгі фермаға ауыстыру кезінде торайлардың тері жамылғысын құрамында 0,5 пайыз күйдіргіш натрий және 1 пайыз формальдегиді бар сілтілі ерітіндісімен өңдейді.

2-параграф. Шошқаның дизентериясы бойынша эпизоотиялық ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

491. Ауру жануарлар бөлінген шаруашылық жүргізуші субъектіге мынадай:

- 1) жануарлардың орнын ауыстыруға жол бермеуі;
- 2) бөгде адамдардың келуі;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың дезинфекциялауды жүргізуі шектеу қойылады.

492. Емдеу үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттар қолданылады.

43-тарау. Шошқаның классикалық обасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 43-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

493. Шошқаның классикалық обасының (бұдан әрі – ШКО) пайда болуын және таралуын алдын алу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерге, ветеринария мамандарына, сондай-ақ, жануарлардың иелеріне:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектілерге келіп түскен барлық шошқаларды күнтізбелік 30 күн оқшаулап ұстау;
- 2) шошқаларды тамақ қалдықтарымен термиялық зарарсыздандырудан кейін азықтандыруы қажет.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

494. ШКО диагнозы анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъекті аумағына карантин қойылады.

495. Қолайсыз пункттегі (шаруашылық жүргізуші субъектіден) карантинді жануарлардың ШКО-дан өлуінің немесе сауығуының соңғы жағдайынан кейін күнтізбелік 40 күн өткен соң алынады. Шошқаларды шаруашылық жүргізуші

субъектіден шығару бойынша шектеулер карантин алынғаннан кейін 12 айдан соң алынады.

496. Карантиннің шарты бойынша:

1) қолайсыз пункттерге шошқаларды (қайта өңдеу кәсіпорындарды қоспағанда) әкелуге (кіргізуге) және олардан әкетуге (шығаруға);

2) ветеринария саласындағы маманының рұқсатынсыз шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде шошқаларды союға және қайта топтастыруға;

3) дезинфекциялық өңдеусіз көліктің кез келген түрін қолайсыз пункттен шығаруға;

4) шошқаларға қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың шошқа қора-жайларына кіруіне;

5) қызмет көрсететін персоналдың аурудың эпизоотиялық ошағынан санитариялық өңдеуден өткізбей жұмыс киіммен және аяқ киіммен шығуына;

6) қолайсыз пункттен азықтарды әкетуге;

7) базарларда тірі шошқаларды, сондай-ақ, шикі түріндегі ет өнімдерін (ет, май, өкпе-бауыр және тағы да басқалары) сатуға жол берілмейді.

497. Эпизоотиялық ошақтағы шаруашылық жүргізуші субъектілерде барлық шошқалар союға жатады, ал барлық шошқа басын сою орынсыз болатын шаруашылық жүргізуші субъектілерде барлық шошқаларды қараудан өткізеді және клиникалық сау шошқаларға ШКО-ға қарсы вакцина егіледі.

498. ШКО бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде аналық шошқаларды ШКО-ға қарсы тірі вирус-вакцинамен иммунизациялауды ұрықтануға дейін жүргізеді. Торайлайтын аналық шошқаларға тірі вакцина егуге жол берілмейді. Торайлайтын аналық шошқалар арасында ауру пайда болған жағдайда, оларға вирус-вакциналар егеді, алайда кейіннен союға өткізу үшін бордақылауға ауыстыра отырып, одан әрі өсірудің циклынан алып тастайды.

499. Ауру және ауру күдігі бар және ШКО жұқтыруға күдікті жануарларды сою қайта өңдеу кәсіпорындарда, сою алаңдарында немесе сою пункттерінде жүргізіледі.

500. Ауру және ауру күдігі бар жануарлар ұсталған қора-жайларға механикалық тазарту және дезинфекциялау жүргізіледі.

501. Обадан өлген шошқалардың өлекселерін өртеу арқылы жояды.

3-параграф. Шошқаның классикалық обасынан қауіп төнетін аумақта жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

502. ШКО бойынша қауіп төнетін аумақта барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық шошқаларына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау орнатылады, жүйелі түрде есепке алу және клиникалық қарау жүргізіліп, ветеринария мамандарының рұқсатынсыз оларды қайта топтастыруға жол берілмейді.

503. Бұрын жүргізілген вакцина егу мерзімдерді ескере отырып, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде ШҚО-ға қарсы профилактикалық вакцина егу жүргізіледі.

44-тарау. Шошқа тілмесі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 44-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқа тілмесінің профилактикасы және оны жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

504. Шошқа тілмесінің профилактикасы бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар мыналарды:

- 1) шошқаларды тікелей күн сәулесінен қорғауды қамтамасыз ететін жануарларға жазғы-лагерлік ұстауды жабдықтау жолымен жылу күйзелісінің профилактикасын;
- 2) шошқаларды құрама тамақ қалдықтарымен залалсыздандырылмаған күйде азықтандыруға жол бермеуді;
- 3) шошқаларды союды қайта өңдеу кәсіпорындарда немесе жануарларды сою бойынша мамандандырылған пункттерде жүргізуді қамтиды.

505. Шаруашылық жүргізуші субъекті аумағында диагноз анықталған кезде шектеу қойылады.

506. Шаруашылық жүргізуші субъектіден шектеу ауру жануардың соңғы сауығу жағдайынан және қора-жайларды, жаю алаңдарын және күтім жасау заттарын мұқият тазартқаннан және қорытынды дезинфекциялау жүргізгеннен кейін күнтізбелік 14 күн өткен соң алынады.

507. Шектеудің шарттары бойынша:

- 3) шошқаларды әкелуге (кіргізуге) және әкетуге (шығаруға);
- 4) шошқаларды шарасыз союдан алынған зарарсыздандырылмаған етін шығаруға;
- 5) ауру шошқалармен байланыста болған шошқаларды азықтандыруға арналған азықтарды шығаруға жол берілмейді.

508. Тілмемен клиникалық ауыратын шошқаларды пенициллин қосылған тілмеге қарсы гипериммунды сывороткамен емдейді. Аурудан сауыққан жануарларды олар сауыққаннан кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей және барлық шошқаларды тілмеге қарсы вакцина егілгеннен кейін тері жамылғылары мен аяқтарын дезинфекциялағаннан соң қайтарады.

509. Қолайсыз эпизоотиялық ошақтарындағы клиникалық сау шошқаларға тілмеге қарсы вакцина егеді.

510. Технология бойынша қайта өңдеу кәсіпорындарға өткізуге жататын шошқалар арасында тілме ауруы пайда болған кезде, ауруларды оқшаулайды және емдейді, ал клиникалық сау шошқаларды тез арада сою үшін жақын жердегі етті қайта өңдейтін кәсіпорындарға жібереді. Жіберілген күні союды жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде, сау жануарларды сол жерде қалдырып, тілмеге қарсы вакцина егеді және күнтізбелік 10 күннен кейін шектеусіз союға тапсырады.

511. Ауру шошқаларды бөлудің әрбір жағдайынан кейін, шошқа қораның едені мен қабырғасын тазартады, жуады және Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттармен дезинфекциялайды.

512. Өлекселерден немесе шарасыз сойылған тілмемен ауыратын шошқалардан сылып алынған терілер дезинфекцияланады. Өңделген терілерді өткізбейтін ыдысқа орайды да тері зауытына жібереді. Терінің дезинфекциялауын ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде, өлексені терісімен бірге жояды.

45-тарау. Шошқалардың трансмиссивті гастроэнтериті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 45-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқалардың трансмиссивті гастроэнтерит ауруынан профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

513. Шошқалардың трансмиссивті гастроэнтеритпен ауруының алдын алу және профилактикалау мақсатында шошқалары бар шаруашылық жүргізуші субъектілер жыл сайын шошқалардың трансмиссивті гастроэнтеритін профилактикалау бойынша жоспарлы ветеринариялық іс-шараларды жүргізеді.

514. Шошқалардың трансмиссивті гастроэнтеритін профилактикалау мыналарға:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумағын инфекция қоздырғышының әкелінуінен қорғауға;

2) шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритке қарсы барлық аналық шошқаларға жүйелі профилактикалық вакцинаны тиісті вакцинаны қолдану бойынша басшылыққа сәйкес егуге;

3) негізгі және сауыққан аналық шошқалардың бөлек торайлануын ұйымдастыру;

4) шошқалардың торайлануын жүргізген кезде "бос - бос емес" қағидатын сақтауға;

5) құрал-саймандар мен жабдықтар бар шошқалардың торайлануға арналған қора-жайлардағы профилактикалық үзіліс кезінде мұқият механикалық тазартуды, дезинфекциялауды, жууды, кептіруді жүргізуге негізделеді.

515. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді және репродукторларды жинақтау тәртібі шаруашылық жүргізуші субъектінің – сатып алушылар мен жеткізулердің трансмиссивті гастроэнтериті бойынша эпизоотиялық қолайлығынан шыға отырып белгіленеді.

516. Шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритінен бос шаруашылық жүргізуші субъектіні шошқа басымен жинақтауды, осы ауру бойынша эпизоотиялық жағдайы ұқсас шаруашылық жүргізуші субъектілерген, сондай-ақ карантин кезінде міндетті түрде шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритіне серологиялық тексеру жүргізу қажет. Егер, оң әсер ететін жануарлар анықталса, онда шаруашылық жүргізуші субъектісін шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритінен бос шошқалардың тобымен жинақтауға жол берілмейді. Бұл жануарлар союға немесе эпизоотиялық жағдайы ұқсас шаруашылық жүргізуші субъектісіне беруге жатады.

517. Серологиялық зерттеу кезінде шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритіне оң әсер ететін жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерінде осындай жағдайдағы шаруашылық жүргізуші субъектілерімен немесе аурудан бос шаруашылықтан жинақтау рұқсат етіледі.

518. Ауруға қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі және зерттеу кезінде шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритіне оң әсер ететін жануарлар бар шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі барлық аналық шошқа басына вакцина егіледі.

519. Шошқа қора-жайларындағы микроклиматтың тиісті технологиялық параметрлерін ұстау қажет.

2-параграф. Шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритіне қолайсыз шаруашылықты сауықтыру жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

520. Қолайсыз пунктке шектеу қойылады. Шектеудің шарттары бойынша:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектісіне кіргізуге және басқа шаруашылық жүргізуші субъектіден шығаруға;
- 2) қолайсыз шошқалардың басын қайта топтастыруға;
- 3) қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектісіне, жануарларға қызмет көрсетуге байланысты емес адамдарға кіруге жол берілмейді.

521. Барлық буаз аналық шошқаларды шошқаның вирустық трансмиссивті гастроэнтеритіне қарсы вакцинасын егеді.

522. Клиникалық сау жануарларды сою үшін қайта өңдеу кәсіпорындарға, сою алаңдарға немесе сою пункттерге арнайы жабдықталған көлік құралдармен шығаруға рұқсат етіледі.

523. Шошқаның трансмиссивті гастроэнтеритіне қолайсыз шаруашылық субъектілерінде шошқалар тұрған бөлімдерді, күтім құралдарын, көлік, құрал

саймандарды шектеу алынғанша, күн сайын күйдіргіш натрийдің 3 пайыздық ерітіндісімен немесе жаңа сөндірілген әктің 20 пайыздық тұнбасымен дезинфекциялайды.

524. Шаруашылық жүргізуші субъектісі және оның ветеринария саласындағы мамандары тез арада осы аурудың өршуіне себеп болған шошқаларды ұстаудың технологиясындағы бұзушылықтарды жоюға іс-шаралар қабылдайды.

525. Шошқадан, аурудан және шошқаның трансмиссивті гастроэнтерит ауруы бойынша күдігі бар шошқадан алынған етке және субөнімдерге ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізгеннен кейін пісірілген немесе пісіріліп-қақталған шұжық өнімдерін, консервілерін дайындауға жіберіледі. Шұжық өнімдеріне қайта өңдеу мүмкін болмаса, етті және субөнімдерді қайната отырып зарарсыздандырылады, шикі түрінде пайдалануға жол берілмейді.

526. Шошқаның трансмиссивті гастроэнтерит ауруынан өлген жануарлардың өлекселерін өртейді.

527. Жануардың соңғы өлу жағдайынан және союға тапсырғаннан немесе ауырған жануарлардың сауықтыруларынан күнтізбелік 21 күннен кейін және бекітілген іс-шараларды жүргізген соң қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектісі деп жариялайды.

46-тарау. Шошқалардың энцефаломиелиті (Тешен ауруы) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 46-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелитінің (Тешен ауруы) профилактикасы және жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

528. Энзоотиялық энцефаломиелиттің негізгі профилактикасы қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерге ауруды қоздырғыштың әкелінуінің алдын алу және шаруашылық жүргізуші субъекті шеңберінде шошқалардың орын ауыстыруын бақылау болып табылады.

529. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиті қоздырғышының әкелінуінің алдын алу үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектісін шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиті бойынша қолайлы сау жануарлармен топтастыруды жүргізеді;

2) шаруашылық жүргізуші субъектіге әкелінген шошқаларды карантиндеуде ұстайды. Шаруашылық жүргізуші субъектінің шошқаларын карантиндеу кезеңінде энзоотиялық энцефаломиелитке серологиялық зерттеуден өткізеді;

3) клиникалық ауру жануарлар анықталған және шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиитіне диагноз зертханалық зерттеулермен расталған жағдайда немесе шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиитінің қоздырғышына серопозитивті шошқалар анықталған кезде энзоотиялық энцефаломиелит вирусының таралуын болдырмайтын шараларды сақтай отырып, әкелінген шошқалардың барлық партиясы сою объектілерінде (сою пункттері мен алаңдары, ет өңдейтін кәсіпорындар) сойылады ;

4) тамақ қалдықтары шошқаларға тек термиялық зарарсыздандырылғаннан кейін беріледі.

2-параграф. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиитпен ауруына күдіктену кезіндегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

530. Қолайлы емес пункттерге шектеулер қойылады. Осы мақсатта:

шаруашылық жүргізуші субъектіде аурудың қоздырғышының көздерін және әкеліну жолдарын анықтау үшін мұқият эпизоотиялық тексеру жүргізеді;

жақын орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілерде және елді мекендерде шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелииті мен басқа аурулары бойынша эпизоотиялық жағдайын анықтайды;

аурудың әртүрлі кезеңдерінде жануарлардың температуралық реакциясына ерекше назар аудара отырып, оқшау қорада орналасқан шошқаларды клиникалық қарап тексеруді жүргізеді;

патологиялық материалды іріктеп алып, зерттеу үшін ветеринариялық зертханаға жібереді.

531. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиитіне диагноз қойылғаннан кейін карантин белгіленеді.

532. Карантин шарттары бойынша:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына шошқаларды әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге (жануарларды өңдеу кәсіпорындарына, сою алаңдарына немесе сою пункттеріне әкетуді қоспағанда);

2) өңдеу кәсіпорындарына, сою алаңдарына немесе сою пункттеріне өңдеуге шығарылатындарды қоспағанда, саламатсыз пункттен шикі шошқа етін және басқа да зарарсыздандырылмаған шошқаларды сою өнімдерін, сондай-ақ азықтарды, жабдықтар мен мүкәммалды шығаруға;

3) ветеринария саласындағы мамандардың келісімінсіз шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде шошқаларды союға және топтастыруға;

4) шаруашылық жүргізуші субъектіден тыс жерлерге дезинфекциялық дауалаусыз көлікті шығаруға;

5) санитариялық дауалаусыз аурудың эпизоотиялық ошағынан қызмет көрсетуші персоналдың шығуына;

6) жануарларға қызмет көрсетумен байланысты емес тұлғалардың шошқа шаруашылығы үй-жайларына кіруіне;

7) базарларда тірі шошқаларды, сондай-ақ шикі түрдегі сойылған өнімдерді (ет, май, ливер және басқалар) сатуға;

8) ауруға бейім жануарлар жиналатын жәрмеңкелер мен басқа да іс-шаралар өткізуге жол берілмейді.

Ескерту. 532-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

533. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелитпен ауруын жою бойынша іс-шараларын жүргізу кезінде шаруашылық жүргізуші субъектінің өндірістік бағытын, көлемі мен мал басының зақымдану дәрежесін есепке алады.

534. Қолайсыз ферманың барлық шошқаларын сою орынсыз шошқа шаруашылығы кешендерінде және репродуктивті шаруашылық жүргізуші субъектілерде, тұқымдық зауыттарда күн сайын клиникалық қарап тексеру жүргізіледі, энзоотиялық энцефаломиелитпен ауыратын және ауру күдігі бар барлық шошқалар, сондай-ақ дамуы жағынан артта қалған жануарлар сойылады, қоралар дезинфекцияланады. Энзоотиялық энцефаломиелит бойынша қолайсыз және қауіп төндіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердегі клиникалық сау шошқаларға вакцина егіледі. 2 айлық жасқа дейінгі кезеңде вакцина егілген торайларға олар 3 айлық жасқа жеткеннен кейін қайта вакцина егіледі. Вакцина егу карантин тоқтатылғаннан кейін де 2 жыл бойы жалғастырылады.

535. Энзоотиялық энцефаломиелитпен ауыратын және ауру күдігі бар шошқаларды сою қайта өңдейтін мекемелерде, сою алаңдарында немесе сою пункттерінде вирустың таралуын болдырмайтын шараларды сақтай отырып, жүргізіледі.

536. Союға арналған шошқаларды немесе олардың сойылған өнімдерін қайта өңдеу үшін берік, сұйықты өткізбейтін шанақтары бар көлік құралдарымен қайта өңдейтін мекемелерге, сою алаңдарына немесе сою пункттеріне әкелінеді. Жолшыбай елді мекендерде тоқтауға, сондай-ақ, шошқаларды союға рұқсат етілмейді.

537. Көлік құралдары шаруашылық жүргізуші субъекіден, сондай-ақ, өңдейтін мекемелердің, сою алаңдарының немесе сою пункттерінің аумағынан шығатын кезде мұқият тазартылып, дезинфекцияланады. Тиеуде және түсіруде жұмыс істейтін адамдардың, сондай-ақ, жолшыбай шошқаларды бағып-күтетін адамдардың арнайы киімдері мен аяқ киімдері дезинфекцияланады.

Жануарларды сойғанда пайдаланылған жабдықтар жұмыс аяқталғаннан кейін дезинфекцияланады.

538. Ет, май және қосалқы өнімдер пісірілген немесе пісіріліп қақталған шұжықтар немесе консервілерге қайта өңделеді немесе қайнатуға жіберіледі.

539. Арық жануарлардың ұшалары ішкі құрылыс мүшелерімен бірге, сондай-ақ, өлекселер жағылады.

540. Бас, сирақтары мен құйрықтарды оларды дайындаудың қарапайым технологиялық режимдерін сақтай отырып, ұйыма және іркілдек өндеп шығаруға пайдалануға рұқсат етіледі.

541. Жануарлардың терісі сыпырылмайды, олар ұйытылады немесе ыстық сумен жидітіледі. Өңдейтін мекемелерде, сою алаңдарында немесе сою пункттерінде зарарсыздандырылатын терілерді сыпыруға рұқсат етіледі.

3-параграф. Шошқалардың энзоотиялық энцефаломиелиті қоздырғышының әкелінуі бойынша қауіп төндіретін аймақтағы жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

542. Қауіп төндіретін аймақта мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) халыққа аурудың тарау қаупі және осыған байланысты өткізілетін іс-шаралар туралы хабарланады. Бұрын жүргізілген вакцина егулерді ескере отырып, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде қолайсыз пункттен карантин алынғаннан кейін 2 жыл бойы энзоотиялық энцефаломиелитке қарсы инактивтендірілген және тірі вакцинамен шошқаларға профилактикалық вакцина егіледі;

2) ішкі сауда объектілерінде, өңдейтін мекемелерде, сою алаңдарында немесе сою пункттерінде жануарларды өсіруді, жануарларды, жануартекті өнімдерді және шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын, шошқаларды союдан алынған өнімдерді және шикізатты дайындайтын және қайта өңдейтін өндіріс объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау күшейтіледі;

3) қауіп төндіретін аумаққа (өңдетін мекемелерді, сою алаңдарын немесе сою пункттерін қоспағанда) шошқаларды әкелуге және одан әкетуге рұқсат етілмейді. Ішкі сауда объектілерінде тірі шошқаларды саудалау оларға энзоотиялық энцефаломиелитке қарсы вакцина егілгеннен кейін күнтізбелік 14 күн өткен соң жүргізіледі;

4) шошқаларды ұстауға және азықтандыруға мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау орнатылады;

5) шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсету үшін тұрақты жұмысшылар мен көлік бекітіледі.

543. Шошқаның энзоотиялық энцефаломиелиті бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин ауру және ауру күдігі бар жануарлар не тиісінше дамуы жағынан артта қалған шошқалар сойылғаннан, сондай-ақ, барлық ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар өткізілгеннен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң алынады.

Егер, қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіде барлық шошқалар сойылса, онда мұндай шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин онда тиісті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар және соңғы дезинфекциялау жүргізілгеннен кейін алынады.

544. Барлық іс-шаралар орындалғаннан кейін, карантинді тоқтату алдында 24 сағат аралықпен екі мәрте дезинфекциялау жүргізіледі.

545. Шаруашылық жүргізуші субъектіден карантин алынғаннан кейін 6 ай мерзімге шектеу қойылады, сол аралықта шошқаларды және оның сойылған өнімдерін әкетуге және сатуға жол берілмейді.

47-тарау. Дикроцелиоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 47-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жануарлардың дикроцелиозы бойынша қолайлы аумақта өткізілетін профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

546. Жануарлардың дикроцелиозының профилактикасы үшін мынадай іс-шаралар өткізіледі:

1) эпизоотологиялық бағалау мақсатында, жыл сайын көктемгі-жазғы кезеңде жануарлар гельминтокопрологиялық әдістермен ішінара дикроцелиозге, олардың дикроцелилердің личинкаларын жұқтыруы анықтала отырып, жайылымдар оларда жер үстіндегі моллюскалар мен құмырсқалардың болуына және орналасу тығыздығына тексеріледі, ауру анықталған жағдайда мал басын гельминтокопрологиялық зерттеу және ауру жануарларды гельминтті жою жүргізіледі;

2) жануарларды ашық құрғақ учаскелерінде жаю және таза бұлақтардан суару қамтамасыз етіледі, сыртқы ортада дамуын ескере отырып, жайылымдардың уақтылы ауысуы қамтамасыз етіледі.

547. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге әкелу (кіргізу) немесе әкету (шығару) алдында жануарлар дикроцелиозге гельминтокопрологиялық тексеруге түседі, гельминттер анықталған кезде жануарларға гельминтті жою жүргізіледі және олар толық сауыққанға дейін бақыланады.

548. Қиды тазарту, оны зарарсыздандыру және мал шаруашылығы қораларын және жайып семірту алаңдарын және жануарлардың экскременттерімен жанасатын сыртқы ортаның басқа да объектілерін дезинвазиялау жүргізіледі.

2-параграф. Жануарлардың дикроцелиозі бойынша қолайсыз аумақта өткізілетін жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

549. Жануарлардың дикроцелиозі бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) жануарларды байлауда немесе байлап бағуда ұстау ұйымдастырылады;
- 2) эпизоотологиялық бағалау мақсатында, жыл сайын көктемгі-жазғы кезеңде жайылымдар оларда жер үстіндегі моллюскалар мен құмырсқалардың болуына және орналасу тығыздығына тексеріледі, олардың дикроцелилердің личинкаларын жұқтыруы анықталған жағдайда ол жерлерге сау жануарларды жаюға рұқсат етілмейді;
- 3) моллюскалардың (дикроцелийлердің аралық иелері) санын азайту үшін жайылым бұталардан және тастардан тазартылады, дақылдық шөптер егіледі немесе инсектицидтік препараттармен моллюскаларға қарсы тазалау жүргізіледі;
- 4) жыл-сайын қараша-желтоқсан айларында емдік-сақтандыру гельминтті жою жүргізіледі;
- 5) гельминтті жою үшін Қазақстан Республикасында тіркелген антигельминтиктер қолданылады.

48-тарау. Ірі қара малдың, қойлар мен ешкілердің диктиокаулезі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 48-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

550. Жануарлардың диктиокаулездерінің алдын алу және жою мақсатында жануарлардың иесі және ветеринария мамандары ұйымдастырушылық-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

551. Жануарлардың диктиокаулездермен ауыруының алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық-шаруашылық іс-шаралары барлық мал басын толыққанды жемшөппен, жануарларды азықтандырудың, суарудың және ұстаудың тиісті шарттармен қамтамасыз ету болып табылады.

552. Жануарларды жайылымды немесе қорада байлап бағу қолданылатын шаруашылық жүргізуші субъектілерде табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жүйелі түрде жақсарту (жерлерді суландыру, оларды тастардан және бұталардан, орман жайылымдарынан, шырпылар мен өсінділерден тазарту), дақылды жайылымдарды жасақтау, сондай-ақ, әрбір күнтізбелік 5-7 күн сайын ашық қораларды ауыстыра отырып, жайылымдарды ұтымды пайдалану бойынша шаралар жүзеге асырылуы қажет

1-параграф. Жануарлардың диктиокаулездерінің профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

553. Жануарлардың диктиокаулездерді жұқтыруын болдырмау мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізу қажет:

1) ақуыз, минералды тұздар және витаминдер бойынша теңгерімделген рациондары қолданылады. Жайылымдық учаскелер микроэлементтерге жұтаң аймақтарда рациондарға тиісті (мыс тұзы, кобальт, йод, молибден және басқа да элементтер) қоспалар қосылады;

2) жануарлар тек қана оттықтардан азықтандырылады;

3) жануарлар су құбырларынан, құдықтардан, өзендерден, ағысы жылдам бұлақтардан алынған таза сумен суарылады. Тоғандардан және басқа да ағынсыз су қоймаларынан суаруға сүзгіш-құдықтардың жасалуын көрсету шартымен рұқсат етіледі. Шалшықтардан, несеп төгілген сулардан, арықтардан және шұңқырлардан суаруға жол берілмейді;

4) мал шаруашылығы қораларының, оттықтардың және астаулардың, күтім жасау заттарының, керек-жарақтардың, аулалардың, жаю алаңдарының, мал шаруашылығы қораларының маңындағы ашық жерлер мен аумақтардың тазалығы қамтамасыз етіледі. Қоражайлар жақсы желдетілетін, құрғақ, жарық болуға тиіс;

5) мал шаруашылығы қоражайларда, оларға жақын орналасқан жерлерде және жемшөптер мен су көздерін сақтау орындарында иттерді ұстауға жол берілмейді;

6) мал шаруашылығы қоражайлардан және жаю алаңдарынан қи мен тезек тұрақты түрде зарарсыздандыру үшін арнайы қи қоймаларына шығарылады;

7) әрбір гельминтті жоюдан кейін мал несепі күнтізбелік 3-5 күн ішінде жиналып, одан кейін дезинвазиялануы керек. Қоражайларға, жаю алаңдарына, жабдықтарға және керек-жарақтарға дезинвазия жасалады;

8) жануарларды құрғақ жайылымдарда жаю. Жаю үшін жайылымдардың батпақты, ойпатты және несеппен ластанған учаскелерін пайдалануға жол берілмейді;

9) жануарлардың (диктиокаулезге барынша сезімталдары сияқты) жас төлдерін қырат жерлерде, жақсартылған жайылымдарда бағу жүзеге асырылады, ерте (қысқы) төлдеген бұзауларды қоражайда және байлап бағуда ұстау, сондай-ақ, жас төлді диктиокаулезден еркін өсіруді және сау табынды жасақтауды қамтамасыз ететін басқа да шаралар қолданылады.

554. Ветеринария мамандары жылына кемінде 2 рет гельминттік копроскопиялық әдістермен барлық ірі қара малдың, қой мен ешкі мал басының 10-20 %-ын ішінара тексеруге, өлген немесе етке сойылған жануарларды ашу кезінде диктиокаулдың бар-жоғын ескеруге тиіс.

555. Шаруашылыққа жаңадан әкелінетін барлық үй және жабайы жануарларды карантиндеу және диктиокаулезге гельминттік копроскопиялық тексеру қажет.

Диктиокаулез жұқтырғаны анықталған жағдайда, жануарларды жаппай гельминтті жою жүргізіліп, оның тиімділігі тексеріледі.

556. Бұрын шаруашылық аумағында кездеспеген жаңадан әкелінген малдардан диктиокаулез анықталған жағдайда, жануарлар оқшау ұсталып, диктиокаулдан толық арылғанша гельминтті жою жүргізіледі.

557. Шаруашылықтан шығарар алдында, ірі қара және ұсақ малды диктиокаулезге гельминттік копроскопиялық тексеру жасалады.

Диктиокаулез анықталған жағдайда барлық жануарларға гельминтті жою жасалып, бұдан кейін оларды шығаруға рұқсат етіледі.

2-параграф. Жануарлардың диктиокаулезін жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

558. Диктиокаулездің ерекше алдын алудың негізгі шарасы жануарлардың ауруының алдын алуды және қоздырғыштың инвазиясының сыртқы ортада сейілуін қамтамасыз ететін химиялық және биологиялық дәрі-дәрмектерді қолдану болып табылады.

559. Жаппай немесе профилактикалық гельминтті жоюдың алдында қатты әсер ететін және бірінші рет қолданылатын дәрі-дәрмектер және қолдану әдістері жануарлардың шағын тобында (15-20) алдын ала сыналады. 2-3 тәулік ішінде асқынулар болмаған жағдайда барлығына жаппай гельминтті жою жасалады.

560. Жануарларды дегельминтизациялау үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген ветеринариялық препараттар мен олардың дәрілік нысандары қолданылады.

Ескерту. 560-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

561. Ірі қара малдың диктиокаулезі анықталған шаруашылық жүргізуші субъектіде:

1) ағымдағы жылы туған бұзаулар, мал бордақылайтын шаруашылықтарда жасы үлкен бұзаулар қорада немесе оқшауланған байлап бағуда ұстап өсіріледі;

2) диктиокаулез жұқтырған ірі мүйізді қара малдың өткен жылдың қыркүйек айынан бастап бағылмаған учаскелерде бұзауларды оқшауланған жайылымда-қорада ұстау ұйымдастырылады;

3) көп жылдық дақылды жайылымда бағу, әрбір ашық қораны (учаскені) 5 тәуліктен аспайтын мерзімге пайдалана отырып, 3-4 айдан соң бастапқы учаскеге қайтара отырып, ұйымдастырылады. Диктиокаул жұқтырған жануарларды көп жылдық дақылды жайылымдарға жаюға рұқсат етілмейді;

4) карантин кезеңінде шаруашылыққа жаңадан әкелінген жануарлар ларвоскопиялық әдіспен гельминтологиялық тексеруден өткізіледі. Бүкіл топ бойынша нәтижелер теріс болған жағдайда жануарлар жалпы табынға ауыстырылады;

5) өткен жылы туған бұзаулар жаюға дейін күнтізбелік 20 күн ішінде ларвоскопиялық әдіспен гельминтологиялық тексеруден өткізіледі;

6) ағымдағы және былтырғы жылы туған бұзаулар ішінара (20-25 бас) бірінші рет жайылғаннан кейін күнтізбелік 45-50 күн өткен соң, одан кейін жайылым мерзімінің соңына дейін әрбір күнтізбелік 15 күн сайын ларвоскопиялық әдіспен гельминтологиялық тексеруден өткізіледі;

7) табында бұзаулардың ауруы анықталған жағдайда гельминтті жою жасалып, қамап ұстауға ауыстырылады. Қажеттілігіне қарай гельминтті жою тек күнтізбелік 12 күннен кешіктірілмей қайталанатын.

562. Қой мен ешкінің диктиокаулезі анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде:

1) ларвоскопия әдісімен ішінара гельминтке тексеру жүргізеді: көктемде (наурыз) бұрын табиғи жайылымда бағылған барлық табындар мен елді мекендердегі жануарларға - 3; жазда (шілде-тамыз) барлық саулық табындарда ағымдағы жылы туған қозылар мен лақтарға - 3; күзде, қамап ұстау алдында жаңадан жинақталған жас малдарға және 2 жасқа дейінгі қой мен ешкіге – 3;

2) табындарда ауру жұқтырған жануарлар анықталған жағдайда көктемде жайылымға шыққанға дейін бұрын жайылымда бағылған қой мен ешкілерге (әсіресе төлдегеннен кейін саулықтар) – 3, жазда (шілде-тамыз) қозыларды, күзде барлық жануарларға (қамап ұстауға қою кезінде) - 3 гельминтті жою жүргізіледі;

3) жыл бойы жайылымда күтіп-бағу кезінде және айдаудағы қой шаруашылығында жануарларды тексеру және гельминтті жою мерзімін, диктиокаулездің өңірлік эпизоотологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, белгілейді;

4) жануарлар диктиокаулезі клиникасымен ауырған кезде оларда жыл мезгіліне қарамастан тез арада емдік гельминтті жоюды жүргізеді.

563. Төлдегенге дейін 2 апта бұрын және төлдегеннен кейін 2 апта болған буаз сиырлар, қойлар, сондай-ақ, арық малдар, іші кепкен, остеомаляция белгілері бар және басқа да өткір және ауыр түрде ауырған жануарлар гельминтті жоюға жатпайды. Мұндай жануарлар олар сауыққаннан кейін, жеке гельминтті жоюдан өткізіледі.

564. Дәрі-дәрмектерді теріге, тері астына, бұлшық етке, көк тамырға, қабақ астына, кеңірдекке егу кезінде асептика және антисептика ережелерін қатаң түрде сақтау қажет.

49-тарау. Ірі қара малдың, қойлар мен ешкілердің мониезиозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 49-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

565. Жануарлар мониезиозінің алдын алу және жою мақсатында жануарлардың иесі және ветеринария мамандары ұйымдастырушылық-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға міндетті.

566. Жануарлардың мониезиозбен ауыруының алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық-шаруашылық іс-шаралар барлық мал басын толыққанды азықпен, азықтандырудың, суарудың және ұстаудың тиісті жағдайымен қамтамасыз етуді білдіреді.

567. Жануарларды жайылымды немесе қорада байлап ұстау қолданылатын шаруашылық жүргізуші субъектілерде табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту (жерлерді мелиорациялау, оларды тастардан және бұталардан, орман жайылымдарын шөпшектер мен өсімдіктерден тазарту), дақылды жайылымдарды жасақтау, сондай-ақ, әрбір күнтізбелік 5-7 күн сайын қораларды ауыстыра отырып, жайылымдарды ұтымды пайдалану бойынша шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру қажет.

1-параграф. Жануарлар мониезиозының алдын алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

568. Жануарлардың мониезиоздерді жұқтыруының алдын алу мақсатында жануарлардың иелері мынадай іс-шаралар жүргізеді:

1) ақуыз, минералды тұздар және витаминдер бойынша теңгерімделген рацион қолданады. Жайылымдық учаскелер микроэлементтерге жұтаң аймақтарда рациондарға тиісті (мыс тұзы, кобальт, йод, молибден және басқа да элементтер) қоспалар қосылады;

2) жануарларды тек қана науалардан азықтандырады;

3) жануарларды су құбырларының, құдықтардың, өзендердің, ағысы жылдам бұлақтардың таза суымен суарады. Тоғандардан және басқа да ағынсыз су қоймаларынан суаруға сүзгіш-құдықтар жасалған жағдайларда рұқсат етіледі. Жануарларды шалшықтардан, несеп төгілген сулардан, арықтардан және шұңқырлардан суаруға жол берілмейді;

4) мал қораларының, науалардың, астаулардың, күтім жасау заттарының, құрал-саймандардың, жабдықтардың, аулалардың, жаю алаңдарының, мал шаруашылығы қораларының маңындағы ашық жерлер мен аумақтардың тазалығын қамтамасыз етеді.

5) Мал қоралар жақсы желдетілетін, құрғақ, жарық болуға тиіс;

6) мал қораларынан, жаю алаңдарынан және баздардан қи тұрақты түрде зарарсыздандыру үшін арнайы қи қоймаларына шығарылады;

7) әрбір дегельминтизациядан кейін мал несепі күнтізбелік 3-5 күн ішінде жиналып, одан кейін дезинвазиялануы керек. Мал қораларына, жаю алаңдарына, жабдықтарға және құрал-саймандарға да дезинвазия жасалады;

8) жануарларды құрғақ жайылымдарда жаяды. Жаю үшін жайылымдардың батпақты, ойпатты және несеппен ластанған учаскелерін пайдалануға рұқсат етілмейді;

9) жануарлардың жас төлдерін қырат жерлерде, жақсартылған жайылымдарда бағуды жүзеге асырады, ерте (қысқы) туған бұзауларды қорада және байлап бағуда ұстау, сондай-ақ жас төлді мониезиозден еркін өсіруді және сау табындарды жасақтауды қамтамасыз ететін басқа да шаралар қабылдайды.

569. Ветеринария мамандары жылына кемінде 2 рет гельминттік копроскопиялық әдістермен барлық ірі қара мал, қой мен ешкі мал басының 10-20 %-ын ішінара тексеруге, өлген немесе етке сойылған жануарларды ашу кезінде мониезиоздың бар-жоғын ескеруге тиіс.

570. Шаруашылыққа жаңадан келіп түскен барлық үй және жабайы жануарлар карантиндеуде ұстайды және мониезиозге гельминттік копроскопиялық тексерілуі керек. Мониезиоз жұқтырғаны белгіленген кезде, жануарлардың мал басын дегельминтизациялау жүргізіліп, оның тиімділігі тексеріледі.

571. Жаңадан әкелінген малдарда бұрын шаруашылық аумағында кездеспеген мониезиоз анықталған кезде, жануарлар оқшау ұсталып, мониезиоздерден толық арылғанша дегельминтизация жүргізіледі.

572. Шаруашылықтан шығарар алдында, ірі қара және ұсақ малды мониезиозге гельминттік копроскопиялық тексеру жасалады. Мониезиоз гельминттері анықталған кезде барлық жануарларға дегельминтизация жасалып, бұдан кейін оларды шығаруға рұқсат етіледі.

2-параграф. Жануарлардың мониезиозын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

573. Мониезиоздың ерекше профилактикасының негізгі шарасы жануарлар ауруының алдын алуды және инвазия қоздырғышының сыртқы ортада сейілуін қамтамасыз ететін химиялық және биологиялық препараттарды қолдану болып табылады.

574. Малдардың мониезиозді жұқтыруы анықталған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде малды қорада ұстауға қою және жайылымға айдау алдында профилактикалық дегельминтизация жүргізілуі керек.

575. Преимагиналды дегельминтизация жануарлардың организміндегі мониезиоздар жыныстық жетілуге жетпеген мерзімде жүргізіледі.

576. Жануарлардың мониезиоздардың клиникалық белгілері болған кезде дегельминтизация жылдың кез келген уақытында жүргізіледі. Қайталама инфекциядан немесе жұқпалы емес аурулардан туындаған асқынулар жағдайында қайталанатын ауруға қарсы симптоматикалық емдеу белгіленеді және тек қана осыдан кейін жануарлар дегельминтизацияланады.

577. Жаппай емдік немесе профилактикалық дегельминтизацияның алдында қатты әсер ететін және жабдықтауға бірінші келіп түскен препараттар мен қолдану әдістері жануарлардың шағын тобында (15-20) алдын ала сыналады. 2-3 тәулік ішінде асқынулар болмаған кезде барлық мал басына дегельминтизация жасалады.

578. Қозылар мен лақтарды профилактикалық дегельминтизация бірінші рет оларды жайылымға немесе қора аумағына айдап шығарған соң күнтізбелік 14-16 күннен кейін (жыл бойы жайылымда ұстау кезінде туғаннан кейін күнтізбелік 25-30 күн өткен соң), қайталама бірінші дегельминтизациядан кейін күнтізбелік 15-20 күн өткен соң, үшінші рет екінші дегельминтизациядан кейін күнтізбелік 25-30 күн өткен соң жасалады. Қозылар мен лақтар қыркүйек айында бір рет дегельминтизацияланады, ал жануарларды қорада ұстауға ауыстырғаннан кейін күнтізбелік 30 күн өткен соң қой мен ешкінің барлық мал басы дегельминтизацияланады. Жыл бойы жайылымда бағылатын шаруашылықтарда бір жастан асқан ұсақ малға күзде және жоспарлы төлдеу аяқталған соң профилактикалық дегельминтизация жасалады.

579. Ағымдағы жылы туылған бұзауларға профилактикалық дегельминтизация 2 рет жүргізіледі: бірінші рет жайылымға шығарылғаннан кейін 35-40 күнтізбелік күн өткен соң, екінші рет бірінші дегельминтизациядан кейін 35-40 күнтізбелік күн өткен соң, ал бір жастан асқан бұзауларға жылына бір рет жайылымға шығарылғаннан кейін күнтізбелік 35-40 күн өткен соң жасалады.

580. Төлдеуіне 2 апта қалған және төлдегеннен кейін 2 апта өткен буаз сиырлар мен қойлар, сондай-ақ, арық малдар, іші кепкен, остеомалация белгілері бар және басқа да өткір және ауыр түрде ауырған жануарлар дегельминтизациялауға жатпайды. Бұл жануарлар олардың денсаулық жағдайы жақсарғаннан кейін жеке дегельминтизациядан өткізіледі.

581. Жануарларды дегельминтизациялау үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген ветеринариялық препараттар мен дәрі түрлері қолданылады.

Ескерту. 581-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

582. Препараттарды тері астына, бұлшық етке, көк тамырға егу кезінде асептика және антисептика ережелерін қатаң түрде сақтау қажет.

583. Мониезиоз анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде, бұзауларды соңғы 3 жыл бойы ауырған малдар жайылмаған жайылымда ересек малдардан оқшау бағады. Дақылды жайылымда бағу үшін бір жылдық шөп егілген қоршауды пайдаланады. Көп жылдық шөптері бар қоршауда бұзаулар тек қана алғашқы егу жылында бағылады.

584. Жануарларды қорада немесе байлап бағуда ұстау қолданылады, мұнда олар мониезиозды жұқтырмайды.

585. Көрсетілген іс-шараларды орындау мүмкін болмаған кезде профилактикалық дегельминтизация және химиялық профилактика жүргізіледі.

50-тарау. Пироплазмоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 50-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жануарлардың пироплазмозының алдын алу және профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

586. Жануарларды пироплазмозды жұқтыруының алдын алу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) табындар пироплазмоз бойынша қолайлы пункттердің жануарларынан топтастырылады және мемлекеттік ветеринариялық инспектордың және мемлекеттік ветеринариялық дәрігердің келесімінсіз табынға жаңадан келіп түскен жануарлар қосылмайды;

2) басқа жерлерден жаңадан әкелінген барлық жануарлар карантиндеуде ұсталады. Осы уақыт ішінде жануарлар жүйелі тексеруден өткізіледі және иксод кенелері анықталған кезде жануарлар Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген акарицидтік препараттармен өңделеді, өңдеу су бүрку, шомылдыру, дуст себу немесе сүрту жолымен жүргізіледі. Кенелерге қарсы ылғалды өңдеуді жүргізу үшін шомылдыру ванналары, тұрақты немесе жылжымалы бүріккіш тетіктер жабдықталады;

3) жануарларды кене баспаған қораларда ұстау қамтамасыз етіледі;

4) егер, жануарлар пироплазмоз бойынша қолайсыз аумақтан әкелінсе, олар бір мәрте Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген акарицидтік препараттардың бірімен өңделеді;

5) жануарларды кенелерге қарсы кезең-кезеңімен өңдеу, оларды ұстау жүйесіне, жыл мезгіліне және жайылым жерлері аумағындағы кенелердің санына және белсенділігіне байланысты жүргізіледі. Айдауда бағу жүйесі кезінде жануарлар жергілікті жерде кене басу бойынша көрсеткіштерге сәйкес айдау трассаларындағы акарицидтермен өңделеді;

6) табиғи және жасанды жайылымдарды пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілерде, жайылымдарды ауыстыру кенелердің биологиясымен олардың жануарларда паразиттік өмір сүру уақытын ескере отырып жүргізіледі.

587. Пироплазмоз бойынша қолайсыз пункттерде жануарлардың түрін, қоздырушының және оған тән тасымалдаушы кенелердің түрін ескеру және аурулар

мен кенелердің таралу картасын жүргізу қажет. Барлық мал басы, кенелердің белсенділік кезеңін және акарацидтік препараттардың қалдықты әсер ету ұзақтығын ескере отырып өңделеді. Жануарлар кене баспаған жайылымдарда бағылады.

588. Жануарлардың денесінде тасымалдаушы кенелер анықталған кезде немесе аурудың жекелеген жағдайлары анықталған кезде бүкіл табын Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген акарицидтік препараттармен өңделеді. Өңдеу ерте химиялық профилактика үшін ұсынылатын шамада және әрбір күнтізбелік 15 күннен кейін мал басының жаппай ауруының тоқтауына дейін қайталанады. Жануарлар химиялық профилактика жүргізілгеннен кейін екінші күні акарацидтік препараттармен кенелерге қарсы өңделеді.

589. Пироплазмозға диагноз қойылғаннан кейін бүкіл табын акарацидтік препараттардың бірімен емдік мөлшерде өңделеді.

590. Кенеленген мал қоралар мұқият механикалық тазалаудан кейін акарацидтік препараттармен өңделеді.

591. Мал шаруашылығы қораларын профилактикалық дезакаризациялау жылына кемінде 3-4 рет өткізіледі.

592. 611. Жануарлардың пироплазмозын тасымалдаушы иксод кенелермен күресті олардың мекендейтін жерлерінде агротехникалық және жер суландыру іс-шараларын өткізу жолымен жүргізу қажет. Кенелердің биотоптарында, жайылымдарда бұталарды тегістеу, арамшөптерді жою, тың және тыңайған жерлерді жырту, дақылды шөптерді егу жүргізіледі.

593. Кенелердің санын азайтуға мына схемалар бойынша жүргізілетін жайылымдарды ауыстыру жолымен қол жеткізіледі:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектілерде кенелері жоқ және кене басқан жайылымдар бар болса, онда кенелері жоқ аумақ төрт учаскеге бөлінеді. Әр учаскеде мал көктемнен бастап күнтізбелік 25 күннен бағылады. Төрт учаскені пайдаланғаннан кейін жануарлар былтырғы күзден бастап жануарлар болмаған кене басқан аумаққа ауыстырылады. Одан бергі өткен кезең 7 айдан астам уақытты құрайды. Осы мерзімде кене басқан учаскеде жануарлар болмағандықтан, учаскелердегі личинкалардың қоректену мүмкіндігі болмайды, соның салдарынан олардың негізгі бөлігі өледі;

2) егер бүкіл жайылым алқабын кене басқан болса, онда жайылымдарды ауыстыру екі учаскеге бөлу жолымен ұйымдастырылады. Олардың бірінде жануарлар бағылады, ал екіншісі бір жыл бойы бос тұрады, осы уақыт аралығында ол кенеден тазарады.

Келесі жылы жануарлар кенеден босаған аумақта бағылады, ал жануарлар бағылған учаске бір жыл бойы пайдаланылмайды және ол да кенеден тазартылады.

594. Мал қораларындағы, ашық қоралардағы және қоршаған аумақта қанның паразиттік ауруларын тасымалдаушы кенелер личинкаларының тышқан тәрізді кеміргіш-қоректендіргіштерімен жүйелі түрде күрес жүргізіледі.

595. Жануарлардың денесіндегі кенелерді жою үшін оларды акарицидті препараттардың ерітінділерімен ұсынылған концентрацияда күнтізбелік 7-10 күнде бір рет ванналарда шомылдырады немесе душ қондырғыларында су бүркеді. Жануарларды өңдеу көктемгі жайылымға шығару алдында күнтізбелік 2-3 күн бұрын басталып, олардың жануарлар денесінде паразиттік өмір сүру маусымы кезеңінде жүргізіледі.

596. Жануарларды союға оларды қолдану бойынша нұсқаулықта белгіленген мерзімде пайдаланылатын акарицидтердің қалдықтарын толығымен ыдыратқаннан кейін рұқсат етіледі. Жануарлар мәжбүрлі түрде сойылған жағдайда, олардың еті мен органдары зертханада акарицид қалдықтарының бар-жоқтығына тексеріледі.

51-тарау. Саркоптоидоз және демодекоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 51-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

597. Мал қораларында жыл сайын дезинфекция жүргізіледі.

598. Жаңадан әкелінген жануарлар карантиндеуде ұсталады.

599. Жануарларды ветеринариялық-санитариялық инспектордың келісімінсіз жергілікті жерлерде қайта топтастыруды жүргізуге жол берілмейді.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

600. Саркоптоидоз ауруына күдіктену жағдайында жануарлар дереу оқшауланады және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерге хабарланады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер барлық мал басын тексеруден өткізеді, тері жарақаты болған жағдайларда, зертханалық зерттеулер үшін сынамаларды іріктеп алады.

601. Шаруашылық жүргізуші субъектілер және жануарлардың иелері саркоптоидозды жоюға бағытталған барлық іс-шаралардың орындалуын және өткізілуін қамтамасыз етуге қажет.

602. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы жануарлардың саркоптоидозын жою іс-шараларының өткізілуін бақылайды.

603. Меншік нысанына қарамастан шаруашылық (табын, ферма, отар) қолайсыз болған кезде:

- 1) жануарлардың кіргізуге және шығаруға;
- 2) сау мал басымен бірге жаюға, ұстауға, суаруға және басқа да жанастыруға;
- 3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың келісімінсіз жануарларды қайта топтастыруға;
- 4) аумаққа бөгде адамдардың жіберілуіне жол берілмейді.

604. Өлген, өлтірілген және сароптоидозбен ауырған жануарлардан сыпырылған терілер Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттармен зарарсыздандырылады, ал тауарлық құн жоқ мамық жүнді аңдар мен қояндардың терісі жағу жолымен жойылады.

605. Мал қораларда, баздарда, қой қораларда, торларда дезакаризация жүргізіледі.

606. Саркоптоидозды ауру малдар бағылған және айдалып өткен жайылымдарды және мал айдау трассаларын жаз айларында күнтізбелік 30 күннен кейін ғана пайдалануға рұқсат беріледі.

607. Саркоптоидоздарды емдеу және профилактикасы үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) саркоптоз және псороптоз кезінде қойлар мен ешкілердің профилактикасы мақсатында бір мәрте және емдеу мақсатында екі мәрте (арасы күнтізбелік 7-10 күннен) көлемі 8-15 метр³ стационарлық ванналарда акарацидтік препараттардың судағы ерітіндісіне шомылдырады;

2) қыста қойлардың псороптозбен ауру жағдайлары болған отарлар қырықтықтан кейін көктемде екі рет және күзде бір рет өңделеді;

3) ірі қара малды, қойларды және ешкілерді, түйелерді, шошқаларды, ала бұғыларды, маралдар мен бұғыларды, қояндарды, мамық жүнді аңдарды, иттер және мысықтарды саркоптоидоздан емдеу және профилактикалық өңдеу үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген акарацидтер қолданылады;

4) жануарлар шомылдыру алдында дем алдырылады, 4-5 сағат бойы азықтандыруды және 1-2 сағат бұрын суаруды тоқтатады;

5) шомылдыруға буаз қойлар (ешкілер) төлдеуге бір ай қалғанда жіберілмейді, бір айға дейінгі қозылар (лақтар), аналық қойлар ұрықтандыруға 45 күн қалғанда жіберілмейді;

6) ауру және арық жануарлар отардан бөлінеді, олар қосымша жемшөппен қамтамасыз етіледі және қанағаттанарлық қондылыққа жеткеннен (сауыққаннан) кейін шомылдырылады. Қатты жаңбырдың астында қалған жабағысы кеппеген қойлар, күнтізбелік 7-10 күннен кейін қайта шомылдырылады;

7) акарацидтерді бүрку жолымен пайдалануға жол берілмейді.

608. Қыркуға бірінші кезекте сау отардағы қойлар жіберіледі. Қолайсыз отарлардың жануарларын қырку орналасқан орындарында жүзеге асырылады.

609. Ауру жануарлардан алынған жүн жеке үй-жайларда сақталады. Ол дезакаризациялау үшін "қотыр" деген таңбасы бар тығыз қосарлы жұмсақ ыдыста өңдеуші кәсіпорындарға әкетіледі.

610. Қораларды, баздарды дезакаризациялау оларды механикалық тазартудан кейін жүргізіледі. Қи, төсем, жемшөп қалдықтары 3 айға дейінгі мерзімге биотермиялық зарарсыздандыру үшін қи қоймасына шығарылады.

52-тарау. Жануарлардың токсоплазмозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 52-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта өткізілетін профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

611. Жануарлардың токсоплазмозды жұқтыруының алдын алу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілер, ветеринария саласындағы мамандар, сондай-ақ жануарлардың иелері:

- 1) токсоплазмоз бойынша қолайлы шаруашылықтардан отарларды, мал табындарын жасақтауы;
- 2) қораларды жүйелі түрде дезинвазиялау және профилактикалық дезакаризациялау жүргізуі;
- 3) мал қораларға мысықтар мен иттерді жібермеуі;
- 4) мысықтар мен иттерді өлі немесе түсік тастаған төлдермен азықтандыруға жол бермеуі;
- 5) жаңадан келіп түскен барлық жануарларды карантиндеуі қажет.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

612. Шаруашылық жүргізуші субъектіде жануарлардың токсоплазмозбен ауруына күдіктену кезінде ветеринария саласындағы маман бұл туралы тез арада тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер хабарлайды.

613. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер

токсоплазмоз ауруының пайда болуы туралы хабарды алғаннан кейін ауру шыққан жерге келеді және эпизоотия ошағының шекарасын анықтай отырып, қолайсыз пунктті эпизоотологиялық тексеруді ұйымдастырады. Ауру жануарлардан алынған патологиялық материалды іріктейді және диагноз қою үшін ветеринариялық зертханаға жібереді.

614. Эпизоотологиялық және клиникалық белгілері (этиологиясы анықталмаған бедеулік және түсік тастау, мутацияланған және тіршілікке қабілетсіз төлдердің тууы) бар шаруашылық жүргізуші субъектіде барлық жануарлардан алынған қан токсоплазмозға тексеріледі. Өлген және мәжбүрлі сойылған малдардың басы, бауыры, көкбауыры, өкпесі, жүрегі, сондай-ақ өлі туған төлдері зертханаға жіберіледі.

615. Клиникалық белгілерінен және оң реакциясынан басқа микроскопиялық түрде токсоплазмоздың қоздырушысы табылған жануарлар ғана ауру деп танылады.

616. Жануарларда тек қана клиникалық белгілері мен оң реакция болған кезде олардың ауру күдігі бар деп есептеледі.

617. Шаруашылық жүргізуші субъекті аумағында түпкілікті диагноз белгіленген кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) токсоплазмозбен ауырған ауыл шаруашылығы жануарлар сойылады, олардың еті қайнатылғаннан кейін қолданады, қосалқы өнімдер жойылады;

2) ауру күдігі бар жануарлар оқшауланады, ал жайылымдық ұстау кезінде олар жеке жайылым учаскесінде бағылады;

3) ауру жануарлардың сүтін пастеризациядан немесе қайнатылғаннан кейін ғана пайдаланылуға рұқсат етіледі;

4) өлі туған және түсік тастаған төлдер зертханаға зерттеуге жіберіледі;

5) ауру күдігі бар барлық жануарларға ветеринариялық бақылау жүргізіледі және айына бір рет (қатарынан алты ай бойы) сарысуды токсоплазмозға тексеру жүргізіледі.

618. Егер осы кезеңде аталған жануарлардың арасынан токсоплазмозбен ауру жануарлар бөлінбесе, ал сарысуды зерттеген кезде титрдің төмендегені байқалса, ондай жануарлар сау жануарлар тобына ауыстырылады:

1) токсоплазмозбен ауру иттер, мысықтар және мамық жүнді аңдар, сондай-ақ ауру күдігі барлар жойылады;

2) токсоплазмозбен ауру немесе ауру күдігі бар жануарлар сойылғаннан кейін алынған терілер өңделгеннен (тұздау, кептіру және басқа да әдістер) кейін шектеусіз шығарылады;

3) ауру немесе ауру күдігі бар жануарлар ұсталған қоралар дезинвазияланады.

619. Токсоплазмоз бойынша қолайсыз пунктте ауру жануарлар сойылғаннан кейін және ауру күдігі бар малдар оқшауланғаннан кейін қалған жануарларды шектеусіз сатуға және шығаруға және олардан алынған барлық мал шаруашылығы өнімдерін пайдалануға рұқсат етіледі.

620. Шаруашылық жүргізуші субъектідегі клиникалық сау жануарлар сауықтырылғанға дейін айына бір рет серологиялық тексеру жүргізіледі. Клиникалық белгілер байқалған және серологиялық зерттеу кезінде екі рет қайталанатын оң реакция болған жағдайда, жануарлар ауру күдігі бар жануарлар тобына ауыстырылады. Жануар өлген, түсік тастаған, өлі төл туған және буаздықтың басқа да патологиялық нысандары жағдайында материалдар зертханаға жіберіледі.

621. Жануарлардың токсоплазмозбен ауруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті егер бір жыл ішінде ауру жануарлар бөлінбесе, аурудың айқын клиникалық белгілері, оның ішінде буаздықтың патологиясы жағдайлары байқалмаса, сауықтырылған болып есептеледі.

53-тарау. Фасцилез бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 53-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта өткізілетін профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

622. Жануарларға фасцилезді жұқтыруының алдын алу мақсатында, мынадай іс-шаралар өткізіледі:

1) профилактикалық дегельминтизация жылына кемінде 2 рет: жануарларды қораға қойғаннан кейін бір айдан кейін, одан кейін үш ай өткен соң (фасциолдар бұл кезде жыныстық жетілу кезеңіне жетеді, оған антгельминтиктер барынша белсенді әсер етеді), малды жайылымға шығарудан бір ай бұрын дегельминтизация тоқтатылады;

2) жануарлардың фасцилезіне күдіктенумен аурудың барлық жағдайларында ветеринария қызметіне уақтылы хабарланады;

3) ветеринария мамандарының талап етуі бойынша сатып алынған жануарлар туралы қажетті мәліметтер ұсынылады және оларды тексеруді, зерттеуді және өңдеулерді жүргізу үшін жағдайлар жасалады;

4) жануарларды тасымалдау, ұстау және азықтандыру кезінде, мал шаруашылығы объектілерінің құрылысы кезінде санитариялық және ветеринариялық-санитариялық талаптар сақталады.

2-параграф. Жануарлардың фасцилезімен күресу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

623. Жануарлардың фасцилезімен күресу – арнайы іс-шараларды пайдалана отырып, кешенді түрде жүргізіледі. Кешенді профилактикалық іс-шаралар мыналарды қамтиды:

- 1) дефинитивтік иелерді дегельминтизациялау;
- 2) ұлулардың биотоптарын анықтау және оларды жою;
- 3) жайылымды ауыстыруды жүргізу, толыққанды азықтандыру және жануарларды санитариялық-гигиеналық ұстау.

624. Дегельминтизациялау үшін антгельментиктер препараттары қолданылады. Кейіннен паразиттердің тұрақты, резистентті нәсілдерінің пайда болуымен гельминттердің препараттарға бейімделуін болдырмау үшін дегельминтизациялау кезінде антгельментиктерді ауыстыру қажет.

625. Фасцилездің профилактикасы үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) өзендердің, аңғарлардың, батпақ атыраптарының және су қоймаларының аңғарларын (жағалаулар, өсімдіктер мен суландыру каналдарының әсіресе, жерге түскен жапырақтардың түбі), шалшықтарды, су қоймалары жағалауындағы жануарлар тұяқтарының іздерін тексеру жолымен жайылымдардағы ұлулардың биотоптарын анықтау;

2) биотоптары құрғауы кезінде немесе суық түскен кезде ұлулар топырақ сынамаларын шаю жолымен табылады;

3) алаңдар жануарлардың су ішуіне арналған қатты жабынмен жабдықталады;

4) жануарларды бағу мал жаюды 2-2,5 ай сайын ауыстыра отырып, қыратты құрғақ жерлерде жүргізіледі. Жануарларды ойпаң батпақты жерлерде жаюға және ұсақ ағынсыз су қоймаларынан суаруға жол берілмейді;

5) қиды биотермиялық өңдеу қамтамасыз етіледі;

6) сатып алынатын жануарлардың несесін гельминттік копроскопиялық зерттеулер жүргізіледі.

54-тарау. Анаплазмоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 54-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын анаплазмозды профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

626. Аурудың алдын алу мақсатында меншігінде жануарлары бар жеке және заңды тұлғалар:

- 1) профилактикалық ветеринариялық тексеру үшін жануарларды жыл сайын ветеринария мамандарына көрсетеді;
- 2) жануарларды толыққанды азықтандыруды ұйымдастырады;
- 3) жас малдарды ересек мал басынан бөлек ұстайды;
- 4) жануарларды әкелуді және жемшөпті сатып алуды тек қана қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден жүргізеді;
- 5) барлық жаңадан сатып алынған жануарларды карантиндеуде ұстайды;
- 6) мал қораларды, аулаларды, ашық қораларды және тұрақтарды дезакаризациялауды жүргізеді;
- 7) жануарлардың, жайылымдардың биотиптеріндегі кенелермен жүйелі түрде күрес жүргізеді;
- 8) әкелінетін, әкетілетін, сондай-ақ орны ауыстырылатын жануарлар карантиндеуге және анаплазмозға тексеруге жатады;
- 9) хирургиялық операцияларды жүргізу, жануарларды жаппай ветеринариялық өңдеу кезінде асептика және антисептика қағидаларын қатаң сақтайды.

2-параграф. Анаплазмоз бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

627. Шаруашылық жүргізуші субъектіде анаплазмозбен ауыратын жануарлар анықталған кезде, ветеринария саласындағы маман бұл туралы дереу тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына, мемлекеттік ветеринариялық дәрігеріне хабарлайды.

628. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер жануарлардың анаплазмозбен ауыруына күдіктену туралы хабарды алысымен диагноз қою, эпизоотологиялық тексеру жүргізу, эпизоотия ошағының және қолайсыз пункттің шекарасын анықтау үшін дереу осы жерге келіп, ауру жануарлардан алынған патологиялық материалды іріктейді және ветеринариялық зертханаға жібереді.

629. Анаплазмозға диагноз қою кезінде, жануарлар оқшауланып, оларды емдеу үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады. Апта сайын жануарлар акарицидті препараттармен өңделеді.

55-тарау. Ірі қара малдың гиподерматозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 55-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

630. Гиподерматоздың алдын алу және жою мақсатында ауру қоздырғыштарының биологиясын, эпизоотиялық ерекшеліктерін, жергілікті табиғи климаттық жағдайларды және мал шаруашылығын жүргізу технологиясын ескере отырып ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және емдеу-профилактикалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылады.

631. Ұйымдастыру-шаруашылық іс-шаралары жануарларды толыққанды жемшөппен қамтамасыз ету, зоогигиеналық талаптарға жауап беретін суаруды және ұстауды қамтиды.

632. Ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар шаруашылық жүргізу технологиясын ескере отырып, қоралардан және жайылу алаңдарынан қиды тұрақты жинауды, қораларды, шатырлы жайларды, жазғы қоршалған қораларды дезинфекциялауды қамтиды.

633. Жайылымдарға бөгелек личинкаларымен зақымданған, сондай-ақ шаруашылыққа жаңадан әкелінген жануарларды оларды инсектицидтермен алдын ала өңдеусіз жайылымдарға бағуға рұқсат етілмейді.

634. Бөгелектердің ұшу маусымында жануарлар қораларда, шатыр астында, қараңғыланған жерлерде ұсталып, таңертең бөгелектердің ұшуы басталғанға дейін, кешке – олардың ұшуы аяқталғаннан кейін жайылады.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

635. Гиподерматозбен іс-шаралар кешенінде күресудің негізгі әдісі жануарларды жануардың организмінде болатын бөгелектердің бірінші кезеңдегі личинкаларын жоюға бағытталған Қазақстан Республикасында тіркелген ветеринариялық препараттармен бастапқы өңдеу болып табылады. Осы мақсатта жануарларды күзде бөгелектердің ұшуы аяқталғаннан кейін өңдейді. Гиподерматоз бойынша қолайсыз өңірлерде барлық мал басы химиялық терапиялауға жатады.

636. Ірі қара малды тексеру және екінші және үшінші кезеңдегі личинкаларға қарсы химиялық терапия республиканың оңтүстік бөлігінде ақпан-наурыз айларында, орталық және солтүстік бөліктерінде сәуір-мамыр айларында жүргізіледі.

56-тарау. Ірі қара малдың тейлериозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 56-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауру профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

637. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары жануарларды аурудың тасымалдаушы кенелермен жанасуын болдырмайтын жағдайларда ұстауы қажет, ол үшін:

- 1) сезімтал жануарды кенелерден таза қораларда ұстауды қамтамасыз ету;
- 2) тейлериоз бойынша қолайсыз пунктте немесе шаруашылық жүргізуші субъектіде сезімтал жануарларды қорада және қора-лагерьлік күтіп-бағуды немесе биік таулы жайылымдарда жаюды ұйымдастыру қажет.

638. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер мыналарды жүзеге асырады:

- 1) тейлериоз бойынша қолайсыз пунктте немесе шаруашылық жүргізуші субъектіде эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, кенелерге қарсы және тейлериозға қарсы іс-шаралардың кешенді жоспарын жасайды;
- 2) осы жерде мекендейтін тасымалдаушы кенелердің түрлерін анықтайды;
- 3) олардың жануарларды шағу мерзімін ескере отырып, кенелердің таралу картасын жасайды.

2-параграф. Ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

639. Тейлериоз белгіленген қолайсыз пункттерде не шаруашылық жүргізуші субъектілерде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз жануарларды қайта топтастыруға және әкелуге рұқсат етілмейді.

640. Мал қораларды және жануарларды кенелерге қарсы өңдеу үшін, сондай-ақ, тейлериоздың алдын алу және оны емдеу үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттар пайдаланылады.

641. Жануарларды кенелерге қарсы өңдеу жергілікті температуралық жағдайларға және кенелердің белсенділігіне байланысты наурыз-қыркүйек айларында аптасына бір рет, қазан-қараша айларында екі аптада бір рет және желтоқсан-ақпан айларында айына бір рет жүргізеді.

642. Наурыз-қыркүйек айларында жануарларды өңдеу үшін дымқыл әдіс, бүрку немесе ванналарға тоғыту қолданылады.

643. Кенелерге қарсы өңдеу ірі қара малға, жылқы мен түйелерге жасалады.

57-тарау. Ірі қара малдың телязиозы бойынша іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 57-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта ірі қара малдың телязиозы профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

644. Ірі қара мал телязиозының профилактикасы үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) ақуыз, минералды тұздар және витаминдер бойынша теңгерімделген рацион жасалады;

2) жайылымдық учаскелері микроэлементтерге жұтаң аймақтарда рациондарға тиісті (мыс тұзы, кобальт, йод, молибден және басқа да элементтер) қоспалар қосылады ;

3) жануарлар тек қана науалардан азықтандырылады;

4) жануарлар үшін қоралардың, науалардың, астаулардың, күтім жасау заттарының, құрал-саймандардың, жабдықтардың, аулалардың, жаю алаңдарының, мал шаруашылығы қораларының маңындағы ашық аумақтың тазалығын қамтамасыз ету, сондай-ақ дезинсекциялауды өткізу;

5) үй-жайлардан, жаю алаңдарынан және мал қоралардан қи мен тезекті күн сайын зарарсыздандыруға арналған арнайы қи қоймаларына шығаруды қамтамасыз ету;

6) қи жинауға арналған арнайы құрал-саймандар және көлік бөлу;

7) әрбір дегельминтизациядан кейін жою үшін қиды жинауды қамтамасыз ету;

8) қораларды, жаю алаңдарын, жануарлар шоғырланатын жерлерді, сондай-ақ құрал-саймандарды, жабдықтарды дезинвазиялауды және дезинсекциялауды жүргізу;

9) жануарларды жаюға батпақты жайылымдарды пайдаланбау;

10) телязиозды болжау және алдын алу үшін инвазияның белсенділігін зерттеу. Ол үшін мерзімді түрді жылына кемінде бір рет, мал басының ішінара 10-20 %-ның көз конъюнктивасынан шаю әдісімен зерттеледі;

11) шаруашылық жүргізуші субъектілерде жаңадан келіп түскен жануарларды гельминтологиялық тексеруден өткізу. Жануарлардың гельминттермен зақымданғаны анықталған кезде, барлық мал басына дегельминтизация жүргізу.

645. Шаруашылық жүргізуші субъектілерден әкету алдында ірі қара малдар телязиозға гельминтологиялық тексеруден өтеді. Телязиоз гельминттері анықталған кезде барлық жануарлар арнайы ерітіндімен жұмсақ ұшты спринцовкамен көздерін шаю арқылы дегельминтизацияланады және содан кейін ғана оларды алып кетуге рұқсат етіледі.

646. Ірі қара малдың телязиозын емдеу үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген ерекше дәрілік заттар қолданылады.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және ірі қара малдың телязиозы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

647. Ірі қара малдың телязиозы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде барлық ауру жануарлардың көздерін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген емдік ерітінділермен және эмульсиялармен шаю жүргізіледі.

648. Телязиоздың секундарлық инфекциямен асқынса, онда симптоматиялық емдеу жүргізіледі.

649. Күннің ыстық кезеңінде сиыр шыбындары неғұрлым белсенді болғанда жануарларды жабық қораларда немесе шатыр астында ұстайды.

650. Барлық мал басын дегельминтизациялау қысқы байлауда тұрған кезеңінде немесе көктемде сиыр шыбындарының ұшуы басталғанға дейін жүргізіледі, эмульсиямен немесе арнайы ерітіндімен өңдеу сиыр шыбындарының ұшуынан бастап әрбір күнтізбелік 7-8 күн сайын қайталанады.

651. Жайылым кезеңінде сиыр шыбындарымен күресу үшін ірі қара малға күн сайын дезинфекциялық машиналардың көмегімен дезинсекциялық құралдар себіледі, бұл үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген дезинсекциялық құрал пайдаланылады.

58-тарау. Ірі қара малдың трихомонозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 58-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

652. Жануарлар тек қана ірі қара малдың трихомонозы бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерінен әкелуге рұқсат етіледі.

653. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге тұқымдық немесе пайдалану мақсатында келіп түскен бұқалар (жас бұқалар), сондай-ақ әкелінетін сиырлар мен

қашырту жасындағы құнажындар 1 ай карантинде ұсталып, күнтізбелік 10 күн сайын 3 рет трихомонозға тексеріледі.

Асыл тұқымды бұқалар мен сынама бұқалар трихомонозға 6 айда, күнтізбелік 10 күн аралықпен үш мәрте тексеріледі.

654. Түсік тастаған жануарлар дереу оқшауланады.

Түсік тасталған төл трихомонозға тексеру үшін зертханаға жіберіледі.

2-параграф. Қолайсыз пункттердегі ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

655. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде трихомонозбен ауырған немесе трихомонад тасымалдаушы жануарлар анықталған кезде, ірі қара малдың трихомонозы бойынша қолайсыз деп жарияланып, шектеу қойылады және оларды профилактикасы жүргізіледі.

656. Қолайсыз пунктте мынадай іс-шаралар өткізіледі:

1) қолдан ұрықтандырылған немесе шағылысқан барлық сиырлар мен құнажындар трихомоноз анықталғанға дейін соңғы 4 айда гинекологиялық тексерістен өткізіледі. Трихомонозбен ауру күдігімен жыныс органдарының патологиясы анықталған жануарлар дереу оқшауланып, емдеу жүргізіледі;

2) ауру жануарларды емдеу үшін Қазақстан Республикасының Ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады;

3) қолайсыз пункттерде:

трихомоноз бойынша қолайсыз пунктте құнажындарды және жас бұқаларды, сондай-ақ толық сауыққанға дейін ересек жануарларды әкелуге;

тұқымдық және пайдалану мақсаттары үшін етке союға жіберілетіндерден басқа, жануарларды шаруашылық жүргізуші субъектіден басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге шығаруға (әкетуге) жол берілмейді;

жаз мезгілінде малды лагерьлік ұстауға ауыстырылып, қораларда санитариялық тазалау, жөндеу, дезинфекциялау, дератизациялау жүргізіледі және ол жаз бойы малдан бос қалдырылады;

дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялағыш заттар қолданылады.

657. Сатуға немесе тұқымдық және пайдалану мақсатында басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге ауыстыруға іріктеп алынған ірі қара малды шығаруға (әкетуге) трихомоноз бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерінен ғана рұқсат етіледі.

658. Жыныстық жетілген бұқаларды (18 айлық жастағылары және одан жоғары) шығару алдында олардың препуциялық шырышы немесе ұрықтары микроскопиялық және өсінділік зерттеу жолымен бір рет тексереді.

659. Қолайсыз пункт емдік және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін, барлық емделіп отырған жануарларды трихомонозға зертханалық зерттеу нәтижелері теріс болған және барлық ауру жануарлар емделгеннен кейін 6 ай ішінде жаңа түсік жағдайлары және трихомоноз өзегінде гинекологиялық аурулар болмаған кезде ірі қара малдың трихомонозынан сауықтырылған болып есептеледі.

59-тарау. Жануарлардың эймериозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 59-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жануарлардың эймериозы профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

660. Эймериоз профилактикасының жалпы шаралары жануарларды толыққанды жемшөппен қамтамасыз ету және жануарларды азықтандыру, суару және бағып ұстаудың гигиенасын сақтау болып табылады.

661. Жануарларды тығыз орналастырып ұстауға және қораларда ылғалдылықтың жоғары болуына, ересек малдар мен жас малдардың араласуына, жемшөптің және ауызсудың қимен ластануына жол берілмейді.

Жануарларды төмен орналасқан батпақты учаскелерде жаюға жол берілмейді.

662. Жануарларды қамап ұстаудан жайылымда бағуға және керісінше біртіндеп ауыстыру қажет.

663. Шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағынан қи уақтылы жиналуы және олар қи қоймаларында биотермиялық зарарсыздандырылуы қажет.

664. Жануарларды қорадан шығарғаннан кейін және қорада ұстауға қояр алдында қораны қидан және басқа ластанулардан тазартып жуады және мұқият дезинфекциялайды.

2-параграф. Қолайсыз пункттердегі ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

665. Күн сайын қиды жинау, қораларды, жаю алаңдарын және жабдықтарды (науалар, астаулар және жануарларға күтім жасауға арналған басқа да заттар) механикалық тазарту жүргізіледі.

666. Қора-жайды, жаю алаңдарын және жабдықтарды дезинвазиялау үшін Қазақстан Республикасының Ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген дезинфекциялағыш заттар қолданылады.

667. Ауру пайда болған жағдайда ауру жануарлар жедел оқшауланады және оларды емдеу жүргізіледі.

668. Паразиттің дамуын тоқтату үшін емдік және профилактикалық мақсатта кокцидиостатикалық препараттар қолданылады.

669. Ауру жануарлары емдеу үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады.

60-тарау. Псороптоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 60-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

670. Жануарлардың псороптозбен ауруының алдын алу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер және жануарлардың иелері:

4) жануарларды тазалықта ұстауды, оларды күн сайын тазалауды және жылдың жылы мезгілінде он күнде кемінде бір рет шомылдыруды жүргізуді;

5) әрбір мал басының терісін тексеруді, нашар семіртілген жануарларға жемшөп рационын ұлғайтуды;

6) әрбір жануарды ұстау орнын бекіту (жылқыларға арналған желі, ірі қара малға және түйеге арналған қоршаулы орындар, ер-тұрман, әбзелдер, щеткалар, науалар);

7) псороптоз бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъекіден әкелінген құрал-саймандарды дезинфекциялаусыз пайдалануды;

8) шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келіп түскен жануарларды оқшаулап ұстауды қамтамасыз етеді.

2-параграф. Қолайсыз пункттердегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

671. Псороптоз анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъекті псороптоз бойынша қолайсыз болып есептеледі және онда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) ауру жануарларды (клиникалық белгілері айқын және ауру күдігі бар) ауру жұқтыру күдігі бар жануарлардан (клиникалық белгілері жоқ, қатаң жеке күтім жасау және ұстау болмаған кезде көрші қорада, жалпы қорада немесе бір жайылымда болған

псороптозбен ауыратын жануарлармен жанасқан), сондай-ақ сау жануарлардан (ешқандай клиникалық белгілері жоқ, псороптозбен ауырғандармен жанасуда болмаған және басқа қораларда тұрған) бөлек қояды;

2) жануарлар оқшауланып ұсталады және оларға жеке бекітілген персонал қызмет көрсетеді;

3) жануарлардың азықтандыру және суару жануарға бекітілген тиісті құрал-саймандармен (науалар, шелектер) жеке жүргізіледі;

4) жануарлардың бағу белгілі бір учаскелерде оқшау жүргізіледі.

672. Мемлекеттік ветеринариялық инспектор емдеу үшін арнайы емдеу пункттеріне жіберетін жануарларды шығаруды (әкетуді) қоспағанда, псороптозбен ауырған жануарларды қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден шығаруға (әкетуге) рұқсат етілмейді.

673. Псороптозды жұқтыру күдігі бар жануарларға толық емдік өңдеу жасалады.

674. Оларды шығаруға (әкетуге) (сату, басқа шаруашылықтарға беру) жануарларды псороптозға қарсы өңдеуден кейін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың рұқсатымен ғана жол беріледі.

61-тарау. Қой ценурозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 61-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ценуроз бойынша қолайлы аумақта профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

675. Жануарлардың ценурозбен ауруының алдын алу мақсатында заңды және жеке тұлғалар, жануарлардың иелері іс-шараларды ценуроздың және жануарлардың басқа да ауруларының алдын алуға бағытталған қоздырғыштың биологиясын және бағу технологиясын ескере отырып, жүзеге асыруға тиіс және бұл барлық мал басын толыққанды жемшөппен, азықтандырудың, суарудың, ұстаудың тиісті шарттарымен қамтамасыз етуді білдіреді. Осы мақсатта мынадай шарттар орындалуы қажет:

1) ақуыз, минералды тұздар және витаминдер бойынша теңгерімделген рационды қолдану. Жайылымдық учаскелері қандай да бір макро және микроэлементтерге жұтаң аймақтарда рациондарға тиісті (мыс тұзы, кобальт, йод, молибден) қоспаларды қосу;

2) жануарларды қора-жайларда және баздарда тек қана науалардан ғана азықтандыру;

3) жануарларды су құбырларының, құдықтардың, өзендердің, ағысы жылдам бұлақтардың таза суымен суару. Тоғандардан және басқа да ағыссыз су қоймаларынан

суаруға сүзгіш-құдықтар жасалған жағдайда ғана жол беріледі. Жануарларды шалшықтардан, арықтардан және шұңқырлардан суаруға жол берілмейді;

4) мал қораларының, науалардың және астаулардың, күтім жасау заттарының, құрал-саймандардың, жабдықтардың, аулалардың, жаю алаңдарының, мал шаруашылығы қораларының маңындағы ашық жерлер мен аумақтардың тазалығын камтамасыз ету. Қора-жайлар жақсы желдетілетін, құрғақ, жарық болуы қажет;

5) мал қораларында, оларға жақын орналасқан жерлерде және жемшөп сақтау орындары мен су көздерінде иттерді ұстауға жол берілмейді;

6) мал қораларынан, жаю алаңдарынан және баздардан қи мен көң тұрақты түрде зарарсыздандыру үшін арнайы қи қоймаларына шығарылады.

676. Иттерді әрбір дегельминтизациялаудан кейін, олардан бөлінген қи күнтізбелік 3-5 күн бойы жиналуы керек, содан кейін өртеу арқылы дезинвазияланады. Қора-жайлар, жаю алаңдары, жабдықтар мен құрал-саймандар дезинвазияланады.

677. Шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келіп түскен барлық жануарларды күнтізбелік 30 күн ішінде профилактикалық оқшаулауды жүргізу керек, ценурозбен ауырған жануарлар анықталған жағдайда олар емделеді және толық сауыққаннан кейін жалпы табынға жіберіледі.

678. Жануарлардың өлекселері және қасапханалық қалдықтар (бас, ішкі органдар) жағылып, биотермиялық орға көміліп зарарсыздандырылады. Жануарларды сою ветеринария саласындағы маманның рұқсатымен жүргізіледі. Иттерді азықтандыру үшін қасапханалық материал мұқият тексерілгеннен кейін қолданылады. Иттерді жануарлардың зарарсыздандырылмаған органдарымен және өлекселерімен азықтандыруға жол берілмейді.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қой ценурозы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

679. Отарлар мен табындардағы иттердің саны ең төменгі қажетті шекке дейін қысқартылады (1-2 итке дейін) және кезбе иттерді жою жүйелі түрде жүргізіледі.

680. Азаматтардың жеке пайдалануындағы иттерді мал қораларға, жемшөп сақтау қоймаларына, жаю алаңдарына, жайылымдарға және суару көздеріне жіберуге жол берілмейді.

681. Малды қорғауға және бағуға есепке алынған қызметтік иттер ғана жіберіледі.

682. Иттерге жануарлардың кез келген, әсіресе цестод личинкаларымен зақымдалған органдарының етін шикі түрінде беруге үзілді-кесілді жол берілмейді.

683. Отарлар мен табындардағы иттер мынадай мерзімдерде дегельминтизацияланады: желтоқсаннан бастап сәуірге дейін - күнтізбелік 45 күн сайын, мамырдан бастап қарашаға дейін - күнтізбелік 30 күн сайын.

684. Ауылдық жерлерде тұрғындарға тиесілі иттер тоқсанына бір рет дегельминтизацияланады.

685. Иттерді дегельминтизациялау желден қорғалған жерде орналасқан арнайы бөлінген, қоршаумен қоршалған немесе ор қазылған алаңда жүргізіледі. Алаңға бөгде адамдар, оның ішінде балалар жіберілмейді. Иттер дегельминтизациялағаннан кейін бір тәулік бойы байлауда ұсталады.

686. Иттерді дегельминтизациялау үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген антгельминтиктер қолданылады.

687. Иттер мен жабайы ет қоректілердің ауру жұқтыруының алдын алу үшін мыналар жүзеге асырылады:

1) жануарларды союға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатымен және оның бақылауымен арнайы қасапханаларда немесе сою пункттерінде ғана рұқсат етіледі. Отарлар мен табындарда жануарлар мәжбүрлі сойылған жағдайда малдың ұшасы мен ішкі органдары арнайы, қаңылтырмен қапталған жабылатын жәшікте, ұшаны және органдарды тексеру қажет ветеринария саласындағы маман келгенге дейін сақталады;

2) ет комбинаттары, қасапханалар мен сою пункттері аумағына, ет пен сүт және азық-түліктік бақылау станциялары маңына және ауру малдар шоғырланған жерлерге иттер (қызметтік иттерден басқа) жіберілмейді;

3) жануарлардың өлекселері өлексе жағатын пештерде жағылады немесе биотермиялық шұңқырға тасталады. Әрбір отар кейіннен оларды кәдеге жарату үшін шығара отырып, өлім себебін ветеринария саласындағы маман анықтағанға дейін қойдың өлекселерін сақтауға арналған қаңылтырмен қапталған және құлыппен жабылатын арнайы жәшікпен жабдықталады.

688. Ценуроздың айқын көрінісі байқалған жануарлар уақтылы оқшауланады және дәрі-дәрмекпен емделеді. Антгельминтиктер болмаған кезде қойлар мен қозылар сою үшін ет комбинаттарына, қасапханаларға немесе сою пункттеріне шығарылады.

689. Өнімділігі жоғары және элиталық жануарлар хирургиялық жолмен емделеді.

62-тарау. Цистицеркоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 62-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ауыл шаруашылығы жануарларының ауру жұқтыруының алдын алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

690. Ауыл шаруашылығы жануарларының ауру жұқтыруының алдын алу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) кезбе иттер жойылады;

2) фермалардағы күзет иттерінің саны қой отарын немесе мал табынына бір итке дейін шектеледі. Иттерге ветеринариялық паспорт беру арқылы олар есепке алынады;

3) иттерді мал фермаларының және базалардың, ет комбинаттары мен мал соятын пункттердің аумағына және малға арналған жемшөпті сақтау және дайындау орындарына жіберуге жол берілмейді;

4) күзет және отар иттеріне мерзімді түрде (әрбір 1-1,5 ай сайын) дегельминтизация жүргізіледі. Дегельминтизацияның тиімділігін арттыру үшін иттер өңдеуге дейін кемінде бір тәулік аш диетада ұсталады. Дегельминтизациялау үшін Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады.

2-параграф. Иттердің және жыртқыш етқоректілердің ауру жұқтыруын болдырмау бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

691. Жануарларды сою мал сою объектілерінде (сою пункті, алаңы, өңдеуші кәсіпорындар) жүзеге асырылады.

692. Өлекселерді немесе өлтірілген жануарлардың конфискаттарын иттерге, мысықтарға және мамық жүнді аңдарға беруге рұқсат етілмейді.

63-тарау. Эхинококкоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 63-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Эхинококкоз бойынша қолайлы аумақта профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

693. Жануарлардың эхинококкозбен зақымдануының алдын-алу мақсатында шаруашылық субъектілері, ветеринариялық мамандар, сондай-ақ мал иелері:

1) жануарларды толық құнды азықпен қамтамасыз ету, азықтандыру мен күтін-бағу гигиенасын сақтау;

2) мал шаруашылығы фермаларының, қасапханалардың, ет өңдейтін кәсіпорындардың территорияларына және мал азығын сақтайтын жерлерге иегерді жібермеу;

3) иттерді Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 6 бабының 2-2 тармағына сәйкес арнайы белгіленген жерлерде серуендету;

4) малдарды аулада союды жүргізбеу;

5) өлген малдардың өлекселерін немесе сойылған малдардың калдықтарын иттерге, терісі бағалы аңдарға және мысықтарға азыққа бермеу;

6) күзеттік және қызметтік иттерге мерзімді дегельминтизация жүргізу;

7) ет және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптаусыз сатуға жол бермеу қажет.

694. Әр шаруашылық субъектісін қоршалған қасапханамен, Беккари шұңқырымен немесе өлексе жағатын пешпен қамтамасыз ету қажет.

2-параграф. Эхинококкозdan таза емес пункттерде және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

695. Сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы эхинококкоз ауруының пайда болуы туралы хабарды алғаннан кейін тез арада ауру шыққан жерге келіп:

1) эпизоотологиялық тексеруді ұйымдастырады;

2) таза емес пункттің індет ошағының шекарасын анықтау;

3) диагноз қою үшін ауру малдардан патологиялық материалдар алады және оны ветеринариялық лабораторияға жібереді.

696. Нақты диагноз қойылғаннан кейін шаруашылық субъектісінің аумағында ұйымдастыру-шаруашылық және санитариялық-насихаттық шаралар кешенін жүргізеді :

1) отарлар мен табындардағы иттердің санын қажетті шекке дейін қысқарту;

2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды жүйелі түрде жою;

3) өлекселер мен зақымдалған мүшелерді утильдеу немесе жағу арқылы немесе биотермиялық шұңқырда жою;

4) отарлар мен табындардағы, сондай-ақ халықтағы барлық иттерді есепке алу;

5) отарлар мен табындардағы, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың және жеке иеліктегі жасы үш айдан асқан барлық иттерді әр күнтізбелік 45-50 күн сайын дегельминтизациялау;

6) шаруашылық субъектілерінің қызметкерлерін мерзімді түрде (3-6 ай сайын) тексеру және зерттеу;

7) санитариялық-насихаттау жұмыстарын жүргізу және жеке гигиена ережелерін сақтау.

697. Ішкі мүшелерді ашып, тексеру жолымен еттің толық ветеринариялық-санитариялық сараптамасын жүргізу қажет. Эхинококктар табылған жағдайда ондай мүшелер жойылады.

64-тарау. Жылқылардың нутталлиозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 64-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың нутталлиозы профилактикалық іс-шаралары тәртібі

698. Ауру профилактикасы мақсатында меншігінде жануарлары (жылқылар, есектер, қашырлар) бар жеке және заңды тұлғалар жыл сайын мынадай іс-шараларды жүргізеді :

- 1) профилактикалық ветеринариялық тексеру үшін жануарларды ветеринария мамандарына көрсетеді;
- 2) жануарларды толыққанды азықтандыруды ұйымдастырады;
- 3) құлындарды үлкен мал басынан бөлек ұстайды;
- 4) жануарларды (жылқыларды, есектерді, қашырларды) әкелуді және жемшөп сатып алуды қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден ғана жүргізеді;
- 5) барлық жаңадан сатып алынған жануарларды (жылқыларды, есектерді, қашырларды) карантиндеуде ұстайды;
- 6) қора-жайларды, аулаларды, ашық қораларды және тұрақтарды дезакаризациялауды жүргізеді;
- 7) жүйелі түрде жануарлардағы, жайылымдардағы кенелермен күрес жүргізеді.

2-параграф. Жылқылардың нутталлиозы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

699. Шаруашылық жүргізуші субъектіде нутталлиозбен ауыратын жануарлар анықталған кезде, осы шаруашылық жүргізуші субъектіге қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маман бұл туралы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына хабарлайды. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жануарлардың жылқылардың нутталлиозымен ауыруына күдіктену туралы хабарды алысымен диагнозды нақтылау үшін осы жерге келіп, ауру жануарлардан алынған патологиялық материалды алады және ветеринариялық зертханаға жібереді.

700. Нутгаллиоз диагнозы анықталған кезде, ауру жануарлар оқшауланады және емдеу үшін Қазақстан Республикасында тіркелген препараттар ветеринариялық препараттар қолданылады.

701. Жануарларды апта сайын акарацид препараттарымен өңдейді.

65-тарау. Жылқылардың параскариозы (параскаридозы) бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 65-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта өткізілетін профилактикасы жөніндегі іс-шаралар тәртібі

702. Аурудың профилактикасы жылқыларды оңтайлы мерзімде дегельминтизациялауды, сыртқы ортаны зарарсыздандыруды, азықтандырудың және ұстаудың қалыпты жағдайын қалыптастыруды қамтиды.

703. Профилактикалық дегельминтизациялау мерзімі және кезеңділігі жылқылардың жасына және олардың басқа гельминттерді жұқтыруына байланысты. Ерте көктемде туылған құлындардың параскариозбен моноинвазиясы кезінде, маусым және шілде айларында, ал көктемнің соңында туғандарды – тамыз айында дегельминтизациялайды. Оларды қазан және қараша айларында қайталап өңдейді. Жас 1-2 жылдық жастағы малдарды жайылымға шығару алдында наурыз және сәуірде дегельминтизациялайды, қайталап – тамызда және қыркүйекте; интенсивті инвазия кезінде қараша-желтоқсанда үшінші дегельминтизациялауды жүргізеді. Ересек жылқыларды көктемде және күзде дегельминтизациялайды.

704. Табында бағып ұстау кезінде жиі байқалатын жылқылардың бір мезгілде параскариозды және стронгилятозды жұқтыруы кезінде дегельминтизация кешенді түрде, ұзақтығы гельминттердің препатентті даму кезеңіне сәйкес келетін мерзімде антибиотиктердің қауымдастырылуымен жүргізіледі.

705. Емдік (мәжбүрлі) дегельминтизация жылдың кез келген уақытында жүргізіледі.

706. Дегельминтизациядан кейін күнтізбелік 10-15 күннен соң ат қораны және жақын жатқан аумақтарды санитариялық өңдеу жүргізіледі. Қабырғалар, едендер, науалар және барлық шаруашылық құрал-саймандар ыстық дезинфекциялық ерітіндімен жуылады.

707. Кейін қи, жемшөп қалдықтары және төсем күн сайын тазартылып, қиға биотермиялық өңдеу жасалады.

2-параграф. Эпизоотиялық ошақта және параскариоз бойынша қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

708. Параскариоз бойынша қолайсыз шаруашылықта жайылымның ашық қора жүйесін қолдану ұсынылады, бұл үшін жайылымдық жерлер 8 учаскеге бөлінеді. Әрбір ашық қорада жылқылар осындай жүйелілікпен бастапқы ашық қораларға қайтарыла отырып, күнтізбелік 10 күннен жайылады.

709. Инвазияланған жануарларды емдеу Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген антигельминтиктермен жүргізіледі.

66-тарау. Жылқылардың күйек ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 66-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жылқылардың күйек ауруын профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

710. Аурудың пайда болуының алдын алу үшін мемлекеттік ветеринарлық дәрігер өсіруге арналған жылқыларды жеткізушілер аумағының және шаруашылықтарының эпизоотиялық жай-күйі тұрақты түрде бақылап отырады. Шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан әкелінген жылқылар карантиндеуде ұсталады.

711. Күресу шаралары (профилактика, диагностика және емдеу) ауруды жою және ауру жануардың организмін стерильдеу бойынша жоспарлы іс-шараларды өткізу жолымен жүргізіледі.

712. Жылқыларға арналған қора-жайлар, құрал-саймандар және күтім жасауға арналған заттар дезинфекцияланады.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және жылқылардың күйек ауруы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

713. Шаруашылық жүргізуші субъектіде (табында, аулада) күйек ауруымен ауыратын жылқылар анықталған кезде, осы ауылдық округке, елді мекенге, қалаға қызмет көрсететін мемлекеттік ветеринарлық дәрігер бұл туралы дереу тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына хабарлайды.

714. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жылқылардың күйек ауруымен ауыратынына күдіктену туралы хабарды алысымен диагноз қою, эпизоотологиялық тексеруді жүргізу, эпизоотия ошағының және қолайсыз пункттің шекарасын анықтау үшін дереу осы жерге келеді.

715. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде жылқыларды (есектерді, қашырларды) шығаруға, сатуға және көшіруге, жаңа жануарларды кіргізуге, ауру және ауру күдігі бар жануарларды жаюға, сондай-ақ қашыртуға рұқсат етілмейді.

716. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде жыл сайын күйек науқандары арасындағы кезеңде сезімтал жануарларды, сондай-ақ ауру және ауру күдігі бар биелерден туған құлындарды үш мәрте тексеру жүргізіледі.

717. Қолайсыз жерлерде қашырту үшін пайдаланылатын айғырлар Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттардың бірімен профилактикалық өңдеуге ұшырайды.

718. Ауру және ауру күдігі бар жануарлардың қиы, төсемі және жемшөп қалдықтары жағылады.

719. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъекті соңғы ауру жануар бөлінгеннен кейін және егер шаруашылық жүргізуші субъектінің қалған барлық жануарлары күйек ауруына теріс нәтиже берсе, бір жыл өткен соң қолайлы деп жарияланады.

67-тарау. Жылқының инфекциялық энцефаломиелиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 67-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялықтаза аймақтарда алдын-алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

720. Жылқының энцефаломиелит ауруының алдын алу мақсатында келесі шаралар жүргізіледі:

батпақ және батпақтанған жайылымдарды құрғату, бұталарды тазалау;

жайылымдағы азықтық шөптер құрамын жақсарту;

томарлық және батпақтық қырықбуын және басқа да улы шөптерден таза жайылымдар таңдау;

қан сорғыш жәндіктердің жаппай шығу кезеңінде әр түрлі үркіткіш құралдармен (репеленттермен) жылқыларды домдаудан өткізу.

2-параграф. Жылқының инфекциялық энцефаломиелит ауруынан таза емес пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

721. Ақырғы диагноздың қорытындысы бойынша ауру шыққан шаруашылық субъектілерінің аумағын, жылқының инфекциялық энцефаломиелит ауруынан таза емес деп жариялап, карантин қойылады.

722. Таза емес аумақтан карантин ақырғы жылқы өлген немесе жазылғаннан соң күтізбелік 40 күннен кейін қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін алынады.

723. Карантин шарты бойынша рұқсат берілмейді:

таза емес пункттерге жылқыларды әкелуге және одан шығаруға;

ауру, ауруға күдікті малдарды жаюға;

таза емес аумақ арқылы жылқыларды айдауға және олармен өтуге;

жылқыларды ветеринариялық инспектордың рұқсатынсыз бір ат қорадан пункт шегіндегі басқа табынға араластыруға;

таза емес пункттің жылқысын таза пункттің жылқыларымен жақындастыруға;

таза емес пункттердің аумақтарына жылқылардың жаппай жиналуына.

724. Жылқылардың энцефаломиелит ауруынан таза емес пункттер тіркелген региондарда, ұрықтандыру пункттері және оларда тұрған айғырлар ветеринариялық тыңғылықты қадағалауда болады.

725. Ауруға күдікті малдарды анықтап болу, оқшаулау мақсатында, карантин кезінде таза емес пункттерде күн сайын екі мезгіл температурасын өлшеу, күнделікті жұмыс қабілеттігін, күйін, тәбетін және сірі қабаттарының сарылану мен терінің сезімталдығын бақылап, байқайды.

726. Күдікті, сонымен қатар аурудың ерте сатысында оларды оқшаулап және симптоматикалық емдеу жүргізеді.

727. Екінші рет (күтізбелік 5-7 күннен кейін) ветеринариялық тексеру кезінде жылқының энцефаломиелит ауруының белгілері болмаған жағдайда, оларды сауыққан малдар тобына ауыстырады.

728. Ауырып жазылған жылқыларды, ауру асқынып қайталанбас үшін 1 айға дейін жұмысқа қоспайды. Осыдан кейін ол жылқыларды жұмысқа қосады.

729. Жылқының энцефаломиелит ауруынан өлген өлекселерін мал қорымында жояды.

730. Ауру жылқылар тұрған қораларды, қашарларды, және оларға арналған құралдарды шұғыл түрде тазалап, дезинфекциядан өткізеді.

731. Дезинфекция жүргізуге Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген препараттар колданылады.

732. Карантин шарты бойынша:

1) жылқыларды, жылқылардан алынған шикі өнімдерді ұқсатушы өнеркәсіптерге тасымалдау әкімшілік аумақ бірліктеріне тиісті ветеринариялық инспектордың рұқсатымен жүргізіледі (жылқылардан алынған шикі өнімдер жақсылап жабылған ыдыстарда болуы керек),

2) басқа жануарларды және құстарды, сонымен қатар олардан алынған өнімдерді шығаруға болады.

733. Жылқының энцефаломиелит ауруынан тұрақты таза емес ошақтарда келесідей алдын алу шаралары жүргізіледі:

энцефаломиелит ауруынан тұрақты таза емес ошақтарды және шаруашылық субъектілерді анықтап, кешенді сауықтыру шараларын жасау;

ошақ шыққан жердің рельефін, батпағын, көлін, бұталарын және басқада өсімдіктер жағдайын зерттеу;

қан сорғыш жәндіктер мен кенелердің жылқы малына ең көп мөлшерде шабуыл жасау уақытын анықтау;

жылқының энцефаломиелит ауруы үнемі шығатын жайылымдарды зерттеу.

68-тарау. Жылқының африкалық обасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 68-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық – санитариялық таза аймақтарда алдын – алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

734. Жылқының африкалық обасы еніп және таралып кетпес үшін:

1) профилактикалық және басқа шараларды жүргізуін жүйелі бақылау;

2) осы аурудың алдын алуда жергілікті географиялық жағдайларды ескеріп жүргізілетін іс-шаралардың аумақтық шекарасын анықтау;

30 домдауға жататын мал басын, неше рет өткізу керектігін, бөлме көлемін, гематофагтардың жиналған жерлерін есептеп іс-шараларды жүргізуге қажетті биопрепараттарды, инсектицидтерді және басқа материалдарды қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру;

4) елді мекендердегі халықтар арасында осы аурудың тегі және онымен күрес жолдары туралы ауқымды түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

5) барлық тақ тұяқты және иттерді қатаң есепке алу;

6) барлық тақ тұяқтыларды басқа малдардан бөлек ұстау;

7) жылқының африкалық обасынан таза емес аймақтардан шаруашылық субъектілеріне жылқыны енгізуге, сонымен қатар азықпен құралдар әкелуге кіргізуге жол берілмейді;

8) малдардың барлық түрлерін инсектицидтерді қолдана отырып, Қазақстан Республикасының реестрінде тіркелген ветеринариялық препараттармен домдау жасау;

9) кеміргіштермен күресу жеміндегі іс – шараларды жүзеге асыру, жануарларға арналған бөлмелерді және гематофагтар жиналатын орындарға жүйелі түрде дезинфекциялауды жүргізу.

2-параграф. Таза емес пункттерде және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

735. Ақырғы диагноздың қорытындысы бойынша ауру шыққан шаруашылық субъектілерді осы аурудан таза емес деп жариялап, карантин қойылады.

736. Таза емес аймақтан карантин ақырғы мал өлгеннен бастап бір жыл өткен соң қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін алынады.

737. Карантин шарттары бойынша:

таза емес пункттерге малдың барлық түрлерін әкелуге және шығаруға;

ауру және сау малдарды бір жайылымда жаюға, суаруға және бір қорада ұстауға, сонымен қатар шаруашылық субъектілерінде малдарды қайта топтастыруға;

жылқыларды, есектерді, қашырларды және басқа малдарды сатуға, көрмелерді және карантиндік пункттер мен қауіпті аумақтарда малдардың жиналуымен байланысты басқада шараларды ұйымдастыруға рұқсат берілм.ейді

738. Карантинді постардың өту жолдары дезинфекция жүргізетін арнайы құралдармен инсектицидтік қамтамасыз етілуі тиіс.

739. Карантин қойылған шаруашылық субъектілеріне кіретін және олардан шығатын автокөліктер мұқият дезинфекциядан өтуі тиіс. Олардағы жүктер де дезинфекцияланады.

Ескерту. 739-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

740. Карантин қойылған пунктте мынадай шаралар өткізіледі:

1) бос жүрген иттерді жою;

2) африкалық обадан өлген мал өлекселерді өртеу, жою;

3) жылқының африкалық обасын жұқтыру күдігі бар тақтұяқтыларды басқа малдардан жеке ұстау;

4) иттер және тақтұяқтылар, мүмкін болған кезде барлық малдар, құстарды қоса алғанда жүйелі түрде инсектицидтермен өңдеу;

5) күнделікті қора-жайлардағы ауру жануарлардың қиларын, азық қалдықтарын және төсеніштерін жинау және өртеу;

6) гематофагтардың жиналған және қалқып шығуы мүмкін жерлерді (бұлақтардың, кішкене өзендердің, арықтардың батпақ жағалаулары, ағаштардың қуыстары, көлшіктер және басқалары) жүйелі түрде инсектицидтермен өңдеу.

Ескерту. 740-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

741. Жылқының африкалық обасымен ауырған барлық малдар өртеу арқылы жойылады.

742. Жылқының африкалық обасына күдікті клиникалық белгілерімен өлген тақ тұяқтылардың өлекселері алғашқы ауырған жағдайда диагнозды анықтау үшін гематофагтардың ұшып қонуынан, инфекцияны таратпау шарттарын сақтап сойылып, соңынан өртеу арқылы жойылады.

743. Тақ тұяқтылардың африкалық обасынан сауықтырылған шаруашылық субъектісінде 3 жыл қатарынан өткізілетіндер:

тақ тұяқтылар мен иттерді инсектицидтермен жүйелі түрде домдаудан өткізу;

гематофагтардың туатын және орын тепкен жерлерін инсектицидтармен жүйелі түрде домдаудан өткізу;

кемергіштерді жою іс-шараларын ұйымдастыру (жылқының африкалық обасының қоздырушысының резервуары).

744. Бұрын тақ тұяқты жануарлардың обасынан таза емес шаруашылық субъектілеріне малдарды енгізу, шығару және сатуға карантин алынғаннан соң бір жылдан кейін, тақтұяқты жануарлардың осы аурудан толық тазарған жағдайында ғана рұқсат беріледі.

69-тарау. Стронгилятоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 69-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын жануарлар стронгилятоздарының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

745. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта стронгилятоздардың таралуын болдырмау мақсатында клиникалық сау және копрологиялық тексерулер бойынша теріс нәтижелер берген жануарларды ғана әкелуге рұқсат етіледі.

746. Жаңадан сатып алынатын жануарлар күнтізбелік 30 күн бойы оқшау ұсталып, клиникалық байқаудан және копрологиялық тексеруден өткізіледі.

747. Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде жыл сайын, жылына 2 рет көктемде және күзде жануарларға профилактикалық дегельминтизациялау жүргізіледі.

Бұдан басқа, жылқылар мынадай жағдайларда: басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруге дейін, көрмеге және спорттық жарыстарға жіберудің алдында екі апта бұрын клиникалық байқаудан және копрологиялық тексеруден өткізіледі.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және жануарлар стронгилятозы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

748. Стронгилятоз бойынша стационарлық қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде:

- 1) жануарларды азықтандыру және ұстау жағдайлары жақсартылуға тиіс;
- 2) күн сайын және мұқият қи жинау және оны биотермиялық өңдеу жүргізіледі;
- 3) жануарлар дегельминтизацияланады;
- 4) сыртқы ортадағы қоздырғыштың даму мерзімін ескере отырып, жайылымдарды тұрақты түрде ауыстыру жүргізіледі;
- 5) жас төл қыратты, жақсартылған жайылымдарда бағылады;
- 6) жануарлар су құбырының, құдықтың, өзендердің және жылдам ағысты бұлақтардың таза суымен суарылады, бұл ретте су көздеріне түсетін жерлер құрғақ, қатты топырақты немесе жабынды болуға тиіс;
- 7) мал қораларының, науалардың, астаулардың, күтім жасау заттарының, құрал-саймандардың, аулалар мен олардың маңындағы аумақтың тазалығы қамтамасыз етіледі;
- 8) дезинфекциялық, дезинвазиялық және дератизациялық іс-шаралар өткізіледі.

749. Стронгилятозбен қатты ауырған жануарлар жеке топтарға бөлінеді, оларды азықтандыру және ұстау жағдайлары жақсартылады, жеке емделеді.

70-тарау. Түйелердің су-ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 70-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүзеге асырылатын түйелердің су-ауруы профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

750. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумаққа су-аурудың таралуын болдырмау мақсатында осы ауру бойынша қолайлы аумақтардан клиникалық сау жануарларды ғана әкелуге рұқсат етіледі.

751. Импортталатын және экспортталатын жануарлар карантиндеуге және су-ауруға тексеруге жатады.

752. Қолайсыз аумақтарға амалсыздан бару немесе оларды басып өту уақытында жануарларды қан сорғыш жәндіктерден иісі аңқып тұратын дәрілер сіңген (деготь, креолин, тазартылмаған карбол қышқылы тағы басқа) жабумен қорғау қажет.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және түйелердің су-ауруы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

753. Жануарлар су-аурумен ауырған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъект қолайсыз деп жарияланады.

754. Су-ауру бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде жыл сайын кейіннен ауру жануарларды оқшаулап және міндетті ерекше емдей отырып, түйелерді және осы ауруға сезімтал басқа да мал басын трипанозомозға клиникалық, микроскопиялық және күкіртті диагностикалық әдістер көмегімен тексеру жүргізіледі. Тексеру жылына кемінде үш рет: қыстың басында және соңында (таратушылар болмаған кезде) және ауру маусымында жүргізілуі қажет.

755. Жануарларды қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерден қолайлыларға ауыстыруға трипанозоманы тасымалдаушының жоқтығын белгіленгеннен кейін ғана жол беріледі.

756. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бағалы аталықтар және асыл тұқымды аналықтар жыл сайын трипанозомозді жұқтырудың барынша үлкен қаупі бар маусым уақытында ерекше препараттармен профилактикалық өңдеуден өткізіледі.

757. Ішкі құюды жүргізу кезінде, зерттеу үшін қан алу кезінде және осы сияқты барлық құралдар, әсіресе инелер әрбір жануарға қолданар алдында қайнату арқылы зарарсыздандырылады. Айналадағы заттардың қанмен ластануына жол берілмейді.

758. Ауру малдар оқшауланады және емделеді.

759. Ауру күдігі бар жануарлар оқшауланады және кемінде үш рет қосымша зерттеулерден өткізіледі.

760. Емдеуден кейін жануарлар 6 айға жеке топтарға оқшауланады және үш мәрте тексеруден өткізіледі.

761. Егер 1 жыл ішінде емделген жануарларда аурулардың жаңа жағдайлары және рецидивтер анықталмаса, шаруашылық етуші субъекті сауықтырылған деп танылады.

762. Күйек пункттерінде міндетті бақылау жүргізіп, барлық келіп түскен аналықтардың қаны микроскопиялық зерттеуден өткізіледі.

763. Жоғары бағалы аталықтар ауру, күдікті және емдеуден өткен аналықтармен соңғылардың сауығуына дейін күйекке жіберілмейді.

764. Ауру аналықтар ұрықтандыруға емделгеннен кейін күнтізбелік 10-15 күн өткен соң ғана жіберіледі.

765. Ауру аталықтар емделгеннен кейін толық сауыққанға дейін күйекке жіберілмейді.

766. Ауру, күдікті және емделген аналықтарды жасанды түрде ұрықтандыруға болады.

71-тарау. Шошқалардың аскаридозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 71-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта шошқалардың аскаридозы профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

767. Шошқалардың аскаридозының профилактикасы үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) рационға құрамы бойынша витаминдермен және минералдық заттармен теңгерімделген жемшөп қосылды;

2) шошқаларды жазда лагерьде ұстау қамтамасыз етіледі;

3) оңтүстікке қарай қаратылған, топырағы тығыз ылдилы бөктерлерде жазғы лагерьлердің құрылысы және жабдықталуы қамтамасыз етіледі;

4) қидың күн сайын жиналуы, оның биотермиялық залалсыздандыруға арналған жабдықталып қоршалған қи қоймасына шығарылуы қамтамасыз етіледі;

5) қораларды, астауларды, науаларды, күтім жасау заттарын және шаруашылық құрал-саймандарын (шелектерді, күректерді, айырларды, сыпыртқыларды) үнемі тазалау және механикалық тазарту, оларды ерітінділермен немесе қайнаған сумен зарарсыздандыру жүргізіледі;

6) кейіннен тегістей отырып, ферма маңындағы аумаққа және жаю аулаларына әк сеуіп аудару жүргізіледі;

7) ферма маңындағы жыртылмаған учаскелерді және орманды жайылымдарды пайдалануға жол берілмейді, өйткені онда жаңбыр құрттарының ірі биотоптары көп болады;

8) торайлау науқандары, жас малды бордақылауға ауыстыру аралығындағы кезендерде және жануарлар союға әкетілгеннен кейін мерзімді түрде қораларды мұқият тазарту және дезинвазиялау жүргізіледі;

9) жануарларды тек қана науалардан (астаулардан) азықтандыру және таза сумен суару қамтамасыз етіледі;

10) жаңадан әкелінген жануарлар карантиндеуге және гельминттерге зертханалық зерттеуге ұшырайды;

11) шошқалардың ферма аумағындағы немесе елді мекендегі жаю аулаларынан тыс жайылуына рұқсат етілмейді.

768. Репродуктивтік және асыл тұқымды шаруашылықтарда аналық шошқаларды торайлауға дейін бір ай бұрын, лагерлерге ауыстыру алдында және күзде қоршалған орындарда ұстауға қою алдында дегельминтизациялау жүргізіледі. Жас емізілетін торайлар сәуірден бастап желтоқсанға дейін бірінші рет 90 күндік жасында, ал қыста, желтоқсаннан бастап сәуірге дейін - бірінші рет 50-55 күндік жасында, екінші рет 90 күндік жасында преимагинальды түрде дегельминтизацияланады. Қиының сынамалары мерзімді түрде зерттелініп, зерттеудің нәтижелері оң болған кезде жоспардан тыс алдын алу дегельминтизациясы жүргізіледі.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде шошқалардың аскаридозын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

769. Шошқалардың аскаридозы бойынша қолайсыз пункттерде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) репродуктивтік, асыл тұқымды және репродуктивтік-бордақылау шаруашылықтарында торайлауға дейін бір ай бұрын барлық аналық шошқалар дегельминтизацияланады. Күнтізбелік 10 күннен кейін бақылау зертханалық зерттеу жүргізіледі және ауру жұқтырған жануарлар анықталған кезде дегельминтизация қайталанады;

2) туылған торайлар 14 күндік жасынан және 35 күндік жасынан бастап преимагинальдық дегельминтизацияланады;

3) торайларға преимагинальдық дегельминтизация жүргізу мүмкіндігі болмаған кезде, дегельминтизация 5-3 айлық жасқа жеткеннен кейін басталады. Күнтізбелік 10 күннен кейін бақылау зертханалық зерттеулер жүргізіледі және топта 10 %-тен астам ауру жұқтырған жануарлар анықталған жағдайда дегельминтизация қайталанады;

4) аналық шошқалардың қоралары – әрбір торайлау кезеңінің алдында, өсіру және бордақылау топтарының шошқа қоралары – қораларды кезекті толтыру алдында дезинфекцияланады.

770. Бордақылау шаруашылықтарында:

1) бордақылауға келіп түсетін шошқалар, карантиндеу кезеңінде зертханалық зерттеулерге және қажеттілігіне қарай дегельминтизациялауға түседі;

2) карантиндік қоралар малдарды бордақылауға ауыстырғаннан кейін, ал бордақылауға арналған шошқа қоралары - бордақылаудың кезекті циклі аяқталғаннан кейін дезинфекцияланады.

771. Шаруашылықтың барлық түрлерінде шошқа қораларының, төбесі ашық жайлардың, жаю аулаларының және аландардың едендерінің жамылғысы қатты болуға тиіс. Шошқаларды ферма аумағында жаюға жол берілмейді.

772. Дегельминтизациялау үшін Қазақстан Республикасында тіркелген препараттар қолданылады.

72-тарау. Трихинеллез бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 72-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Трихинеллез бойынша қолайсыз эпизоотия ошақтарында жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

773. Шошқаларды жануарларды ет комбинатында сою қалдықтарымен, сондай-ақ аң шаруашылығындағы және аңшылықта ауланатын аңдардан алынған ет ұшасымен тіпті кәдімгі қайнатудан кейін де азықтандыруға рұқсат етілмейді. Шошқалардың фермалардың, елді мекендердің аумағында, алаңқайлар мен жыраларда және орман алқабында кезіп жүруіне рұқсат етілмейді. Шошқа қораларын, жаю аулаларын, жазғы лагерьлерді қоса алғанда, шаруашылық жүргізуші субъектілерде жүйелі түрде дезинфекциялау және дератизациялау жүргізіледі.

774. Ветеринария қызметі ет өңдейтін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы және елді мекендердегі барлық шошқа ұшасын, сондай-ақ базарға және арнайы дүкендерге келіп түсетін осы ауруға сезімтал басқа да жануарлардың ұшаларын трихинеллезге міндетті түрде тексеріп отырады. Ветеринария қызметі аң шаруашылықтарында жаппай сою кезінде аң ұшаларын ішінара тексереді.

775. Шошқа мен аңдар ұшаларының бұлшықет сынамаларында трихинелл личинкалары табылған жағдайда, аталған ұшалар ет-сүйек ұнына өңделеді немесе өртеледі, оларды жерге көмуге жол берілмейді. Жануарлар арасында трихинеллез қоздырғышының табылғаны туралы тиісті ақпарат халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

Ескерту. 775-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

776. Тұрғындар арасында трихинеллез ауруы тіркелген уақытта, ошақта бірлескен эпидемиологиялық-эпизоотологиялық іс-шаралар жүргізіледі.

777. Бұлшықет талшықтары бар қосалқы өнімдер де кәдеге жаратылады, шпиг 20 минут бойы 100 С0 қорытылады, ішкі май шектеусіз сатылады.

778. Аң фермаларында аң ұшаларын алдын-ала залалсыздандырмай азықтандыруға рұқсат етілмейді, өлген жануарлардың өлекселері өртеледі.

73-тарау. Құстың аспергиллезі бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 73-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын құс аспергиллезінің профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

779. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде құс аспергиллезі ауруын болдырмау үшін меншік нысанына қарамастан, осы Қағидаларда көзделген іс-шаралар кешені қатаң орындалады.

780. Мыналар қамтамасыз етіледі:

1) құстарға толыққанды сапалы жем беру;

2) фермаларға, құсханаға әкелінетін жем мен төсемдердің, буып-түю материалдарының және жұмыртқа ыдыстарының санитариялық сапасын мұқият бақылау;

3) саңырауқұлақтардың әртүрлі түрлерімен жаппай тұқымданбау үшін жем мен жемшөп қоспаларын сақтау қағидаларын орындау;

4) кезең аралық профилактикалық үзілістерін сақтау, бұл кезде құсханаға, инкубаторияға, қоймаға, күтіп-ұстау заттарына, жабдықтарға, ыдыстар мен тасымалдау заттарына мұқият түрде механикалық тазалау мен дезинфекция жүргізіледі;

5) инкубациялық жұмыртқаларды жүйелі түрде дезинфекциялау;

6) құсханаларды және құс фабрикаларының өндірістік аймақтарын тазалау, вентиляциялық және басқа да қалдықтардың жиналуын, бұталардың, биік шөптер мен өсімдіктердің өсіп кетуін болдырмау;

7) құс фабрикасының ауа кеңістігі шаңдануының және эрозияның алдын алу мақсатында топыраққа көпжылдық шөптер егу, оларды жүйелі түрде көгал түрінде шабу;

8) ферма ішіндегі жолдарды, құсхана қабырғаларын, әсіресе құсханаға, көгалға, ағаштарға жақын орналасқан вентилятор, алаң жақтан суару машиналарының көмегімен су бүрку арқылы жүйелі түрде жуу немесе суландыру.

781. Пайдаланылатын құсханаларда еденді жұмыс күнінің бірінші және екінші жартысында сумен ылғалдап отырады, ал күнтізбелік 7-10 күнде 1 рет натрий гипохлоридін (кальций) немесе 1 текше метрге 300 миллилитр есебімен құрамында 0,5 белсенді хлоры бар хлорамин Б ерітіндісін пайдаланады.

782. Қазақстан Республикасында тіркелген ветеринариялық препараттар пайдаланылады.

2-параграф. Эпизоотикалық ошақтарда және құс аспергиллезі бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

783. Ауру құс анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті аспергиллез бойынша қолайсыз болып жарияланады және шектеу енгізеді.

784. Құс аспергиллезі бойынша қолайсыз құс шаруашылық жүргізуші субъектіде мыналарға:

- 1) құстарды қолайсыз құсханадан (елді мекеннен, ауладан) сау құсханаға ауыстыруға;
- 2) тиісті санитариялық өңдеусіз керек-жарақтарды, жабдықтарды және басқа да заттарды қолайсыз объектілерден сау объектілерге ауыстыруға;
- 3) қолайсыз құсханада (елді мекеннен, ауладан) күтіп-бағумен айналысатын персоналдың қолайлы объектілерге келуіне;
- 4) жұмыртқаларға алдын ала дезинфекция жасамай инкубаторияға әкелуге рұқсат етілмейді.

785. Ауру құс өз шаруашылығында сойылып, кейіннен кәдеге жаратуға жібереді.

786. Күрделі эпизоотиялық жағдайда ветеринария саласындағы маман мен шаруашылық жүргізуші субъекті басшысының шешімі бойынша құс мерзімінен бұрын союға жіберіледі.

787. Қорытынды іс-шаралар жүргізілген жағдайда, ауру құсты анықтау және құсханадан әкетудің соңғы жағдайынан кейін 3 ай өткен соң шаруашылық жүргізуші субъектіден шектеу алынады.

74-тарау. Құстардың Марек ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 74-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Құстардың Марек ауруының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

788. Аурудан қолайлы құс шаруашылықтарында құстардың осы ауруына шалдығатын әр басына, Марек ауруына қарсы профилактикалық вакцинация жүргізіледі.

789. Тауықтардың арасында Марек ауруына иммундық профилактика жұмысын жүргізу үшін Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген вакциналар қолданылады.

790. Құсханалар мен жабдықтарға толық санация жүргізе отырып, табынды өсіруде профилактикалық үзіліс жүзеге асырылады.

2-параграф. Аурудан қолайсыз пункттерде ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

791. Марек ауруына диагноз қойылған жағдайда, құс шаруашылығына шектеу енгізіледі, оның шарттары бойынша аурудың өту сипатын ескере отырып, ауруды жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізіледі.

792. Құс шаруашылығында аурудың таралуы кең ауқымды сипат алмай, аурудың жекелеген жағдайлары болған кезде Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекция жүргізілгеннен кейін, құс шаруашылығының ішінде жұмыртқаларды инкубациялауға рұқсат етіледі. Құстардың жүнін, мамығын, инкубациялық жұмыртқаларды және мал қораларға кәдімгі жалпы қабылданған заттармен дезинфекциялау жүргізіледі.

793. Марек ауруының эпизоотиялық пайда болуы кезінде (құстардың жаппай ауыруы және аурудың таралу үрдісінде) мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) инкубациялық жұмыртқалардың және тірі құстардың сатылуына жол берілмейді;
- 2) инкубацияны және құстардың жас балапандарын өсіруге қабылдау тоқтатылады;
- 3) қолайсыз құс қораларындағы, цехтардағы, фермалардағы барлық құстар құс шаруашылығының құс сою бөлімінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында сойылады;
- 4) инкубаторға, құс қорасына, қосалқы қора жайларға, жабдықтарға, құрал-саймандарға, іргелес аумаққа мұқият тазарту және дезинфекциялау жүргізіледі;
- 5) қолайсыз құс өсіру шаруашылықтарында құс қораларына, инкубаторларға, жабдықтарға, құрал-саймандарға, өндірістік аумақтарға, көлік құралдарына және басқа объектілерге ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізіледі;
- 6) саңғырыққа және төсемдерге биотермиялық зарарсыздандыру жүргізіледі.

794. Балапандарды өсіруге қабылдау, құс шаруашылығында санация аяқталғаннан кейін бір ай уақыт өткен соң рұқсат етіледі.

795. Өсіруге қабылданған балапандар тәуліктік жаста Марек ауруына қарсы егіледі (вакцинаны қолдануға арналған нұсқаулыққа сәйкес).

796. Қолайсыз құс шаруашылығының тауықтарынан алынған жұмыртқалар формальдегид буымен мынадай схема бойынша дезинфекцияланады:

1) инкубациялық жұмыртқалар: төрт рет - бірінші рет жұмыртқалағаннан кейін 1 сағаттан кешіктірілмейтін уақытта, екінші рет - инкубаторға салынар алдында, үшінші рет - инкубаторларда 6 сағат жылытылғаннан кейін және төртінші рет - шығарушы шкафтарда жұмыртқалар бір орыннан басқа орынға ауыстырылғаннан кейін;

2) ас жұмыртқалары - сауда көздеріне жіберілердің алдында бір рет дезинфекциялаудан өткізіледі.

797. Марек ауруы бойынша қолайсыз құс қораларындағы құстарды сою кезінде тұтас ұшалар ішкі органдарынан толық босатылады, барлық ішкі органдары кәдеге жаратуға жіберіледі, ал тұтас ұшалар қоғамдық тамақтану желісіне беріледі немесе қайнатылған шұжық, консервілер дайындауға қолданады. Терілерінде немесе бұлшықеттерінде ісікті жаралар болған жағдайда, тұтас ұшалар техникалық кәдеге жаратуға жіберіледі және ас өнімдерін дайындау үшін қолдануға жол берілмейді.

798. Марек ауруының классикалық үлгісімен құстардың 5-10 % ауырған жағдайда құстардың барлық қолайсыз топтарын сою қажет.

799. Ауру жаппай таралған жағдайда инкубациялық жұмыртқаларды сатуға және балапандарды өсіруге жол берілмейді. Құстарды жойғаннан кейін және құс шаруашылығында өндірістің барлық технологиялық буындарындағы санациядан кейін 1 ай уақыт өткен соң балапандар өсіріле бастайды. Барлық жас балапандар тәуліктік жаста егіледі.

800. Шектеу құс шаруашылығынан 6 айлық жасқа дейін өсірілген құс балапандарының арасында Марек ауруы болмаған кезде алынады.

75-тарау. Құстардың бурсалдық ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 75-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Құстардың жұқпалы бурсалдық ауруының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

801. Құс шаруашылықтарының ветеринария саласындағы мамандары профилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында:

1) сырттан індеттің енуіне жол бермеуге арналған іс-шараларды әзірлеуге. Бұл үшін құстарды, сондай-ақ асыл тұқымды жұмыртқаларды жұқпалы бурсалды аурудан қолайлы шаруашылықтардан ғана алуға;

2) құстарды зоогигиеналық нормалардың талаптарына сай келетін бағып-ұстауға қолайлы жағдай жасау арқылы құстар организмнің жұқпалы ауруларға жалпы резистенттілігін көтеруге;

3) жұқпалы бурсалдық ауруға қарсы профилактикалық егу жүргізілетін шаруашылықтарда, егілген құстарға иммунитеттің тұрақтылығына жүйелі түрде бақылауға міндетті. Иммунизацияның тиімділігі вакцинаның сапасына және оны енгізу тәсіліне байланысты.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

802. Бурсалдық аурудың пайда болуына күдіктену кезінде аурудың таралуын тоқтатуға арналған іс-шаралар жүргізіледі, құс қоралары бекітіледі, ауру және ауруға күдікті құстар сойылады, құс қораларына, инкубаторларға, жабдықтарға, құрал-саймандарға және құстарды серуенге шығаратын аумаққа тазарту жүргізіледі. Құс қораларына бөгде кісілердің кіруіне, құс шаруашылығының ішінде құстардың орнын ауыстыруға және одан құстарды, жұмыртқаларды шығаруға, сондай-ақ жем-шөпті, құрал-саймандарды, жабдықтарды, саңғырықты шығаруға рұқсат етілмейді.

803. Диагноз анықталған жағдайда қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

804. Карантин шарты бойынша мыналарға:

1) қолайсыз пунктке әкелуге, құстарды және құс шаруашылығы өнімдерін оның шегінен әкетуге;

2) қолайсыз пункт (ошақ) аумағына бөгде кісілердің кіруіне жол берілмейді.

805. Ауруды және жұқпалы ошағын жою іс-шараларға мыналар кіреді:

3) ауру және ауруға күдікті, құстардың бурсалды ауруына шалдығатын барлық құстарды сою;

4) өлген құстардың өлексесін және сойылған ауру құстарды термиялық кәдеге жарату;

5) құс қорасын, жабдықтарды, құрал-саймандарды және ауру құс тұрған аумақты дезинфекциялау арқылы залалсыздандыру;

6) ауру ошағындағы және қауіпті аумақтағы бурсалды ауруға шалдығатын құстардың арасында вакциналық профилактика жүргізу.

806. Жұқпалы бурсалдық ауру бойынша қауіпті құс шаруашылықтарында және елді мекен пункттерінде мыналарға:

1) қора-жайдан жұқпалы бурсалды ауруға шалдығатын құстарды шығаруға;

2) құс фабрикасына бөгде адамдардың кіруіне және көрмелер өткізуге жол берілмейді;

3) қызмет көрсетуші персонал санитариялық рұқсатты қолданады.

807. Карантин соңғы ауру немесе өлген құсты кәдеге жаратудан соң және індет ошағында қоздырғышты жою бойынша қорытынды ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 21 күн өткенде алынады.

76-тарау. Үйректердің вирустық гепатиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 76-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Үйректің вирустық гепатитінен ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

808. Вирустық гепатит профилактикасы үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерді індеттің енуінен қорғаудың, зоогигиеналық жағдайды жақсартудың, жемдеу және құстардың орналасқан жерін қалыптастыру және құстардың моционының нормаға сай орындалуының үлкен маңызы бар.

809. Профилактика үшін тірі белсенділігін жоятын вакцина қолданылады, оны аналық үйректерге немесе 1-3 күндік балапандарға егеді. Аналық үйректерге де егеді, 2-3 рет еккен соң аналық үйректер иммунитетті жұмыртқадан береді.

2-параграф. Үйректің вирустық гепатиті бойынша қолайсыз аумақтарда және эпизоотикалық ошақтарда жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

810. Вирустық гепатит диагнозы қойылған кезде (жеке меншік құс фабрикаларында, аулаларда) карантинге жауып, мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) барлық ауру және ауруға күдікті, әлсіреген және арықтаған үйректерді жояды. Осы құс қорасының қалған сау үйректерін ары қарай өсуге қалдырады, ал жасы үлкен үйректерді - жұмыртқалағанға дейін ұстайды, кейін шаруашылықтың барлық құстарын союға жібереді;

2) 2-ден 25 күнге дейінгі шартты сау үйректердің барлығына реконвалесцентті қан сары суын немесе гипериммунды қан сары суын тері астына, мойынның астыңғы бөлігіне, 0,5-1 миллилитр көлемінде бір рет енгізеді;

3) шартты сау құстарды етке тапсырған соң қорада механикалық тазарту жүргізеді және құрал-жабдықтарды, қолданылатын заттарды, құс қораның маңайын дезинфекциялайды. Қиды және төсемді жағады немесе биотермиялық залалсыздандыруға шығарады. Дезинфекцияны араға күнтізбелік 10 күн салып екі рет өткізеді. Арнайы киімдерді (халат, аяқ киімді т.б.) 15-20 минутке қайнап жатқан суға салады немесе дезинфекциялайды. Үйректердің жаңа партиясын қайта залалсызданғаннан кейін күнтізбелік 7-10 күн өткен соң әкелуге рұқсат беріледі.

811. Карантин талаптары бойынша:

1) инкубациялы жұмыртқаларды, үйрек пен балапандарды сыртқа шығаруға, оларды халыққа сатуға;

2) үйректердің вирустық гепатиті бойынша қолайсыз қора-жайлардағы құстарды алмастыруға, олардан жем-шөпті, құрал-жабдықтарды және басқа қолданылатын заттарды қолайлы қора-жайларға шығаруға;

3) бөтен адамдардың құс фабрикасына (жеке меншік құс фабрикасына, аулалар мен құс қораларына) кіруіне;

4) вирустық гепатитпен ауырған құстар ұсталған су қоймаларын бір жыл бойы қолдануға рұқсат етілмейді.

812. Карантин талаптары бойынша мыналарға:

- 1) клиникалық сау үйректер мен балапандарды сою үшін сою пунктіне жіберуге;
- 2) шаруашылық жүргізуші субъектінің ішінде үйректі етке өсіру үшін жұмыртқаларды инкубациялауға;
- 3) үйрек табынын қалыптастыру үшін үйректердің вирустық гепатиті бойынша қолайлы басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерден балапандарды әкелуге рұқсат етіледі.

813. Шаруашылық жүргізуші субъекті карантин алынғаннан кейін және қора-жайға, құрал-жабдықтарға, құстарды күтетін заттарға, құс қора-жайларының айналасындағы аумаққа және басқа да қосалқы қор-жайларға қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін қолайлы деп жарияланады.

77-тарау. Жоғары патогенді құс тұмауы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 77-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жоғары патогенді құс тұмауының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

814. Жоғары патогенді құс тұмауының жұғу қауіпі туған жағдайда, оның қоздырғышын енгізбеу мақсатында ветеринария саласындағы уәкілетті орган тиісті эпизоотияға қарсы шараларды қолданады, оларға сәйкес:

- 1) қолайсыз мемлекеттердің аумағынан құс және құс шаруашылығы өнімдерін әкелуге (әкетуге) шектеу енгізіледі;
- 2) жабайы және ұшып келетін құстарды аулау реттеледі (жабайы құстарға аңшылық мерзімін реттеу, олардың популяциясын және үй құстарымен жанасу жиілігін азайту мақсатында құстарды атудың санын көбейту);
- 3) ең алғашқы аурудың пайда болу қауіпі төнетін аумақ анықталады, құс ұстайтын заңды және жеке тұлғаларға енгізілген шектеулер туралы тиісті өкімдер жіберіледі.

815. Шаруашылықта (жеке шаруашылығында) құстары бар жеке тұлғалар мынадай талаптарды қатаң сақтауы қажет:

- 1) үй құстарының жабайы, әсіресе суда жүзетін құстармен жанасуды болдырмау бойынша шаралар қолдану;

2) аулада құс ұстау қажет болған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың нұсқауы бойынша жабық түрде ұстауға көшіру;

3) құстың ауру және өлу жағдайы туралы дереу тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық-санитариялық инспекторына хабарлау;

4) жабайы құстармен бірге көлдердің маңайынан радиусі 5 шақырым көлемінде үй құстарын бағуға немесе жаюға жол бермеу.

816. Шаруашылықта құстары бар заңды тұлғалар мынадай:

1) құстардың жабайы, әсіресе суда жүзетін құстармен жанасуды болдырмау бойынша шаралар қолдану;

2) радиусі 5 (бес) шақырымда құстардан бос аймақ құру;

3) қажет болған жағдайда құстарды жабық типті режимде ұстауға көшіру;

4) індеттік аурулар бойынша қолайлылығы тиісті ветеринариялық құжаттармен бекітілген шаруашылықтардан құстарды енгізу (шығару, араластыру);

5) шаруашылық жүргізуші субъектілерде қолайлылықты сақтау, қажет болған жағдайда оларға дезинфекция жүргізу;

6) құстарды өсіру және ұстау технологиясын сақтау;

7) құстың ауру және өлу жағдайы туралы жедел тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық санитариялық инспекторына хабарлау;

8) құстарды әртүрлі жануарлармен, әсіресе шошқалармен бірге ұстауға жол бермеу талаптарын қатаң сақтауы қажет.

2-параграф. Эпизоотикалық ошақтарда және жоғары патогенді құс тұмауы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

817. Диагноз анықталған кезде шаруашылық жүргізуші субъектінің аумағына карантин белгіленеді.

818. Ауру шыққан жер, оған енетін аумақ ауру анықталған жерге (ауру ошағына) қатынасы бойынша ара қашықтығына және вирустың тасымалдану факторлығының болуына байланысты аймақтарға бөлінеді:

1) саламатсыз пункт;

2) буферлік зона - ауру тіркелген пункттің (індет ошағы аймағынан) шекарасы маңайынан радиусы 25 (жиырма бес) шақырымнан кем емес аумақ (сыртқы);

3) байқау аймағы – қауіпті аймақтың шекарасы маңайынан радиусы 50 (елу) шақырымнан кем емес аумақ (сыртқы).

Ескерту. 818-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

819. Саламатсыз пунктте жоғары патогенді құс тұмауының қоздырғышын жою және оның одан әрі таралуының алдын алу бойынша шаралар жүргізіледі. Ол үшін саламатсыз пунктте барлық құстарды (өлекселерді, ауру құстарды, шартты түрде сау және сау құстарды) олардың түрі мен жасына қарамай өртеу арқылы жояды.

Вируспен ластанған және ластануы мүмкін орындарын (құс қоралары, аулалар, сою, тасымалдау, кәдеге жарату орындары) Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялау құралдарымен дезинфекциялайды.

Саламатсыз пункттің аймағынан құсты және құс шаруашылығы өнімдерін шығаруды толығымен тоқтатады. Саламатсыз пункт аймағының шекарасында ветеринариялық-санитариялық (карантиндік) бекеттер ұйымдастырады. Қажет болған жағдайда, осы аймақтан жануарлардың барлық түрлерінің сыртқы аумаққа қозғалуын толығымен тоқтатады.

Ескерту. 819-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

820. Буферлік аймақта ауруды шектеу іс-шаралары және аталған аумақтағы құстарға қатаң ветеринариялық бақылау енгізіледі. Құстар қатаң жабық типте ұстауға ауыстырылады. Жабайы құстардың түрлерімен байланысына жол берілмейді.

821. Бақылау аймағында аталған аумақтағы құстарға қатаң ветеринариялық бақылау енгізіледі. Құстар қатаң жабық типте ұстауға ауыстырылады. Жабайы құстардың түрлерімен байланысына жол берілмейді.

822. Тұмаудан өлген ең ақыры өлексені, құс тұмауына күдікті немесе ауырған құстарды жойғаннан кейін және қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін 21 күннен соң шаруашылық субъектілерінен карантин алынады.

78-тарау. Тауықтардың жұқпалы бронхиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 78-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда тауықтардың жұқпалы бронхит профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

823. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тауықтың жұқпалы бронхит вирусының енуінен мақсатында құс фабрикаларының басшылары мен мамандары профилактикалық іс-шаралар кешенін орындайды.

824. Құс фабрикаларының тауықтың жұқпалы бронхиті бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілермен шаруашылық байланыс жасауына рұқсат етілмейді.

Құс шаруашылығын жинақтауда тек қана клиникалық сау құстың инкубациялық жұмыртқаларын ғана қолдануға болады

825. Құс ұсталатын барлық құс қораларында ауа алмасу тұрақтылығын бақылау қажет. Зиянды газдардың концентрациясы тиісті шамадан аспауы қажет: аммиак 15 миллиграмм кубтық метрге, күкіртті сутегі 5 миллиграмм кубтық метрге, көмір қышқылы – 0,25 пайыз көлемі бойынша ауа дымқылдығы 60-70 пайыз болуы тиіс.

826. Құс қораларын бір жастағы құстардан ғана жинақтау қажет.

2-параграф. Тауықтардың жұқпалы бронхит ауруы бойынша қолайсыз пункттерде және эпизоотия ошақтарында жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

827. Тауықтардың жұқпалы бронхит ауруы анықталған шаруашылық жүргізуші субъекті (құс фабрикасы) тауықтардың жұқпалы бронхиты бойынша қолайсыз деп жарияланады және оған шектеу қойылады.

828. Қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіде (құс фабрикасында) мыналарға:

1) қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектіге инкубациялық жұмыртқаларды және эмбриондарды әкетуге;

2) тірі-құсты басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге әкетуге және оны халыққа сатуға;

3) құсты, жемшөпті және жұмыс құралдарын қолайсыз құс қораларынан қолайлы қораларға ауыстыруға;

4) құстың жұқпалы бронхитіне бейім құстарды басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерінен, құс қоралардан әкелуге;

5) асыл тұқымды табындарды балапан кезінде жұқпалы бронхиттен ауырған құстардан жинақтауға жол берілмейді.

829. Бірнеше қора-жайда ауру анықталған жағдайда ауру және әлсіз құстар мұқият іріктеледі, оны ет-сүйек ұнға өңдейді.

830. Асыл тұқымды шаруашылық жүргізуші субъектілерде тауықтың жұқпалы бронхиты анықталған жағдайда, ауру сақа құстарды союға тапсырады, ал шартты түрде сау құстарды одан әрі союға тапсыра отырып, ет, жұмыртқа алу үшін қолданады. Тауарлы шаруашылық субъектілердегі аналық табында да соны қайталайды.

831. Қолайсыз құс қораларының жұмыртқаларын өткізу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден шығару алдында алдымен дезинфекция өткізеді.

832. Қолайсыз құс қораларындағы сойған құстың ұшаларын өнеркәсіптік өңдеуге жібереді. Қолайлы құс қораларындағы құс ұшаларын жалпы сатуға өткізеді.

833. Қолайсыз құс қораларындағы сойылған құстарының мамығы, қауырсыны кептіру аспаптарында 15 минут бойы 85-90 Цельсий градуста кептіріледі немесе Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекцияланады, кейін кептіріліп, мамық өңдейтін кәсіпорындарға жіберіледі.

834. Шаруашылық ішілік мақсатта балапан өсіру үшін, қолайлы құс қораларының тауықтарынан инкубацияға алынған жұмыртқаларды, екі рет Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекциядан кейін қолдануға рұқсат беріледі.

835. Инкубация қалдықтарын кәдеге жаратады немесе жояды.

836. Құстардың жұқпалы аурулары бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектіден инкубациялық жұмыртқаларды әкелуге инкубациялық жұмыртқаларды мұқият дезинфекциялағаннан және жұмыртқаны жеке инкубациялағаннан кейін, сондай-ақ балапандарды жеке өсірген жағдайда рұқсат етіледі.

837. Шаруашылық жүргізуші субъектіде сау балапандарды оқшаулап өсіруді жүргізеді.

838. Қи және төсем қи қоймасына шығарылады және биотермиялық тәсілмен зарарсыздандырылады. Көліктер күн сайын дезинфекцияланады.

839. Инкубаторлар, құс қоралары, жабдықтар мұқият механикалық тазаланады, дезинфекцияланады және құс қораларының айналасындағы аумақта Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекцияланады.

840. Қораларды әрбір 2-3 күн сайын, ал аумақты аптасына 1 рет.

841. Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекциялайды.

842. Құстар іште болған кезде құс қоралары Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекцияланады.

843. Дәрілердің ауада тозаңдату үшін аэрозольдік агрегатын қолданады.

844. Ауру құстардың ақырғы қоздырғыш бөлуінен 3 айдан кейін шаруашылық жүргізуші субъектідегі тауықты жұқпалы бронхит бойынша қолайлы деп жариялауға болады. Шектеуді алар алдында толық қорытынды дезинфекция жүргізіледі.

79-тарау. Құстардың жұқпалы ларинготрахеиті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 79-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Құстардың жұқпалы ларинготрахеиті профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

845. Құстардың жұқпалы ларинготрахеитінің (бұдан әрі - ЖЛТ) профилактикасы үшін:

1) құс топтары инкубациялық жұмыртқалармен және тәуліктік балапандармен тек қана ЖЛТ-тен қолайлы шаруашылықтардан толықтырылады;

2) құстардың әртүрлі жастағы топтары аумақтық бөлінген аймақтарға орналастырылады;

3) құс қораларын бірдей жастағы құстардан толықтыру;

4) құс қораларын мұқият тазарту, сондай-ақ дезинфекция жүргізе отырып, цикл аралық профилактикалық үзілістерді сақтау;

5) тасымалдап әкелінетін асыл тұқымды жұмыртқалар, ыдыстар және оларды жеткізуге қолданатын көлік, сондай-ақ киім, аяқ киім, жүргізуші және алып келуші персоналдың қолдары дезинфекцияланады;

6) өзінің аналық табынынан алынған жұмыртқаларға және құс шаруашылығына әкелінетін асыл тұқымды жұмыртқаларға бөлініп алынған инкубацияны қамтамасыз ету;

7) шаруашылық жүргізуші субъектінің басқа құстарынан бөлек әкелінген жұмыртқадан алынған тәуліктік балапандарды өсіру қажет.

846. ЖЛТ-ті профилактикасы үшін Қазақстан Республикасында тіркелген құстардың жұқпалы ларинготрахеитіне қарсы вакциналар қолданылады.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

847. Құстардың ЖЛТ ауруы анықталған жағдайда, құс шаруашылығы осы ауру бойынша қолайсыз болып жарияланады және бұл жерге шектеу енгізіледі.

848. Шектеу енгізу кезінде мыналарға:

1) құс шаруашылығының ішінде ауру асқынған кезде құстарды ауыстыруға;

2) қолайсыз құс шаруашылығына кез келген жастағы құстарды әкетуге және олардан әкетуге;

3) инкубациялық жұмыртқаларды басқа құс шаруашылығына әкелуге;

4) құс шаруашылығының ішінде қолайсыз құс қораларынан алынған жұмыртқаларды инкубациялауға қолдануға;

5) жем-шөпті, жабдықтарды және құрал-саймандарды қолайсыз өндірістік қора-жайлардан және қолайсыз құс шаруашылығы аумақтарынан әкетуге;

6) қолайсыз құс қораларынан алынған жұмыртқаларды құс шаруашылығының жұмыртқа қоймасына әкелуге және сақтауға;

7) қолайсыз құс шаруашылығының аумағына және оның аумағынан персоналдың толық санитариялық өңделуіңіз және киімдері мен аяқ киімдерін ауыстырмай шығуына жол берілмейді.

849. Құс шаруашылығының қолайсыздығы кезеңінде мыналарға:

1) облыс көлемінде дезинфекция жасалғаннан кейін қолайсыз пункттерден ас жұмыртқаларына сауда көздеріне әкетуге;

2) қолайлы құс қораларындағы құстардан алынған жұмыртқаларды ішкі шаруашылық мақсатта қолдану үшін мына схема бойынша жүргізілген аэрозольдық дезинфекциядан кейін: бірінші жолы - жұмыртқалағаннан кейін 1,5-2 сағаттан кем емес уақытта, екінші - арнайы автомашинадағы ыдыста қорапталған күйінде немесе инкубаторияның дезинфекциялық камерасында, үшінші - инкубаторға салынардың алдында таңдалып алынғаннан кейін; төртінші - инкубацияның басталуынан 6 сағат өткен соң инкубациялау;

3) құс шаруашылығында сою цехы болмаған кезде облыстың мемлекеттік ветеринариялық инспекторларының рұқсатымен аурудан қолайлы құс қораларынан жоспарлы түрде етке союға жататын құстарды, құс етін қайта өңдеуші кәсіпорындарға әкелуге рұқсат етіледі.

850. Құс шаруашылығында құстардың ЖЛТ алғаш рет пайда болған кезде аурудың таралуына жол бермеу мақсатында қолайсыз құс қорасындағы барлық құстар етке сойылады. Мұндай жағдайда сыртқы ортадағы аурудың қоздырғышын жоюды қамтамасыз ететін барлық қажетті ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізіледі.

851. Ауру басқа құс қораларына таралған жағдайда мұқият таңдау жүргізіледі және құс шаруашылығының санитариялық сою цехында ауру және әлсіз құстар сойылады.

852. Барлық клиникалық сау құстарды ЖЛТ қарсы вакцинасымен оны қолдану нұсқаулығына сәйкес иммунизациялайды.

853. Құс шаруашылығында құстарды жемдеу және ұстауды жақсартады, рационға антистресстік препараттар (қоспалар) енгізіледі.

854. Әрбір құс қорасына қызмет атқарушы персонал тағайындалады, олар жұмыс киімімен, арнайы аяқ киіммен, дезинфекциялаушы заттармен қамтамасыз етіледі.

855. Құстарды сою, ветеринариялық-санитариялық шарттарды сақтай отырып, ветеринария саласындағы маманның бақылауымен, кейін сойылған жерге, құрал-саймандарға және жабдықтарға дезинфекция жүргізіледі.

856. Қолайсыз құс қорасынан құстардың үлкен партиясын сою қажеттілігі кезінде және құс шаруашылығында күнтізбелік 2 күн ішінде сою мүмкіндігі болмаған жағдайда, тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатымен клиникалық сау құстарды етті қайта өңдеуші кәсіпорындарына әкетуге рұқсат етіледі.

857. Құстардың тұтас ұшаларына ветеринариялық-санитариялық сараптама және қайта өңдеу жүргізіледі. Тұтас ұшаларында және органдарында өзгерістер болмаған жағдайда, қайнатқаннан кейін қолданады немесе қайнатылған шұжықтар, консервілер дайындауға арналады.

858. Қолайсыз құс қораларында құстарды сойғаннан алынған мамықтар және қауырсындар Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекцияланады. Мамықтарды және қауырсындарды дезинфекциялық ерітіндімен немесе ыстық сумен дезинфекциялағаннан кейін мамықтарын және қауырсындарын ылғалдан сығып алып және кептіргіш қондырғыларда кептіреді.

859. Құстарды етке союға тасымалдағаннан кейінгі контейнерлер және жәшіктер ет тасылатын ыдыстар, сондай-ақ жұмыртқа әкетуге қолдануға арналған контейнерлер, картон төсемелер, жәшіктер және басқа ыдыстар міндетті түрде тазалауға, сондай-ақ дезинфекциялауға жатқызылады.

860. Құстарды және жұмыртқаларды әкелуге арналған ағаш жәшіктерді, контейнерлерді Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекциялап, дезинфекция жүргізілгеннен кейін оларды мұқият сумен жуады.

861. Құс шаруашылығының ЖЛТ қолайсыз кезеңі кезінде мұқият механикалық тазарту, сондай-ақ қолайсыз құс қораларына, инкубаторларға, қосалқы мал қораларға, құрал-саймандарға және жабдықтарға, өндірістік аумақтарға, көлік құралдарына және басқа объектілерге ағымдағы және қорытынды дезинфекция, дезинсекция, сондай-ақ дератизация жүргізіледі.

862. Құстардан босап бос тұрған мал қораларға дымқыл дезинфекция Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен жүргізеді.

863. Өндірістік бөлмелердің ауасына, беткі қабатына және жабдықтарды құстарды сыртқа шығармай дезинфекция жүргізу үшін аэрозольдық дезинфекцияны Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен жүргізеді.

864. Саңғырықты және терең төсемені саңғырық сақтағышқа биотермиялық залалсыздандыруға шығарады.

865. Құс етін қайта өңдеуші кәсіпорындарда құстардың ЖЛТ пайда болған жағдайда, кәсіпорындағы барлық құстар етке сойылады. Мұндай кезде бұл кәсіпорынға жаңадан келіп түсетін құстарды тасымалдап әкелуге тек қана, барлық құс шаруашылығы өнімдері сатылып болғаннан кейін және барлық қажетті ветеринариялық-санитариялық шаралар (мал қораларға және аумаққа механикалық

тазарту, дезинфекция, дезинсекция, дератизация, құрал-саймандарға және жабдықтарға дезинфекция) жүргізілгеннен кейін рұқсат етіледі.

866. Құс шаруашылығындағы құстардың ЖЛТ бойынша шектеу ауру құстың сойылуының соңғы жағдайынан соң немесе құстар ауырып жазылғаннан кейін 2 ай өткен соң және қорытынды ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізілгеннен кейін алынады.

80-тарау. Құстардың кокцидиозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 80-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

867. Құстардың кокцидиозбен ауруының профилактикасы мақсатында:

1) құстарды топтап өсіруге, қораларда ылғалдылықтың жоғары болуына, жас балапандар мен үлкен құстардың араласуына, жем және ауыз судың қимен ластануына жол бермеу;

2) құстарды толыққанды жеммен қамтамасыз ету;

3) құс қораларына құстарды кезекті отырғызуға дайындау кезеңінде қораларға, серуен алаңдарына, жабдықтарға және құрал-саймандарға дезинвазия жүргізу;

4) шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумақтары қидан тазарту және оны биотермиялық зарарсыздандыруды жүргізу;

5) құстарға кезең-кезеңімен кокцидиостатиктерді қолдану қажет.

868. Құстардың балапандары батареялық торларда немесе едені торланған секцияларда өсіріледі.

869. Құс қораларын, құралдарды және құрал-саймандарды дезинвазияға Қазақстан Республикасы және/немесе Евразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекция жүргізеді.

2-параграф. Эпизоотия ошағында және құстардың кокцидиозы бойынша қолайсыз пункте жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

870. Кокцидиоз пайда болған кезде, қолайсыз топтың барлық құс басына кокцидиостатиктер белгіленеді, әлсіз құстар өлтіріледі. Күн сайын қиды жинау, қораларды, жаю алаңдарын және жабдықтарды (науалар, астаулар және басқа құстарға күтім жасауға арналған заттар) механикалық тазарту жүргізіледі.

871. Профилактикалық және емдеу мақсатында, тауық балапандары, күрке тауық, қаз және үйрек балапандарына Қазақстан Республикасында тіркелген препараттар қолданылады.

872. Кокцидиостатиктерді қолданудың ұзақтығы эпизоотиялық жағдайға және құстардың балапандарын өсірудің әдістеріне байланысты.

873. Құстардың балапандарын торларда өсіру кезінде препараттар аурудың залдан келесі залға ауыстырылған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде профилактикалық мақсатта белгілеу ұсынылады. Қажеттілігіне қарай 3 күндік үзілістен кейін препараттарды беру курсы жалғастырылады.

874. Құстардың балапандарын едендерде өсіру кезінде кокцидиостатиктер профилактикалық мақсатта күнтізбелік 10-15 күндік жастағыларынан бастап екі-үш 10-күндік курстармен аралығында күнтізбелік 3 күннен аспайтын үзіліспен белгіленеді. Қажеттілігіне қарай препараттарды беруді қайталайды.

875. Бройлерлерді ауыстырылмайтын терең төсеніште өсіру кезінде кокцидиостатиктерді профилактикалық мақсатта күнтізбелік 10-15 күндік жасынан бастап күн сайын қолдану және союға 3-5 тәулік қалғанда қолдануды тоқтату ұсынылады.

876. Ұзақ уақыт бойы шаруашылықта кокцидиостатиктің бір түрін қолдануға болмайды, өйткені кокцидиолер оған төзімділік пайда болуы мүмкін.

81-тарау. Құстың респираторлық микоплазмозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 81-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Респираторлық микоплазмоз ауруының шығуына байланысты жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

877. Шаруашылықта аралас жұқпалы аурулар байқалғанда, алдыменен өте жиі өтетін аурулармен күрес жүргізеді.

878. Шаруашылық субъектілерінде құстардың микоплазмоз ауыруын балаулағаннан кейін шаруашылыққа шектеу қойылады.

879. Шектеу кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) құстарды және инкубациялық жұмыртқаларды сау қолайлы шаруашылыққа шығаруға болмайды;

2) құстарды және эмбриондарды ветеринариялық және медициналық биологиялық препараттарды өндіру үшін қолдануға және сатып таратуға болмайды.

880. Шектеу кезінде мыналарға рұқсат беріледі:

1) мемлекеттік жергілікті ветеринария инспекторының рұқсатымен аудан көлемінде , асыл тұқымды шаруашылықтан инкубациялық жұмыртқаларды және бір күндік балапандарды эпизоотологиялық жағдайлары ұқсас товарлы шаруашылыққа шығаруға болады;

2) ет өңдейтін мекемелерге уақытша жарамды құстарды союға шығаруға, құс етін, тағам үшін арналған жұмыртқаны және құстың түбіті, қауырсынын өңдеу мекемелеріне шығаруға болады;

3) жұмыртқаларды инкубациялауға және балапандарды ішкі шаруашылық жұмыстары үшін өсіруге болады.

881. Құстың респираторлық микоплазмоз ауруының шығуына байланысты, қолайсыз шаруашылықта аурумен күресудің негізгі шаралары:

1) құстың респираторлық микоплазмоз ауруының клиникалық белгісі байқалған құстарды, осы қолайсыз шаруашылықта сойылатын малдарды сояр алдындағы ветеринариялық тексеру және сойылғанан кейін ұшаларын, ішкі органдарын ветеринариялық-санитариялық сараптау және оларға санитариялық баға беру Ережесінің талабына сай өз қажеттігіне колдана отырып сояды;

2) құс тобын, құстардың басқа ауру тіркелмеген үш шаруашылықтан аспайтын инкубациялық жұмыртқаларды және бір күндік балапандарды әкеліп бағып, соның есебінен құстың санын көбейтіп, одан – әрі дені сау бір жастағы құс фермаларын құрастыруға, оқшаулап өсіруге болады;

3) құстарды өсіруде зоогигиеналық қалыпты ұйымдастыруға, жақсы сапалы белоктық, витаминдік, минеральдық заттармен және микроэлементтермен байытылған азықтармен қамтамасыз етуге болады;

4) құстарды өсіруде цикл аралық демалыс өлшемдерін қатаң сақтайды;

5) құстардың әрбір партиясын орналастыру алдында, құстарды бағып-күтетін қораларды - бөлмелерді механикалық тазалаудан өткізіп, дезинфекциялау қажет.

882. Ауыру тоқтағаннан кейін және балау мақсатпен өлген немесе өзі өлген құстардың, сонымен бірге инкубацияның соңғы күндеріндегі өлген эмбриондардың лабораториялық зерттеулерінің теріс нәтижесін алғаннан кейін, шаруашылықты құстардың микоплазмозынан жазылды деп санап шектеу тоқтатылады.

2-параграф. Алдын алу және күресу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

883. Респираторлық микоплазмоз ауруының алдын алу үшін шаруашылыққа қолайлы шаруашылықтан құс әкелу керек. Инкубациялық жұмыртқаларға санация істеп, құстардың тығыз орналасуы мөлшерін сақтап, құс қораларында зоогигиеналық жағдайын жақсартады. Құсханаларда әр жыл сайын кезекті демалыс беріліп, онда

кезекті және күрделі жөндеу жұмыстары, жуу, дезинфекция жүргізіліп, айналаға санация істелінеді, инкубациялық жұмыртқаларды және соларды салатын құралдарды дезинфекциялайды.

82-тарау. Құстардың Ньюкасл ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 82-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ньюкасл ауруының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

884. Құс шаруашылығының, сондай-ақ мемлекеттік ветеринария желісі мекемелерінің ветеринария саласындағы мамандары:

1) қызмет көрсететін құс шаруашылықтарында, елді мекендерде арнайы ветеринариялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруға және құстардың жағдайына жүйелі түрде бақылау жүргізуге;

2) құс қораларын және құрал-саймандарды Қазақстан Республикасы және/немесе Евразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекция жүргізеді.

3) Ньюкасл ауруына қарсы профилактикалық вакцинация жүргізетін құс шаруашылықтарында, егілген құста иммунитеттің тұрақтылығына бақылау тағайындауға міндетті.

885. Осы ауру бойынша аурудан қолайлы шаруашылықтарда (аймақтарда) құстарды Ньюкасл ауруына қарсы егудің орындылығын эпизоотиялық жағдайға байланысты тиісті әкімшілік бірліктің Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары анықтайды.

2-параграф. Аурудан қолайсыз пунктерде ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

886. Ньюкасл ауруынан қолайсыз пунктке карантин белгіленеді.

887. Ньюкасл ауруына карантин қойылған құс шаруашылықтарында және елді мекендерде:

1) құс қораларынан Ньюкасл ауруына шалдыққан құстарды шығаруға;

2) құс шаруашылығымен айналысушы шаруашылықтарды бөгде адамдардың аралауына;

3) құстармен және құс өнімдерімен сауда жасауға, құстарды және құс өнімдерін (тұтас ұшалар, жұмыртқалар, эмбриондар, мамықтар, қауырсындар) дайындауға, шаруашылыққа әкелуге немесе одан әкетуге жол берілмейді.

Ескерту. 887-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

888. Құстардың Ньюкасл ауруынан қолайсыз құс шаруашылығында ауруды жоюда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) етке тапсыруға ккүйі жоқ жас құстарда ауру анықталған жағдайда, қолайсыз пункт құс қораларындағы барлық ауру және сау балапандар қансыз тәсілмен өлтіріледі және жойылады. Мұндай жағдайда ауру қоздырғышының шығып кетуіне және жайылуына жол бермеу үшін барлық қажетті шаралар қабылданады, міндетті түрде сыртқа шығарушы желдеткіш сөндіріледі, терезелер және есіктер жабылады. Етке тапсыруға күйі жеткілікті балапандарда немесе ересек құстарда ауру пайда болған жағдайда, қансыз тәсілмен өлтіріледі және тек ауру немесе ауруға күдікті құстар жойылады;

2) құс қораларындағы қалған клиникалық сау құстар етке тапсыруға сойылады, егер барлық құстарды етке союмен қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда - оларды Ньюкасл ауруына қарсы егеді. Бұл құстарды қатаң түрде оқшаулап ұстау қажет және құс шаруашылығынан карантинді алуға дейін 2 аптадан кешіктірмей союға тапсыру қажет;

3) тұтас ұшалар қайнатылады және осы шаруашылық ішінде халыққа тамаққа қолданылады.

4) құстардың үлкен партиясы етке сойылғанда, тұтас ұшалары облыстың ішіндегі жақын орналасқан ас дайындаушы кәсіпорындарға өндірістік қайта өңдеу үшін жіберілуі мүмкін немесе қайнатылған күйде қоғамдық тамақтандыру арналарына жіберіледі;

5) құстарды етке сою ветеринариялық маманның бақылауымен, ветеринариялық-санитариялық шарттарды сақтай отырып және соңынан ет сойылған жерлерге, құрал-саймандарға, жабдықтарға дезинфекция жүргізе отырып жүзеге асырады;

6) клиникалық сау құстарды етке сою кезінде алынған мамық және қауырсындар дезинфекцияланады;

7) Ньюкасл ауруы шыққанға дейінгі және карантин кезеңіндегі алынған жұмыртқаларды 10 минуттан кем емес уақыт қайнатады және қолайсыз пункт шаруашылығының ішінде тағамға қолданады;

8) жұмыртқалардың үлкен партиясы болған жағдайда оларды аэрозольдық тәсілмен дезинфекциялайды және жоғары температурада дайындалатын нан немесе кондитерлік тағамдарға қолдануға, облыс ішіндегі тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарына жіберуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда, ауру қоздырғыштарының таралып кетуін болдырмау үшін шаралар қолданылады (ыдыстарды, көлікті, жұмыс киімдері және аяқ киімдерді дезинфекциялау, қызметшіні санитариялық өңдеу);

9) Ньюкасл ауруына қарсы бұрын егілмеген қолайсыз пункт шаруашылығының барлық қалған құстарын вакцинацияланады. Бұрын вакцинацияланған құстарға иммунитеттің деңгейіне тексеру жүргізіледі (құстардың қан сары суы зерттеледі), қажет жағдайда қарсы вакцинацияланады;

10) карантинді алғанға дейін жұмыртқаларды инкубациялауды және балапандарды өсіруге қабылдауды тоқтатады.

889. Елді мекен тұрғындарының меншігіне жататын құстардың арасында Ньюкасл ауруы анықталған жағдайда, қолайсыз пункт аулаларындағы барлық ауру немесе ауруға күдікті құстарды отқа жағу арқылы жояды, ауру құстармен байланысы болған осы ауладағы қалған құстарды, сондай-ақ көрші аулалардағы барлық құстарды етке сояды, тұтас ұшалары қайнатылады және шаруашылықтың ішінде тамаққа қолданылады. Етке сойылған құстардан алынған мамықтары, қауырсындары және ішкі орындары отқа жағылады.

890. Қолайсыз елді мекеннің ауруға шалдығуы мүмкін қалған құстарды Қазақстан Республикасында тіркелген биопрепараттармен Ньюкасл ауруына қарсы вакцинацияланады.

891. Көрші қолайсыз құс қораларына, құс қора-жайларына, аулаларға мұқият механикалық тазарту, сондай-ақ дезинфекция жүргізіледі. Саңғырыққа және терең төсемдерге оқшауланған жердің бөлігінде биотермиялық залалсыздандыру жүргізіледі.

892. Құс шаруашылығында және қауіп туғызушы аймақтағы елді мекендердегі мемлекеттік ветеринариялық қызмет, ветеринария мамандары және шаруашылықтардың басшылары әкімшіліктердің өкілдерімен бірге, құс шаруашылығын, елді мекендерді Ньюкасл ауруы қоздырғышының таралып кетуінен сақтайтын шара қабылдайды және осы мақсатта мыналарды:

1) құстардың және құс өнімдерінің, жемшөптің, жабдықтар мен құрал-саймандардың аурудан қолайсыз пункттерден шығарылмауы мақсатында, сол аймақтардың шекараларында карантиндік бекеттер ұйымдастырады;

2) осы нұсқаулықта қарастырылған, шаруашылықтың санитариялық жағдайына, саңғырықтарды, төсемдерді тазартуға және оларды залалсыздандыруға, сондай-ақ өз уақытында егу және басқа іс-шаралардың жүргізілуіне бақылау жүргізіледі.

893. Қолайсыз аймақтарда орналасқан құс шаруашылығымен айналысушы шаруашылықтарда және елді мекендерде, ауруға шалдығатын әр құс уақтылы және егу бойынша нұсқаулыққа сәйкес Ньюкасл ауруына қарсы егіледі.

894. Соңғы тіркелген ауру құсты жойғаннан кейін және ветеринариялық шаралар жүргізілгеннен соң күнтізбелік 30 күн өткен соң құс шаруашылығынан карантин алынады.

83-тарау. Құстар орнитозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 83-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Құстардың орнитоз ауыруы кезіндегі алдын-алу бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

895. Ауруды болдырмау үшін барлық ауыруларға ортақ алдына алу шараларын жүргізеді және ауруды тасымалдаушы жабайы құстармен күресу жұмыстарын жүргізеді.

896. Құстардың орнитоз ауыруын алдын алу шаралары құс шаруашылық субъектілерінде, зообазаларда құсты ұстау, азықтандыру қалыпты жағдайын жасайды. Құс шаруашылық объектілерінде микроклимат жағдайын жасау керек, “бос - бос емес”, “таза - таза емес” тәртібін қатаң сақтау керек және Қазақстан Республикасына әкелінген құстарды карантиндейді.

897. Балау, диагноз індеттанулық (эпизоотологиялық және эпидемиологиялық) деректерді, аурудың клиникалық және патологоанатомиялық белгілерін ескере отырып, лабораториялық тексерулердің нәтижесіне сүйенеді.

898. Орынтоз ауруы шыға қалған жағдайда құс шаруашылығы қолайсыз шаруашылық деп шектеу қойылады.

899. Шектеу кезінде осы шараларға қатаң жол берілмейді:

1) шаруашылыққа сырттан жаңадан құстар әкелуге, шаруашылықтан сатуға құстарды шығаруға және оларды топтауға жол берілмейді;

2) ауру шығып жатқан шаруашылықтан жұмыртқа жинауға және жұмыртқаны бастыруға жол берілмейді.

900. Ауруға күдікті және ауыру құсты жойып, қора жайды тазалап, дезинфекциялайды.

901. Ауыру шыққан құсханадан алынған жұмыртқаларды озонның немесе формальдегидтің буымен залалсыздандырады, содан кейін пайдалануға рұқсат етіледі.

902. Құстарды бағып күту үшін, арнайы күтуші адамдар белгіленеді. Бұл адамдармен басқа құс шаруашылық мекемелерге кіруге болмайды.

903. Қолайсыз шаруашылықтан ауру ошағы жойылған соң (аурудың клиникалық белгілері бар соңғы құс тіркелген соң) шектеу шаралары тоқтатылады.

84-тарау. Құстардың күл ауыруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 84-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Құстардың құл ауруы профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

904. Аурудан қолайлы құс шаруашылықтарында құстардың осы ауруға.

Құс қораларына және жабдықтарына толық тазарту жүргізіле отырып, өсірілуші топтарда профилактикалық үзіліс іске асырылады.

905. Құстардың құл профилактикасы үшін құс шешегіне қарсы Қазақстан Республикасында тіркелген вакцина қолданылады.

2-параграф. Қолайсыз пункттерде ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

906. Құстардың шешек ауруы анықталған құс шаруашылығы және басқа құс шаруашылығымен айналысушы субъектілер, қолайсыз пункт деп танылады және ол жерге карантин қойылады

Карантин шарттарында мыналарға:

1) құстардың барлық жастағыларын және түрлерін, оның ішінде елді мекендерге балапандарды сатуға (етті қайта өңдеуші кәсіпорындарға етке тапсыруға тасымалдағанды есептемегенде), көлікпен тасымалдауға, жекелеген жағдайларда шешектен қолайсыз құс қораларынан инкубация цехтары сенімді қорғаныста болған жағдайда және жұқпалы аурудың таралуына мүмкіндік болмаған жағдайда, эпизоотиялық жағдай ескеріле отырып және ауданның (облыстың) Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының келісімімен, тәуліктік жастағы тауық балапандарын, күркетауық балапанын, цесаряттарды, қаз және үйрек балапандарын облыс шегіндегі мамандандырылған құс шаруашылықтарына орын ауыстыруға жол беріледі;

2) жұмыртқаларды тұқымдық мақсатта орын ауыстыруға жол берілмейді.

907. Карантин шарттары бойынша мыналарға:

1) жұмыртқаларды дезинфекциядан өткізгеннен кейін сауда көздеріне шығарып сатуға;

2) құс шаруашылығының ішінде құс өсіру мақсатында аурудан қолайлы құс қораларынан алынған құстардың жұмыртқалары, тікелей инкубаторға қойылар алдында дезинфекциядан өткен жұмыртқаларды инкубациялауға;

3) шешекке қарсы егілген (вакцинациядан кейін күнтізбелік 20 күн өткен соң) суда жүзуші құстар, сондай-ақ тауықтар, фазандар, павлиндер, түйеқұстар және цесаркаларды тасымалдап әкелуге рұқсат етіледі.

908. Құс шешегінен қолайсыз пунктте:

1) құстардың арасында шешек ауруы пайда болған жағдайда барлық ауру және ауруға күдікті, сондай-ақ әлсіз құстар сол құс шаруашылығының санитариялық ет сою пунктінде етке сойылады;

2) мұндай құстарды етке өткізу үшін етті қайта өңдеуші кәсіпорындарға әкетуге жол берілмейді;

3) қалған, аурудың клиникалық белгілері жоқ жартылай сау құстарды, экономикалық мақсатын ескере отырып, етке союға немесе етті қайта өңдеуші кәсіпорындарға өткізуге ұсынады;

4) құс етіне ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізіледі. Бұл ретте ауру құстарды союдан алынған тұтас ұшаларды әкетуге және асқа қолдануға тек қана термиялық өңдеуден өткізілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Осындай алдын ала термиялық өңдеуден өтпеген тұтас ұшалар, құс шаруашылығының ішінде де сатылуға рұқсат етілмейді;

5) барлық клиникалық сау құстарды шешекке қарсы егеді. Вакцинацияланған құстарға бақылау жүргізіледі, вакцинациядан кейін, егер 20 күн ішінде олардың арасында шешекпен ауыратын құстар анықталмаса (инкубациялық кезеңде егілгендерден), онда олар етке сойылады;

6) профилактикасы мақсатында шешектің таралуына қауіп туғызушы құс шаруашылығында (азаматтарының жеке қолдануындағы құстарды) құстарды вакцинациялайды;

7) ауру және ауруға күдікті құстарды сою кезіндегі алынған мамық, қауырсынды Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық құралдармен дезинфекциялайды және өңдеуші кәсіпорындарға ветеринариялық анықтамада құс шаруашылығының күл бойынша саламатсыз екендігін көрсете отырып, екі рет қапталған ыдыста әкетеді;

8) қоралардың бөлмелеріне, жабдықтарға, құралдарға және өндірістік аумақтарға мұқият механикалық тазарту, сондай-ақ дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізіледі, құс қораларынан алынған саңғырық биотермиялық жолмен залалсыздандырылады; құс қоралары қолайлы және құрғақ ұсталынып және құстардың тығыз тұруына жол берілмейді;

9) құстар құнарлы жемшөппен қамтамасыз етіледі, жем құрамына сүт өнімдерін қосу ұсынылады.

Ескерту. 908-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

909. Ауру жойылғаннан кейін 2 ай өткен соң (құстарда шешектің клиникалық белгілерінің соңғы рет тіркелуі анықталғанда) және соңғы қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін қолайсыз пункт шаруашылығынан карантин алынады.

85-тарау. Күзеннің Алеут ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 85-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын күзеннің Алеут ауруының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

910. Қолайлы аң шаруашылықтарында Алеут ауруының профилактикасы күзендерді әкелу қағидаларын қатал орындалуына, қан сарысуының сынамаларын таңдамалы және жоспарлы түрде зерттелуіне, ветеринариялық-санитариялық және шаруашылық іс-шараларының орындалуына негіздеген.

911. Қолайлы аң шаруашылықтарына күзенді тек аурудан қолайлы шаруашылықтардан қан сарысуын зерттегеннен және теріс нәтиже алынғаннан кейін әкелуге рұқсат етіледі.

912. Әкелінген күзендердің карантиндеуде ұстайды және күзендердің Алеут ауруын жоққа шығару үшін зертханалық зерттеу жүргізу қажет. Теріс нәтиже кезінде барлық клиникалық сау аңдарды фермаға көшіреді. Егер ауру жануарлар байқалса карантиннің мерзімін олар сауыққанға дейін ұзартады.

913. Жұқпалы жағдайын бақылау мақсатында аурудан қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерде күзендерден зертханалық зерттеулер үшін таңдап қан сарысуын алады.

914. Жұқпалы аурулардан сақтану мақсатында кезең-кезеңмен дезинфекциялау жүргізіледі.

2-параграф. Эпизоотикалық ошақтарда және күзеннің Алеут ауруынан қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

915. Күзеннің Алеут ауруы диагнозы анықталған уақытта аң өсіру шаруашылық субъектісіне шектеу қойылады.

916. Қолайсыз аң шаруашылығы субъектілерінде ауруды жою іс-шаралары қан сынамасын жоспарлы және жоспарлы емес зерттеулер, оң нәтиже берген малдарды оқшаулау және іріктеу, аңдарды топтастыру, дезинфекциялық жұмыстарды жүргізу қамтылады. Сонымен қатар күзендер көрмеге жіберілмейді, күзендерді сау шаруашылыққа шығаруға, өлген күзендермен жемдеуге, күзен майын және қалдық жемін қолдануға жол берілмейді.

917. Қолайсыз аң шаруашылығы субъектілерінде жоспар бойынша Алеут ауруына қанды зерттеу негізгі табынды топтастыру кезеңінде, күйлеу алдында, енесінен бөлу алдында, сатуға арналған күзендерді, сондай-ақ тумайтын ұрғашыларды (ауруға күдікті) тексереді. Зерттеу нәтижелерін әрбір тор бойынша есептейді. Жоспарсыз зерттеу,

серологиялық реакциялар оң нәтиже берген, ауруға күдікті немесе өлген және еріксіз өлген күзендер байқалған торларда жүргізіледі.

918. Негізгі табынды топтастыру кезеңінде асыл тұқымды, үлкен күзендерді, сондай-ақ теріс нәтиже берген аналықтардан алынған төлдер зерттеледі. Оң нәтиже берген аңдарды жүн терісі шыққанша оқшауханада ұстайды, кейін терісін алу үшін сояды. Теріс нәтиже берген аналықтардың күшіктерін топтан ақаулап, кейін өлтіреді. Кей жағдайда күзендердің көпшілік басы аңғарса, бас ветеринарлық инспектордың рұқсатымен бір жыл ішінде тек қана оң нәтиже берген күзендерді сояды.

Ерекше жағдайларда, күзендердің көбі әсер алуына байланысты ауданның бас ветеринарлық инспекторымен келісім бойынша бір жыл ішінде оң әсер беретін күзендерді ғана союмен шектеледі.

919. Күзгі уақытта оң нәтиже беретін күзеннің проценті ортадан жоғары болған шаруашылықтарда негізгі тобында және ұрыққа қалдырылған тұқымның арасында сою кезеңі біткенше қосымша зерттеулер жүргізіледі.

920. Қаңтар-ақпанда, айдау басталғанға дейін күнтізбелік 10-15 күннен кеш емес барлық күзендерді зерттеуден өткізеді, оң нәтиже бергендерін сояды және теріс нәтиже берген төлдермен толықтырады.

921. Айдау аяқталған уақыттан бастап және төлді енесінен бөлу алдында барлық негізгі табынды тексереді. Қанды зерттеуді наурыздың ортасына дейін бітіреді, сауылатын аналықтар мен еркектерді - енесінен айырылғанша тексереді. Оң нәтиже берген тұқымдарды оқшаулайды және жүні шыққанша ұстайды.

922. Серологиялық зерттеу нәтижесіне қарап күзендерді әкелу және әкету, шаруашылығы субъектілерінің ішінде, шаруашылықтар арасында, қала, елдер арасында топтастыру мәселелері мынадай түрде шешіледі:

- 1) қолайлыдан - шектеусізге;
- 2) қолайсыз пункттен - теріс нәтижелі аңдарды жұқпалы жағдайы ұқсас немесе одан жақсы торларға, оң нәтижелі аңдардың пайызына қарай орын ауыстырады;
- 3) оң нәтижелі және олармен бірге бір торда тұрған күзендерді оқшауханаға көшіреді немесе сояр алдында ұстайтын, арнайы сау емес топқа қосады.

923. Сыртқа шығарылатын күзендердің тобын карантиндеуде ұстап, күнделікті клиникалық бақылаудан және серологиялық зерттеуден өткізеді.

924. Қолайсыз пункт шаруашылықтардан әкелінген күзендерді карантиндеуде ұстайды және зерттеулер жүргізеді. Серпозитивті тұқымдарды сояды, ал теріс нәтиже беретін клиникалық сау күзендерді басқа күзендерден жеке ұстайды.

925. Ауру және ауруға күдікті күзендерді сойғаннан кейін сою пунктін дезинфекциялайды.

926. Күзендердің мал басының негізгі топта және жөндеу төлінде жоспарлы қан зерттеуінен 3 рет теріс нәтиже шыққанда Алеут ауруынан шаруашылығы субъектісін қолайлы деп есептеледі.

86-тарау. Үй қояндарының вирустық геморрагиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 86-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Үй қояндарының вирустық геморрагиялық ауруларының профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

927. Үй қоянын өсіретін шаруашылықтардың басшылары мен ветеринариялық мамандары, қояндарды тасымалдау, қабылдау және оның шикізат өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының басшылары аурудың профилактикасы үшін жалпы ветеринариялық-санитариялық сақтық іс-шараларын қатаң сақтауға міндетті.

928. Үй қоянын өсіретін шаруашылықтардың, басқа шаруашылығы субъектілерінің ветеринариялық мамандары, қоян өсіруші-әуесқойлар, елді мекендерде, шаруашылығы субъектілерінде мемлекеттік ветеринариялық қызмет көрсететін мамандар, ветеринариялық арнаулы іс-шаралардың жоспарында көрсетілгеніндей (профилактикасы егулер, диагностикалық зерттеулер) жүргізуі тиіс, қояндардың геморрагиялық вирустық ауруының профилактикасы, сақтандырудың жағдайын жасайды және қояндарды үнемі бақылауды қамтамасыз етеді.

929. Үй қояндарының шикізаттарымен жұмыс істегенде, ветеринариялық және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтайды, өндіріс орнынан шаруашылықтың залалсыздандырмаған қалдықтарының шығуына жол берілмейді.

930. Жемшөп мен тері шикізаттарының бір қоймада сақталуына болмайды.

931. Үй қояндарының және оның шикізаттарын тасымалдағаннан кейін автокөлікті міндетті жуып және оған дезинфекция жасалынады.

2-параграф. Үй қоянының вирустық геморрагиялық ауруына күдік туған кездегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

932. Үй қоянының вирустық геморрагиялық ауруына (бұдан әрі – ҰҚВГА) күдік туғанда шаруашылығы субъектілерінің басшылары, ветеринариялық мамандар мыналарға:

- 1) ҰҚВГА-ға күдік туғанда аудандық (қалалық) бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға хабарлауға;
- 2) қояндардың және оның өнімдерін сатып таратуды, тоқтата тұрудың шарасын жасауы;
- 3) жануарларды бағып күтуші персоналдың және көліктің кіріп-шығуына шектеу қоюы;

4) қояндарды шаруашылықта топтастыруға, және жаңадан сырттан әкелуі;

5) басқа да ауруды таратпаудың тиісті іс-шараларын қарастыруы қажет.

933. Жануарлардың иелері ҰҚВГА-ға күдік туғанда жақын бөлімшедегі ветеринариялық-санитариялық инспекторға хабарлауға міндетті.

934. Аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор немесе бөлімшенің ветеринария саласындағы маманының ҰҚВГА-ға күдік туғаны жөнінде хабарды алғаннан кейін мыналарға міндетті:

1) күдікті жерге келіп эпизоотиялық жағдаймен танысады және ауруды анықтаудың , ауруға диагноз қоюдың іс-шараларын қарастырады;

2) ауруға тиісті патматериал, сынама алып, оны ветеринариялық зертханаға немесе ғылыми зерттеу институтының зертханалық тексеруге жіберуді ұйымдастырады;

3) ауру тарату көзін және оның жұғу жолдарын анықтайды;

4) қолайсыз пункттің және қауіпті аймақтың шекарасын анықтайды, сонымен қатар ауруды таратпаудың нақты іс-шараларын белгілейді.

935. ҰҚВГА жөнінде диагноз қойылғаннан кейін, шаруашылығы субъектілеріне шектеу қойылады.

3-параграф. Үй қояндардың вирустық геморрагиялық ауруын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

936. Шектеудің шарты бойынша қолайсыз пунктте мыналарды:

1) қояндарды және оның өнімдерін: тері, түбіт, мүлік және қоянның жемшөбін әкелуге және шығаруға;

2) үй қояндарын қайтадан топтастыруға;

3) үй қояндарының шоғырлануына байланысты өткізілетін көрмелер және басқа шаралар ұйымдастыруға;

4) қояндарды және оның сойылған өнімдерімен сауда саттық жасауға;

5) қоян өсірушілердің жануарларды айырбастауына;

6) қояндарды шағылыстыратын пункттердің жұмыс істеуіне;

7) ауру қояндар орналасқан және оның өлексесі жатқан жерден жемдік жем-шөп дайындауға және олармен қояндарды жемдеуге;

8) қояндарды базарлардан, қоғамдық тамақтандыру орындарынан, елді мекендерден алынған залалсыздандырылмаған тағам, өсімдік қалдықтарымен жемдеуге;

9) қоян өсірушілердің жиналыстарын, кеңестерін өткізуге жол берілмейді.

937. Қолайсыз шаруашылықта, пунктте атқарылуы тиіс жұмыстар:

1) барлық қояндардың толық есебін жүргізеді;

2) ауру жануарларды айырып алу үшін, мұқият клиникалық тексеру жүргізеді;

3) ауру және ауруға күдікті жануарларды қан шығармай сою әдісімен сол тұрған жерінде өлтіреді және өлексені кәдеге жаратуға жібереді;

4) аурудың профилактикасы және емдік мақсатта, барлық қояндарды арнайы дайындалған иммундық сарысумен тиісті нұсқамаға сәйкес егеді;

5) қалған шартты сау жануарларға вакцинация жүргізіледі;

6) вакцина болмаған жағдайда, ауруды таратпау мақсатында, қолайсыз пунктте қояндарды жою қажеттігі жөнінде сұрақты шешеді. Ауру қояндарды және туғанына 2 ай болмаған қояндарды қан шығармай сою әдісімен өлтіріп терісімен қоса кәдеге жаратуға жібереді;

7) ересек дені сау қояндарды қолайсыз пункттің өзінде шаруашылығықа етке сойылады, аурудың таралмауы қамтамасыз етіліп, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың қағидалары сақталады және тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының бақылауымен жүргізіледі;

8) қояндардың ұшаларын, етін қайнатқан соң қолайсыз әкімшілік аймағының аумағында шексіз пайдалануға болады, және басы, аяқтары, ішкі ағзаларын, қан және басқа өнімдерін күні бұрын дайындалған дезинфекциялық заттармен өңделіп утильдейді, күйдіреді немесе 1,5-2 метр тереңдікте қазып көмеді;

9) серуендеу алаңдарына, жабдықтарға, сою пункттеріне және жануарлар орналасқан шаруашылығы субъектілері мен қоян ұстайтын азаматтардың қора-мал қораларына мұқият механикалық тазарту, сондай-ақ дезинфекция жүргізіледі;

10) елді мекенді, азаматтарға қауіпті аурудың таралуы және шектеу қойылғандығы жөнінде хабардар етеді;

11) ҰҚВГА-ны таратпау жөнінде тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

12) базарларда, ет комбинаттарында, қояндарды союдан шыққан өнімдерді өңдеу және дайындау кәсіпорындарында ветеринариялық-санитариялық қадағалауды күшейтеді;

13) үй қоянына арналған қораларға күнделікті дезинсекция жүргізеді (шыбындарды, масаларды және басқа жәндіктерді жояды).

938. Қолайсыз пунктте дайындалған қояндардың терілерін екі қабат тығыз залалсыздандырылған матамен орап, қатқаннан кейін, қоймалар мен тоңазытқыштарда ұстамастан тікелей, залалсыздандыру және өңдеу үшін өңдеу кәсіпорындарына жібереді.

939. Үй қояндарының вирустық геморрагиялық ауыруы бойынша қолайсыз пункттерді шектеу қорытынды іс-шаралар жүргізілгеннен кейін алынады.

87-тарау. Күзеннің вирустық энтериті бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 87-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда жүзеге асырылатын, вирустық энтериттен профилактикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

940. Малдардың вирустық энтерит ауруын сақтандыру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) вирустық энтеритке қолайсыз аймақтан күзен шаруашылығына жем, төсеніш, көлік құралдарын әкелуге рұқсат берілмейді;

2) аурудан қолайсыз пункттерден күзенді күтетін тұлғаларға ауруға қолайсыз шаруашылығы субъектісіне баруға жол берілмейді.

2-параграф. Эпизоотикалық ошақтарда және вирустық энтеритке қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

941. Күзеннің вирустық энтериті ауруына күдік болған жағдайда (жемнен тартыну, іш өткенде нәжістер әр түрлі-түсті болған кезде, нәжістерде кілегейлі түтік тәрізділер байқалғанда және басқалар) шаруашылығы субъектілерінде жұмыс істейтін ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық зертханаға зерттеуге патологиялық материалдар (өлексе, сұйық нәжісі бар кілегейлі түтіктер немесе ішек кесінділері) жіберуі тиіс.

942. Аурудың шыққаны туралы тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринар инспекторына хабарлауы тиіс.

943. Барлық ауру және ауруға күдікті деген күзендерді оқшау жерге бөліп алады.

944. Аймаққа кіретін жерде Қазақстан Республикасы және/немесе Евразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерімен дезинфекция ерітіндісі бар дезинфекциялық тосқауыл қою керек. Шедаларға кіре берісте дезинфекциялық кедергілер қойылады.

945. Күзен өлген үйшікті, торды, су, жем беретін құралдарды Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндісімен сулы дезинфекция жүргізіп, артынан тазартып, қайталап дезинфекция жүргізеді. Күтуші персоналдың арнайы киімдері мен аяқ киімдерін булы формалин камерасында дезинфекциялайды.

946. Қи, төсеніш және жем қалдықтарын күн сайын жинап, биотермикалық әдіспен зарарсыздандыруға үйіп, дайындайды.

947. Тор астындағы топыраққа Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндісін құяды.

948. Күзен ауруына күдікті деген малды қарауға жеке персонал бөлінеді; оларды басқа аурудан қолайлы шаруашылығы субъектілеріндегі персоналмен қатынасуына жол бермейді.

949. Диагноз зертханалық тәсілмен расталғанда, шаруашылығы субъектіні күзеннің вирустық энтеритінен қолайсыз деп жариялайды және мынадай шектеулер қойылады:

1) шаруашылығы ішінде күзендердің ауыстыруына жол берілмейді, сондай-ақ аңды қолға ұстап орындалатын іс-шараларды тоқтатады (өлшеу, бонитировка жасау);

2) қолайсыз шаруашылығы субъектісі аумағына басқа персоналдың келуіне жол берілмейді, қолайсыз және қолайлы аң шаруашылықтары арасындағы байланысты тоқтатады;

3) шаруашылығы субъектіден күзендерді, сондай-ақ аңды күтуге қолданған құралдарды басқа жаққа шығаруға жол берілмейді;

4) қолайсыз шаруашылықта жұмыс істейтін персоналға аумаққа кіруге және одан шығуға тек қана, арнайы киім мен аяқ киімдерін ауыстырғаннан кейін рұқсат етіледі.

950. Қолайсыз пункт шаруашылығы субъектісіге жем шөп, төсеніш, жабдық, мүлік және малды күтетін басқа құрал саймандарды аумақтың шекарасында орналасқан алмасу алаңы арқылы әкелінеді, соңынан көлік құралдарын арнайы дезинфекция жасайтын алаңдарда дезинфекциялайды.

951. Жабайы құстарды үркіту, кеміргіштер мен жәндіктерді жоюды ұйымдастырады, сондай-ақ аң өсіретін фермаға ит, мысық және тағы да басқа жануарлардың кіріп кетпеу шараларын қабылдайды.

952. Ауру және ауырып болған аңдарды жүні өсіп болғаннан кейін вирус алып жүруші ретінде деп сою.

953. Шаруашылығы субъектідегі күзендерді вирустық энтеритіне қарсы вакциналайды.

954. Күн сайын аңдарды күтетін құралдарды, сондай-ақ аптасына бір рет олар тұратын тор мен үйшіктерді Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндісімен дезинфекциялайды.

955. Энтериттен өлген күзендердің терісін алу, арнайы жабдықталған орында, арнайы бөлген қызметкерлер жүргізеді.

956. Күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін өлекселерді, пайдаланған ағаш жаңқаларын және майлар күйдіріледі, ал қоралар, құрал-саймандар мен жабдықтар Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндісімен дезинфекцияланады.

957. Шаруашылығы субъектісінен өлген күзендердің терілерін зарарсыздандырылғаннан кейін әкетуге рұқсат етіледі.

958. Қолайсыз пункт шаруашылығы субъектісінен шектеуді соңғы өлім тіркелгеннен күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін немесе күзендердің вирустық

энтеритінен сауыққаннан кейін және қорытынды іс-шаралар өткізілгеннен соң алынады

88-тарау. Қоянның миксоматозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 88-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қояндардың миксоматоз ауыруы анықталған кездегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

959. Қоянның миксоматоз ауыруының белгілері шыққан жағдайда шаруашылықта (елді мекенде) қызмет көрсететін ветеринария саласындағы маман осы жөнінде тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің ветеринариялық инспекторына тез арада хабарлауы тиіс.

960. Тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы болған жағдаймен хабардар болғаннан кейін, миксоматозға диагноз қоюдың шарасын қарастырады, аурудың таралуын, қоздырғышы қайдан келгенін және ауруды болдырмаудың іс-шаралар жөнінде нұсқау береді.

961. Алынған патологиялық материалды қолма-қол ветеринариялық зертханаға жібереді.

962. Қоянның миксоматоз ауыруының диагнозы анықталғаннан кейін шаруашылығы субъектісіне шектеу қойылады.

2-параграф. Қоянның миксоматоз ауруын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

963. Қолайсыз пунктте миксоматоз ауруын жою үшін мынадай іс-шаралар атқарылады:

1) қоян шаруашылығы аумағынан кіре берісте Қазақстан Республикасы және/немесе Евразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндісі бар дезбарьер орналастырады, үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қолайсыз ошақтарын болдырмас үшін барлық шаралар қолданылады;

2) күнделікті қораларға, орындарға шыбын, маса және басқа жәндіктерді құрту үшін дезинсекция жұмыстарын жүргізеді;

3) қояндарды күтуші-мамандар әр жұмысқа келген мезетте оларға қолайлы жұмыс киімдері және аяқ киімдері ауыстырылып беріліп отырады;

4) басқа қоян бағатын шаруашылықтармен ара қатынасты тоқтата тұрады, автотранспорт қатынасын, заттарды, құрал жабдықтарды, жемшөпті және басқа заттарды тасымалдау тоқтатылады;

5) қызметшілердің киетін жұмыс киімдері және аяқ киімдері пароформалиндік камерада залалсыздандырады.

964. Жануарларды сол тұрған жерінде сояды. Сойған немесе өлген қоянның денесін терісімен қоса кәдеге жаратуға жібереді. Қи, төсеніш, шөптің қалдығы, ыдыстар және құралдар өртеледі.

965. Сойылған қояндардың ұшасын қайнатқан соң пайдалануға жібереді, ішкі ағзаларын күйдіреді немесе кәдеге жаратады.

966. Қоян терісін дайындайтын базарларда, мекемелерде ауру шыққанға дейін және шектеу кезінде қоян терілерін залалсыздандыруға жібереді.

967. Қолайсыз пунктте барлық қалған аурудан қолайлы, клиникалық белгілері байқалмаған қояндарды миксоматоз ауруына қарсы вакцина егіледі, ауруды таралмас үшін барлық кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды атқарады. Әрбір мал басына ветеринариялық бақылау күнделікті жүргізіледі.

968. Қояндардың миксоматоз ауруы бойынша қолайсыз пункттерден шектеу қорытынды іс-шаралардан кейін алынады.

89-тарау. Етқоректілердің токсокарозы және токсаскаридозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 89-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта жүргізілетін профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

969. Инвазияның пайда болуы мен оның таралуының алдын алу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілері, ветеринария саласындағы мамандары, сондай-ақ мал иелері қажет:

- 1) аңдарды жерден жоғары көтеріңкі торлы едені бар торларда ұстауы;
- 2) торларды, ашық қораларды, вольерлерді және басқа да мал ұстайтын жерлерді жануарлардың экскременттерінен және басқа да заттардан күн сайын тазарту және дезинфекция жүргізу;
- 3) буаз саулықтарды отырғызар алдында торлардың темір бөліктері мен едендерін қыздыру шамымен зарарсыздандыру, олардың ағаш бөліктерін ыстық сумен шаю;
- 4) мерзімді түрде копроовоскопиялық зерттеулер жүргізу (күшіктерді ай сайын, ересектерін - тоқсан сайын) және инвазияланған жануарлар анықталған кезде - дегельминтизация жүргізу;
- 5) мамық жүнді аңдарға көкөністерді ағынды сумен мұқият шайғаннан кейін азыққа беру;

6) алдын-ала ветеринариялық-санитариялық сараптамасыз шикі етпен, ішкі органдармен мамық жүнді аңдар мен иттерді азықтандыруға жол бермеу;

7) аң фермаларының аумағына кезбе иттерді жіберуге жол бермеу;

8) шаруашылық аумағында және қораларда мерзімді түрде дератизация жүргізу.

970. Аңдардың жоспарлы профилактикалық дегельминтизациясы маусым-шілде айларында күшіктерді бөлгеннен кейін, екінші рет – желтоқсанда шағылыстырудың алдында жүзеге асырылады.

971. Токсокароз бен токскаридоздың профилактикасы үшін күшіктер туғаннан кейін 20-25 және 70-80 күнтізбелік күннен кейін дегельминтизацияланады. Буаз ұрғашы иттер күшіктеуге дейін бір ай бұрын және күшіктегеннен кейін бір айдан соң дегельминтизацияланады. Күзеттік және қызметтік иттерді мерзімді түрде тексереді және қажеттілігіне қарай дегельминтизациялайды.

972. Токсокарозды адамдар, негізінен балалар жұқтырады, сондықтан балалар ойнайтын жерлерде, аулаларда иттер мен мысықтарды серуендетуге, адамдар шомылатын өзендерді және басқа да суқоймаларда шомылдыруға жол берілмейді.

973. Қалаларда иттерді серуендетуге арнайы бөлінген тормен қоршалған алаңдарда және волъерлерде рұқсат етіледі.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

974. Соңғы диагноз белгіленген кезде ветеринария саласындағы маманы шаруашылық жүргізуші субъектінің жетекшісімен және мал иелерімен бірлесіп мынадай іс-шаралар кешенін жүзеге асырады:

1) барлық ауру жануарларды оқшаулайды және жануарлардың экскремент жерлерін дезинвазиялауды, дегельминтизациялауды жүргізеді;

2) серуендету аулаларын, ұстау орындарын мерзімді түрде механикалық тазалауды жүргізеді.

975. Иттер мен мамық жүнді аңдарды емдеу үшін, Қазақстан Республикасының ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады.

90-тарау. Етқоректі жануарлардың обасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 90-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қолайсыз пункттегі ет қоректі жануарлардың обасын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

976. Етқоректілердің оба ауруына диагноз қойылған кезде шаруашылығы субъектілеріне карантин қойылады.

977. Етқоректілердің обасынан қолайсыз аң өсіретін шаруашылықтарда (ит питомниктерінде) мынадай жою іс-шаралары жүргізіледі:

1) барлық ауырған және оба ауруына күдікті жануарларды жедел оқшаулайды және симптоматикалық емдеу жүргізеді, ал қалған жануарларды (терісі бағалы аңдар мен иттер) ережеге сәйкес вакцинамен егеді;

2) аң шаруашылықтарында және ит питомниктерінде барлық күтушілерді қосымша киімдермен - халаттар, фартуктер және резина аяқ киімдерімен қамтамасыз етеді;

3) күтуші персоналдың киімдері күнделікті залалсыздандырылып тұрады;

4) әрбір ауру жануар бөлініп оқшауланған сайын торлар, үйшіктер, тордың астындағы топырақ және жәшіктер залалсыздандырылады. Оқшаулағышқа күнделікті дезинфекция жүргізіледі. Дезинфекция жасау үшін Қазақстан Республикасы және/немесе Евразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітінділерін қолданады.

5) қиды арнаулы бөлінген аумаққа жинап биотермиялық залалсыздандыру үшін үш ай ішінде жауып тастайды.

978. Өлген аңдардың немесе мұқият сойылған жануарлардың терісін тек оқшаулағышта сыпырады. Обадан өлген аңның өлексесін, ұшаларын және құнсыз терілерін жағып жібереді.

979. Ауру және ауырған жануарлардан алынған терілерді 25-33 градуста температурада 3 тәулік ішінде кептіреді және кейіннен 18-20 градус температурада он тәулік ішінде ұстайды.

980. Қорытынды іс-шаралар жүргізілгеннен кейін ет қоректілердің оба ауруынан қолайсыз пункттен карантинді алады.

91-тарау. Балықтардың анизакидозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 91-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Балықтардың анизакидозын сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

981. Балық шаруашылығымен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың аумағында және үй-жайларында жұмыс істейтін персоналдың анизакид личинкаларын жұқтырудың қауіпсіздік шаралары сақталуы қажет. Балықтарды өңдеумен

айналысатын адамдар жеке профилактика шараларын сақтауға, атап айтқанда, шикі балықтың туралған етінің және басқа да балық жартылай фабрикаттарының дәмін көруге жол бермеуге, қалдықтарды уақтылы зарарсыздандыруы қажет.

982. Анизакидозбен зақымданған ошақтардан түсетін барлық балықтар ветеринариялық құжаты болған кезде қабылдануы қажет, онда балық шартты түрде жарамды деп көрсетілуге тиіс, өйткені онда шартты түрде жарамды балық сатылар алдында тиісті технологиялық өңдеуге ұшырайды.

983. Шикі балықты және оның қалдықтарын су айдындарына, қоқыс төгетін жерлерге тастауға және үй жануарларын жемдеуге беруге рұқсат етілмейді.

984. Балықты өңдеу кезінде алынатын қалдықтар қайта өңдеу үшін жемдік балық ұнына жіберіледі, ал ұн-май қондырғылары болмаған жағдайда судың қайнауынан бастап 30 минут бойы қазандарда қайнатылады.

2-параграф. Балықтардың анизакидозын жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

985. Анизакидтердің тіршілікке қабілетті личинкаларымен зақымданған балықтарды сатуға рұқсат етілмейді.

986. Балық өнімдеріне зертханалық тексерулер жүргізу кезінде және анизакидтердің тірі личинкалары анықталған кезде балық тоңазытып зарарсыздандыруға жіберіледі.

987. Зарарсыздандырылғаннан кейін балық қайтадан анизакидтердің тірі және тіршілікке қабілетті личинкаларының бар-жоқтығын зертханалық тексеруге ұшырайды.

92-тарау. Тұқы тұқымдас балықтардың аэромонозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 92-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Тұқы балықтарының аэромонозын сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

988. Балықтардың аэромонозын сауықтыру мақсатында мыналар қажет:

1) балықтарды шаруашылыққа тек жұқпалы аурулардан қолайлы су айдындарынан тасымалдап әкелу;

2) тұқымдық материалды (осы жылғы, бір жылдық, екі жылдық) жергілікті балықтардан арнайы жеке бөлінген тоғандарға орналастыру;

3) аулау және көшіріп отырғызу кезінде балықтардың жарақат алуына жол бермеу;

4) тоғандарда қатты өсімдіктердің көп өсуіне тосқауыл қою;

5) балық организмдерінің төзімділігін арттыруға бағытталған кешендік іс-шараларды өткізу (толыққанды азықтандыру, қолайлы зоогигиеналық жағдайлар);

6) тұрақты түрде тоқсанынан бір реттен кем емес, ал вегетациялық кезеңде аулау уақытысында балықтарға ихтиопатологиялық зерттеу жүргізу қажет.

2-параграф. Қолайсыз пункттердегі ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

989. Тұқы аэромонозы пайда болған жағдайда қолайсыз балық өсіретін шаруашылықтарға және табиғи балық шаруашылығы су айдындарына карантин қойылады. Карантиннің шарты бойынша қолайсыз шаруашылықтарда мыналарға:

1) балықтарды шаруашылықтың басқа тоғандарына және табиғи балық шаруашылығы су айдындарына ауыстырып салуға;

2) аэромонозға бейімді балықтардың әртүрлері мен әр жастағыларын араластырып салуға жол берілмейді.

990. Карантиндегі су айдындарынан әкетуге, сонымен қатар оларға балықтар мен гидробионттарды әкелуге, жекелеген жағдайларда ветеринариялық органдардың рұқсатымен карантиндегі шаруашылықтың қолайсыз тоғандарына байланысы болмаған шаруашылықтың қолайлы тоғандарынан балықтарды, оларды одан әрі карантинде міндетті түрде бір жыл ұстай отырып, басқа шаруашылыққа және су айдындарына әкетуге рұқсат етіледі.

991. Тірі тауарлы балықтарды тірі балық сақтайтын базалардағы орында ұстамай, сауда орындарына тек тікелей әкетуге рұқсат беріледі. Қолайсыз шаруашылықтардағы балықтарды әкетуге пайдаланылған суды хлорлаудан өткізгеннен кейін жалпы дәліздік желіге төгіп тастайды, ал ауылдық жерлерде далаға су айдынынан 500 метрден кем емес қашықтық аралығында төгіп, ыдысты тиісті өңдеуден өткізеді.

992. Балық өсіретін шаруашылықтарда және балық шаруашылықтарының су айдындарында сауықтыру шарасын суды ағызып жіберу арқылы немесе кешендік тәсілдерді қолдану жолымен іске асырады.

993. Құйылма тоғаны бар шағын толық жүйелі балық шаруашылықтары, балық питомниктері немесе жекелеген тоғандар бір жыл ішінде бір мезгілде барлық ветеринариялық-санитариялық және балық өсіру-мелиоративтік іс-шаралар жүргізе отырып, суын ағызып жіберуге жатады. Бұл ретте:

1) күзде тоғандарды ағызып жібереді, барлық тауарлы балықтар, аталық және жетілген жас балықтар сауда жүйесі арқылы өткізіледі, тұқымдық балықтар (шабақтар) мал жеміне жіберіледі;

2) келесі жылдың қыс, көктем және жаз айларында тоған арнасын, балық жинайтын орларды және су құрылыстарын қайнатылмаған ізбес (25-30 центнер/гектарына) немесе хлорлы (3-5 центнер/гектарына) ізбеспен зарарсыздандырады;

3) көктемге қарай зарарсыздандырған тоғандарға су құйып, оларға сау тұқымдық балықтарды жұқпалы аурудан қолайлы шаруашылықтардан әкеліп, балықтандырады.

994. Суды тек тасымалдап жеткізетін ірі толық жүйелі балық өсіретін шаруашылықтарда, суы ағызылмайтын немесе толық ағып кетпейтін тоғандарда, сонымен қатар жабық табиғи су айдындарында кешенді әдіспен сауықтандыру жүргізіледі.

995. Әдістің құрамына мыналар кіреді: ауру қоздырғышының көздерін анықтау, қоздырғыштардың таралу жолдарын үзу, балықтардың табиғи төзімділігін арттыру, аурудың таралуына тосқауыл қою және оларды бағып ұстауға бір қалыпты жағдай туғызу.

996. Судың қышқылдығын және оларда жиналып қалған органикалық қалдықтарды бейтараптау мақсатында судың рН деңгейінің 8,5-ке дейін көтерілуіне қол жеткізе отырып, су көлемінің 150-300 килограмм/гектарына мөлшерінде (күнтізбелік 8-15 күн аралықпен суды ағызу кезеңінде 2-3 рет) сөндірілген әкті немесе әктің сүтті сұйығын енгізу ұсынылады.

997. Қолайсыз балық өсіруші шаруашылықтарында аэромоноз ауыруынан жазылған және осы көрсетілген ауруға едәуір төзімділігі бар балықтардан аталық өндіргіш балықтар мен жас балықтардың топтарын қалыптастырады.

998. Аэромоноздың созылмалы ауруынан қолайсыз шаруашылықтарда, табиғи су айдындары мен су қоймаларында балықтардың ауруларына шалдықпайтын немесе едәуір төзімді балықтарды: өсімдік улы (ақ амур және дөңмаңдай), шортан, өзектік жайын және басқа түрлері өсіріліп көбейтіледі.

999. Емдеу мақсатында Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одағына қатысушы мемлекеттерде тіркелген дәрілік препараттар қолданылады.

1000. Балық өсіруші шаруашылығынан балық аэромонозына қойылған карантинді балықтар ауруының соңғы тіркелгенінен бір жыл өткеннен кейін және өндірістік тоғандардан алынған биологиялық сынамалардың жақсы нәтижелері және жүргізілген ветеринариялық-санитариялық шаралар кешені өткізілгеннен кейін алады.

93-тарау. Балықтардың торсылдағының қабынуы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 93-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Су қоймаларын сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1001. Суын ағызып жіберу кезінде кемінде бір жыл мерзімге барлық тоғандарды сусыз ұстайды. Ауланған балықтарды сауда орындарына сатуға жібереді. Бүйірі үлкейген балықтарды және судың бетінде жүзген балықтарды пісірілген күйінде жануарларды жемдейді немесе оларды жояды. Суды ағызып жіберу әдісімен сауықтандырудың орындылығы тоғанның, сумен жабдықтау жүйесінің эпизоотиялық жағдайымен анықталады және тоғандардың тегістігі, ауданының көлемі, экономикалық мүмкіндігі және басқа жағдайлар ескеріледі. Суы ағызылып жіберілген тоғандар орны дезинфекциялауға, құрғатуға, кейіннен ауыл шаруашылығы дақылдарын отырғыза отырып, қатыруға ұшырайды.

1002. Тоғандардың суын ағызып жіберу мүмкін болмаған кезде су айдындарын кешенді әдіспен сауықтыру жүргізіледі. Мұнда уылдырықты инкубациялау әдісімен алынған балықтарды өсіріп, сау үйір құрады немесе осы ауруға бейім балықтарды бейім емес немесе бейімділігі төмен балықтармен ауыстырады. Тоғандарға, аулау құралдарына және мүліктерге зарарсыздандыру жүргізеді.

1003. Тоғандарда балықтарды кешенді әдіспен сауықтырғанда алдын ала емдеу жұмыстарын жүргізеді.

Осы аурудан қолайсыз пункттердегі тоғандарды кешенді әдіс бойынша сауықтырғанда шектеу алынар алдында ветеринариялық қадағалаудың бақылауымен биологиялық сынаманы жүргізеді. Тоғандарға жергілікті тұқы балықтарын (бір жылға дейінгі, бір жылдық немесе бас көбейтетін) осы аурудан, басқа да аурудан қолайлы шаруашылықтан әкелінген балықтарды жібереді. Балықтарды 15 градустан төмен емес температурада үш ай ішінде ұстайды және қолданылатын балық өсірудің тығыздығын анықтайды. Егер судың температурасы 15 градустан төмен болса, онда биосынаманың мерзімін ұзартады, онда орта тәуліктік температура үш ай ішінде 15 градустан төмен болмауы тиіс. Осы аталған уақытта балық ауруының болмауы шектеуді алуға негіз болады.

1004. Жүзу жарғағының ауруы толық тоқтағаннан, ветеринариялық-санитариялық және балық өсіру-суландыру іс-шаралары жүргізілгеннен кейін бір жыл өткен соң кешенді кешенді әдіспен сауықтырғанда, теріс биосынама алынса, балық өсірілетін шаруашылықтан шектеу алынады.

94-тарау. Балықтың дифиллоботриозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 94-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта профилактика ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1005. Жануарлардың дифиллоботриозды жұқтыруының алдын алу мақсатында:

- 1) су айдындарын нәжіспен ластанудан қорғау;
- 2) қызмет көрсететін персоналға гельминтологиялық тексеру жүргізу;
- 3) санитариялық қызметпен бірлесіп, табиғи су айдындары мен су қоймаларындағы балықтарды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;
- 4) күзет иттеріне мерзімді түрде дегельминтизациялау жүргізу қажет.

1006. Су айдындарына, қоқыс тастайтын орындарға шикі балықты және оның қалдықтарын тастауға, ет қоректі және барлық қоректі жануарларға беруге жол берілмейді.

1007. Дифиллоботриид личинкаларын жұқтыруға: шортан, нәлім, алабұға, пеляд, ақсақа, хариус, көкшұбар, талма, кета, бахта, ақ балық, кета, кумжа, таймень, арқан балық тұқымдасының кейбір түрлері және қорегі су шаяндары-циклоптар мен диаптомустар болып табылатын балықтың басқа да түрлері тексеріледі.

2-параграф. Дифиллоботриоз бойынша қолайсыз аумақта жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1008. Су айдынында дифиллоботриид личинкаларын жұқтырған балықтар анықталған кезде барлық балықтар ауру жұқтыру дәрежесіне қарамастан, шартты түрде жарамды деп саналады және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тек қана тиісті өңделуден кейін тамаққа пайдалануға жіберіледі.

1009. Дифиллоботриоз бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде алдын-ала ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізбей, мамық жүнді аңдар мен иттерді балықпен және балық өнімдерімен жемдеуге жол берілмейді.

1010. Құрттардың плероцеркоидтарын жұқтыруға бейім қолайсыз тоғандардан ауланатын балықтардың барлық түрлеріне міндетті түрде ихтиопатологиялық зертханалық-диагностикалық зерттеу жүргізілуіне қажет.

1011. Балықты өңдеген кезде алынатын қалдықтар азықтық балық ұнын жасау үшін қайта өңделуге жіберіледі, ал май-ұн қондырғылары болмаған жағдайда су қайнағаннан бастап 30 минут бойы қазандарда қайнатылады.

1012. Балық ауланған жерлерде шартты түрде жарамды балықтарды өңдеуге мүмкіндік болмаған жағдайда оны аудан, облыс шеңберінде жақын орналасқан өңдеу орнына дейін тасымалдауға жол берілмейді.

1013. Шартты түрде жарамды балықты тамаққа пайдалануға тұздау, мұздату, қайнату, қақтау, арнайы кулинариялық өңдеу немесе консервілеу арқылы тиісті өңдеуден кейін оның түріне байланысты жол берілмейді.

1014. Жалпақ құрттың плероцеркоидтарымен қатты зақымдалған балық техникалық кәдеге жаратуға жібереді.

95-тарау. Тұқы тұқымдас балықтың қызамығы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 95-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қызамықтан қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі (шектеу іс-шаралары мен карантинді ұйымдастыру)

1015. Тұқы балықтың қызамық ауруының шығуын және таралуын алдын алу мақсатында шаруашылықтардың және шаруашылық субъектілерінің басшылары жалпы сауықтыру, ветеринариялық-санитариялық және балық өсіру талаптарын қатаң орындауға міндетті.

1016. Балықтардың қызамық ауруы анықталғанда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық инспекторы балық өсіретін шаруашылық субъектілерінің иелерімен бірлесіп, қызамық жұқпасы ошағына кіретін көлшіктерді немесе су қоймаларын тексереді.

1017. Тексерудің нәтижелері актімен ресімделеді.

1018. Аурудан қолайсыз пунктке карантин қойылады.

Карантиннің шарты бойынша қолайсыз пункттерде мыналарға:

1) балықтарды карантиндегі су айдындарынан шығаруға, сондай-ақ карантиндегі көлдерге балықтарды әкелуге;

2) ауырған немесе ауру жұғуға күдікті балықтарды қолайлы шаруашылықтардың тоғандарына және бір тоғаннан басқа тоғанға ауыстыруға;

3) қызамыққа бейім балықтардың әртүрлері мен әр жастағыларын суларда араластыруға;

4) балық өсіретін тоғандарға тынайтқыш мақсатында қи төгуге;

5) балық өсіретін шаруашылық субъектілеріне бөгде тұлғаның баруына;

6) балық өсіру мүліктерін, аулау құралдарын және басқа заттарды бір балық шаруашылығы тоғанынан басқасына әкетуге және әкелуге жол берілмейді.

1019. Карантиндегі шаруашылық субъектілерінде балық ауруларын жою мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) қолайсыз пункттерде жұмысқа арналған арнайы бөлінген аулау құралдары мен мүліктер болуы тиіс. Оларды басқа түске бояйды және жеке сақтайды. Карантиндегі тоғандарға қызмет көрсету үшін тұрақты жұмысшылар бекітіледі;

2) тұқы балық-үйрек аралас шаруашылық субъектілерінде үйректерді оқшау балық кәсіпшілігіне маңызы жоқ және басқа балық өсіретін көлдермен, табиғи сулармен қатысы жоқ тоғандарға тастайды. Тұқымға және өсіруге арналған үйректерді басқа

балық өсіретін шаруашылық субъектілеріне немесе балық кәсіпшілігіне маңызы бар тоғандарға шығаруға жол берілмейді;

3) қырылған балықтардың өлекселерін ұстап алып, тоғаннан алыста алдын ала хлор ерітіндісімен немесе сөндірілмеген әкпен зарарсыздандырылғаннан кейін кемінде 1,5 метр тереңдікке көмеді;

4) ауланған тірі ауру балықтар (жаралары бар, қабыршақтары тікірейген, қабықтары қабатталған, денесі және құрсағы суға толған) техникалық кәдеге жаратуға жіберіледі;

5) судың қатты ағысын және аэрация жолымен оттегімен байыту іс-шараларын қамтамасыз етеді;

6) судың қышқылдығын және оларда жиналып қалған органикалық қалдықтарды бейтараптау мақсатында судың рН деңгейінің 8,5-ке дейін көтерілуіне қол жеткізе отырып, су көлемінің 150-300 килограмм/гектарына мөлшерінде (күнтізбелік 8-15 күн аралықпен суды ағызу кезеңінде 2-3 рет) сөндірілген әкті немесе әктің сүтті сұйығын енгізу ұсынылады;

7) шағын толық жүйелі балық өсіретін шаруашылығы субъектілері, жеке тоғандар және әсіресе балық питомниктерінде суын толық ағызып жіберу және барлық балық өсіру-мелиоративтік және сауықтандырудың кешендік іс-шараларын жүргізу жолымен кептіреді;

8) су айдынында жұмыс істейтін персоналдың аяқ киімдерін және киімдерін, аулау құралдарын, мүліктерін, жабдықтарын міндетті зарарсыздандыруды ұйымдастырады.

2-параграф. Қызамықтан қолайсыз пунктте сауықтандыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1020. Судың қамтамасыз етілуіне байланысты суын босатпайтын немесе суын толық босатпайтын су айдындарында, сонымен бірге жабық балық шаруашылығы субъектілерінде қызамықты жоюдың кешенді әдістері қолданылады, мұнда қоздырғышты табу және оны жою іс-шаралары, оның таралу жолдарын үзу және болдырмау, балықтардың ауруға қарсы төзімділігін жоғарылату және аурудың әрі қарай дамып өрістеуіне кедергі келтіретін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

1021. Қолайсыз пункттерде қызамықпен ауырған, аталған ауруға салыстырмалы төзімді балықтардың арасынан еркек тұқым беретін және балық басын көбейтетін жас балықтардың үйірін қалыптастырады. Қолайсыз пункттерде және табиғи суларда өсіру және көбейту үшін қызамыққа көбірек төзімді өсімдік қоректі балықтарды ұстаған жөн.

1022. Балық кәсіпшілігіне маңызы бар, табиғи тұйық суларда уылдырық өсіретін шаруашылықтар және суға салатын материалмен толық қамтамасыз ететін балық өсіретін зауыттар салу ұсынылады. Тоғанды шаруашылықтарды тұйық балық өсіретін шаруашылықтарға ауыстырады (тауарлық балықтардан басқа балықтарды шығаруға және әкелуге жол бермейді).

1023. Қызамықтан қолайсыз пункттерде емдік және сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар қолданылады:

1) түйіршіктелген жем, астық, байытылған антибиотиктер барлық жастағы балықтар тобына көбею кезеңі ішінде мынадай схема бойынша беріледі: 3 күн балықтарды емдік жеммен, одан кейін үзіліс беріп кәдімгі жеммен жемдеу. Судың температурасы 120 С-қа дейін кезде емдік жеммен және кәдімгі жеммен жемдеу 6 күнге дейін ұзартылады, ал температура 210 С-тан жоғары болғанда 3 күнге дейін қысқартылады;

2) еркек балықтар мен өсіретін балықтарға емдік мақсатпен левомицитинді 1 килограмм салмаққа 20-30 миллиграмм көктемде қыстаулардан босағанда, екінші рет - көктемгі түгендеуден кейін және үшінші рет - күзде қыстауға ауыстырғанда құрсағына егіледі. Аурудың білінетін клиникалық белгілері бар ауру балықтармен жанасқан еркек балықтар уылдырыққа қонар алдында қосымша өңделеді;

3) өсіретін тоғандарда біржылдық балықтарға, серуендейтін тоғандарда сауықтыру мақсатында метилен көкті әр балыққа біржылдықтарға 2-3 миллиграмм және екіжылдықтарға 3-5 миллиграмм береді. Емдік жемді жемдейтін жерге тәулік сайын 7-8 рет салады. Осындай тәртіппен 2-3 рет қайталайды;

4) балықтар үшін сауықтыру және емдік мақсатпен мынадай препараттардың емдік ваннасы ұсынылады: левомицитин, синтомицин, немесе метилен көк;

5) қызамық ауруының қайталануынан сақтандыру мақсатында уылдырық шашар кезең ішінде еркек балықтарды метилен көкпен байытылған жеммен 1 килограмм жемге 3 грамм метилен көк қосылған жем беріледі. Жем нормасы - желінуіне қарай. Жемдік жем 2-3 күн қатарынан беріледі, содан кейін 2-3 күн кәдімгі жемді пайдаланылады және осылай 2-3 рет қайталаынады.

1024. Кешенді ветеринариялық-санитариялық және балық өсіру-мелиоративтік шаралар жүргізіледі және балықтың қызамық ауруы толық тоқтағаннан кейін бір жыл өткеннен соң балық өсіретін шаруашылық субъектісінен карантин алынып, қолайлы деп жарияланады.

96-тарау. Балықтардың лигулезі және диграммозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 96-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта сауықтыру бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1025. Лигулез бен диграммоздың профилактикасы балық аулайтын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің аумағынан балық жейтін құстарды үркітіп отыруды білдіреді. Вегетациялық кезеңнің ішінде балық жейтін құстардың жиналуына және олардың ұя салуына жол бермеу үшін тоғандарда қатты және жартылай қатты шөптер шабылады.

1026. Негізгі кәсіпшілік балық ретінде плерецеркоидтермен инвазиялауға ұшырамаған сазандар және көксеркелер өсіріледі.

2-параграф. Эпизоотия ошақтарында және қолайсыз пунктерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1027. Ауру балықтарды аулау олардың жиналу орындарында жүргізіледі. Тұқылы балықтардың ұсақ түрлерінің лигулезбен және диграммозбен зақымдану кезінде көксеркелер саны ұлғайтылады. Лигулез, диграммоз бойынша қолайсыз жерлерде орналасқан қайта жасалатын су айдындарында өсіру үшін ақсақа, арқан балық ауруларына бейімділігі мейлінше төмен немесе бейім емес балық түрлерін арнайы іріктеп алу керек.

1028. Лигулез, диграммоз анықталған кезде сатуға тек қана ішкі құрылысы алынған балық жіберіледі. Ішкі органдары гельминттермен бірге кәдеге жаратылуға тиіс.

97-тарау. Описторхоз бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 97-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Описторхоздың профилактикасы ретінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1029. Күрес және профилактика шаралары кешенінде адамның және жануарлардың денсаулығына арналған балық өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мынадай іс-шаралар бірінші дәрежелі мәнге ие:

- 1) оны адамның және жануарлардың гельминтоздар қоздырғышынан зарарсыздандыруға кепілдік беретін балықты өңдеу режимдерін қамтамасыз ету;
- 2) санитариялық-гигиеналық және ветеринариялық-санитариялық сараптамалар;
- 3) медициналық-биологиялық және ветеринариялық-санитариялық талаптарға, сондай-ақ паразитарлық тазалықтың көрсеткіштері бойынша санитариялық нормаларға сәйкестігіне зерттеулерді ұйымдастыру және олардың сапасы.

1030. Балықтарды елді мекенге сату ихтиопатологиялық зертханалық-диагностикалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін өткізіледі.

2-параграф. Қолайсыз пунктердегі ауруды жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1031. Қауіпсіздік және санитариялық нормалардың талаптарына сәйкестігіне зертханалық зерттеулер кезінде адамның және жануарлардың денсаулығына қауіпті тірі метацеркарилер анықталған балықты және олардың өңделген өнімдерін сатуға рұқсат етілмейді.

1032. Құрамында адамның және жануарлардың денсаулығына қауіпті тірі метацеркарилері бар балықтар және олардың өңделген өнімдері "шартты түрде жарамды" немесе "жарамсыз" санатына ауыстырылады.

1033. "Шартты түрде жарамды" балық өнімі тамақ өнімдеріне, қайта өңдеуге және сатылуға тек қана зарарсыздандырудан кейін рұқсат етіледі.

1034. "Жарамсыз" санатына ауыстырылған балық және олардың өңделген өнімдері кәдеге жаратуға жіберіледі.

1035. "Шартты түрде жарамды" балықты тамақ мақсатында пайдалануға тұздау, тоңазыту, ыстау, қақтау, арнайы кулинариялық өңдеу немесе консервілеу жолымен рұқсат беріледі.

1036. Шартты түрде жарамды балық өнімін тұздау:

1) балықты описторхид личинкаларын зарарсыздандыру балық етінде тұздың салмақтық үлесін 14 %-ға жеткізе отырып, аралас өткір және орташа тұздауды (+1+2 С0 температурада тұздаудың бірінші күнінен тұздықтың тығыздығы 1,20) колданумен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте тұздаудың ұзақтығы мынадан кем болмауы қажет:

теңге балықта, үкішабақта, қабыршақ балықта - 10 тәулік;

тортада, тарақ балықта, қызыл қанатта, щипа балықта, ұсақ (25 сантиметрге дейін) аққайрандарда, табанда, онғақта - 21 тәулік;

ірі (25 сантиметрден жоғары) аққайрандарда, табанда, онғақта - 40 тәулік;

2) "Шартты түрде жарамды" балық үшін барынша әлсіз немесе ұзақ тұздау тек қана осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен алдын ала тоңазытудан кейін рұқсат етіледі.

1037. Балықтың уылдырығын тұздау:

1) жылы күйінде тұздау (15-16 С0 температурада), тұздың мөлшерінде (уылдырық салмағына пайызбен) жүргізіледі: 12 % - 30 минут, 10 % - 1 сағат, 8 % - 2 сағат, 6 % - 6 сағат жүргізіледі;

2) салқындатып тұздау (5-6 С0 температурада) тұз бен уылдырықтың бірдей арақатынасында екі есе ұзақ жүргізіледі;

3) шайлы лентец личинкаларын (дифиллоботриид) жұқтырған ақсақа және басқа балықтардың уылдырықтарының салқындатылған тұздауы, уылдырықтың салмағына 5 % тұздың мөлшерінде 12 сағат бойы жүргізіледі.

1038. Балықтарды тоңазыту:

тоңазытудың мынадай режимдерін сақтау кезінде балық описторхис личинкаларынан зарарсызданады:

минус 40 С0 (балық денесіндегі температура) - 7 сағат (зарарсыздандыруға қажетті уақыт);

минус 35 С0 - 14 сағат;

минус 28 С0 - 32 сағат.

1039. Балық өнімін зарарсыздандырудың сенімді әдісі оны жоғары температурамен өңдеу болып табылады. Қолданыстағы технологиялық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылатын ыстық және салқын ыстау, сүрлеу, кептіру, сондай-ақ консервілерді жасау, аққайраңды қоспағанда, балықтарды описторхис личинкаларынан зарарсыздандырады. Салқындатылған аққайраң сүрленген және салқындатып ысталған балық өнімдерін өндіруге пайдаланылуы мүмкін емес, өйткені бұл ретте оның описторхис личинкаларынан зарарсыздандыруы жүрмейді.

1040. Жануарлардың азығына тағайындалған балық өнімдері зарарсыздандырылады

1041. "Шартты түрде жарамды" балық өнімдерін қайта өңдеу кезінде алынатын қалдықтар, сондай-ақ, "жарамсыз" санатына ауыстырылған балық өнімдері, мал шаруашылығы мақсатына арналған балық ұнын шығаруға жіберіледі. Балық ұнын өндіретін қондырғылар болмаған жағдайда, қалдықтар қайнау сәтінен бастап 30 минут бойы қазандарда қайнатылады. Биотермиялық шұңқырларда көмуге рұқсат етіледі. Балық өнімін қайта өңдеуден алынған қалдықтарды алдын ала зарарсыздандырмай, су ағындарына және қоқыс орындарына тастауға, сондай-ақ олармен малдарды жемдеуге жол берілмейді.

98-тарау. Аралардың аурулары, ара ұясының зиянкестері бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 98-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Аралардың ауруларын сауықтыру және ара ұясының зиянкестерімен күрес жөнінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1042. Жеке және заңды тұлғалар омарталарды адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін орындарға орналастырады.

1043. Көшпелі омарталар бал жинау кездерінде бір бірінен бір жарым километр және тұрақты омарталардан үш километрден кем емес қашықтықта орналастырылады. Тұрақты және көшпелі омарталарды бұрын орналасқан бал жинау көздері омарта араларының ұшу жолдарына орналастыруға рұқсат етілмейді.

1044. Омарталарды құрғақ, күн сәулесімен жарықтандырылған, желден қорғалған, тас және темір жолдарына, ағаш кесу орнына, жоғары кернеулі электр беру желілеріне

500 метр жақын емес және кондитерлік, химия өндірісінің кәсіпорындарынан, аэродромдардан, әскери алқаптардан, радиолокациялық, радио-телетаратушы станциялардан және басқа кіші толқынды сәулелі көздерден 5 километр қашықтықта орналастырады.

1045. Тұрақты омартаның аумағы шарбақпен қоршалады. Ара ұялары астына қоятын құралмен жерден 30 сантиметр төмен емес және бір бірінен 3-3,5 метр және қатарларының аралығы 10 метр қашықтықта орналастырылады. Ара ұясының кіріп-шығатын тесіктерінің алдына мөлшері 0,5 x 0,5 алаңшалар жасалады. Осы алаңшалардағы аралардың өлекселелері және қоқыстары жиналып өртеледі.

1046. Аралар әртүрлі түске боялған (көк, ақ, сары) түзетілген ара ұяларында ұсталады. Әрбір омартада резервтегі ара ұялары және мөлшері ара ұясының жалпы санының 10-15 пайызын (бұдан әрі - %) құрайтын бал салатын кәрездік рамкалар болады.

1047. Омарталардың тиісінше ветеринариялық-санитариялық жағдайын ұстап тұру үшін бұларға омарталық үйшіктерді (көшпенді дүңгіршіктер) орналастырады, жеке гигиенаның, сондай-ақ дизжұқпалау (сутегі тотығы және басқалары) заттарымен және құралдарымен қамтамасыз етіледі, дезинфекциялаушы алаңшалар, жабық шұңқырлар (қолданылған суға арналған), омарташыға арналған жуыну ғимараты жабдықталады.

1048. Стационарлық омарталардың аумағында бал салатын бос кәрездерді сақтайтын, сондай-ақ балы және балтозаңы бар кәрездерді, ыдыстарды, омарташылық құралдарын, дезинфекциялаушы заттарды сақтауға арналған ғимарат болуы қажет.

1049. Қысы суық созылмалы жерлерде омарталарда қыстайтын - құрғақ тоңдырмайтын, ауаны енгізіп-шығарушы және 0,5-4 С0 бойынша (бұдан әрі - 0С) температураны, 75-85 % қажетті ылғалдылықты ұстап тұруды қамтамасыз етуші желдеткішпен жабдықталған қыстауыш ғимарат салынады.

1050. Сыртқы ауаның температурасы 120С-тан төмен емес кезде, ғимараттың ішіндегі температура 60С-қа дейін тұрақты көтерілгенде немесе аралары төменгі температурадан ауытқыған кезде ара ұясын қыстауыштан алып шығады.

1051. Ара ұясының кіріп-шығатын тесігін өлекседен және қоқыстан тазартады, қажет жағдайда жылытушы материалды және басқаларын құрғақ, қолайлы, дезинфекцияланған түрлеріне ауыстырады.

1052. Ара ұясына тұрақты қарау жүргізеді және жемнің болуын тексеріп отырады. Жем жетіспеген жағдайда жоғарыдан рамкаларға аралар үйірінің үстіне "себілген бал" немесе қант бал қамыры-кандиді орналастырады, жем оттығына жылы (300С) қант сиропын 1:2 қатынасында немесе кенептің астына бал толтырылған рамка қойылады.

1053. Ауа райының тұрақты жылы кезінде (120С-тан төмен емес) ара ұясына (көктемгі тексеріс) мұқият қарау жүргізіледі, олардың ұяларындағы күштерін, ұрық-құрттардың болуын және санын анықтайды. Көгеріп кеткен және аралардың нәжісі жағылған бос рамкалар алынып тасталады. Бұл ретте рамкалар

ұрық-құрттары мен азығынан тазартылады. Аралардың ұясы қолайлы дезинфекцияланған ара ұяларына ауыстырылып отырғызылады. Аурудың белгілері жоқ әлсіз ұяларды біріктіреді, ұяларды қысқартады.

1054. Дені сау әлсіз ара ұясын аурудың анық белгілері бар ауру аралармен қосуға рұқсат етілмейді. Мұндай ара ұясының ұрық-құрттары, азығы бар кәрездерін дені сау ұяларға қолдануға болмайды. Омартада қалған ауру ара ұясына емдеу жүргізіледі.

1055. Омартаға қолайлы және тұздалған сумен толтырылған суарғыш орнатылады (ас тұзының 0,01 % ерітіндісі).

Арнайы алаңда механикалық тазарту және омарташылық жабдықтарға, құралдарға және жемнен бос, қолдануға жарамды кәрездерге дезинфекция жүргізіледі. Дезинфекцияланған құрал заттар тиісті бөлмелерде сақталады. Жарамсыздыққа шығарылған кәрездер балауызға тұщытылады.

1056. Тұрақты жылы ауа райы кезінде ұя ашық-қоңыр кәрездермен кеңейтіледі, тозаң және шырын алып келу кезінде ара ұясында кәрездерді тұрғызу үшін балауызды күштірек қолданады. Омартада жыл сайын 30 %-дан кем емес кәрездердің қоры жаңартылады. Жыл сайын 50 %-дан кем емес аналықтарды ауыстыру жүргізіледі.

Аралардың ұрлығына, үйірленуіне және көп болып жиналып үйірленуіне жол берілмеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қыстауышты өз уақытында дайындауды жүргізеді. Бөлмелерді кептіріп, қабырғаларын және төбесін әкпен ақтайды, еденін мұқият жуады.

Балдарды кәрездерден сорғытып алғаннан кейін оларды бұрын шығарып алынған ара ұяларына кептіру үшін орналастырады.

1057. Негізгі бал жинаудан кейін ара ұясына тексеру, сұрыптау, қысқы мерзімге ара ұясын біріктіру және күштерін белсенді түрде өсіру жүргізіледі. Қыркүйек айында ара ұясында 20 000-нан кем емес ара болады (6-8 ара ұясы).

1058. Жабысқақ және кристалданушы балды толығымен сапасы жақсы балмен немесе қант шырынымен алмастырады.

Жемдік қорлар тамыз-қыркүйек басында қант шырынымен (5-6 килограмм қанттан көп емес) толықтырылады. Республиканың орталық және солтүстік өңірлерінде жемдік қор аралардың бір ұясына 28-30 килограммды құрайды, ал қалған өңірлерде 18-25 килограммнан кем емес, балтозаңы - 2 килограмм (толығымен толтырылған екі кәрез). Қант шырынын жалпы ас оттығынан жемдеуге болмайды.

1059. Қысқы уақытта ұяларды жинауды жем сақталатын қормен толықтырғаннан және тұқым-құрттардың негізгі бөлігі шығарылғаннан кейін жүргізіледі. Бал ара ұясынан тұқым-құрттардан босаған кәрездерін шығарып тастайды (1,5 килограммнан кем). Ұяның ішіне кәрездерді дұрыс орналастырады, оның көлемі ара ұясының күшіне сәйкес келуі қажет.

1060. Салқын түскен кезде барлық ара ұясын тексеру қажет және кәрездердегі аралар үйірінің орналасуын анықтайды, қажет жағдайларда кәрездердің орнын

ауыстырып қояды. Тұрақты суық және құрғақ ауа райы басталысымен, ара ұяларын қыстауышқа енгізеді, ара ұяларының төбесін алып тастайды, кіріп-шығатын тесіктерді торлайды.

1061. Ара ұяларын, омарташылық құралдарды, бал айдаудың арнайы киімдерін, бал ыдыстарын және басқа омарташылық заттарды бір омартадан басқа омартаға алдын ала дезинфекция жүргізбей жіберуге болмайды.

1062. Қолайлылығын растайтын құжаттардың негізінде омарталарды жұқпалы аурулардан қолайлы омарта шаруашылықтарынан алынған дені сау ара ұясымен толтырады.

1063. Әкелінген араларды, шыққан тегі белгісіз ара үйірлерін басқа омарталардан 5 километр жақын емес қашықтықта, оқшауланған омартаға орналастырады және қамтамасыз етуші ветеринария саласындағы маманның бақылауында карантиндеуде ұстайды, осы уақыттан кейін жұқпалы аурулардың қоздырғыштарының бар немесе жоқ болуына зерттеу жүргізіледі.

2-параграф. Ара ауруларын емдеу және жою бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1064. Ара ұясының аурулары немесе өлімі туралы қоғамдық және жеке омарталардың омарташылары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық-санитариялық инспекторына дереу хабарлайды.

1065. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық-санитариялық инспекторы барлық ара ұясына тексеру жүргізуді, ауруларды анықтауды және аурудың себептерін табуды, аурудың көзін анықтауды, таралу жолдарын, жұқпа ауруының (инвазияның) таралу дәрежесін анықтауды ұйымдастырады және осы Қағидаларда көзделген қажетті іс-шараларды қабылдайды. Аурудың диагнозын түпкілікті анықтау үшін патологиялық материалдарды таңдап алып, ветеринариялық зертханаға зерттеуге жібереді.

1066. Жұқпалы ауру немесе улану анықталған жағдайда, тиісті аумақтың ветеринариялық-санитариялық инспекторы мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) осы аумақта орналасқан барлық омарталардың иелеріне және көрші аудандардың (қалалардың) бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларына хабарландыру жібереді;

2) осы омарталарға, араларына, аналықтарға, омарташылық өнімдеріне және араларына күтім жасауға қолданатын заттарға ветеринариялық-санитариялық тексеру жүргізуді ұйымдастырады.

1067. Аралардың аса қауіпті аурулары анықталған жағдайда (америкалық шіріме, еуропалық шіріме, залалды тұқым-құрт), карантин қойылады.

1068. Аралардың жұқпалы аурулары анықталған жағдайда (гафниоз, варроатоз, аскофероз) шектеу шаралары қойылады.

1069. Карантин немесе шектеу іс-шаралары қолайсыз омарталарға қойылғанда, жеке және заңды тұлғалар мынадай ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізеді:

1) қолдануға жарамсыз омарталарды брактайды және балауызға өңдейді;

2) қолданыста 2-3 жыл болған жарамды кәрездерді, дүкендік кептіргішті залалсыздандырады (зарарсыздандырады);

3) аралардың көшіп-қонатын орындарын, ара ұяларын, рамкаларын, құрал-саймандарды, арнайы жұмыс киімдерін дезинфекциялайды;

4) ара үйірлеріне қарсы шаралар қолданады;

5) омартада араларды бір жерден, бір ыдыстан тамақтануға, сироп ішуге және бал алғаннан кейін кәрездерінің қатар орналасуына рұқсат етілмейді, әлсіз және аналығы жоқ ұяларды өсіруге жол бермейді;

6) аурудан арылған аралардың көшіп-қонатын орындарын, ара ұяларын, кәрездерін, құрал-саймандарды, арнайы жұмыс киімдерін және басқа қонатын құралдарды толық тазартуды және дезинфекциялауды жүзеге асырады.

1070. Ауру ара ұясына емдік ветеринариялық препараттар қолдану жөніндегі тиісті нұсқауға сәйкес беріледі (қолданылады).

1071. Барлық ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенін жүргізу шарты кезінде карантин мен шектеулер алынады.

3-параграф. Араның жеке аурулары кезіндегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1072. Америкалық шіріме. Аралардың америкалық шірімемен ауруы анықталған кезде омартаны және оның айналасындағы 5-7 километр алқапты осы ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және карантин қойылады.

Өлекселері бар кәрездерді ауру ұядан алып тастайды және балауызға өңдейді; балауыз қалдығын өртейді. Араларды ауру ұядан үйірлерге сыпырады (мұның алдында ұяларды түтінмен өңдейді) және 1-2 тәулікке қыстаққа орналастырады.

Ауру ұя араларын парақ қағазға сілкиді және түскені бойынша түтінмен дезинфекцияланған қолайлы кәрездерге немесе балауызы бар рамкаларға жіберіледі. Одан кейін қағазды жағады.

Аурудың нақты белгілері жоқ аралардың тұқымдарын арнайы инкубатор-ұяларда өсіреді.

Мұндай ұялар ұшатын ұяларды майда торлармен жабады, аналықтарды сау аналықтармен ауыстырады, араларды сумен және ем сироптарымен қамтамасыз етеді. 10-18 күннен кейін жас араларды жаңа ұяларға қайтадан қондырады.

1073. Омартада барлық ара ұяларын емдеу кезінде бөлінген микроорганизм штаммдарының сезімталдық ерекшеліктеріне қарай антибиотиктер мен сульфаниламид препараттарын тиісті нұсқауларға сәйкес қолданады.

Балдан босаған және құрамында өлген араның өлтірігі, ұя және ара шаруашылығы құралы жоқ бос қолайсыз кәрездерді дезинфекциялайды.

Омартаның аурудан қолайсыз ара ұяларынан алынған балауызды техникалық өңдеуге жібереді.

Ара балын және гүл тозаңдарын тек қана жем үшін өткізеді.

1074. Европалық шіріме қоздырушысы анықталған кезде омартаға карантин қойылады.

Ауруға шалдыққан ұяларды: қысқартады және жылытады, адал сапалы жеммен қамтамасыз етеді; әлсіз ауыру ұяларды біріктіреді, аналықтарын сауларына, өнім беретіндеріне ауыстырады.

Емдеу және зарарсыздандыру жұмыстары америкалық шірімеде көрсетілгендей жүргізіледі, кәрездерді және мүкәммалды зарарсыздандырады.

Ара балын және гүл тозаңдарын тек қана жем үшін өткізеді.

1075. Омартадан карантинді бір жыл өткен кейін, ал шектеулерді ауруды жойғаннан кейін алады.

1076. Қалталанған өсін анықталған кезде омартаны аталған ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және оған карантин қойылады.

Егер ауру омартада бірінші рет тіркеліп отырса, онда ауру ұяларын барлық ұяларымен және құрама бөліктермен бірге дереу жою туралы шешім қабылдайды.

Бос жарамды кәрездер, ұялар және ара мүкәммалы дезинфекцияланады. Өлген личинкаларының қалдықтары бар кәрездерді балауызға ерітеді.

1077. Гафниоз анықталған кезде омартаны аталған ауру бойынша қолайсыз деп жариялайды және оған карантин қойылады.

1078. Ауру ара ұяларына дәрілік жем береді.

Бос жарамды кәрездер, ұялар және ара мүкәммалы дезинфекцияланады.

Ауру ұялардан алынған бал кондитерлік өнеркәсіпте термиялық өңдеу шартымен тамақ мақсатында пайдаланылады.

99-тарау. Бруцеллез бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 99-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жануарлар бруцеллезінің диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 1-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1079. Бруцеллезге диагноз қою үшін эпизоотологиялық, клиникалық, серологиялық, бактериологиялық әдістерді (биосынама қоя отырып) және ПТР қолданады.

1080. Жануарларды бруцеллезге диагностикалық зерттеу жүргізу кезінде Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымы (бұдан әрі – ХЭБ) ресми түрде ұсынған мынадай серологиялық тестілерді қолданады: комплементті байланыстыру реакциясы немесе комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы – CF (КБР/КҰБР), Бруцелланың буферден тыс антигенімен тест – ВВАТ (ПРА/РБС), иммундық ферментті талдау – Elisa (ИФТ) және флуоресцентті поляризация – FPA (ФПА). Бруцеллез бойынша табынның (отардың) мәртебесін анықтау үшін бактериологиялық (биосынама қоя отырып) әдіс немесе ПТР қолданылады.

1081. Овис Бруцелласы тудыратын ауруға күдіктенген кезде ұсақ малды овистік антигені бар КҰБР-мен немесе ИФТ-мен зерттейді. Түсіктер болған кезде биосынама қоя отырып, бактериологиялық зерттеулер немесе ПТР жүргізеді.

1082. Бактериологиялық зерттеуді (биосынама қоюды қоса алғанда) немесе ПТР-ны бруцеллез ауруына күдік тудыратын клиникалық белгілері бар жануарлардан алынған патологиялық материалдарға, сондай-ақ серологиялық мониторинг кезінде диагнозды растау үшін мәжбүрлі түрде өлтірілген жануардан алынған материалға жүргізеді. Ветеринариялық зертханаға трихомонозға, кампилобактериозға, сальмонеллезге, лептоспирозға, хламидиоздық іш тастауға, листериозға, иерсиниозға зерттелуге келіп түскен түсіктер міндетті түрде бруцеллезге зерттелуі тиіс.

2-параграф. Бруцеллез бойынша саламатты пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1083. Саламатты пункте, эпизоотологиялық бірлікте қосымша зертханалық зерттеулерді, вакциналауды қоса алғандағы ветеринариялық іс-шаралар Бруцеллезге қарсы ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес жүргізіледі.

1084. Жоспарды ЖАО құрған ветеринариялық пункттерімен (бұдан әрі – ВП) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың (бұдан әрі – МВҰ) ветеринариялық мамандары құрады. Әрбір ВП немесе МВҰ бойынша эпизоотологиялық бірліктерді қамтитын бір Жоспар құрылуы тиіс.

1085. Ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермерлік қожалықтардың (бұдан әрі – АШТӨ, ШҚ, ФҚ) ветеринариялық дәрігерлері өздері қызмет көрсететін эпизоотологиялық бірліктерге арналған өздерінің Жоспарын өздері әзірлей алады және бұл жоспар осы АШТӨ, ШҚ, ФҚ орналасқан аумақтағы МВҰ-ның, ВП-ның Жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады.

1086. Жеке қосалқы шаруашылықтар үшін профилактикалық іс-шараларды осы эпизоотологиялық бірлікке қызмет көрсететін МВҰ-ның, ВП-ның ветеринариялық дәрігерлері жасайды және МВҰ, ВП жасайтын Жоспардың құрамдас бөлігі болып табылады. Жоспарда барлық іс-шаралар эпизоотологиялық бірліктер бойынша бөлінеді. Эпизоотологиялық бірліктердің саны өзгерген жағдайда, ветеринариялық дәрігер Жоспарға өзгерістер енгізеді.

Әрбір ВП Жоспарды МВҰ-ға жібереді. МВҰ облыстың ЖАО бөлімшелерімен, ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы ауданның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша аудан үшін жиынтық Жоспар жасайды және бекітеді.

МВҰ Жоспарды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшесіне жібереді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшелері сәйкесінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық бөлімшелеріне ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосын келісуге жібереді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшесі облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының қолы қойылған Жоспарды ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына жолдайды. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Жоспарлары негізінде республикалық Жоспар әзірлейді, оны ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының төрағасы бекітеді және ветеринария саласындағы уәкілетті органның жетекшілік ететін вице-министрі келіседі.

Ескерту. 1086-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1087. Республика, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала деңгейіндегі Жоспар эпизоотологиялық бірліктер саны мен олардың саламаттылық мәртебесі көрсетілген іс-шаралар тізбесін қамтуы тиіс және мынадай үш бөлімнен тұруы тиіс:

1) ұйымдастырушылық-шаруашылық іс-шаралар (жануарларды бірдейлендіру, эпизоотологиялық бірліктерді қалыптастыру, жануарларды мал шаруашылығы технологиясымен (бар болса) күтіп-бағу шарттары);

2) ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар (дезинфекция, дератизация, дезинсекция);

3) арнайы ветеринариялық іс-шаралар (диагностика, профилактика, сауықтыру).

Сондай-ақ, Жоспар үш бөлімге бөлінеді: саламатты пункт, саламатты эпизоотологиялық бірлік, саламатты пункт немесе қосымша диагностикалық зерттелетін эпизоотологиялық бірлік, вакциналанатын, саламатсыз пункт.

Жоспар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органға адамның бруцеллезбен ауруына жол бермеу жөніндегі профилактикалық іс-шаралардың бірлескен республикалық жоспарын дайындау үшін жіберіледі. Эпизоотологиялық бірліктер деңгейіндегі кез келген өзгерістер тиісті Әкімшілік-аумақтық бірліктің жоспарына енгізіледі, содан кейін бұл өзгерістер ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, республиканың Жоспарларына енгізіледі. Жоспарға өзгерістерді енгізуді аудан, облыстық маңызы бар қала, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде – МВҰ, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖАО-ның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері, республикалық деңгейде – ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады.

Ескерту. 1087-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1088-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1088. Қазақстан Республикасының аумағында бруцеллезге қарсы вакциналауға жол беріледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында Бірыңғай ветеринариялық талаптарға сәйкес вакциналанған ірі қара малды, қойлар мен ешкілерді, вакциналанған жануарлардан алынған тұқымдық жануарлардың шәуетін тасымалдауға жол берілмейді. Вакциналанған тірі жануарларды және вакциналанған жануарлардан алынған өнімді үшінші елдерге экспорттау импорттаушы елдің талаптарына сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы аумағының ішінде әртүрлі мәртебедегі эпизоотологиялық бірліктер арасында жануарлардың орнын ауыстыруға жол берілмейді. Вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізілмеген эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған жануарлардың орнын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Эпизоотологиялық бірліктерден вакциналау жүргізіліп жатқан эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған жануардың орнын ауыстыруға рұқсат етіледі.

Вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізілмеген эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған тұқымдық жануарлардан алынған шәуеттің

орнын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізіліп жатқан эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған тұқымдық жануаран алынған шәуеттің орнын ауыстыруға рұқсат етіледі.

Бруцеллезге қарсы вакцина Қазақстан Республикасында немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген болуы және www.oie.int сайтында жарияланған Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымы ұсынған тізімде болуы тиіс.

Бруцеллезге қарсы вакцинаны таңдауды жануарлардың иелері жүзеге асырады. Бұл ретте, жануарлардың иесі МВҰ ветеринариялық дәрігеріне жануарларды вакциналау басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын вакциналау жүргізілгені туралы, сондай-ақ таңдап алынған бруцеллезге қарсы вакцина және оны қолдану әдісі туралы хабарлайды.

МВҰ-ның және ВП-ның ветеринариялық дәрігері және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану бойынша өндіруші белгілеген мерзім ішінде жануарлардың орнын ауыстыруға, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізуге арналған ветеринариялық анықтаманы ресімдемейді. МВҰ-ның және ВП-ның ветеринариялық дәрігері және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері жануарларды вакциналау туралы деректерді/мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйеге және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізеді.

Жануарларына вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірлік 3 жылдық мерзімге қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты эпизоотологиялық бірлік мәртебесіне өтеді. Бұл жағдайда, қосымша диагностикалық зерттеулер жануарлар иелерінің есебінен жүргізіледі. Қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты эпизоотологиялық бірлік өзінің мәртебесін жануарларды бруцеллезге қарсы соңғы вакциналаған сәттен бастап 3 жыл бойы сақтайды.

МВҰ-ның ветеринариялық дәрігері вакцина қолдану туралы ақпаратты алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде оны аудандық аумақтық инспекцияға (бұдан әрі – ААИ) жолдайды.

ААИ аудандық ветеринариялық зертханамен бірлесіп бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану жөніндегі тәлімдемеге сәйкес Диагностикалық зерттеулер жоспарын және әдістерін түзетеді, (бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану жөніндегі тәлімдемеде көрсетілген мерзім ішінде жануарлар бруцеллезге диагностикалық зерттеулерге тартылмауы тиіс).

Бруцеллезге қарсы вакцина қолданылғанға дейін күнтізбелік 20 күн бұрын ауыл шаруашылығы жануарлары диагностикалық зерттеулерден өтеді. Егер диагностикалық зерттеулерді жүргізу мерзімдері вакциналау жүргізгенге дейін күнтізбелік 15-20 күннен аспайтын болса, онда вакциналауды жоспарлы диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша жүргізуге болады.

Тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жоспарлы зерттеулер мөлшерінен артық бұл диагностика осы эпизоотологиялық бірліктің алдыңғы жоспарлы диагностикалық зерттеулері жүргізілген зертханаларда Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілері иелерінің есебінен ақылы негізде жүргізіледі. Егер жануарлар иелері вакцина қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін тексерілетін вакциналанған жануарларды қайталама диагностикалық зерттеу нәтижелерімен келіспесе, онда жануарлар иелері штамды (далалық немесе вакциналанған) айқындауға сараланған диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған ветеринариялық зертханаға жүгінуге рұқсат етіледі. Бруцеллезге қарсы вакциналарды сатып алу және оларды қолдану жануарлар иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

Жануарларды диагностикалық зерттеулерге жол берілмейтін мерзім аяқталғаннан кейін осындай зерттеулер эпизоотологиялық бірліктің саламаттылығына қарай жүргізіледі.

Ескерту. 1088-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1089. Саламатты шаруашылық жүргізуші субъектілерде инфекцияланған жануарларды уақтылы анықтау үшін және кейіннен ауру табылған жағдайда, оның таралуын болдырмау үшін жалпы ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенінде жоспарлы серологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Бруцеллезге қарсы вакциналанған (иммундалған) жануарларды жоспарлы серологиялық зерттеу вакцинларды қолдану жөніндегі тәлімдемелерде көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

Саламатты пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде жоспарлы түрде диагностикалық зерттеу мыналарға жүргізіледі:

1) ірі қара мал:

жасы 12 айдан басталатын барлық мал басы – екі рет (көктемде және күзде);

аналық мал басы – екі рет (көктемде және күзде). Бұл ретте, диагностикалық зерттеулердің бірі бұзаулағаннан кейін 14 пен 21 күнтізбелік күн аралығында жүргізілуі тиіс (қаңтар мен маусым аралығындағы кезеңде зерттеу кезінде көктемгі диагностикалық зерттеу, шілде мен желтоқсан аралығындағы кезеңде диагностикалық зерттеу кезінде күзгі зерттеу ретінде есептеледі);

союға жөнелтілетін 24 айдан асқан тұқымдық бұқалар – жануарлар сойылғанға дейін 15-20 күнтізбелік күннен кешіктірмей жоспарлы диагностикалық зерттелген жағдайларды қоспағанда, қосымша сою алдында;

2) ұсақ мал (қой мен ешкі):

жасы 12 айдан басталатын барлық мал басы – екі рет (көктемде және күзде);

аналық мал басы – екі рет (көктемде және күзде). Бұл ретте, диагностикалық зерттеулердің бірі қозылағаннан кейін 1 мен 2 ай аралығында жүргізілуі тиіс (қаңтар мен маусым аралығындағы кезеңде зерттеу кезінде көктемгі диагностикалық зерттеу, шілде мен желтоқсан аралығындағы кезеңде зерттеу кезінде күзгі диагностикалық зерттеу ретінде есептеледі);

3) шошқалар:

негізгі мегежіндер – бруцеллезге күдіктенуге негіз болатын белгілері анықталған кезде;

еркек шошқалар – жылына бір рет;

4) жылқылар:

бруцеллезге (бурсит) күдіктенуге негіз болатын белгілері анықталған кезде;

5) маралдар (бұғылар):

жылына бір рет аталықтардың мүйіздерін кесу кезінде (маралдардың (бұғылардың) жастық-жыныстық тобы);

6) түйелер:

жасы 12 айдан асқан барлық мал басы жылына бір рет;

7) иттер:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің аумағында (отар, табын маңында) мекендейтін ересек иттерді жылына бір рет зерттейді.

Жануарлар бруцеллезге, тұқымдық қошқарлар/текелер инфекциялық эпидидимитке де диагностикалық зерттеледі:

экспорттау алдында жануарлардың жасына және жастық-жыныстық тобына карамастан оларды карантиндеу кезінде;

бруцеллезге қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты шаруашылық жүргізуші субъектіден (табыннан) жануарларды тасымалдау (орнын ауыстыру) алдында.

Республикадағы эпизоотиялық ахуалға байланысты жануарларды жоспарлы диагностикалық зерттеудің стратегиясы мен тактикасы (жануарлар түрі, диагностикалық зерттеулердің жиілігі мен әдістері) түзетіледі, оның ішінде жануарлардың жалпы санының кемінде 10 %-ын қамти отырып, скринингтік (іріктеп) диагностикалық зерттеулерді пайдалана отырып түзетіледі.

Саламатты пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде диагностикалық зерттеулерді жүргізу кезінде жоспарлы диагностикалық зерттеулерді:

қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізілген;

шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу немесе алып тастау туралы шешім қабылдаған;

жануарларға бруцеллезге қарсы вакциналау жүргізілген жағдайларда түзетуге жол беріледі.

1090. Жануарлардың жекелеген түрлерін диагностикалық зерттеу үшін бруцеллездің мынадай диагностикалау әдістері қолданылады:

ірі қара мал, ұсақ мал, жылқылар, түйелер – агглютинация реакциясы (бұдан әрі – АР), КБР, Роз-бенгал сынама (бұдан әрі – РБС);

тұқымдық қошқар/текенің инфекциялық эпидидимитіне – КҰБР;

шошқалар – РБС, КБР;

маралдар – РБС;

иттер, мысықтар, терісі бағалы аңдар – АР, КБР.

Табынның саламаттылық мәртебесін растау үшін ПТР тәсілін қолдана отырып, биологиялық материал, түсік (іш тастау жағдайында) зерттеледі.

Тәуекелдерді бағалау және талдау нәтижелері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының шешімі бойынша табынның саламаттылық мәртебесін растау үшін биосынама қоя отырып, бактериялогиялық әдіс қолдану арқылы биологиялық материалды, түсікті (іш тастау жағдайында) зерттеуге жол беріледі.

Ескерту. 1090-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1091. Иттер мен мысықтарды қоспағанда, бруцеллезге диагноз қою үшін алғашқы диагностикалық зерттеу екі кезеңде де бір сынамаға жүргізіледі:

1) бірінші кезең – РБС, КБР (жануарлардың барлық түрі үшін 1:5 езіндімен КБР қою) қолдана отырып диагностикалық зерттеу.

Егер, диагностикалық зерттеудің бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша РБС және КБР нәтижелері теріс болса, онда жануар сау деп танылады және алғашқы диагностикалық зерттеулердің екінші кезеңін жүргізу қажет етілмейді.

Алғашқы диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша сараптама актісі (сынақ хаттамасы) ресімделеді және нәтижелер диагностикалық зерттеулердің екі әдісі (РБС және КБР) бойынша теріс болған жағдайда беріледі.

2) екінші кезең – АР (ірі қара мал, жылқылар, түйелер үшін 1:50, 1:100, 1:200, 1:400, қойлар, ешкілер, маралдар, қодастар үшін 1:25, 1:50, 1:100, 1:200, терісі бағалы аңдар үшін 1:10, 1:20, 1:40, 1:80 езіндімен АР қою) және КБР (жануарлардың барлық түрі үшін 1:5 және 1:10 езіндімен КБР қою) қолдана отырып диагностикалық зерттеу.

Егер, алғашқы диагностикалық зерттеулердің бірінші кезеңінің нәтижелері:

диагностикалық зерттеу әдістерінің бірі (РБС немесе КБР) бойынша оң немесе күдікті;

диагностикалық зерттеу әдістерінің екеуі (РБС және КБР) бойынша күдікті немесе оң болса, диагностикалық зерттеудің екінші кезеңі міндетті түрде жүргізіледі.

Алғашқы диагностикалық зерттеулердің екінші кезеңінің нәтижелері бойынша сараптама актісі (сынақ хаттамасы) ресімделеді және осы Қағидаларға 1-қосымшада

көрсетілген Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін диагностикалау нәтижелеріне сәйкес диагностикалық зерттеулер нәтижелерін сипаттай отырып беріледі.

осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін диагностикалау нәтижелерінің реттік саны 29, 38, 47-жолдарында көрсетілген алғашқы диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін сипаттай отырып ресімделген сараптама актісі (сынақ хаттамасы) берілмейді, ветеринариялық зертханадағы сол сынамаларға (қайта қан сынамаларын алмай) қайта диагностикалық зерттеу жүргізу мақсатында ветеринариялық зертханада қалдырылады. Сараптама актісі (сынақ хаттамасы) қайта диагностикалық зерттеулер жүргізу нәтижелері бойынша ресімделеді және беріледі.

Диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы белгі енгізіледі.

Сынамаларды іріктеп алу кезінде ветеринариялық дәрігер клиникалық белгілері болған жағдайда, қан алу тізімдемесіндегі арнайы белгілерде жануарлардың бруцеллезге клиникалық белгілері бар екендігін көрсетеді, мұндай жануарлар үшін алғашқы диагностикалық зерттеулердің бірінші кезеңі жүргізіледі. Алғашқы диагностикалық зерттеулердің бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша оң немесе күмәнді нәтиже алынған жағдайда, аталған жануар алғашқы диагностикалық зерттеулердің екінші кезеңін жүргізбей-ақ ауру деп танылады және міндетті түрде биосынамасы бар бактериологиялық әдіспен зерттей отырып, санитариялық союға жіберіледі. Алғашқы диагностикалық зерттеулердің бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша теріс нәтиже алынған жағдайда, диагностикалық зерттеулердің екінші кезеңі жүргізіледі.

1092. Алғашқы диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша күмәнді нәтиже анықталған жағдайда, берілген сараптама актілеріне (сынақ хаттамаларына) сәйкес саламатты пункттерде (эпизоотологиялық бірліктерде):

1) күнтізбелік 15-20 күннен кейін күмәнді әсер берген жануарларды осы Қағидалардың 1090-тармағында көрсетілген әдістерді қолдана отырып, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер кешенімен қайта зерттеу жолымен диагнозды нақтылау;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-07/333 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8662 болып тіркелген) бекітілген Нұсқама нысандарына, оларды жасау және беру қағидаларына сәйкес берілген нұсқама бойынша диагноз толық нақтыланғанға дейін барлық күмәнді әсер берген жануарларды қалған мал басынан оқшаулау жүргізеді.

Ескерту. 1092-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1093. Осы Қағидалардың 1091 және 1092-тармақтарына сәйкес диагностикалық зерттеулердің оң нәтижелері алынған кезде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы:

1) 3 (үш) жұмыс күні ішінде бруцеллезге оң әсер беретін жануарлар иелерін диагностикалық зерттеулер нәтижелерімен таныстырады;

2) сараптама актісі (сынақ хаттамасы) негізінде жануарлар иелеріне барлық оң әсер беретін жануарларды қалған жануарлардан оқшаулау жөніндегі шарттарды сипаттай отырып, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама (бұдан әрі – оқшаулау туралы нұсқама) береді.

Диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін осы Қағидалардың 1090-тармағында көрсетілген әдістерді қолдана отырып, ветеринариялық зертханадағы сол жануарлар қандарының бақылау сынамаларын қайта диагностикалық зерттеу жолымен:

1) жануарлардың иелері оқшаулау туралы нұсқаманы алған және алғашқы диагностикалық зерттеулердің немесе оқшаулау туралы нұсқаманың "Ерекше белгілер" бағанында көрсетілген болса, осы Қағидалардың 1092-тармағына сәйкес зерттеудің нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Қайталанатын диагностикалық зерттеулер алғашқы диагностикалық зерттеулер жүргізген ветеринариялық зертханада бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі;

2) уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО бөлімшесінің шешімі бойынша тәуекелдерді бағалау және талдау нәтижелері бойынша алғашқы диагностикалық зерттеулердің немесе осы Қағидалардың 1092-тармағына сәйкес диагностикалық зерттеудің нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Қайталанатын диагностикалық зерттеулер Заңның 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес құрылған ветеринариялық зертханада бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Қайталанатын диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін алғанға дейін жануарлар қалған жануарлардан оқшауланып ұсталады.

Ескерту. 1093-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1094. Егер, осы Қағидалардың 1093-тармағында көрсетілген мерзімдерде диагностикалық зерттеулердің нәтижелері дауланбаса немесе осы Қағидалардың 1093-тармағына сәйкес қайталанатын диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша бруцеллезге оң әсер беретін жануарлар анықталған жағдайда, тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы сараптама актісі (сынақ хаттамасы) негізінде:

1) жануарлар иелеріне жануарларға санитариялық тазалау, санитариялық сою жүргізу туралы нұсқама береді;

2) күнтізбелік 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде ауру жануарларды санитариялық сою үшін жануарларды союды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне (ет комбинаты, сою пункті) (бұдан әрі – сою объектісі) жібереді.

Ескерту. 1094-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1095. ВП мамандары ауру жануарларды ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жақ немесе сауыр тұсына "Б" әрпін жазу жолымен белгілейді.

Ескерту. 1095-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1096. Санитариялық союды жүзеге асыру үшін ЖАО бөлімшесі сою объектілерінің басшыларымен бірлесіп, бруцеллезбен ауыратын жануарларды сою үшін аптасына бір санитариялық күн белгілейді.

1097. Жануарларды санитариялық союды жүзеге асыратын сою объектісінде ЖАО бөлімшесі тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын диагностикалық зерттеулер көлемі шеңберінде сойылған жануарлардан биологиялық (патологиялық) материалдың сынамаларын алуды ұйымдастырады және ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезі бойынша саламатсыз пункттерді, саламатсыз эпизоотологиялық бірліктерді қоспағанда, пункттің (эпизоотологиялық бірліктің) мәртебесін анықтау мақсатында ПТР әдісімен диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін оны мемлекеттік ветеринариялық зертханаға жібереді.

Биосынама қойылатын бактериологиялық әдісті қолдануға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының шешімі бойынша тәуекелдерді бағалау мен талдау нәтижелері бойынша жол беріледі.

Ескерту. 1097-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.10.2024 № 340 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1098. Осы Қағидалардың 1097-тармағында көрсетілген әдістер бойынша оң нәтиже алынған жағдайда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігері:

1) эпизоотиялық ошақтың және эпизоотиялық процестің сипаттамасын, ауру қоздырғышының берілу көзі мен факторларын анықтау мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектіге эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізеді;

2) эпизоотиялық ошақтың және саламатсыз эпизоотологиялық бірліктің, саламатсыз пункттің шекараларын белгілейді.

Эпизоотологиялық зерттеп-қарау аяқталғаннан кейін "Эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 7-1/618 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10021 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша екі данада акт ресімделеді. Актінің бір данасы бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерде қалады және екінші данасы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына жіберіледі.

1099. Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор мемлекеттік ветеринариялық дәрігерден Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 7-1/618 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10021 болып тіркелген) бекітілген Эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларының қосымшасына сәйкес нысан бойынша эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін алғаннан кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО-сына шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу туралы ұсыныс жібереді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО-сы ұсынысты алған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу туралы шешім қабылдайды.

ЖАО шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу туралы шешімді белгіленген мерзімдерде қабылдаса, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ЖАО-ның лауазымды адамдарына қатысты "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 406-бабы 7 және 8-тармақтарына сәйкес әкімшілік шаралар қабылдайды және ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына жедел хабарлама түрінде хабарлайды. Уәкілетті органның ведомствосы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті ЖАО-сына жазбаша түрде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу туралы шешім қабылдау қажеттігі туралы хабарлайды. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті ЖАО-сы шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимді белгілеу туралы шешім қабылдамаған кезде бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ЖАО-ның лауазымды адамдарына қатысты Кодекстің 406-бабының 7 және 8-тармақтарына сәйкес әкімшілік шаралар қабылдайды.

Саламатсыз пункттегі, саламатсыз эпизоотологиялық бірліктегі ветеринариялық іс-шаралар осы Қағидалардың осы тарауының 3, 4, 5, 6 және 7-параграфтарына сәйкес жүргізіледі.

1100. Осы Қағидалардың 1097-тармағында көрсетілген әдістер бойынша теріс нәтиже алынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

1) жануарлар иелеріне мал шаруашылығы қора-жайлары мен олардың аумақтарына санитариялық тазарту (механикалық тазарту), дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау жүргізу туралы нұсқама береді;

2) күнтізбелік 15-20 күннен кейін жануарларға қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады.

Қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін ветеринариялық зертханаға қан сынамалары жіберіледі. Ветеринариялық зертханада қан сынамаларын диагностикалық зерттеу РА, КБР, РБС әдістері қолданыла отырып жүргізіледі. Қосымша диагностикалық зерттеу нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жануарлар бруцеллезін диагностикалық зерттеу нәтижелеріне сәйкес ресімделеді.

Мемлекеттік ветеринариялық дәрігер қосымша диагностикалық зерттеулер нәтижелері бойынша оң әсер беретін жануарларды анықтаған жағдайда:

оң әсер беретін жануарлар бойынша осы Қағидалардың 1094, 1097-тармақтарында көрсетілген іс-шаралар жүргізіледі;

теріс әсер беретін жануарлар бойынша осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар жүргізіледі.

Егер, қатарынан екі қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізу қорытындылары бойынша оң әсер беретін жануарлар анықталса, онда осы Қағидалардың 1098 және 1099-тармақтарында көрсетілген іс-шаралар жүргізіледі.

Ескерту. 1100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1101. Саламатты аймаққа жаңадан келіп түскен жануарларды (оның ішінде асыл тұқымды) Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына сәйкес кемінде күнтізбелік 21 күн мерзімде қалған жануарлардан оқшау ұстау (профилактикалық бақылау) және бруцеллезге, тұқымдық қошқарларды, сондай-ақ инфекциялық эпидидимитке диагностикалық зерттеулерден өткізу қажет.

Бруцеллезге оң нәтиже алынған жағдайда, тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы кейіннен сою және өнеркәсіптік өңдеу үшін өнім берушіге жануарларды қайтару туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 1101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1102. Профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде қора-жайларды, серуендету аулаларын механикалық тазарту, сондай-ақ профилактикалық дезинфекциялау және дератизациялау жануарлар иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

3-параграф. Бруцеллез бойынша саламатсыз пункттердегі, эпизоотологиялық бірліктердегі эпизоотиялық ошақтарда ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1103. Шектеу іс-шараларын жариялау туралы шешім қабылданғаннан кейін қызмет көрсету аумағына бруцеллез бойынша саламатсыз пункт кіретін ЖАО бөлімшесінің бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігері ұйымдастырушылық-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы ветеринариялық шаралар кешенін қамтитын сауықтыру іс-шараларының жоспарын құрайды.

1104. Жоспарды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының келісімі бойынша әкім бекітеді.

1105. Осы жоспарды іске асыру бойынша эпизоотиялық ошақтарда және бруцеллез бойынша саламатсыз пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) іс-шаралар республикалық бюджет қаражаты есебінен Заңның 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның күшімен жүргізіледі.

1106. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО эпизоотиялық ошақты анықтау және саламатсыз пункттің, эпизоотологиялық бірліктің шекараларын белгілеу кезінде тиісті әкімшілік аумақтық-бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынымы бойынша шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимді белгілеу туралы шешім қабылдайды.

1107. Шектеу шарттары бойынша:

1) шектеу қойылған аумақ арқылы жануарларды алып өтуге (айдап өтуге), бұл аумаққа сау жануарларды тасып әкелуге (кіргізуге), союға жөнелту жағдайларын қоспағанда, осы аумақтан жануарларды тасып әкетуге (шығаруға);

2) эпизоотиялық ошақтар белгіленген саламатсыз аумақта пішен, сабан және басқа да ірі азықтарды басқа аумаққа әкету үшін дайындауға, сондай-ақ жануарларды немесе адамдарды жинаумен байланысты іс-шараларды жүргізуге жол берілмейді.

1108. Бруцеллез бойынша саламатсыз табынның жануарларын саламатты топтардың жануарларынан оқшаулап ұстайды.

1109. Бұрын ауру жануарлар (саламатсыз мал басы) ұсталған қора-жайларға сау малды кіргізуге серуендету аулалары мен басқа объектілерді мұқият дезинфекциялағаннан, санациялағаннан кейін, сондай-ақ дезинсекциялағаннан және дератизациялағаннан кейін ғана жол беріледі.

1110. Бруцеллез бойынша саламатсыз жануарлар тобы жайылған жайылымдық учаскелерден жиналған пішен үш ай бойы сақталуы тиіс. Бұдан кейін онымен осы аумақта ұсталатын жануарларды азықтандырады.

1111. Бруцеллез бойынша саламатсыз пункттерде ұсталып отырған қойлар мен ешкілердің сүтін саууға, дезинфекцияланбаған елтірі терілерін өңдеуге (кептіруге, тазалауға), сондай-ақ қойлар мен ешкілердің сүтінен тұзды ірімшік пен ірімшіктер әзірлеу үшін ұлтабарлар дайындауға жол берілмейді. Елтірі терілерді ұшадан ажырата салысымен дереу дезинфекциялайды және консервілейді.

1112. Бруцеллез бойынша саламатсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердегі қойлар мен ешкілердің жүнін ең соңынан қырқады. Қора-жайларды, аландар мен қырку құралын, персоналдың арнайы киімін қырку аяқталғаннан кейін тазартады және дезинфекциялайды. Жұмысшылар (қыркушылар және басқалар) жұмыстан кейін санитариялық өңдеуден өтеді. Бруцеллез бойынша саламатсыз отардың (табынның) қойларынан (ешкілерінен) алынған жүн шаруашылықта зарарсыздандырылады, одан кейін оны шектеусіз өнеркәсіптік өңдеуге әкетеді.

1113. Бруцеллезбен ауыратын (әсер беретін) жануарларды осы Қағидаларды сақтай отырып союға әкететін жағдайларды қоспағанда, мұндай жануарларды тасымалдауға және айдап әкетуге жол берілмейді. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды сою үшін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды қатаң түрде сақтай отырып және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық дәрігерінің бақылауымен, жануарларды ерекше жағдайларда тасымалдау кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды басшылыққа ала отырып, теміржолмен, су көлігімен және шанағы қымтап жабылған автомашиналармен тасымалдауға рұқсат етіледі.

1114. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды сою жануарлар союды жүзеге асыратын өндіріс объектісінде осы Қағидаларды сақтай отырып, арнайы белгіленген күндері жүргізіледі.

1115. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды және олардан алынған төлді басқа жануарлардан дереу оқшаулап, күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай асыл тұқымдық және өндірістік құндылығына, салмақ кондицияларына, жасына, физиологиялық жай-күйіне қарамастан, бордақыламай және серуендетпей союға тапсыру қажет.

Ескерту. 1115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1116. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды сою кезінде алынған етті, ет өнімдері мен басқа да өнімдерді залалсыздандырылмаған түрінде аңдарды азықтандыру үшін пайдалануға жол берілмейді.

1117. Жануарлардың өлекселері мен түсіктері дереу жойылуы тиіс.

1118. Бруцеллезбен ауыратын сиырларды саууға жол берілмейді.

1119. Саламатсыз пункттегі сиырлардан алынған залалсыздандырылмаған сүтті сүт өңдеу кәсіпорындарына, базарларда сату үшін, қоғамдық тамақтандыру желілерінде пайдалану үшін әкетуге жол берілмейді.

1120. Саламатсыз пункттегі әсер бермейтін сиырлардан алынған сүтті (кілегейді) 70 С⁰ температурада 30 минут бойы немесе 85-90 С⁰ температурада 20 секунд бойы, сондай-ақ қайнату немесе ерітілген майға өңдеу жолымен залалсыздандырады. Дәл осындай тәртіппен шаруашылық ішіндегі мұқтаждықтарға қажетті (оның ішінде қаймағы алынбаған сүтті алмастырғышты дайындау үшін) сүтті залалсыздандырады.

1121. Ерітілген майды әзірлеу кезінде алынған шайқалған май мен көк сүтті тек осы шаруашылық жүргізуші субъектідегі жануарларды азықтандыру үшін пайдаланады.

1122. Объектілерді дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында және Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялау құралдарын қолданады. Жұмыс ерітінділерін дайындау мен дезинфекциялау режимдері оларды қолдану жөніндегі тәлімдемелерде жазылған талаптарға сәйкес келеді.

1123. Бруцеллезбен ауыратын немесе күдікті жануарлардың қиын, төсеніштерін және азық қалдықтарын жояды немесе залалсыздандырады. Бұл жануарлардың қиын алдын ала залалсыздандырылғаннан кейін ғана шаруашылықта пайдалануға жол беріледі. Қиды биологиялық, химиялық немесе физикалық тәсілдермен залалсыздандырады.

4-параграф. Эпизоотиялық ошақтарда және ірі қара малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде ветеринариялық іс-шаралар жүргізу (сауықтыру) тәртібі

Ескерту. 4-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1124. Бруцеллез бойынша саламатсыз пункттерді, эпизоотологиялық бірліктерді сауықтыру эпизоотиялық ошақты жоюға және саламатсыз пунктте ұйымдастырушылық-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы ветеринариялық іс-шаралар кешенін жүргізуге алып келеді.

1125. Бұған дейін саламатты болған табындарда, шаруашылық жүргізуші субъектілерде түсік тастаған жануарлардан бруцеллез анықталғанда, диагнозы расталса, осы табындағы барлық ауру жануарларды күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде союға тапсырады.

Ескерту. 1125-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1126. Саламатсыз пунктті сауықтыруды:

1) ауру жануарларды жүйелі түрде диагностикалық зерттеу, кейіннен оқшаулау және сою;

2) бруцеллезге қарсы вакциналарды қолдану;

3) барлық саламатсыз жануарларды сою жолымен жүргізеді.

1127. Ірі қара малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пунктті сауықтыру қатарынан екі рет теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын РБС-да, КБР-да жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу, кейіннен ауру жануарларды оқшаулау және сою жолымен жүзеге асырылады, бруцеллезбен ауыратын жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлар болған жағдайда да теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу жүргізіледі, кейіннен ауру жануарлар оқшауланады және сойылады және ауру мысықтар мен иттер жойылады.

РБС немесе КБР әдістері бойынша оң нәтиже алынған жағдайда, жануар бруцеллезге оң әсер береді деп саналады.

Ескерту. 1127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1128. Саламатсыз пунктті сауықтыру кезеңінде осы Қағидалардың 1127-тармағына сәйкес қатарынан екі рет жүйелі түрде диагностикалық зерттеулер жүргізу қорытындылары бойынша оң әсер беретін жануарлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі құрамына уәкілетті орган ведомствасының, ЖАО бөлімшелерінің, ғылыми мекемелердің, ветеринариялық зертхананың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың өкілдерін қоса отырып, саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізбеу себептерін анықтау жөніндегі комиссияны құрады. Саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізбеу себептерін анықтау нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысына және жануарлар иелеріне қатысты Кодекстің 406-бабының 3 және 4 тармақтарына сәйкес әкімшілік шаралар қабылданады.

Комиссияның жұмысына қарамастан, саламатсыз пунктте осы Қағидалардың 1127-тармағына сәйкес одан әрі жүйелі диагностикалық зерттеу жолымен сауықтыру іс-шараларын жүргізу жалғасады. Осы Қағидалардың 1127-тармағына сәйкес қосымша қатарынан екі рет диагностикалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда:

мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысына және жануарлар иелеріне қатысты Кодекстің 406-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес әкімшілік шаралар қабылданады;

саламатсыз пунктті одан әрі сауықтыру саламатсыз пункттегі барлық жануарларды санитариялық союға тапсыру жолымен жүргізіледі.

1129. Оң әсер беретін жануарларға ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жақ немесе сауыр тұсына "Б" әрпін жазу жолымен белгі салады, оларды дереу табыннан

оқшаулайды және ауру табылған уақыттан бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей сояды. Ауру жануарлар ұсталған қора-жайларға мұқият дезинфекциялау жүргізеді (ауру жануар анықталған әрбір оқиғадан кейін).

Ескерту. 1129-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1130. Саламатсыз пунктті бруцеллезге қарсы вакциналар қолдану жолымен сауықтыру былайша жүзеге асырылады:

1) саламатсыз пункттегі ауруға сезімтал жануарлар басын бруцеллез жұқтырған жануарларды барынша анықтау мақсатында кемінде екі рет серологиялық әдістермен (РБП, РСК) зерттейді;

2) мал басын Қазақстан Республикасында және (немесе) Кеден одағына мүше мемлекеттерде тіркелген бруцеллезге қарсы вакциналармен вакциналайды (иммундайды).

1131. Бруцеллез бойынша саламатсыз пункттен, эпизоотологиялық бірліктен шектеу іс-шаралары:

1) барлық ірі қара мал басы қатарынан екі рет теріс нәтиже және эпизотиялық ошақтағы (бұдан бұрын бруцеллезбен ауырған жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілердегі) жануарлардың басқа түрлерінен теріс нәтиже алу және қорытынды дезинфекция жүргізу (осы Қағидалардың 1127-тармағына қатысты);

2) саламатсыз пункттегі барлық мал басын санитариялық союға тапсыру және қорытынды дезинфекция жүргізу (осы Қағидалардың 1128-тармағына қатысты);

3) бруцеллезге қарсы вакциналар қолдану және қорытынды дезинфекция жүргізу (осы Қағидалардың 1130-тармағына қатысты) жолымен сауықтырылғаннан кейін алып тасталады.

1132. Бруцеллезге қарсы вакциналар қолдану жолымен сауықтырылғаннан және бруцеллез бойынша саламатсыз пункттен, эпизоотологиялық бірліктен шектеу іс-шаралары алып тасталғаннан кейін бұл пункт, эпизоотологиялық бірлік қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты пункт болып танылады. Вакциналанған жануарларды қосымша диагностикалық зерттеу диагностикалық зерттелетін саламатты пункт, эпизоотологиялық бірлік болып танылғаннан кейінгі бірінші жылы осы Қағидалардың 1100-тармағында көзделген шарттар сақтала отырып, вакциналарды қолдану жөніндегі тәлімдемеде көзделген мерзімдерде және әдістермен жүргізіледі. Одан кейінгі жылдары диагностикалық зерттеулер осы Қағидалардың 1089-тармағына сәйкес жоспарлы түрде жүргізіледі.

1133. Егер, жүйелі серологиялық зерттеулер жолымен және вакциналар қолдана отырып, бір жыл ішінде табынды сауықтыруға қол жеткізілмесе, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ЖАО бөлімшесінің бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерімен бірлесіп

эпизоотологиялық зерттеу нәтижелері бойынша толық ауыстыру әдісімен шаруашылық жүргізуші субъектіні сауықтырудың орындылығы туралы шешім қабылдайды.

5-параграф. Ұсақ малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пункттердің, эпизоотологиялық бірліктердің эпизоотиялық ошақтарында ветеринариялық іс-шаралар жүргізу (сауықтыру) тәртібі

Ескерту. 5-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1134. Мал шаруашылығы субъектілерінде (оның ішінде аулаларда) қойдың (ешкінің) бруцеллезбен ауыратыны анықталған жағдайда, эпизоотиялық ошақтағы оң әсер беретін жануарларды, сондай-ақ басқа да жануарлар түрлерін физиологиялық жай-күйіне, асыл тұқымдық және шаруашылық құндылығына қарамастан, олардан алынған 4 айлық жасқа дейінгі төлімен бірге дереу союға жібереді, ауру мысықтар мен иттерді жояды.

1135. Ұсақ малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пунктті сауықтыру қатарынан екі рет теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын РБС-да, КБР-да жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу, кейіннен ауру жануарларды оқшаулау және сою жолымен жүзеге асырылады, бруцеллезбен ауыратын жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлар болған жағдайда да теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күнтізбелік күн сайын жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу жүргізіледі, кейіннен ауру жануарлар оқшауланады және сойылады және ауру мысықтар мен иттер жойылады.

РБС немесе КБР әдістері бойынша оң нәтиже алынған кезде жануар бруцеллезге оң нәтиже берген болып есептеледі.

Диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы белгі енгізіледі.

Ескерту. 1135-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.08.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1136. Саламатсыз пунктті сауықтыру кезеңінде осы Қағидалардың 1135-тармағына сәйкес қатарынан екі рет жүйелі түрде диагностикалық зерттеулер жүргізу қорытындылары бойынша оң әсер беретін жануарлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі құрамына уәкілетті орган ведомствасының, ЖАО бөлімшелерінің, ғылыми мекемелердің, ветеринариялық зертхананың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың өкілдерін қоса отырып, саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізбеу себептерін анықтау жөніндегі комиссияны құрады. Саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол

жеткізбеу себептерін анықтау нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысына және жануарлар иелеріне қатысты Кодекстің 406-бабының 3 және 4-тармақтарға сәйкес әкімшілік шаралар қабылданады.

Комиссияның жұмысына қарамастан, саламатсыз пунктте осы Қағидалардың 1135-тармағына сәйкес одан әрі жүйелі түрде диагностикалық зерттеу жолымен сауықтыру іс-шараларын жүргізу жалғасады. Осы Қағидалардың 1135-тармағына сәйкес қосымша қатарынан екі рет диагностикалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін саламатсыз пунктті сауықтыру нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда:

мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысына және жануарлар иелеріне қатысты Кодекстің 406-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес әкімшілік шаралар қабылданады;

саламатсыз пунктті одан әрі сауықтыру саламатсыз пункттегі барлық жануарларды санитариялық союға тапсыру жолымен жүргізіледі.

1137. Сау жануарлардың залалдануы және эпизоотиялық қауіпті аймақта инфекцияның таралуы қауіп туындаған кезде шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық мал басын диагностикалық зерттеуден (РБС, КБР) кейін Қазақстан Республикасында және Кеден одағына мүше мемлекеттерде қолдануға рұқсат берілген вакциналармен иммундайды, кейіннен қолдану жөніндегі тәлімдемеге сәйкес зерттейді.

1138. Бруцеллезге қарсы вакциналар қолдану жолымен сауықтырылғаннан және бруцеллез бойынша саламатсыз пункттен, эпизоотологиялық бірліктен шектеу іс-шаралары алып тасталғаннан кейін бұл пункт, эпизоотологиялық бірлік қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты пункт болып танылады. Вакциналанған жануарларды қосымша диагностикалық зерттеу диагностикалық зерттелетін саламатты пункт, эпизоотологиялық бірлік болып танылғаннан кейінгі бірінші жылы осы Қағидалардың 1100-тармағында көзделген шарттар сақтала отырып, вакциналарды қолдану жөніндегі тәлімдемеде көзделген мерзімдерде және әдістермен жүргізіледі. Одан кейінгі жылдары диагностикалық зерттеулер осы Қағидалардың 1089-тармағына сәйкес жоспарлы түрде жүргізіледі.

1139. Вакциналанған және қайта вакциналанған қойдың (ешкінің) саламаттылығын мониторингтеуді түсіктер мен өлі туылған қозыларды (лақтарды) бактериологиялық зерттеудің, тұқымдық қошқарлар мен күйек қошқарларды шағылыстыру науқанына дейін және кейін, осы отардан алынған ұрғашы тоқтыларды, отар жанындағы иттерді және олармен бірге ұсталатын басқа да жануар түрлерін серологиялық зерттеудің нәтижелері бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың бруцеллезбен ауыруы жағдайларын ескереді.

1140. Бруцеллез бойынша саламатсыз пункттен, эпизоотологиялық бірліктен шектеу іс-шаралары, егер:

1) араларында ауруы бар қойлар (ешкілер) қалмаса және барлық ұсақ мал басынан әрбір күнтізбелік 15-20 күнтізбелік күн сайын теріс нәтижелер алынса және

эпизоотиялық ошақтағы (бұдан бұрын бруцеллезбен ауырған жануарлар анықталған шаруашылық субъектілеріндегі) басқа да жануар түрлерінің мал басынан теріс нәтиже алынса және қорытынды дезинфекция жүргізілсе (осы Қағидалардың 1135-тармағына қатысты);

2) саламатсыз пункттегі барлық мал басы санитариялық союға тапсырылса және қорытынды дезинфекция жүргізілсе (осы Қағидалардың 1136-тармағына қатысты);

3) бруцеллезге қарсы вакциналар қолданылса және қорытынды дезинфекция жүргізілсе (осы Қағидалардың 1137-тармағына қатысты) алып тасталады.

1141. Қойларды (ешкілерді) ұрықтандыру үшін бруцеллез бен инфекциялық эпидидимитке қатысты сау қошқарлардың (текелердің) ұрығын пайдаланады.

6-параграф. Қойлардың "Бруцелла овис" (қошқарлардың инфекциялық эпидидимиті) қоздыратын ауруы бойынша қолайсыз пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі (сауықтыру)

1142. Қошқарлардың инфекциялық эпидидимитпен ауырғаны анықталған жағдайда ауру малдарды союға өткізеді, ал шаруашылық жүргізуші субъектіге шектеу қояды.

1143. Ауру қошқарлармен байланыста болған қой басын (қошқарлар мен қойлар) серологиялық әдіспен КҰБР күнтізбелік 15-20 күн сайын үш рет (қатарынан) теріс нәтиже алғанға дейін зерттейді. Ауру малдар анықталған жағдайда оларды (саулық қойларды олардан алынған төлдерімен бірге) союға тапсырады. Іш тасталған төлдер бар болған жағдайда оларды зертханаға биосынама қоя отырып, бактериологиялық зерттеуге немесе ПТР жібереді.

1144. Барлық ауырған мал басын союға тапсырғаннан және санитариялық жұмыстар жүргізгеннен кейін зерттеулердің теріс нәтижелері алынған жағдайда пунктті қолайлы деп таниды және жануарларды мақсаты бойынша пайдаланады.

1145. Одан әрі осы Қағидалардың 1087-тармағында көзделген әдістермен және мерзімдерде тұқымдық қошқарларға міндетті жоспарлы диагностикалық зерттеулер жүргізеді.

Ескерту. 1145-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Эпизоотиялық ошақтарда және түйелердің, шошқалардың, терісі бағалы аңдардың, маралдар мен бұғылардың бруцеллез бойынша қолайсыз пункттерінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі (сауықтыру)

1146. Түйелердің бруцеллез бойынша қолайсыз мал басын кейіннен ауру жануарларды бөлумен және бекіту іс-шараларын жүргізумен олармен құрамдас барлық жануарды (сауықтыру кезінде бруцеллезбен ауырған жануарлар анықталған

шаруашылық субъектілеріндегі) жүйелі диагностикалық зерттеулер жолымен сауықтырады.

1147. Шошқаларда бруцеллез анықталған жағдайда оң сер етуші мал басын, оның ішінде төлдерін қоса союға өткізеді және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенін жүргізеді. Қора-жайларды санациялағаннан кейін және басқа жануарлардан теріс нәтиже алған соң шектеуді алып тастайды.

1148. Барлық санаттағы аң өсіру шаруашылықтарында және ит питомниктерінде бруцеллез анықталған жағдайда қолайсыз топтың барлық жануарларын өлтіреді, терілерін зарарсыздандырғаннан кейін қолданады. Қалған мал басын екі рет теріс нәтиже алынғанша тексереді. Ауру жануарларды жойғаннан және ветеринариялық-санитариялық жұмыс кешенін жүргізгеннен кейін пункттен шектеуді алып тастайды.

1149. Маралдар мен бұғылардан бруцеллезді табу үшін пантыны кесу кезеңінде қандары зерттеледі. Әсер беретін жануарлар анықталған жағдайда оларды сояды. Аурудың алдын алу мақсатында табындардың қозғалыс бағыттарын анықтайды. Төлдеу кезеңінде шуларын және іш тасталған төлдерін жояды, ал табынды жайылымның жаңа учаскелеріне айдайды.

1150. Егер кезекті зерттеу кезінде табында диагностикалық тестілердің оң нәтижесімен жануарлар анықталмаса және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешені жүргізілген болса, табынды қолайлы деп таниды.

8-параграф. Адамдардың бруцеллезбен ауруына жол бермеу жөнінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1151. Шегінде инфекция қоздырғышының көздері бар және оның берілу тетіктері әрекет ететін, жануарлар мен адамдардың залалдануы мүмкін аумақ бруцеллез инфекциясының эпизоотиялық ошағы болып табылады. Эпизоотиялық ошақты зерттеп-қарауды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25151 болып тіркелген) бекітілген "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігері және дәрігер-эпидемиологі жүргізеді. Ветеринариялық қызмет жануарларды бруцеллезге зерттеп-қарауды ұйымдастырады және ауру жануарлар табылған кезде оларды оқшаулау, союға тапсыру және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.

Ескерту. 1151-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1152. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1153. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1154. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1155. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1156. Фермаларға, кәсіпорындарға (шаруашылық жүргізуші субъектілерге) эпизоотиялық-эпидемиологиялық тексеру жүргізген кезде бірінші кезекте бруцеллезге қарсы іс-шаралардың сақталуына көңіл аудару керек, жұмыскерлердің еңбек жағдайын зерделеу қажет, ол үшін:

1) аумақтың абаттандырылуына, сумен жабдықтауға, дезинфекциялық және жуғыш заттардың бар-жоғына, жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайлардың жабдықталуына, олардың жай-күйіне және ұсталуына, мал қорымдарының, Беккери шұңқырларының немесе өлексе өртеу пештерінің жабдықталуына, жинау мүкәммалының, оның ішінде іш тастаған және өлі туған төлдерді, шуды жинауға арналған жинау мүкәммалының бар болуына ерекше көңіл аударып, объектінің санитариялық-гигиеналық жағдайын бағалау;

2) персоналдың жеке қорғаныш құралдарының: арнайы киім мен аяқ киімдер, қолғаптар, резеңке (клеенка) алжапқыштар, саусаққаптар, олардың саны, қолдануға жарамдылығы, сақтау, ауыстыру тәртібі, кір жуудың орталықтандырылуы, дәрі қобдишаларының, қол жуғыштардың, дезинфекциялық заттардың, сабынның бар-жоғын анықтау;

3) жұқтырудың алиментарлық жолдарын анықтау мақсатында сүтті пастерлеу режимін, сүт ыдыстарын, сүзгіш материалдарды сақтау және өңдеу шарттарын сақтауды тексеру, сүт және сүт өнімдерін сату тәртібін белгілеу;

4) тексерілген шаруашылықтан мал шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін алғашқы өңдеу және тасымалдау тәртібін анықтау, шаруашылықтағы немесе кәсіпорындағы персоналдарға профилактикалық қарау жүргізудің ұйымдастырылуын тексеру қажет.

9-параграф. Адамдарды жұқтырудан қорғау жөнінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1157. Адамдарды жұқтырудан қорғау мақсатында мынадай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) және санитариялық-гигиеналық іс-шаралар жүргізіледі:

1) кейіннен жабдықтарды, үй-жайларды дезинфекциялай және қалдықтарды зарарсыздандыра, ауру жануарлар тасымалдаған көлікті дезинфекциялай отырып бруцеллез бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарларды сою қағидаларын сақтау;

2) зерттеу кезінде бруцеллезге әсер беретін жануарларды қабылдауға, тасымалдауға және союға, ұшаларын бөлуге және олардан алынатын шикізаттарды өңдеуге бруцеллезге диспансерлік тексеруден өткен, оның ішінде бруцеллезге тексеру кезінде оң иммунологиялық реакциясымен, бірақ бруцеллездің манифестік түрлерімен ауыратынын жоққа шығаратын тиісті медициналық мекемелерге қатысты динамикада титрлердің өсуі жоқ кәсіпорынның тек тұрақты жұмысшыларына рұқсат етіледі;

3) қолдарының саусақтарында тіліктер, жара бар және терінің басқа да зақымданғаны анықталған адамдар жұмысқа терінің зақымданған жерлерін алдын ала өңдегеннен кейін резеңке саусаққаппен ғана жіберіледі. Бруцеллез бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектіден келіп түскен жануарларды, тексерген кезде бруцеллезге әсер беретін, малдардың барлық түрлерін (және оны сойғанда алынған өнімдерді) қайта өңдеуде осы жұмысқа қатысатындардың барлығы резеңке саусаққап киеді;

4) бруцеллезге әсер беретін жануарларды қабылдауға, тасымалдауға, союға және ұшалары мен олардан алынған шикізаттарды қайта өңдеуге жасы 18 жасқа толмаған адамдар, жүкті және бала емізетін әйелдер, маусымдық жұмысшылар, этиологиясы әртүрлі жіті және созылмалы (асқыну сатысындағы) аурулармен ауыратын науқастар, бруцеллездің клиникалық белгілері байқалған науқастар, бруцеллездің алдын алу бойынша санитариялық минимумнан өтпеген жұмыскерлер жіберілмейді;

5) бруцеллез бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектідегі жануарлардан алынған сою өнімдері мен сүтті өңдеу мен пайдаланудың белгіленген ережелерін сақтау;

6) кәсіпорындарда және шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлармен жұмыс істеу ережелерін сақтау: персоналды, оның ішінде бруцеллезді жұқтыру қаупіне қатысты жұмысқа уақытша тартылған адамдарды жеке гигиена құралдарымен, жеке және арнайы киімдермен (халаттар, резеңке саусаққаптар, жеңқаптар, клеенка алжапқыштар, арнайы аяқ киім) қамтамасыз ету;

7) демалатын бөлме, тамақ ішетін орын, себезгі бөлмелер сияқты тұрмыстық үй-жайларды пайдалану ережелерін сақтау;

8) ыстық сумен, жуғыш және дезинфекциялық заттармен қамтамасыз ету;

9) шаруашылық жүргізуші субъектілерде және кәсіпорындарда орталықтандырылған дезинфекцияны, арнайы киімдерді жууды және тазалауды ұйымдастыру;

10) гигиена ережелері, жеке қорғаныш заттарын қолдану, бруцеллезге қарсы режимдерді сақтау туралы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыскерлеріне нұсқау беру. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне ұқсас нұсқау жүргізіледі;

11) жұмысқа бруцеллезді жұқтыру қаупімен байланысты нұсқаудан өткеннен кейін ғана жіберу.

1158. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде, жануардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдейтін кәсіпорындарда, вирулентті өскіндермен жұмыс істейтін зертханаларда бруцеллезге қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге және бруцеллезге қарсы режимді сақтауға мемлекеттік санитариялық қадағалау тәртібіндегі бақылауды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық басқармасы жүзеге асырады.

Ескерту. 1158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1159. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1160. Бруцеллезбен залалдану қатері бар шаруашылық жүргізуші субъектілерде, шалғайдағы жайылымдарда, сою пункттерінде, қой қырку пункттерінде, ет комбинаттары мен сүт зауыттарында және басқа да кәсіпорындарда бруцеллезге қарсы режимнің сақталуы бойынша жоспарлы зерттеп-қарауды эпидемиологтар осы объектілерге жетекшілік ететін санитариялық дәрігерлермен, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен бірлесіп жүргізгені жөн.

Ескерту. 1160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Кәсіби контингенттерге қарап-тексеру жүргізу кезіндегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

Ескерту. 10-параграф алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-параграф. Халық арасында санитариялық-ағарту жұмысын жүргізу кезіндегі жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

Ескерту. 11-параграф алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100-тарау. Ірі қара малдың лейкозы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі

Ескерту. 100-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілу тәртібі

1189. Жануарлар арасында лейкоздың таралуына жол бермеу мақсатында мынадай ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізіледі:

жаңадан әкелінген жануарларды лейкозға серологиялық зерттеулер жүргізіле отырып карантиндеу;

жануарларды ветеринариялық және зоотехникалық өңдеу кезінде асептика және антисептика қағидаларын міндетті түрде сақтау;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру;

Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде тіркелген дезинфекциялық құралдармен қора-жайларды және жабдықтарды тұрақты дезинфекциялау;

эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспары бойынша жануарларға диагностикалық зерттеулер жүргізу;

мыналардың:

қолайлы деген мәртебесі жоқ, сондай-ақ карантиндеуден өтпеген шаруашылық жүргізуші субъектілерден жануарлардың әкелінуіне;

құзыреті шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының немесе бас мемлекеттік ветеринар дәрігерінің келісімінсіз малдың қайта топтастырылуына жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдау.

Ескерту. 1189-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1190. Лейкоз бойынша қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден жануарларды шығару (әкету), бұған дейін олар күнтізбелік 30 күн бұрын осы Қағидаларда көрсетілген серологиялық әдістермен зерттелген және барлық топ бойынша теріс реакция алынған жағдайда рұқсат етіледі.

1191. Тұқымдық бұқалар мен құнажындарды өсіруге жеткізу үшін, қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердің тек сау сиырларынан алынған бұқалар мен қашарларды іріктеп алады.

1192. Жануарлардың қолдан ұрықтандыру және эмбриондарды трансплантациялау жөніндегі бекеттер (пункттер) үшін тек сау донор-сиырлардың ұрықтары мен аналық жасушалары және қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердің реципиенттері іріктеліп алынады.

1193. Ірі қара малды, ұрықтар мен аналық жасушаларды, эмбриондарды экспорттау кезінде экспорттаушы елдердің ветеринариялық талаптары орындалуы тиіс.

1194. Соңғы 3 жыл ішінде лейкоздан таза импорттаушы елден шығарылған сау асыл тұқымды ірі қара малды әкелуге рұқсат етіледі.

1195. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары, жануарлар иелері ірі қара малдың лейкозының пайда болуына, таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының нұсқамаларын орындайды, жануарларды клиникалық тексеру және диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін береді.

Ескерту. 1195-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайлы пункттерде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1196. Қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердегі ветеринариялық іс-шаралар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен келісім бойынша ЖАО бөлімшесінің басшысы бекіткен іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 1196-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1197. Лейкозға диагноз қою үшін серологиялық, гематологиялық, клиникалық-гематологиялық, патологоанатомиялық, гистологиялық әдістер мен ПТР қолдануға жол беріледі.

Ескерту. 1197-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1198. Қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарларда лейкозды дер кезінде анықтау мақсатында жоспарлы түрде 24 айлық жасынан бастап жылына бір рет иммуннодифузия реакциясын (бұдан әрі – ИДР) диагностикалық зерттеуден өткізеді.

1199. Ірі қара малдар арасында РИД зерттеу бойынша оң нәтиже анықталған жағдайда, ИФА бойынша реакцияны ауыстыру арқылы диагнозды нақтылау жүргізіледі. Ірі қара малдың арасында ИФТ бойынша зерттеулердің оң нәтижесі анықталған жағдайда диагнозды гематологиялық әдістермен ауыстыру арқылы нақтылау жүргізіледі.

Ескерту. 1199-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1200. Гематология әдіс бойынша теріс реакция алынғанда жағдайда ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректерінің базасына диагностикалық тест нәтижелері туралы белгі енгізіліп, жануар 6 айдан соң қайта зерттеледі.

1201. Гематология әдіс бойынша оң нәтиже алынған кезде аталған жануар лейкоз ауруымен ауырған болып саналады.

1202. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас ветеринариялық-санитариялық инспекторы сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) нәтижелері бойынша жануарлардың иелеріне оң нәтиже берген жануарларды қалған жануарлардан окшаулау туралы нұсқама береді және 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде оларды тиісті аумақта орналасқан сою объектілеріне санитариялық сою үшін жібереді.

Ескерту. 1202-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1203. Ауырған жануарларға ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жағына немесе жамбасына "Л" әрпін басу жолымен таңбалайды.

1204. Қолайлы табындардағы жануарлар топтарынан алынған сүттің біріктірілген сынамаларын зерттеу үшін ИФТ реакциясын қолданады.

1205. Жануарларда аурудың өршу кезеңдерін анықтау үшін клиника-гематологиялық, патологоанатомиялық және гистологиялық әдістерді қолданады.

1206. Ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайлы пунктте жекелеген жануарларда клиника-гематологиялық, патологоанатомиялық немесе гистологиялық өзгерістер болғанда диагнозды ИДР, ИФТ бойынша нақтылайды.

1207. ИДР, ИФТ бойынша жыл сайынғы жоспарлы зерттеулер кезінде теріс реакция алынған шаруашылық жүргізуші субъектілері ірі қара малдың лейкозынан қолайлы болып саналады. Шаруашылық жүргізуші субъектердің жалпы мал басынан гематологиялық әдіс бойынша кемінде 10 пайызда оң нәтиже шығуына жол беріледі.

1208. Асыл тұқымды жас төлдерді импорт пен экспортқа шығарумен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілері жануарларды міндетті түрде екі рет серологиялық зерттеуден өткізеді: бірінші рет 6 (алты) айлығында, екінші рет асыл тұқымды малды сатар алдында.

1209. Мемлекеттік асылдандыру кәсіпорындарының тұқымдық бұқаларын тоқсан сайын, ал шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бұқалары мен биологиялық препараттар өндірумен айналысатын ұйымдар үшін продуцентті қан алатын жануарларын арасына алты ай салып жылына 2 рет серологиялық зерттеу жүргізеді.

1210. Мал сою объектілерінде ауруға шалдыққан жануарлардан ветеринариялық, медициналық және тағамдық мақсатта қанды, эндокринді және басқа органдарды алуға жол берілмейді. Цехтың үй-жайы және жабдықтары жануарларды сойғаннан кейін мұқият тазаланады және дезинфекцияланады.

1211. Ұлпа мен органдарда ісікті өзгерістер анықталған барлық жағдайлар есепке тиісті нысанды енгізе отырып, жануарларды сою объектілерінде етке және субөнімдерге ветеринариялық-санитариялық сараптаманың есебін жүргізу журналына тіркелуге жатады.

1212. Асыл тұқымдық мақсатта әкелінген жануарларды ИДР, ИФТ немесе ПТР бойынша лейкозға экспорттаушы елде немесе жеткізуші шаруашылықта өткізгенге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын және импорттаушы елде немесе сатып алушы шаруашылықта карантиндеу кезеңінде зерттейді.

Ескерту. 1212-тармақ жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1213. ПТР-ға зерттеу үшін ветеринариялық зертханаға сарысуы шықпаған қан жіберіледі. ПТР бойынша зерттеу сынамаларды біріктіру тәртібімен пул жүйесі бойынша жүргізіледі.

1213-1. ХЭБ ұсынған зерттеу әдістері бойынша ХЭБ-тің халықаралық референттік зертханасында экспорттаушы елдің сұрауы бойынша және оның есебінен лейкозға карантиндеу кезеңінде диагнозды нақтылауға жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 1213-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1214. Үшінші елдерден әкелінген немесе Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында орын ауыстырылатын жануарларды карантиндеу кезеңінде ірі қара мал лейкозының вирусымен залалдануы анықталған кезде, егер, тараптар шартында қалған карантиндеудегі жануарлар басына қатысты өзгеше көзделмесе, алушы ел ірі қара мал лейкозының вирусы анықталған карантиндеудегі жануарлардан бас тартады (жіберуші елге қайтару немесе санитариялық сою (мүмкін емес жағдайда немесе қайтарудан бас тартса).

Ескерту. 1214-тармақ жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1214-1. Республика ішінде келіп түскен, әкелінген, сатып алынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларды карантиндеу кезеңінде ірі қара мал лейкозының вирусымен залалдануы анықталған кезде, егер, тараптар шартында қалған карантиндеудегі жануарлар басына қатысты өзгеше көзделмесе, алушы шаруашылық жүргізуші субъект ірі қара мал лейкозының вирусы анықталған карантиндеудегі жануарлардан бас тартады.

Ірі қара мал лейкозының вирусы анықталған карантиндеудегі жануарлар санитариялық союға жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 1214-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1215. Қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілерден жануарларды сатуға мұндай жануарлар сатудан күнтізбелік 30 күн бұрын ИДР немесе ИФТ және гематологиялық әдіс бойынша зерттелген және бұл ретте лейкозға теріс реакция алғанда ғана шектеусіз рұқсат беріледі.

3-параграф. Ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайсыз пунктте жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар тәртібі

1216. Осы Қағидаларда берілген әдістер арқылы ірі қара малдың лейкозына диагноз анықталған елді мекенді (ауыл, село, кент), елді мекеннің бөлігін немесе жеке орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектіні (ферма, табын), жеке меншік түріне қарамастан 10 пайыз және одан көп лейкоз ауруын жүйтүрған шаруашылық жүргізуші субъектісінде ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайсыз деп жариялайды және шектеу қояды.

Қолайсыз пунктке шектеу іс-шараларын қою туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖАО бөлімшелері ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар көзделетін сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспарын бекітеді, орындаушы, оларды орындау үшін жауапты тұлға және ауруды жою мерзімі анықталады.

1217. Жануарларда ауруға тән тек клиникалық-гематологиялық, патологоанатомиялық немесе гистологиялық өзгерістер байқалған жағдайда, табында 6 айдан жоғары жастағы жануарларға арасына күнтізбелік 30-45 күн салып екі рет серологиялық зерттеу жүргізеді.

Егер бұл ретте ірі қара малдың лейкоз вирусына антиденелер анықталмаса, шаруашылық жүргізуші субъекті қолайлы деп саналады.

1218. Ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерде мыналарға:

1) серопозитивті (ИДР немесе ИФТ) немесе гематогиялық әдістер бойынша оң нәтиже көрсеткен жануарлардан алынған сүтті сүт зауытына өткізуге. Мұндай сүт қайнатуға және тек лейкоз бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъекті ішінде ғана пайдалануға жатады теріс нәтиже берген жануарлар сүті ортақ негізде жұмсалады;

2) лейкозбен ауратын жануарларды саулармен бірге ортақ табында жайылуға;

3) асылдандыру мақсатында жануарларды сатуға;

4) тұқымдық бұқаларды сиырлар мен қашарларға шағылыстыру үшін пайдалануға;

5) ІҚМЛВ жұққан тұқымдық бұқалардың ұрықтарын пайдалануға;

6) лейкозға диагнозы анықталғанға дейін 6 ай ішінде серопозитивті тұқымдық бұқалардан алынған ұрықтар қоры жоюға жатады;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатынсыз жануарларды қайта топтастыруға;

8) ветеринариялық және медициналық емдеу-профилактика препараттарын дайындау үшін қан және уыз дайындауға, гемотерапия жүргізуге;

9) лейкозға гематологиялық және клиникалық белгілері бар ірі қара малды шаруашылық жүргізуші субъектіден тыс жерге өсіру немесе бордақылау үшін шығаруға;

10) емдеу-профилактикалық, зоотехникалық және технологиялық іс-шараларды жүргізген кезде, стерильденбеген құралдарды, аспаптарды, аппараттарды пайдалануға;

11) бір сауу аппаратымен ІҚМЛВ жұқтырған және сау сиырларды саууға;

12) лейкозбен ауыратын және сау сиырларға бір төлдеу бөлмесін пайдалануға;

13) лейкозбен ауырған сиырлардың ақуызын сау сиырлардан алынған төлдерді қоректендіру үшін пайдалануға;

14) табын өсіру үшін лейкозбен ауырған бұзауларды пайдалануға жол берілмейді.

1219. Ірі қара малдың лейкозы бойынша қолайсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерді сауықтыруды:

1) мал басы 100 басқа дейінгі табында:

табындағы ірі қара мал басының 30 пайызынан көбі инфекцияланған жағдайда, шаруашылық жүргізуші субъектінің қолайсыз табынын біржолғы толық айырбастау (сою);

табындағы ірі қара мал басының 30 пайыздан азы инфекцияланған жағдайда, табыннан ауру жануарларды бөле және кейіннен оларды сою объектілерінде соя отырып, осы Қағидалардың 1198-тармағында көрсетілген схемаға сәйкес ИДР, ИФТ және гематологиялық әдістермен жүйелі зерттеулер жүргізу жолымен;

2) мал басы 100 бастан асатын табында ауру жануарларды бөле және кейіннен оларды сою объектілерінде соя отырып, осы Қағидалардың 1198-тармағында көрсетілген схемаға сәйкес ИДР, ИФТ және гематологиялық әдістермен жүйелі зерттеулер жүргізу жолымен жүргізеді.

Ескерту. 1219-тармақ жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1220. Ірі қара мал лейкозы бойынша қолайсыз пункттерді осы Қағидалардың 1198-тармағында көрсетілген схемаға сәйкес ИДР, ИФТ және гематологиялық әдістермен сауықтыруды былайша жүргізеді:

1) жасы алты айдан жоғары жануарларға зерттеу жүргізеді;

2) кейінен осы Қағидалардың 1199-тармағында көрсетілген схемаға сәйкес ИДР, ИФТ және гематологиялық әдістермен серологиялық зерттеулерді төрт айлық аралықпен қатарынан екі рет теріс нәтиже алғанға дейін жүргізеді. Әрбір диагностикалық зерттеуден кейін қора-жайларға Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық құралдармен дезинфекция жүргізеді;

3) барлық ауру жануарлар союға тапсырылғаннан кейін және қора-жайлар мен іргелес аумаққа қорытынды дезинфекция жүргізгеннен кейін, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген басқа да іс-шаралар орындалған жағдайда, қолайсыз пункт сауықтырылған деп жарияланады.

Ескерту. 1220-тармақ жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.03.2017 № 135 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1221. Сауықтырғаннан кейін екі жыл бойы тоқсан сайын серологиялық бақылау жүргізеді.

100-1-тарау. Қатерлі ісік бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. Қағидалар 100-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.10.2024 № 340 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қатерлі ісіктің алдын алу бойынша ветеринариялық іс шараларды жүргізу тәртібі

1221-1. Жануарлардың қатерлі ісік ауруының алдын алу мақсатында келесі іс-шаралар жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 2-тарауы 11-параграфының талаптарына сәйкес мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) қоршау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

2) ауру жұқтырған немесе ауру жұқтырған деген күдік бар жануарларды суаруға арналған су айдындарын, құдықтарды жабу;

3) саламатсыз аулаларды, үй-жайларды және жануарларды күтіп бағу орындарын тазалау және дезинфекциялау.

1221-2. Қатерлі ісіктің алдын-алудың белсенді құралдары жоспарлы түрде қолданылмайды.

1221-3. Қатерлі ісіктің пайда болуының алдын алу мақсатында ветеринариялық-санитариялық саламаттылық аумағында іс-шараларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттар қолданылады.

1221-4. Қатерлі ісіктің алдын алу шаралары операциялармен немесе терінің ықтимал зақымдануымен байланысты манипуляциялар (піштіру, құйрықты, құлақты кесу, мүйізді алу, қырқу) асептика шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Туу жолдарының қатерлі ісігінің алдын алу үшін қолдар мен құралдарды антисептикалық өңдеу жүргізіледі. Ауыр туғанда және шуы түспеген кезде ауру жануарларға Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттар және дезинфекциялық заттар қолданылады.

2-параграф. Қатерлі ісікті жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

1221-5. Қатерлі ісік анықталған кезде шектеу шаралары енгізіледі.

Шектеу іс-шараларын жүргізу кезінде тері жамылғысының зақымдануы бар мамандардың қатысуына жол берілмейді.

1221-6. Саламатсыз пунктте қатерлі ісікке бейім жануарларды клиникалық тексеруден және термометриядан өткізеді, аурудың клиникалық белгілері бар жануарларды оқшаулайды (газдардың пайда бола отырып ісіну, зақымдалған тіндердің некрозы, ағзаның улануы).

1221-7. Ауру жануарлардың бөлінетін заттар ластанған көң, қоқыс және азық қалдықтары алып тастамас бұрын дезинфекциялау құралымен ылғалдандырылады, содан кейін өртеледі.

1221-8. Стационарлық саламатсыз аймақтарда мал басын жаппай өңдеу және туу алдында жануарларға Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттар енгізіледі.

1221-9. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша саламатсыз пунктте мыналарға жол берілмейді:

- 1) жануарларды шектеу іс-шаралары белгіленген аумақтан тыс жерге әкету;
- 2) жануарларды шектеу іс-шаралары белгіленген аймаққа әкелу және жануарларды осы аумақ арқылы айдау;
- 3) жануарларды сату, айырбастау және шаруашылықішілік қайта топтастыру;
- 4) шектеу іс-шаралары белгіленген аумақта жиналған азықтарды әкету;
- 5) су айдындарынан жануарларды бірге суару;

б) аурудың клиникалық белгілері анықталғанға дейін бір – үш күн ішінде ауру жұқтырған ауыл шаруашылығы жануарлары жайылған жайылым учаскелерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю.

1221-10. Ауру және ауру жұқтырған деген күдік бар жануарларды етке союға және олардың терісін алуға жол берілмейді.

1221-11. Қатерлі ісікпен ауыратын жануарлар оқшауланады және емделеді. Емдеу кезінде Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген ветеринариялық препараттар қолданылады.

1221-12. Қатерлі ісіктен өлген жануарлардың өлекселері мен терілері өртеу арқылы жойылады.

1221-13. Қатерлі ісікпен ауыратын жануарлардың сүті 30 (отыз) минут бойы қайнатылғаннан кейін жойылады.

1221-14. Қатерлі ісікпен ауырған жануарлар және ауру немесе өлген жануарларға пайдаланылған күтім заттары сақталған үй-жайлар Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген препараттармен тазартылады және дезинфекцияланады.

Қатерлі ісікті жоюға қатысқан мамандардың арнайы киімдері, аяқ киімдері дезинфекциялық құралдармен өңделеді.

1221-15. Қатерлі ісік бойынша саламатсыз пункт соңғы ауру жануар сауыққаннан кейін, сондай-ақ қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кейін саламатты деп жарияланады және шектеу іс-шаралары алынып тасталады.

101-тарау. Сойылатын жануарларды сояр алдындағы ветеринариялық тексеріп қарау және сойылғаннан кейін ұшалары мен ішкі ағзаларын ветеринариялық-санитариялық сараптау, оларды санитариялық бағалау тәртібі

Ескерту. 101-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Сойылатын жануарларды сояр алдындағы тексеріп қарау тәртібі

1222. Сойылатын жануарлардың санатына жататындар: ірі қара мал (енеке мен кодасты қоса алғанда) шошқа, қой, ешкі, бұғы, үй қояны, жылқы, есек, қашыр, түйе, үй құстарының барлық түрлері.

1223. Союға сау ауыл шаруашылығы жануарлары жіберіледі.

1224. Етке мынандай:

1) "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 9891 тіркелген) бекітілген жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша сіреспе, браздот, қой энтеретоксемиясы, ірі қара мал мен қойдың катаральді қызбасы, ботулизм ауруларына шалдыққан күдікті болған;

2) тұяқ серпер күйіндегі жануар;

3) вакцина егілген, сондай-ақ, сібір жарасына қарсы емдеу жүргізілген жануарларды екпеден (емделгеннен) кейін күнтізбелік 14 күн бойы, аусылға қарсы инактивацияланған вакцина егілген жануарларды 21 күн бойы, сондай-ақ емдік және профилактикалық мақсатта антибиотиктер қолданылған жануарларды;

4) маңқаға маллеинизация өткізілмеген жылқыны;

5) туғанына күнтізбелік 14 күн толмаған жануарларды, клиникалық ауру жануарларды, ауруының диагнозы белгіленбеген жануарларды, дене температурасы төмен немесе жоғары және жұқпалы емес ауруы жануарларды;

6) сояр алдындағы тексеріп қарамай;

7) ветеринариялық препараттармен өңделген жануарлардың етіндегі рұқсат етілетін ең төменгі мөлшерге (РЕТМ) және сою мерзіміне сәйкес келмейтін жануарларды союға жол берілмейді.

1225. Жануарлар мен құс саудасы жүзеге асырылатын ішкі сауда объектілерінде жануарлар тірідей сатылған кезде олар ветеринариялық тексеріп қарауға жатады.

2-параграф. Сойылғаннан кейін ірі қара малдың ұшасы мен ішкі ағзасын тексеріп қарау

126. Сойылғаннан кейін ірі қара малдың ұшасы мен ішкі ағзасын тексеріп қарау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) басын зерттеу: басты ұшадан бөліп алады, тіл жақ астындағы кеңістіктен еркін шығып тұратындай етіп оны ұшынан және екі жанынан тіледі. Ерінді, тілді және ауыз қуысының шырышты қабықтарын қарап, қолмен ұстап тексереді. Тілді ашамен ұстатып, жем-шөп қалдықтары мен сілекейден пышақтың сыртымен тазалайды. Егер тілде көзге көрініп тұрған патологиялық өзгерістер болмаса, оны кеспейді. Жақтың, жұтқыншақтың (орта және шеткі) құлақ түбінің лимфа түйіндерін ашып тексереді

Жақтың бұлшық еттерін екі жағынан да олардың сыртына қарама-қарсы бүкіл ені бойынан жалпақ етіп (сыртқысын - екі, ішкісін - бір тілікпен) тіліп, тексеріп қарайды;

2) іш құрылысын (кеңірдегімен бірге өкпесін, жүрегін, өтімен бірге бауырын, диафрагмасы мен өңешін) зерттеу: өкпесін сыртынан қарап, ұстап көреді. Қабырға ортасындағы краниальдық, орта, каудальдық және бронхылық, сол жақтағы, оң

жақтағы, тархеобронхылық лимфа түйіндерін ашады. Кеңірдек пен бронхты және өкпе паренхимасын әрбір өкпені ұзына бойына ірі бронхтардың бағытына қарай кесу арқылы тексереді;

3) жүректі зерттеу: жүрек қабын ашады, жүректің сыртқы сірі қабығы және жүрек қабынның жай-күйін тексереді. Содан кейін жүректің оң және сол бөлігін қиғашы бойынан тіледі, бір уақытта жүрек қарыншасымен қабығын ашады. Жүректің бұлшық ет қабатын, эндокарддың, жүрек қан қалқаны мен қанының жай-күйін қарайды. Жүрек бұлшық еттерін тесіп алмай ұзына бойына және көлденеңінен бірнеше тіліктер жүргізеді (цистицеркозға);

4) бауырды зерттеу: бауырды қарап тексереді, көк ет және висцералды жағынан ұстап қарайды. Көк ет бауырға кіріге өскен жағдайда, оны ажыратып, патологиялық өзгерістердің (абцестердің) бар-жоғы тұрғысынан паренхиманы тексереді. Порталды лимфа түйіндерін тіліп қарайды және висцералды жағынан өт жолына қарай тесіп алмай 2–3 рет тіледі;

5) көк бауырды зерттеу: көк бауырды сыртынан қарап тексереді, содан кейін бойлай тіледі және оның сыртқы түрі мен пульпаның консистенциясын анықтайды;

6) бүйректі зерттеу: бүйректі капсуладан шығарады, қарап тексереді және ұстап көреді, патологиялық өзгерістер табылған жағдайда, тіледі, сонымен бір уақытта бүйректің лимфа түйіндерін ашады;

7) желінді зерттеу: желінді қолмен мұқият тексереді, қарама-қарсы 1-2 жерден терең тілік жасайды. Шатының үстіндегі лимфа түйіндерін ашып тексереді;

8) асқазан мен ішек-қарынды зерттеу: оны сірі қабығы жағынан қарайды. Асқазан мен шажырқайдың бірнеше лимфа түйіндерін кесіп көреді. Керек болған жағдайда, шырышты қабығын ашып қарайды;

9) жатырды, аталық ұрық бездерін, қуықты және ұйқы безін зерттеу: қарап тексереді, керек болған жағдайда ашып кеседі;

10) ұшаны зерттеу: ісінудің, қан ұюының, өсінділердің, сүйек сынықтарының және басқа да патологиялық өзгерістердің болуына көңіл аудара отырып, ұшаны сыртқы және ішкі жағын қарайды. Қабық пен ішперденің жай-күйін айқындайды. Қажет болған жағдайда, лимфа түйіндерін сырттай және кесіп қарайды, сондай-ақ жекелеген (цистицеркозға – мойынның, белдеменің, анконеустың) бұлшық еттерді кеседі;

11) ұшаның негізгі лимфа түйіндерін тексеру: мойынның артқы терең безі, қабырға-мойын, топшы асты, бірінші қабырға, топшы астының өзін (қолтық асты немесе жауырын асты), мойынның сырты, төстің алдыңғы (жұп немесе тақ), төстің үсті (қабырға арасындағы), қабырға аралық, үстіңгі орта қабатты, астыңғы орта қабатты, тізе қатпарларындағы (тізе тобындағы), белдің, бүйірінің сыртқы (жамбастың кемік басы) лимфа түйіндері, бел, бүйірінің сыртқы (домалақ жілік), бүйірдің медиалды, бүйірдің латералды (жамбас алды), терең шап, жамбас лимфа түйіндері.

Бұзаулардың кіндігін де қарайды және аяқ буындарының бастарын (алдыңғы және артқы сирақ сүйектері) тіліп ашады.

3-параграф. Ұсақ малдың ұшасы мен ішкі ағзаларын сойғаннан кейінгі тексеру

1227. Ішкі ағзалар мен ұшаны ірі қара малында сияқты тексереді. Казеозды лимфаденитті анықтау үшін мойынның сыртқы және тізе қатпарларындағы лимфа түйіндері тексеріледі.

4-параграф. Шошқаның ұшасы мен ішкі ағзаларын сойғаннан кейінгі тексеру

1228. Шошқаның ұшасы мен ішкі ағзаларын сойғаннан кейінгі зерттеу әдістемесі ірі қара малдікі сияқты, бірақ мынадай ерекшеліктері бар:

1) шошқаның жақ асты лимфа түйіндерін, көмейінің шырышты қабығын, көмей қақпашығы мен бадамшаны (сібір жарасының ангинозды түріне) мұқият зерттейді. Цистицеркозға зерттеу жүргізу үшін қосымша желке бұлшық еттерін және көк етін, қажет болған жағдайда, жауырын-шынтак (анконеус), бел, жамбас буындарын кесіп қарайды. Көк етін алады және трихинеллоскопияға тексереді;

2) басында негізгі жақ асты лимфа түйіндерінен басқа қосымша лимфа түйіндері де бар. Олар жақтың арт жағындағы сілекей лимфа түйіндерінің күре тамырға бөлінген жерінде орналасқан;

3) ортаңғы қабатты астыңғы лимфа түйіндерден тек краниалдық түрі ғана болады. Олар саны жағынан өте құбылмалы (1 - 5), аорта доғасының алдында орналасқан. Шошқада оң жақ және сол жақ бронхиалдық лимфа түйінінен басқа, ортаңғысы (астыңғысы) да бар. Ол кеңірдектің бронхқа бөлінетін бұрышында орналасқан, кейде сол жақтағы бронхиалды лимфа түйінімен бірігіп кетеді де бірыңғай конгломерат түзеді;

4) ірі қара малдан айырмашылығы шошқаның көк бауыр артериясын жағалай орналасқан көкбауыр лимфа түйіндері бар;

5) шошқада төс, қабырға аралық және қолтық асты (жауырын асты) лимфа түйіндері болмайды. Мойын үсті лимфа түйіндері үш топқа бөлінеді: үстіңгі, астыңғы және ортаңғы;

6) шошқаның тізе асты лимфа түйіндері екі топқа бөлінеді: терең және сыртқы.

Сыртқысы жиі кездеседі.

Шошқаның бірінші қабырғасының лимфа түйіндері ірі қара малға қарағанда жақсы жетілген. Бүйірдегі және ортаңғы белдегі, құйымшақтағы, бүйректегі, жамбастағы лимфа түйіндері үлкен семіз шошқалардың май ұлпаларынан көрінбейді және ол сау малда қиындықпен табылады.

5-параграф. Жылқының ұшасы мен ішкі ағзаларын сойғаннан кейінгі тексеру ерекшеліктері

1229. Жылқыларда лимфа түйіндері көптеген ұсақ түйіндерден тұратын қапшық түрінде көрінеді. Жылқыда астыңғы жақ бөлінетін бұрыштағы жақ арасындағы кеңістікте қосымша тіласты лимфа түйіндері, шынтақ буынына жақын иық сүйекте, иықтағы екі басты бұлшықет пен үш басты бұлшықеттің ішкі жағының арасында шынтақ лимфа түйіндері болады.

Жылқының басын зерттеу кезінде жақтың астындағы және тілдің астындағы лимфа түйіндерін тіледі, танау қуысы мен мұрынның шабылған жерін қарайды. Массетерді ашпайды. Өкпе-бауырды тексерген кезде кеңірдекті, ірі бронхты ашып кеседі және шырышты қабықты қарайды. Барлық бронхиалды, сондай-ақ кеңірдекті бойлай орналасқан мойынның терең лимфа түйіндерін кеседі. Өкпенің екі жағынан да екі қисық тіліктер кеседі, тексеріп қарайды және сол кесілген жерді ұстап көреді. Жылқы ұшасын зерттегенде қосымша жауырынның ішкі жағынан бұлшық еттерді меланомаға тексереді (әсіресе, сұр жылқыларда). Мүшелер мен ұшаны тексерудің қалған әдістемесі ірі қара малдікі сияқты.

6-параграф. Жануарлардың инфекциялық ауруларын ветеринариялық-санитариялық сараптау кезінде жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық бағалау

1230. Аусыл кезінде сойылған өнімдер жойылуға тиіс.

1231. Ауыздың бөртіп уылуы ауыры анықталған, ауырады деп күдік тудырған және амалсыз сойылған малдан алынған ет пен басқа да өнімдер одан әрі өндірісте қайта өңдеу үшін пісірілед.

Терісі дезинфекцияланады.

1232. Шошқаның бөртпе ауруы анықталғанда, ауырады деп күдік тудырған және жұқты деп күдік тудырған шошқаны союдан алынған ет пен басқа да өнімдер пісірілген, пісіріліп-ысталған және ысталған-піскен шұжық өнімдері мен консервілер дайындау үшін пайдаланылады. Субөнімдерін қабылданған технологиялық режимдерді сақтай отырып, зельцтер, сілікпе, пісірілген шұжық пен консервілер жасау үшін пайдаланылады.

Майы ерітіп алғаннан кейін сүйек, асқазанның шырышты қабығы, тұяқтар сол шошқа сойылған кәсіпорында жануарлардың құрғақ жемшөбі етіп қайта өңделеді.

Ішектер, қуық пен өңеш Қазақстан Республикасында және/немесе Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық ерітіндімен өңделіп, кейін сумен шайқап жуылады, содан кейін өндірістің ішінде пайдаланылады. Көрсетілген тәсілмен зарарсыздандырылмаған ішек-қарын мен басқа да шикізат жоюға жіберіледі.

Ауырған, ауырады деп күдік тудырған және жұқты деп күдік тудырған жануарлардың терісі дезинфекцияланады.

1233. Ірі қара малдың оба ауруы, ұсақ күйіс малының оба ауруы. Осы аурулар анықталған жағдайда, сойылған малдың ұшасын, қанын, терісін және барлық қалған өнімдерін өртеп жояды.

Обадан ауырып жазылған малды сойған кезде, оның еті мен субөнімдерін пісірілген шұжық немесе консерві дайындауға жібереді.

Терісі дезинфекцияланады.

1234. Түйе обасы анықталғаннан кейін түйе ұшасын және басқа өнімдерді (оның ішінде терісін) жояды.

Басқа жануарларды сойғаннан кейін алынған, ауру жануардың немесе онымен қатар болған жануардың сойылған өнімдерімен араласып кеткен белгісіз өнімдердің бәрі (аяқ, желін, құлақ, қан және басқалары) жойылады.

1235. Ірі қара малының жұқпалы (контагиозды) плевропневмониясы – ұшасы және зақымданбаған ішкі ағзалары қайнатуға немесе пісірілген шұжықтар мен консерві жасау үшін қайта өңдеуге жіберіледі.

Патологиялық өзгерістері бар ағзалары жойылуға жіберіледі.

Ішектері тазаланып, тұздықпен консервіленген соң, жалпы негізде пайдаланылады.

Ауру ірі қара малдан алынған тері дезинфекцияланады.

1236. Қой мен ешкінің түйінді жұқпалы дерматиті (контагиозды эктима) – ауру зарарсыз ісік түрінде болса, патологиялық өзгерістер болған жерін, ісіп кеткен тіндерін алып тастағаннан кейін, мал ұшасы мен ішкі ағзалары өндірістік қайта өңдеуге жіберіледі.

Геморрагиялық және гангрены түрі болса, ұшаны ішкі ағзаларымен бірге жоюға жібереді.

Терісі дезинфекциялануға тиіс.

1237. Блутанг (көк тіл, инфекциялық катаралды безгек) ауруының бірлі-жарым жағдайлары алғаш рет анықталған кезде сойылған барлық өнім жойылады.

Жануарлар жаппай ауырған кезде сойылған жағдайда, сойылған ет пен басқа мүшелері өндірістік қайта өңдеуге немесе қайнатуға жіберіледі. Ұшасы дистрофиялық өзгеріске ұшыраған, тері асты өзегіне қан ұйыған немесе қатты арық ұшалар, ішкі мүшелері, басы мен аяқтары жоюға жіберіледі.

Блутангпен ауырған немесе ауырды деген күдік тудырған малдың терісі дезинфекцияланады.

1238. Малдың күл ауруы. Залалсыз ісік түрінде ауырған болса және пустулалар жазыла бастаса, ірі қара малдың, қойдың, ешкінің және жылқының патологиялық өзгерістері бар, ісіп кеткен тіндері алып тасталғаннан (тазалағаннан) соң, өнеркәсіптік қайта өңдеуге жіберіледі.

Тұтастып кеткен және гемморогиялық түрдегі ауру малдың сойылған ұшасы, сондай-ақ басқа да өнімдері жоюға жіберіледі.

1239. Жылқының африкалық обасы (дара тұяқты жануарлардың африкалық обасы) ауруы сойылғаннан кейінгі сараптамада анықталған жағдайда, сойылған өнімнің бәрі өртеліп жойылады.

Ауырып жазылған мал сойылған жағдайда, оның еті мен субөнімдері пісірілген шұжық немесе консерві дайындауға жіберіледі.

1240. Шошқаның африкалық обасының белгілері анықталған жағдайда, ұшаны ішкі мүшелерімен терісі бірге өртеу арқылы жояды.

Африкалық шошқа обасы бойынша бірінші қауіпті аймақтағы сойылған шошқадан алынған ет және басқа да өнімдер пісірілген, пісіріліп-қақталған шұжық, консерві өнімдеріне өңделеді немесе қайнатылады. Дайын өнім қолайсыз аймақ аумағында сатылады.

Дистрофикалық өзгерістері бар, бұлшық ет ұлпасында және ішкі құрылысында қан құйылған ұшаларды барлық сойылған өнімдерімен бірге өртеу арқылы жояды.

1241. Шошқаның классикалық обасы ауыры анықталса немесе ауырды деп күдік туған малдан алынған ұша мен өнімдерді шикідей шығаруға жол берілмейді.

Мүшелерінде дистрофиялық немесе басқа да (күрделенген) патологиялық өзгерістер бар болса ұшаны ішкі ағзаларымен бірге жоюға жібереді.

Ұша мен ішкі ағзаларда патологиялық өзгерістер болмаған жағдайда, оларды пайдалану туралы шешім сальмонелланың бар-жоғына бактериологиялық зерттеу өткізілгеннен кейін қабылданады. Бұл ретте етте немесе ішкі ағзаларда салмонелла бар екені анықталған жағдайда, ішкі ағзалары кәдеге жаратуға жіберіледі немесе жойылады, ал ұшасы қайнатылғаннан кейін шығарылады немесе консерві, етті азық дайындауға жіберіледі. Іш майы қорытылады.

Сальмонелла болмаған жағдайда, ұша, шпик және ішкі ағзалар пісірілген, пісіріліп қақталған шұжық өнімдеріне, консервіге және етті азыққа қайта өңделеді немесе қайнатуға жіберіледі.

1242. Сібір жарасы ауруы анықталған жағдайда, малдың ұшасын, ішкі мүшелерін және терісін бактериологиялық зерттеу нәтижелерін алуды күтпей-ақ өртеп жояды. Сібір жарасымен ауырған малдан алынған өнімдермен араласып кеткен басқа малды сойғаннан кейін алынған өнімдердің бәрі өртеледі, терісі дезинфекцияланады.

1243. Ауески ауруы (жалған құтыру) анықталған малдың ұшасында дегенеративті өзгерістер немесе бұлшық еттерінде, ұшасында және мүшелерінде патологиялық өзгерістер болған жағдайда, ұшаны және мүшелерін кәдеге жаратуға жібереді. Ұшасы мен ішкі мүшелерінде патологиялық өзгерістер болмаған жағдайда, оларды пайдалану туралы шешім сальмонеллаға бактериологиялық зерттеуден кейін қабылданады.

Сальмонелла болмаған жағдайда, мал ұшасын және ішкі мүшелерін қайнатады немесе пісірілген, пісіріліп қақталған шұжық, төс еттер мен төстіктер дайындау үшін пайдаланады.

1244. Туберкулез процесі шоғырланған жағдайда, яғни, бір уақытта төсі мен ішкі ағзалары зақымдалып, лимфа түйіндеріне таралған жағдайда, қоңдылығының жай-күйіне қарамастан, ішкі ағзаларын (оның ішінде ішек-қарнын) жояды.

Лимфа түйіндері, ішкі ағзаларының бірі немесе басқа ұлпасы туберкулезбен зақымдалған қоңдылығы қалыпты ұша (шошқа ұшасынан басқасы), сондай-ақ зақымдалмаған басқа мүшелері қайнатылады немесе қайта өңделіп консерві немесе етті азық жасалады, ал іш майы қорытылып алынады. Туберкулезбен зақымданған ағзалары мен ұлпалары зақымдану нысанына қарамастан, жойылады.

Шошқа ұшасында жақ астындағы лимфа түйіндерінде ғана ағарған туберкулезбен зақымдану анықталған жағдайда, оларды алып тастайды, ал басын ішкі ағзаларымен бірге шектеусіз шығарады.

Туберкулезбен шажырқай лимфа түйіндері ғана зақымданған жағдайда, ішекті жояды, ал ұшасы мен қалған ішкі ағзаларын шектеусіз шығарады.

Жақ астындағы немесе шажырқай лимфа түйіндерінде қатайған, ағармаған ошақтар түріндегі (олардың түріне қарамастан) зақымдану немесе жақтың астында және шажырқай тораптарында бір уақытта туберкулез ошақтары анықталған жағдайда, олар ішегімен бірге жойылады, ал ұшасы мен қалған ағзалары қайнатылады немесе қайта өңделіп, консерві дайындалады.

Шошқа ұшасының лимфа түйіндерінен коринебактериялар немесе атипиялы микобактериялар тудырған туберкулез ауруы анықталған кезде шошқа ұшасы мен ағзалары шектеусіз шығарылады, ал зақымданған лимфа түйіндері алып тасталып, жойылады.

Туберкулез ауруымен ауырған малдан алынған тері шектеусіз шығарылады (дезинфекцияланбайды).

1245. Бруцеллезге оң әсер берген ірі қара мал мен шошқаның, түйенің, жылқының еті ұшасы мен ағзаларында патологоанатомиялық өзгерістер болмаған кезде ет 12 сағат тұрғаннан кейін шектеусіз шығарыла береді. Ұша мен мүшелерінде патологоанатомиялық өзгерістер анықталған жағдайда, шұжық және консерві өнімдеріне шығарылады.

Бруцеллезге оң әсер берген қой мен ешкіні санитариялық союдан алынған ет Қағидаларды сақтай отырып, пісірілген шұжықтарға немесе консервілерге қайта өңделеді.

1246. Ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеиті ауруымен ауырған және ауырды деп күдік тудырған мал сойылғаннан кейін алынған оның ұшасы мен субөнімдерін шикі түрінде шығаруға жол берілмейді. Патологиялық өзгерістері бар мүшелері жойылады. Малдың ұшасы мен ішкі ағзаларында патологоанатомиялық өзгерістер

болған жағдайда, сальмонелланың бар-жоғаны бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Сальмонелла анықталған жағдайда, ішкі ағзалары жойылады, ал ұшасы пісіріледі.

Басы, кенірдегі, өңеші, мүйізі, тұяғы және басқа да қалдықтары кәдеге жаратуға жіберіледі. Терісі дезинфекцияланады.

1247. Лейкозға оң нәтиже бергенде бұлшық еттер, лимфа түйіндері және бірнеше ішкі ағзалары зақымданған жағдайда немесе шырышты қабықтарында лейкоздық өскіндер (жара) болған жағдайда, ұша және сойылған басқа да өнімдер кәдеге жаратуға жіберіледі. Жеке лимфа түйіндері немесе ішкі ағзалары зақымданған жағдайда, бірақ қаңқадағы бұлшық еттерде өзгеріс болмаса, зақымданған ағзалары кәдеге жаратуға жіберіледі, ал зақымданбаған ағзалары мен етін пайдалану туралы мәселе бактериологиялық зерттеуге байланысты шешеді.

Жануарларды лейкозға гематологиялық зерттеу кезіндегі нәтиже оң болса, бірақ осы ауруға тән патологиялық өзгерістер болмаса, ұша мен ағзалар кедергісіз жіберіледі.

1248. Пастереллез – дегенеративтік немесе патологиялық өзгерістер немесе азғындық болған кезде, ұша мен ішкі ағзалар кәдеге жаратылады.

Ұшасы мен ішкі ағзаларында патологиялық өзгерістер болмаса, етін пайдалану туралы шешім сальмонеллезға бактериялогиялық зерттеуден кейін қабылданады. Сальмонеллез табылған жағдайда, ішкі ағзалары кәдеге жаратылады, ал ұшасы қайнатылады. Сальмонелла болмаса, ұшасы мен ішкі ағзалары пісіріледі немесе пісірілген, пісіріліп қақталған шұжық, төстік, төс ет немесе консерві дайындау үшін пайдаланылады. Терісі дезинфекцияланады.

1249. Қой мен ешкінің инфекциялық агалактиясы. Патологиялық өзгерістерге ұшыраған ағзалар кәдеге жаратылады. Зақымданбаған ішкі ағзалары мен ұшасы қайнатылады немесе шұжық немесе консерві дайындау үшін қайта өңдеуге жіберіледі.

1250. Қойдың инфекциялық энтеротоксемиясы. Ұшасы, ішкі ағзалары мен терісі жойылады. Ұшасы мен зақымданбаған ішкі ағзалары пісіріледі немесе пісірілген шұжық немесе консерві дайындау үшін пайдаланылады.

1251. Вирусты (трансмиссивті) гастроэнтерит. Ауырған және ауырды деген күдік тудырған малдың, сондай-ақ жұқтырды деген күдік тудырған шошқаның ұшасы мен ішкі ағзалары қайнатылады немесе пісірілген, пісіріліп-қақталған шұжық бұйымдары мен консерві дайындау үшін қайта өңдеуге жіберіледі. Арық ұша кәдеге жаратылады. Терісі дезинфекцияланады.

1252. Шошқаның энзоотиялық энцефаломиеелиті (Тешен ауруы). Бұлшық еттерінде дегенеративті өзгерістер болса, ұша мен ішкі ағзалары кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерінде дегенеративті өзгерістер болмаса, ұша мен ішкі ағзалары қайнатады немесе пісірілген, пісіріліп-қақталған шұжықтар немесе консерві дайындау үшін пайдаланады.

Терісі дезинфекцияланады.

1253. Қарасан ауруы анықталғанда ұшаны ішкі ағзаларымен және терісімен бірге жояды (өртейді).

1254. Маңқа ауруы анықталғанда, ұшасы, ішкі ағзалары және терісі жойылады.

Маңқа ауруын қоздырушы бар деп күдік тудырған ұша қайнатылады, ал мүмкін болмаған жағдайда, кәдеге жаратуға жібереді. Ішкі ағзалары кәдеге жаратылады.

Маңқа ауруымен ауырған немесе маллеинге оң әсері бар малдар союға жіберілмейді және жойылады.

1255. Малдың актиномикозбен ауырған басы бұлшық еттерімен және сүйегімен бірге кәдеге жаратуға жіберіледі. Бастың лимфа түйіндері ғана зақымданса, олар алып тасталып, басы қайнатуға жіберіледі.

Тілі мен ішкі ағзаларының аздаған бөлігі жарақаттанса, жарақаттанған жерін алып тастап, оларды шектеусіз шығарады.

Зақымдану ауқымды болса, тілді және ішкі ағзаларды кәдеге жаратуға жібереді. Актиномикоз кеңінен таралып сүйекті зақымдаған болса, ішкі ағзалары, ұшасы және бұлшық еттері, мүшелері кәдеге жаратуға жіберіледі.

1256. Некробактериоз - белгілі бір мүшелер зақымданған болса, кәдеге жаратуға жібереді. Ұшасын шектеусіз шығарады. Септикалық процесс кезінде ұшасы мен мүшелерін кәдеге жаратуға жібереді.

1257. Стахиботриксикоз – ұша мен ішкі мүшелердің бір бөлігінің некрозды бөлшектері болса, кәдеге жаратуға жібереді. Ұшада патологоанатомиялық өзгерістер байқалмаса, сальмонеллезге бактериологиялық зерттеулер жүргізеді.

Сальмонеллез анықталмаған және патологиялық өзгеріс болмаған жағдайда, ұшасы мен сойғаннан кейін алынған өнімдері шектеусіз шығарылады.

1258. Фузариотоксикоз – ұшасы қайнатылады, ішкі мүшелері кәдеге жаратуға жіберіледі.

1259. Туляремия ауруы анықталған кезде немесе ауруға күдіктенген жануарлардан алынған ұша, мүшелер мен тері кәдеге жаратылады.

Туляремиямен ауыратын сойылған жануарлардың өнімдерімен бірге болған ет пен ет өнімдері қайнатылады.

1260. Паратуберкулезді энтерит - ішекте, шажырқайда, лимфа түйіндерінде патологиялық өзгерістер және баста ісік болған жағдайларда, өзгертіске ұшыраған мүшелер мен шажырқайы бар ішек кәдеге жаратылады, ал ұшасы мен басқа мүшелерді шектеусіз шығарылады. Паратуберкулезбен зақымдалған жағдайда, арық ұша мен оның мүшелері кәдеге жаратылады.

1261. Жалған туберкулез (Псевдотуберкулез). Лимфа түйіндері көп жерден жарақатталған және бұлшық ет жарақатталған жағдайда, сондай-ақ арық болған жағдайда, ұша мен мүшелерді кәдеге жаратады.

1262. Шошқалардың инфекциялы атрофиялық риниті. Мұрынның, бас пен тілдің, өкпенің, өңештің шырышты қабығында үсіген және жансызданған өзгерістер анықталған кезде, оларды жояды. Ұша мен ішкі мүшелерде дегенеративтік өзгерістер болмаған жағдайда, олар шектеусіз шығарылады.

Арық болмаса және тек қана ішкі мүшелер мен лимфа түйіндері зақымдалған жағдайда, ішкі мүшелер, зақымдалған лимфа түйіндерді кәдеге жаратылады, ал ұшасы шектеусіз шығарылады.

1263. Лептоспироз кезінде дегенеративті өзгерістер байқалған жағдайда немесе бұлшық еттердің сарғыштануы 2 тәулік арасында кетпесе ұшаны және ішкі мүшелерді кәдеге жаратуға жібереді.

Бұлшық еттерде дегенеративті өзгерістер байқалмаған жағдайда, бірақ сарғайған түсі бар болып, ол сарғыш түсі 2 тәулік арасында кетсе, ұша және ішкі мүшелер патологиялық өзгерістерге ұшырамаса, қайнатуға жіберіледі. Ішек-қарны кәдеге жаратуға жіберіледі.

Ұшасы мен ішкі мүшелері лептоспирозға оң қорытынды берген малдардан алынса, бірақ бұлшық еттерде, ішкі мүшелерде патологиялық өзгерістер болмаса шектеусіз шығарылады. Лептоспирозбен ауыратын жануарлардың терілері дезинфекцияланады.

1264. Ку-безгек (Ку-лихорадка) анықталған жағдайда, ұша мен мүшелерді қайнатады. Өзгеріске ұшыраған мүшелері мен қаны кәдеге жаратылады, терісі дезинфекцияланады.

7-параграф. Инвазиялық аурулар кезінде еттің және жануарларды сойғаннан кейін алынатын өнімдердің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы

1265. Трихинеллез – еті адамдардың тағамына немесе жануарлардың азығына пайдаланылатын шошқалардың (3 аптаға толмаған торайлардан басқа), сондай-ақ қабанның, борсықтың, аюдың, саз құндыздың, басқа талғаусыз және етпен қоректенетін жануарлардың ұшасы міндетті түрде трихинеллезге зерттелуі керек.

Тілікте бір ғана трихинелла табылатын болса да, оның тіршілікке қабілетіне қарамастан, ұша мен бұлшық ет ұлпасы бар субөнімдері, сондай-ақ жарамсыз қалған ет өнімдері кәдеге жаратылады.

Сыртқы майын (шпик) сылып алады да, шыжғырады. Ішкі майы шектеусіз шығарылады.

Терісі еттің қалдығы алынғаннан соң, шектеусіз шығарылады. Қалдықтарды кәдеге жаратуға жібереді.

1266. Цистицеркоз (ірі қара мал мен шошқаның финнозы) кезінде бастың немесе жүректің бұлшық еттерінің тіліктерінен цистицертер (массетер) табылған жағдайда, мойынның, сондай-ақ жауырын-шынтак, жон, жамбас буындары мен диафрагманың бұлшық еттеріне қосымша екі қатар тіліктер жүргізеді.

Бастың немесе жүрек еті тілігінің 40 шаршы сантиметрінде немесе ұша бұлшықетінің кем дегенде бір тілігінде үштен аса тірі немесе өлі финн табылса және үштен жоғары тірі немесе өлі финн табылса ұшаны, басты және ішкі мүшелерді кәдеге жаратады.

Іш майларын және шпикты тағамдық мақсатта өңдейді немесе тұздау немесе мұздату арқылы залалсыздандырады.

Бастың немесе жүректің етінің тілігінің 40 шаршы сантиметрінде үштен аз тірі немесе өлі финн табылған жағдайда және еттің басқа тіліктерінде финн болмағанда немесе бары үштен аспайтын болған кезде басты және жүректі кәдеге жаратады, ұшасы мен қалған мүшелерін пісіру, тұздау немесе мұздату арқылы залалсыздандырады.

Іш майларын және шпикті тағамда пайдалану мақсатында қайта өңдейді немесе тұздау немесе мұздату арқылы залалсыздандырады. Тұздау не мұздату арқылы залалсыздандырылған ұшалар фаршты шұжықтар немесе консервілер дайындау үшін пайдаланылады, ал субөнімдері өндірістік өңдеуге жіберіледі.

1267. Жіңішке мойынды (тениукольды) цистицеркоз немесе сірі қабықтың финнозы кезінде зақымданған мүшелердің маңындағы тіндермен бірге көпіршіктер жойылады. Ұшасы, зақымданбаған және тазартылған ішкі мүшелері шектеусіз шығарылады.

1268. Қой мен ешкінің, бұғының цистицеркозы (финнозы) кезінде қойлардың, ешкілердің және бұғылардың ұшалары мен мүшелерінің 40 шаршы сантиметр тілігінде 5-тен аспайтын финн табылған жағдайда және бұлшық еттерде өзгерістер болмаған жағдайда, ұша мен мүшелерді мұздату арқылы залалсыздандырады, содан кейін шұжық өнімдері немесе консерві етіп өңдеуге жібереді. Ұшаның 40 шаршы сантиметр кесімінде бестен артық финнан анықталған және бұлшық еттерде патологиялық өзгерістер байқалған жағдайда, ұша мен мүшелерді кәдеге жаратады, ал ішкі және құйрық майын шыжғырады.

1269. Эхинококкоз кезінде бұлшық еттер және ішкі мүшелері көптеп зақымданған болса, сондай-ақ ұша арықтаған болса, ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Бөлек мүшелер немесе тіндер зақымданған жағдайда, оларды кәдеге жаратады, ал ұшаның зақымданбаған бөліктері және мүшелер кедергісіз жіберіледі.

1270. Фасциоллез кезінде мүшелердің зақымданған бөліктерін кәдеге жаратады. Ұша мен ішкі мүшелердің зақымданбаған бөлшектерін кедергісіз жібереді. Мүшенің 2/3 бөлігі зақымданған болса, мүшені толық кәдеге жаратады.

1271. Дикроцелиоз кезінде жарақатталған бауырды кәдеге жаратады. Бауырдың 2/3 бөлігі зақымданған болса, оны толығымен кәдеге жаратады. Ұша мен зақымданбаған мүшелерді кедергісіз жібереді.

1272. Диктиокаулез кезінде өкпенің зақымданған бөліктерін кәдеге жаратады. Ұша мен ішкі мүшелердің зақымданбаған бөліктерін кедергісіз жібереді. Өкпенің 2/3 бөлігі зақымданған болса, оны толық кәдеге жаратады.

1273. Шошқаның метостронгилезы кезінде өкпенің зақымданған бөліктерін кәдеге жаратады. Ұша мен өкпенің зақымданбаған бөліктерін кедергісіз жібереді.

1274. Аскаридоз кезінде патологиялық өзгерістері болмаған жағдайда ұша мен мүшелерді болса кедергісіз жібереді.

1275. Пироплазмидоздар (пироплазмоз, тейляриоз, бабезиоз, анаплазмоз) кезінде сары түс жайылмаған және дегенеративтік өзгерістер болмаған жағдайда, ұша мен ішкі мүшелерді кедергісіз жібереді. Ұшаларда сарғыш түс екі тәулік ішінде кетпейтін болса, ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Екі тәулік ішінде сарғыш түс кетсе, салмонеллардың бар-жоқтығын бактериологиялық зерттеу жүргізеді, ұша мен өзгермеген мүшелерді кедергісіз жібереді.

1276. Токсоплазмоз кезінде ұшаны қайнатады, ішкі мүшелерді кәдеге жаратады.

1277. Саркоцистоз кезінде бұлшық етте саркоцисталар болған және патологиялық өзгерістер болмаған жағдайда ұша мен мүшелерді кедергісіз жібереді. Бұлшық еттерде өзгеріс болса (гидремия, түссіздену, ағару, дегенеративтік өзгерістер), ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады.

Шошқаның шпигін және ішкі майын кедергісіз жібереді.

1278. Гиподерматоз кезінде инфилтраттан, жансызданған ошақтардан, өзгерген бөлшектерден тазартылған соң, ұша мен басқа сою өнімдерін кедергісіз жібереді.

8-параграф. Жұқпалы емес аурулармен ауырған, санитариялық маңызы бар нормалардан ауытқыған жануарлар етінің және одан алынатын өнімдердің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы

1279. Тыныс мүшелерінің аурулары (бронхит, бронхопневмония, пневмония, плевропневмония) кезінде инфекциялық аурулардың бар-жоғын анықтау керек. Зақымданған мүшелерді кәдеге жаратады. Пневмония, плеврит болған жағдайда және процеске лимфа түйіндері тартылған жағдайда, етті және басқа сойылған өнімдерді санитариялық бағалау туралы шешім бактериологиялық зерттеу нәтижесіне қарай шешіледі. Өкпенің аспирациясы кезінде, оны кәдеге жаратады.

1280. Қан айналым мүшелерінің аурулары (созылмалы перикардит травматикалық перикардит, миокардит) кезінде іріңді перикард, тіндерде және төс қабырғасында іріңді ісік, іскендік, гидремия, сарғаю анықталған кезде, сондай-ақ көтерем ұшаны және ішкі ағзаларды кәдеге жаратады. Перикардта, эпикардта, өкпеде, төс қабырғасында патологиялық өзгерістер байқалған жағдайда, жарақатталған мүшелерді кәдеге жаратады, ал ет пен союдан алынған басқа өнімдерді пайдалану мәселесі бактериологиялық зерттеуден кейін шешіледі.

1281. Бауыр аурулары (цирроз, капиллярды экстазия, майлы дистрофия, іріңдер) кезінде іріңді қабыну, айқын білінетін цирроз, өзгеру, сарғаю, ісіктер және басқа да бауыр паренхимасының патологиялық өзгерістерінде бауырды кәдеге жаратады. Бауырдың бірлі-жарлы зақымданған жерлерін алып тастайды. Бауырдың зақымданбаған бөлшектерін, сондай-ақ капиллярлық экстазиясы анық білінбейтін болса, бауырды кедергісіз жібереді.

1282. Бүйрек аурулары (нефрит, нефроз, киста, бүйрекке тас тұру, ісік, бұзаулардың "ақ бүйрек" ауруы) кезінде нефриттің, нефроздың, көптеген кистаның, ісіктердің, бүйрек тастарының барлық түрлерінде бүйректерді кәдеге жаратады.

"Ақ бүйрек" ауруында, іріңді нефритте, басқа мүшелерде патологиялық өзгерістер анықталған жағдайда, етті қолдану мәселесі бактериологиялық зерттеуден кейін шешіледі.

1283. Ас қорыту мүшелерінің аурулары кезінде патологиялық өзгерістері бар ұша мен мүшелер кәдеге жаратылады. Патологиялық өзгерістері жоқ ет пен сойылғаннан кейін алынған басқа өнімдерді санитариялық бағалау бактериологиялық зерттеудің нәтижесіне қарап жүргізіледі.

1284. Перитонит кезінде патологиялық өзгерістері бар ішкі мүшелер мен тіндерді кәдеге жаратады. Союдың басқа өнімдерін қайнатады.

1285. Жаңадан шыққан ісіктерді зерттегенде оларды қатерсіз (фиброма, миксома, миома, неврома және тағы да басқалары) және қатерлі (саркома, карцинома және тағы да басқалар) деп бөледі. Қатерлі, сондай-ақ қатерсіз көптеген жаңадан шыққан ісіктері бар мүшелер мен ұшаның бөлшектерін кәдеге жаратады. Зақымданбаған ұша бөлшектерін қайнатуға жібереді, зақымдану ауқымды болса және зақымданған жерлерін алып тастау мүмкін болмаса, ұша мен мүшелерді кәдеге жаратады.

Бірлі-жарым қатерсіз ісіктер кездесе, зақымданған жерлерін алып тастайды, ал ұша мен мүшелерді кедергісіз жібереді.

1286. Зат алмасуда пайда болатын аурулар (гидремия). Бұлшық етте ісік болған жағдайда, ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады.

1287. Ауыл шаруашылығы жануарларының төлдері мен құстардың ақ ет ауруы. Бұлшықетте дегенеративті өзгерістер (ісік, түссіздену, босау) анықталған жағдайда, ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Бұлшық еттегі өзгерістер нашар байқалатын болса (түсі ақшыл-қызғылтым) немесе мүшелерде және бұлшық ет бөлшектерінде патологиялық өзгерістер байқалған жағдайда, етті бағалау сальмонеллалардың бар-жоғын бактериологиялық зерттеуден кейін іске асырылады. Сальмонеллалар болмаса ұша мен зақымданбаған мүшелерді қайнатылған немесе қайнатылып-ысталған шұжықтарға айналдырып қайнатады, ал зақымданған мүшелерді кәдеге жаратады.

1288. Уремия кезінде ұша мен сойылғаннан алынған басқа өнімдері кәдеге жаратылады.

1289. Сарыауру кезінде сары түс екі тәулік ішінде кетпейтін болса ұша мен ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Сары түс кеткен жағдайда, етті санитариялық бағалау бактериологиялық зерттеу нәтижесіне қарай жүргізіледі. Азықтық және жасына қарай болған сары ауру кезінде етті шектеусіз жібереді.

1290. Іріңді қабынулар кезінде жайылған флегмона, ауқымды некроздар байқалғанда, мүшелерде, тіндерде, лимфа түйіндерде абсцесс болса, мүшелерді кәдеге жаратады. Паринхематозды мүшелерде көптеген абсцесс байқалса, зақымданған

мүшелерді кәдеге жаратады, ал ұшаны бағалауды бактериологиялық зерттеудің нәтижесіне қарай жүргізеді. Бірлі-жарым абсцесс және біршама іріңді жара болса және қоршаған тіндерде және лимфа түйіндерінде патологиялық өзгерістер болмаған жағдайда, зақымданған мүшелер жарамсыз деп табылады, ал еті бактериологиялық зерттеуге жіберіледі.

Жарақаты шамалы жансыз (гангреналық) бөлшектер және олардың маңындағы тіндер кәдеге жаратылады, ал ұша бактериологиялық зерттеуге жіберіледі. Тіндер немесе мүшелердің жарақаты ауқымды болса және ағзаға уыты жайылып кетсе, ұша мен мүшелер кәдеге жаратылады.

1291. Жарақаттар (жаңадан пайда болған жарақаттар) кезінде жаңадан пайда болған жарақаттар кезінде, сүйек сынған, елеусіз қан ұйыған, қоршаған тіндерде және лимфа түйіндерінде қабыну болмаған жағдайда, қан сіңген тәндерді алып тастайды, ал ұша мен ішкі мүшелерді кедергісіз жібереді.

1292. Күйіктер кезінде кең жайылған күйіктер кезінде ұшаның жарақатталған бөлшектерін алып тастайды және кәдеге жаратады. Ұшаның жарақатталмаған бөлшектерін санитариялық бағалауды бактериологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарай өткізеді. Ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Күйік болмашы болған жағдайда, бөліктерді бөліктерді алып тастайды, ал ұша мен ішкі мүшелерді кедергісіз жібереді.

1293. Жануарлардың улануы кезінде ет пен жануарлардан алынатын өнімдерде мынадай қалдықтар болған кезде, олардың мөлшеріне қарамастан, тамаққа пайдалануға рұқсат етілмейді: цианид, сары фосфор, пропазин, гептахлор, дихлораль несепнәрі, полихлоркамфен, альдрин, тетраметилтиурамдисульфид, дидихлорвинилфосфат, цинеба, дикрезил, байгон, метафос, хлорофос, тиофоса, уарбофос, құрамында сынабы бар пестицидтер, құрамында мышьяк бар препараттар және гербицидтер.

Егер етте уытты заттардың қалдығы шекті рұқсат етілген мөлшерден төрт өлшемнен немесе химикаттардың қалдығын анықтаудың ресми тәсілдерінің сезгіштігінің төрт шегінен аз болса болса, етті жануарға құрғақ азық етіп өңдеуге жіберуге болады.

Бұлшық еті тінінде улы зат қалдықтары бекітілген нормадан аспаса, етін қайнатады, ішкі мүшелерді, желінді және миын кәдеге жаратады. Жануарлар фтор препараттарымен, мырыш пен мыс тұздарымен, хлорлы натриймен және калиймен, қышқылдармен және сілтімен, газ тәріздес заттармен (аммиак, ащы күкірт ангидридi, тұншықтырғыш газ, хлор және тағы да басқалары), несепнәрмен, алкалоидтармен, улы және өңез саңырауқұлақтармен, құрамында сапонин бар өсімдіктермен, эфир майларымен, шайыр мен фотодинамикалы нәрселермен немесе ішек-қарын жолдарын жаралайтын заттармен (купол, молочай), сондай-ақ сарғалдақ тұқымдастары, вехпен уланған ет пен сойылғаннан алынатын басқа өнімдер бактериологиялық, қажет болса, физика-химиялық зерттеуден және басқа иістерді анықтау үшін қажетті сынауға алынғаннан кейін бағаланады.

1294. Нитраттармен және нитриттермен улану кезінде уланған жануарларды союға клиникалық сауығудан 72 сағат өткеннен кейін рұқсат етіледі. Амалсыз сойылған жануарлардың еті нитраттар мен нитриттердің қалдық мөлшерін анықтай отырып бактериологиялық және биохимиялық зерттеуге жатады. Бактериологиялық зерттеу теріс нәтиже берген және 100 миллиграмм/килограмм нитраттың немесе 10 миллиграмм/килограмм нитриттің мөлшері табылған жағдайда ұшаны қайнатады. Нитрат пен нитриттің мөлшері одан көп болса, етті 5 есе сау малдардың етімен араластыру шартымен қайнатылған шұжықтар дайындауға жібереді, ал осы шартты орындауға мүмкіндік болмаса, етті кәдеге жаратады.

1295. Малдардың радиациямен зақымдануы кезінде орта және ауыр дәрежеде радиациялық зақымдануға ұшыраған, сәулелі аурулардың патологоанатомиялық өзгерісі бар кезде сойылған малдардың еттерін амалсыз сойылған мал еттеріне ұқсас бағалайды, микрорентгендерде міндетті түрде бактериологиялық және радиометриялық зерттеулер жүргізеді. Ішкі және жеңіл сәулеленуге ұшыраған жануарлардың ұшалары мен одан алынған өнімдерге радиометрия жүргізеді. Егер де оларда патологиялық өзгерістер болмаса радиометрияның қорытындысы бойынша, ұшаны және басқа союдан алынған өнімдерді екі топқа бөледі:

1) радиоактивті заттармен жол берілетін концентрациядан аспайтын мөлшерде ластанған тамақ өнімдері (кедергісіз жіберіледі);

2) жол берілетін концентрациядан асып кетсе, дезактивация жүргізіліп (етті сүйектен бөліп алу, қайнату, тұздау және ұзақ уақыт мұздату), кейіннен қайтадан радиометрия жүргізіледі.

1296. Нормадан ауытқушылықтары бар ет:

1) иісі мен дәмі өзіне тән емес ет (жемшөп иісі мен татымы жануарлар сойылғанға дейін аз уақыт бұрын иісі қатты шығатын (қызылша, шалқан, тарна және басқалары) немесе ащы татымды (жусан және басқалары) өсімдіктермен немесе балықпен және оның қалдықтарымен, сондай-ақ бұзылған жемшөппен азықтандырылған жағдайда туындайды). Қайнату кезінде иіс күшейеді. Жыныстық жағынан жетілген, піштірілмеген немесе сойғанға дейін аз уақыт бұрын піштірілген еркек малдың етінде жағымсыз иіс болады: текеде – тердің иісі, еркек шошқада – тұрып қалған зәрдің иісі, бұқада – сарымсақтың иісі болады. Әртүрлі патологиялық процестер (флегмон, күкірт қышқылды андигрид, тұншықтыратын газ, хлор және басқалары) болған кезде, сондай-ақ иісі бар дәрілік заттарды пайдаланған кезде, еттер иісі бар заттармен (мұнай өнімдері, химиялық заттар) бірге сақталған кезде де етте жағымсыз иіс пен дәм пайда болуы мүмкін.

Етте 48 сағат өткенше кетпейтін балықтың, қайнатып көргенде кетпейтін зәрдің, дәрі-дәрмектің, балық майының иісі немесе етке тән емес басқа да иістер болса, ұшаны және ішкі мүшелерді кәдеге жаратады. Қайнатып көргенде 48 сағат өткенше кетпейтін ащы татым немесе нәжіс иісі болса, ұшаны және ішкі мүшелерді кәдеге жаратады.

2) түсі етке тән емес ет:

липохроматоз (май қыртыстарының қалыптан тыс сарғыш түсі). Басқа патологиялық өзгерістері болмаса, жасына немесе азықтандырылуына байланысты сарғыш түсі бар ұша мен союдан алынған өнімдер шектеусіз шығарылады. Екі тәулік ішінде кетпейтін азықтандырылуына байланыссыз барлық тіндерінің сарғыш түске боялуы болса, ұшасы және ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

лилапоз (күрең түс) тіндерде меланин пигментінің қабаттануынан, көбінесе, ірі қара және ұсақ малда пайда болады. Меланин пигменті әдетте бауырда, өкпеде, лимфа түйіндерде және тер асты өзектерінде қабаттанады. Меланоз жұққан жекелеген мүшелерді кәдеге жаратады, ал ұшаны ешбір шектеусіз жібереді.

1297. Құрамында бөгде заттар бар ет – қойдағы дерматоидты кисталар (селеу тұқымы, бұлшық еттердегі әк шөгіндісі).

Әк шөгіндісі бар немесе бөгде заттар бар мүшелер және бұлшық еттің жекелеген бөлшектері кәдеге жаратылады. Капсуламен қоршалған дерматоид кисталар алып тасталады, ұша мен мүшелерді кедергісіз жібереді. Селеу тікенектерімен қатты жарақатталған ішінде абсцесс немесе басқа қабыну өзгерістері болса, қойлардың ұшасын кәдеге жаратады.

1298. Арықтаған және көтерем жануарлардың еті. Май жиналатын жерлерде немесе бұлшық еттерде іркілдек ісік арыған болса арықтауға әкеп соқтырған себептеріне карамастан не бұлшық еттер семген немесе дегенеративті өзгерістерге ұшыраған және лимфа түйіндері ісінген болса, ұша және ішкі мүшелер кәдеге жаратылады.

Көтерем болуға таяу еттерді бағалау бактериологиялық сараптамадан кейін жүзеге асырылады.

1299. Жетілмеген бұзаудың, қозының, торайлардың еті (туғанына 14 күн толмаған жас жануардан алынған ет). Сойылған жануарлардың жас төлден алынған еті кәдеге жаратылады.

9-параграф. Амалсыз сойылған жануарлардың ұшасы мен мүшелерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы

1300. Тұяқ серпер күйде, ауру немесе сау жануар етінің шығу тегін органолептикалық және зертханалық зерттеу әдістерімен анықтауға болады.

1301. Ветеринариялық-санитариялық сараптаманың, бактериологиялық және физикалық-химиялық зерттеудің нәтижелері бойынша тағамға пайдалануға жарамды деп танылса амалсыздан сойылған малдың еті мен басқа да өнімдері пісіруге немесе еттен жасалған азық немесе консерві (гуляш, ет паштеті) дайындауға жіберіледі. Етті және сойғаннан кейін алынған басқа өнімдерді алдын ала залалсыздандырмайынша, қоғамдық тамақтандыру орындарына (мейрамхана, асхана және басқалары) шикі күйінде жіберуге жол берілмейді.

1302. Органолептикалық әдіс. Өлген, ауру не тұяқ серпер күйде сойылған малдың етін анықтауда мынадай сыртқы белгілерін ескереді:

1) бауыздалған жердің жағдайы. Қалыпты физиологиялық күйде сойылған малдың бауыздалған жері тегіс емес, ұшаның басқа жерлеріне қарағанда қан көп мөлшерде сіңген болады, ал тұяқ серпер күйде сойылған немесе арам өлгеннен кейін сойылған малдардың бауыздалу жері тегіс, қан мөлшері басқа бұлшық еттердегідей дәрежеде сіңеді. Егер, бауыздалған жері жақсылап тазартылып немесе шауып тасталса, бұл белгілер білінбей қалу салдарынан ескерілмейді;

2) ұшаның қансыздану дәрежесі. Қансыздану дәрежесін әртүрлі тәсілмен анықтайды:

1-тәсіл - жай көзбен сірі қабықтың астындағы үлкен және кіші қан тамырларында және бұлшық еттерде қанның бар жоғын анықтайды;

2- тәсіл - тіліп жіберіп микроскоппен қарайды;

3- тәсіл - гемоглобинді-пероксидазалық сынамасын қояды.

Төрт түрлі қансыздану сатылары болады: жақсы, қанағаттанарлық, нашар және өте нашар.

Жақсы қансызданғанда бұлшық еттерде және қан тамырларында қан болмайды, ішкі қабықтардағы қан тамырлары көрінбейді, бұл еттің сау малдан алынғандығын куәландырады.

Қанағаттанарлық қансыздануда қан тамырларында аз ғана ұйыған қан, бұлшық еттерде қан жоқ немесе сәл басқанда қан шығуы мүмкін. Ішкі қабықтарда қан тамырлары нашар көрініп тұрады.

Нашар қансыздануда бұлшық еттерді кескен кезде бөлшек көлемді ұйыған қан болады. Қан тамырларында қалған қан кездеседі; ішкі қабықтарда кішкене қан тамырлары көрінеді, бұлшық етті кескен жерде басып қарағанда қара қан түйіршіктері көрінеді. Әдетте, ауру жануарлардың ұшасы нашар қансызданады.

Өте нашар қансызданған кезде ірі және ұсақ қан тамырлары қанға толы болады; ішкі қабықтарда қан көрінеді, ішкі қабықтардың түсі қызыл-көк; бұлшық еттердің тіліктерінде қою қызыл жерлер көп болады, қан тамшылары шығып тұрады. Тұяқ серпер күйде сойылған не ауыр патологиялық жағдайда сойылған жануарлардың ұшасы әрдайым нашар қансызданады;

3) гипостаздардың болуы. Ауру жануарлардың қаны алдымен қан тамырларында тұнып, кейін қан тамырларының жұқару салдарынан етке өтіп, қоршаған тіндер қызыл-көк түске боялады. Гипостаз өлекседе, ауру жануардың ұшаларында және тұяқ серпер күйде сойылған жануарларда кездеседі. Гипостаз жануардың жатқан жағында орналасады. Сол себепті ұшаны аударыстырып қарау керек;

4) лимфа түйіндеріндегі өзгерістер. Адал сойылған не дер кезінде мүшеленген малдардың лимфа түйіндерінің кесіндісі ашық сұр не күлгін сары болып көрінеді. Сойылған мал ауру не тұяқ серпер күйде сойылса лимфа түйіндері күңгірт-қызыл

болып көрінеді. Бұның себебі лимфа түйіндерінің ұсақ қан тамырларында ұйыған қан болуы, олар қан тамыры қабырғалары арқылы синустарға еніп, оны қызыл түске бояйды. Ауру жануарлардың ағзасындағы қышқылдану процестерінің нашар жүруіне байланысты көмір қышқылы пайда болып, ол ағзаны көгілдір түске бояйды.

Аурудың түрлеріне байланысты лимфа түйіндерінде әртүрлі сипаттағы патологиялық өзгерістер байқалады (атрофия, гипертрофия, қан құйылу, ісіну, гиперемия және т.б.).

1303. Ет ауру және тұяқ серпер күйде сойылған малдан алынған деген күдік болса, бактериологиялық талдаудан басқа, физикалық-химиялық зерттеу жүргізіледі; рН анықталады, пероксидазға реакция қояды, ал ірі қараның етіне формалин сынамасын (бейтарап формалинмен реакция) да қояды.

10-параграф. Әртүрлі инфекциялық және басқа аурулар кезінде құс еттерін және ішкі мүшелерін санитариялық бағалау

1304. Туберкулез кезінде ішкі мүшелер зақымданса және ұша арық болса, ұша мен мүшелер кәдеге жаратылады. Жекелеген мүшелер зақымданса, бірақ ұшаның қоңдылығы жақсы болса, ішкі мүшелер кәдеге жаратылады, ал ұшаны пісіргеннен кейін шығарады. Туберкулинге оң нәтиже берген құсты союдан алынған ұшалар, туберкулездік зақымдануы болмаса, пісіргеннен кейін шығарылады немесе консерві жасауға жіберіледі. Түбіті мен қауырсыны дезинфекцияланады.

1305. Сальмонеллез кезінде ішкі мүшелері кәдеге жаратылуға жіберіледі, ұшасы пісіріледі немесе консерві жасауға жіберіледі.

1306. Орнитоз (Пситтакоз) кезінде ішкі мүшелері кәдеге жаратылады, ұшалары пісіріледі. Түбіті мен қауырсыны жойылады.

1307. Пуллороз-тиф кезінде кеуде асқазан қуыстарында қан болса немесе перитонит болса, бұлшық етінде өзгерістер бар ұша ішкі мүшелермен бірге кәдеге жаратылады. Егер бұлшық етінде өзгерістер болмаса, тек қана зақымданған мүшелерді кәдеге жаратады, ал ұшасы пісіріледі не консерві жасауға жіберіледі.

1308. Листерияоз кезінде басы және зақымданған мүшелері кәдеге жаратылады, ұшалары және зақымданбаған мүшелері пісіріледі. Түбіті мен қауырсыны жойылады.

1309. Колибактерияоз кезінде бұлшық еттерінде және ішкі мүшелерінде патологоанатомиялық өзгерістер болса, ұшалары мен мүшелері кәдеге жаратылады (перикардит, перигепатит, аэросаккулит, перитонит). Егер өзгерістер тек қана ішкі мүшелерінде болса олар кәдеге жаратылады, ұшалары пісіріледі немесе консерв жасауға жіберіледі.

1310. Стафилакоккоз кезінде зақымдану ұлғайып кетсе (мүшелерінде патологоанатомиялық өзгерістер, буындарында абсцесс), ұшалары мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Буындарының бірі зақымданса, ол кәдеге жаратылады, ал ұшалары пісірілген соң шығарылады.

1311. Стрептококкоз кезінде ұшалары мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1312. Ботулизм кезінде ұшалары, ішкі мүшелері, түбіті және қауырсындары жойылады.

1313. Тілме кезінде ұшалары мен ішкі мүшелерінде патологоанатомиялық өзгерістер болса, кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерінде өзгерістер болмаса ішкі мүшелері кәдеге жаратылады, ұшалары пісіріледі.

1314. Пастереллез кезінде ұшалары пісіріледі, қуырылады не консерві жасауға жіберіледі. Түбіті мен қауырсыны дезинфекцияланады.

1315. Некробактериоз (инфекциялық синусит) кезінде септикалық процесс болса, ұшасы мен ішкі мүшелерімен бірге кәдеге жаратылады. Тек қана басы мен мойны зақымданса, оларды кәдеге жаратып, ұшалары шектеусіз шығарылады.

1316. Тұмау кезінде перитонит, көгеру, дегенеративті өзгерістер болмаса, мүшелері мен ұшаның бөліктері кәдеге жаратып; өзгерістер болмаған жағдайда, ұшалары мен ішкі мүшелері пісіріліп немесе ұшалары консерві жасауға жіберіледі. Түбіті мен қауырсыны дезинфекцияланады.

1317. Инфекциялық бронхит, инфекциялық ларинготрахеит. Кезінде зақымданған ішкі мүшелері мен ұшаның бөліктері кәдеге жаратылып, өзгерістер жоқ болса, ұшалары мен мүшелері пісіріледі немесе ұшалары консервіге жіберіледі. Түбіті мен қауырсыны дезинфекцияланады.

1318. Лейкоз, марек ауруы, ісіктер кезінде ұлғайған процестер болып не тері мен бұлшық еттер зақымданса, не еті арық, сарғыш тартса, зақымдану дәрежесіне қарамастан, ұшалары және ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерде анемия, сарғаю не патологоанатомиялық өзгерістер болмаса немесе ішкі мүшелерде зақымдану аз болса, оларды кәдеге жаратады, ал ұшаларын пісіреді не консерві дайындайды. Марек ауруында түбіті мен қауырсыны дезинфекцияланады.

1319. Ньюкасл ауруы кезінде ұшалары мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Патологиялық өзгерістері болмаса ауруға күдікті құсты союдан алынған, ұшаны және ішкі мүшелерін пісіреді. Түбіті мен қауырсынын жояды.

1320. Күл кезінде жайылып кеткен процестерде ұшалары бүкіл ішкі мүшелерімен бірге кәдеге жаратылады. Тек қана басы зақымданса, оны кәдеге жаратып, ұшалары мен мүшелерін пісіреді не консерві дайындауға жібереді.

1321. Спирохетоз кезінде арық не ішкі мүшелерінде патологиялық өзгерістер болса, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1322. Микоплазмоз кезінде ауа қуысы қалталары фибринді зақымданған болса, ұшаны кәдеге жаратады. Ондай өзгерістер болмаса, басы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылып, ұшасы пісіріледі.

1323. Авитаминоздар кезінде ұшалары мен ішкі мүшелері арық болса немесе висцералдық подагра кезінде олар кәдеге жаратылады.

1324. Перитонит кезінде диффузды перитонит болып, ішкі мүшелер және кеуде асқазан қуысын серозды жабыны зақымданса, фибринді не іріңді сарысу болса, ұшалары мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Ішкі мүшелердің, плевраның, көк еттердің сероз қабықтарында шамалы қабыну болған кезде, зақымданған мүшелер кәдеге жаратылып, ұшалары пісіріледі, қуырылады немесе консерві дайындалады.

1325. Энтерогепатит кезінде зақымданған мүшелері (бауыр, қарын, жемсау) кәдеге жаратылады, ал ұшалары шектеусіз пайдаланылады.

1326. Жарақат, абсцестер кезінде ұшаларда жарақаттану салдарынан болған абсцестер, патологиялық өзгерістер болған кезде зақымданған жерлері, ал болмашы зақымдану болса, ұшалар ішкі мүшелермен бірге кәдеге жаратылады. Зақымдану көлемі азғантай болса, өзгерісі бар бұлшық ет тінінен тазартқаннан кейін, ұшаның бөліктерін консерві дайындауға жіберіледі не пісіріледі.

Жарақат жақында ғана түскен болса және жақында ғана аз ғана қан шыққан болса, бірақ қабыну процестері болмаған жағдайда, қан сіңген не ісінген тіндердің барлығы кәдеге жаратылып, ұшаның қалған бөлшектері шектеусіз өндірістік өңдеуге жіберіледі.

1327. Бас қотыры кезінде басы мен мойынын кәдеге жаратып, ұшасын шектеусіз пайдалануға жібереді.

1328. Аяқ қышымасы кезінде аяқтың қауырсынданбаған бөлігін кәдеге жаратуға жіберіп, ұшасын және ішкі мүшелерін кедергісіз пайдалануға жібереді

1329. Арықтау кезінде бұлшық еттерде май жиналатын жерлерде жалқаяқ пайда болып, бұлшық еттер семіп және құрғақтап кетсе (сүйектері шығып тұрса), сондай-ақ еттері, айдары мен сырғалығы боз немесе көкшіл тартса, ұшасын ішкі мүшелерімен қоса кәдеге жаратады.

1330. Бөгде иістер кезінде тауық етіне тән емес дәрі-дәрмектердің не басқа заттардың иісі болса, ұшасы және ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

11-параграф. Өртүрлі ауруларға шалдыққан қояндардың етін ветеринариялық-санитариялық бағалау

1331. Миксоматоз кезінде ұшалары, ішкі мүшелері және терісі жойылады. Орын жай, арнайы киім, құрал-жабдықтар дезинфекцияланады.

1332. Қояндардың вирустық геморрагиялық ауруы кезінде ұшасын, ішкі мүшелерін және терісін кәдеге жаратады.

1333. Туляремия кезінде ұшасын, ішкі мүшелерін және терісін кәдеге жаратады.

1334. Стрептококкты септицемия кезінде ұшасы, ішкі мүшелері және терісі кәдеге жаратылады.

1335. Стафилококкоз кезінде кезбе пиемия мен стафилококкты мастит анықталған жағдайда, ұшасын, терісін және ішкі мүшелерін кәдеге жаратады. Стафилококкты пододерматиттің, оқшауланған нысаны болған кезінде зақымданған бөлшектері мен ішкі мүшелерін кәдеге жаратады, ал ұшасы пісіріледі.

1336. Туберкулез кезінде ұшасын, ішкі мүшелерін, терісін кәдеге жаратады.

1337. Псевдотуберкулез кезінде бұлшық етінде псевдотуберкулезді ошақтар немесе көтеремдік болған кезде орын алған ошақтар болса, ұшасы мен мүшелері кәдеге жаратылады, ал болмаған жағдайда пісіріледі. Зақымданған ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1338. Пастереллез кезінде абцесстер болса ұшасы мен ішкі мүшелерінде іріңді жара болса кәдеге жаратылады. Ал абцесс болмаса ұша пісіріледі, ішкі мүшелер кәдеге жаратылады.

1339. Некробактериоз кезінде осы процестер азғантай болса, зақымданған бөліктер кәдеге жаратылады, ұшалары пісіріледі. Ал процестер ұлғайған түрде болса, ұшасы ішкі мүшелерімен қоса кәдеге жаратылады.

1340. Салмонеллез кезінде ұшасы пісіріледі, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерінде дегенеративті өзгерістер болса, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1341. Ауески ауруы кезінде бұлшықеттерде дегенеративті өзгерістер болса, ұшасы ішкі мүшелері кәдеге жаратылады, егер ондай өзгерістер болмаса, ішкі мүшелер кәдеге жаратылады, ұшасы пісіріледі.

1342. Листериоз кезінде ұшасы пісіріледі, зақымданған мүшелері, басы кәдеге жаратылады. Терісі дезинфекцияланады.

1343. Токсоплазмоз кезінде ішкі мүшелері мен басы кәдеге жаратылады, ұшасы пісіріледі.

1344. Спирохетоз кезінде ұшаның зақымданған бөлшектері, мүшелері кәдеге жаратылады, зақымданбағандары кедергісіз пайдалануға жіберіледі.

1345. Цистицеркоз кезінде Бұлшық еттері зақымданған жағдайда, ұшасы мен мүшелері кәдеге жаратылады. Ішкі мүшелері зақымданса, олар кәдеге жаратылады, ал ұшасы шектеусіз шығарылады.

1346. Кокцидоз кезінде зақымданған дене мүшелері кәдеге жаратылады. Ал ұшасы шектеусіз шығарылады. Бұлшық еттері, майы сарғыш түске боялып, ол 48 сағатта жойылмаса, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1347. Фасцилез кезінде зақымданған бөлігі кәдеге жаратылады, ұшасы шектеусіз жіберіледі. Бұлшық еттері және майы сарғыш түске боялып, ол 48 сағат жойылмаса, онда ұшасы, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1348. Жарақаттар (қан құйылу, көгерген жерлер, инфильтраттар, жара, сынған жерлер және басқалары) кезінде жара және жарақат жаңа болса, зақымданған жерлері тазартылып, ұшасы шектеусіз жіберіледі. Іріңді қабынуда етті бактериологиялық әдіспен зерттейді.

1349. Арықтау (бұлшық ет тіндерінде дегенеративті өзгерістер, бұлшық етінің атрофиясы, май жиналатын жерлерде іркілдек ісік болуы) кезінде ұшаны, ішкі мүшелерін кәдеге жаратады.

1350. Пневмония кезінде бұлшық еттерде арықтау немесе дегенеративтік өзгерістер, болмағанда, етті бактериологиялық зерттеуден өткізеді, бактериология қорытындысы теріс нәтиже берсе кедергісіз пайдаланылуға жіберіледі.

12-параграф. Түрлі аурулар кезіндегі сазқұндыз ұшаларының ветеринариялық-санитариялық сараптамасы

1351. Ішкі сауда объектілеріне ұша бассыз, құйрықсыз әкелінеді. Тексеруге ұшасымен бірге ішкі мүшелерін (жүрек, бауыр, көк бауыр, бүйрек) ұсынылады.

1352. Ұша, ішкі мүшелері үй қояндарын тексеретіндей әдіспен тексеріледі.

1353. Сояр алдындағы зерттеу, этиологиясы әртүрлі ауру кезіндегі патологоанатомиялық өзгерістері үй қояндарына ұқсас болады. Фасция астындағы 5-8 кеуде омыртқасының сүйектері үстінде орналасқан лимфа түйіндері, сазқұндыздың түрлік ерекшелігі болып табылады. Оларды ветеринариялық-санитариялық сараптаудан кейін жоюды.

1354. Ауру әртүрлі анықталған кезде ұшаны және ішкі мүшелерді санитариялық бағалау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) сібір жарасы, туляремия, құтыру, сіреспе, қатерлі ісік кезінде ұшасы, мүшелері және терісі өртеледі;

2) туберкулез кезінде ұшасы, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады;

3) лептоспироз кезінде бұлшық етте дегенеративті өзгерістер, сарғыштау түс болмағанда, ұша қайнатуға жіберіледі, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерінде дегенеративті өзгерістер және түсінің сарғаюы байқалған жағдайда, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады;

4) листериоз кезінде зақымданған мүшелер (бауыр, жүрек) және басы кәдеге жаратылады, ұшасы пісіріледі, терісі дезинфекцияланады;

5) сальмонеллез кезінде ішкі мүшелері кәдеге жаратылады, ал ұшасы пісіріліп залалсыздандырылады;

6) колибактериоз кезінде бұлшық етте дегенеративті өзгерістер байқалмағанда, ұша қайнатылады, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады. Бұлшық еттерді дегенеративті өзгерістер байқалған жағдайда, ұша мен мүшелер кәдеге жаратылады;

7) пастереллез кезінде ішкі мүшелері кәдеге жаратылады, ал ұшасы пісіріледі;

8) бұлшық еттерде абсцестер болған жағдайда, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады;

9) некробактериоз кезінде зақымдалған жерлері алып тасталады, ал ұшасы, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады;

10) Ауески ауруы кезінде бұлшық еттерде дегенеративті өзгерістер байқалғанда, ұшасы ішкі мүшелерімен бірге кәдеге жаратылады. Ал, өзгерістер болмаған жағдайда, мүшелері кәдеге жаратылады, ұшасы пісіріледі. Терісі дезинфекцияланады;

11) трихинеллез кезінде ұша және ішкі мүшелер кәдеге жаратылады;

12) фасциоллез кезінде бұлшық еттерде дегенеративті өзгерістер байқалмаған жағдайда, ұшасын кедергісіз жібереді. Дегенеративті өзгерістер байқалғанда, ішкі мүшелері мен ұшасы кәдеге жаратылады. Арық болған жағдайда, ұшасы мен ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

13-параграф. Жабайы жануарлар етін ветеринариялық-санитариялық сараптау тәртібі

1355. Жабайы жануарлардың етін зерттеу тәртібінің үй жануарлары етін зерттеуден айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бірақ жануарлардың түріне байланысты аздаған айырмашылықтары бар. Ветеринариялық қарап тексеруге жабайы жануарлардың ұшасы терісі мен ішкі мүшелерінсіз ұсынылады.

1356. Жабайы жануарлар ұшаларының қанын ағызу негізінен нашар немесе мүлдем ағызылмайды. Етте бөгде иіс болмауы қажет және туалет сапасын белгілеу қажет.

1357. Лимфа түйіндерін зерттеу кезінде жабайы жануарлар етінің сапасын бағалау кезінде лимфа түйіндерін қарап тексерудің маңызы ерекше болады, олардың ұша мен мүшелердегі топографиясының үй жануарларының топографиясынан айырмашылығы көп емес.

1358. Ұшаны және мүшелерді зерттеу кезінде ұша мен мүшелердің тіндерін қарап тексеруге ерекше көңіл бөлген жөн. Жаралар көбінесе лас болады (жүнмен, батпақпен, топырақпен), оларда сүйек қалдықтары табылады. Бұғы мен жабайы солтүстік маралының ұшасы финнозға тексерілуі қажет, ол үшін белдегі бұлшық етін ұзынынан тіледі.

1359. Тамақ талғамайтындар және ет қоректілердің (қабан, аю, борсық) еті үй жануарлары үшін қарастырылғандай, міндетті түрде трихинеллезге тексеруге жатады.

1360. Сібір жарасы жабайы жануарларда (тұяқты жабайы жануарларда бұғы, солтүстік жабайы маралы, киік), сондай-ақ қоян мен борсықта жиі кездеседі.

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Тері асты өзегіндегі және серозды қабықтағы қанды-жалқыаяқты ісінулер, қан құйылулар. Сыртқы қан тамырларында - қоңыр-қызыл қою ұйымаған қан, ал лимфа түйіндерінде және оның маңайындағы тіндерде геморрагиялық қабынулар мен ұйыған қан болады.

Санитариялық бағалау. Ауру не сібір жарасына күдікті жабайы жануарлардың еті жойылады.

1361. Құтыру жабайы жануарлардың көптеген түрлерінде кездеседі. Ұшасы мен мүшелерін қарап тексергенде, іс жүзінде құтыруға диагноз қою мүмкін емес.

Санитариялық бағалау. Құтыру аурумен ауырған жануарлардың ұшасы мен ішкі мүшелері жойылады.

1362. Пастереллез кезінде сойылғаннан кейінгі диагностикасы. Тері асты өзегінде жалқаяқты-қанды инфилтраттар, ішкі мүшелерінің кейбір жерінде нүктелі қан құйылу (гиперемия), өкпеде – ісіну, бауырда, бүйректе, жүректе, көкбауырда - өзгерулер, қан құйылу. Ұша мен мүшелердің лимфа түйіндері қара-күрең түсті, ал олардың

айналасындағы дәнекер болып тұратын ұсақ қан құйылулары көп тінге сары-қызыл инфильтрат сіңген.

Санитариялық бағалау. Бұлшық еттерінде дегенеративті өзгерістер байқалған пастереллез аурумен ауыратын жабайы жануарлардың ұшасы жойылады. Дегенеративті өзгерістер болмаса, ет пісіру арқылы залалсыздандырылады.

1363. Аусыл кезінде сойылғаннан кейінгі диагностика. Ауыз қуысының шырышты қабатында күлдіреуіктер мен жаралар, тұяқ қуысында күлдіреуіктер мен некроздар анықталады. Лимфа түйіндерінде, бұлшық етте және ұшаның басқа мүшелерінде өзгерістер байқалмайды.

Санитариялық бағалау. Сойылғаннан кейін алынған өнім жойылады.

1364. Туберкулез жабайы жануарлардың көптеген түріне тән.

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Мүшелерде, лимфа түйіндерде, кейде бұлшық етте туберкулезді ошақтар табылады, ортасында кішкентай әк қосындылары көрінеді. Жекелеген мүшелері зақымданғанда бұл процеске регионарды лимфа түйіндері де қамтылады. Туберкулезбен жабайы шошқа ауырғанда көбінесе, басының және ішектерінің лимфа түйіндері зақымданады.

Санитариялық бағалау. Ұшада, лимфа түйіндерінде көптеген туберкулезді зақымдар болса, жабайы жануарлардың еті кәдеге жаратылады. Жекелеген мүшелері, лимфа түйіндері зақымданған жағдайда, зақымданған жері ғана залалсыздандырылады да еті пісіріледі.

1365. Псевдотуберкулез кезінде көбінесе кеміргіштерде байқалады (қоян, сазқұндыз және тағы да басқалары).

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Ұшаны тексеріп қарағанда лимфа түйіндерінде және кейде бұлшық етінде ұсақ төмпешіктер түріндегі некрозды ошақтар анықталады, оларда сұрғылт сары немесе жасыл түсті казеозды массалар болады.

Санитариялық бағалау. Бұлшық етте, лимфа түйіндерінде зақымданған жерлер көп болса немесе қоңдылығы төмен болса, ұшасы мен мүшелері кәдеге жаратылады.

Жекелеген лимфа түйіндері немесе бұлшық еттері зақымданса, олар кәдеге жаратылады, ал ұшасы шектеусіз жіберіледі.

1366. Бруцеллез - көптеген жабайы жануарлар түрнің ауыруы.

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Ұшада патологиялық өзгерістер жоқ, сондықтан сойылғаннан кейінгі қарап тексеру кезіндегі жануар ауруын анықтау күрделі. Лимфа түйіндері ұлғайғаны белгіленеді, олар ісінген, кейде ірінді-некрозды ошақтар болады.

Санитариялық бағалау: Бруцеллез ауруымен ауыратын немесе оған күдік тудырған жабайы жануарлардың етін қайнатып залалсыздандырады.

1367. Некробактериоз кезінде сойылғаннан кейінгі диагностика. Жабайы жануарларда көбінесе тұяқ ауруы, кейде ауыз қуысының шырышты қабаты зақымданады. Лимфа түйіндері, әсіресе мойындағы, шаптағы түйіндер ұлғайып, гиперемацияланады. Бұлшық етте кейде некрозды-ірінді ошақтар болады.

Санитариялық бағалау. Некробактериозбен ауырған жабайы жануарлардың етінде, бұлшық еттерінде некрозды ошақтар болса, кәдеге жаратылады.

1368. Қарасан, бұғы мен зубрда кездеседі.

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Тері асты өзегінде, негізінен санында, жамбасының маңайында, сауырында, белінде, кеудесінде ісініп сыздайтын шиқандар байқалады, оларды қатты басқанда газ көпіршіктері мен қан аралас сары инфильтрат бөлінеді. Дифузды тіліктегі лимфа түйіндері қара-қызыл түске боялған.

Санитариялық бағалау. Ауруға шалдыққан жабайы жануарлардың ұшасы және мүшелері жойылады.

1369. Листериоз ауруына қоян, жабайы қоян, жабайы шошқа, бұлан, киіктер сезімтал келеді.

Сойылғаннан кейінгі диагностикасы. Лимфа түйіндері ұлғайған, ісінген, қоңдылығы төмен болады. Санитариялық бағалау. Листериоз бойынша ауру немесе ауырды деп күдік тудырған жабайы жануарлардан алынған ұша пісіріліп залалсыздандырылады, ал ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1370. Лептоспироз - жабайы жануарлардың көптеген түрлерінің ауруы. Көбінесе кеміргіштер, жабайы қояндар, теңбіл бұғылар, елік және басқалары сезімтал келеді.

Сойылғаннан кейінгі диагностика. Тері асты өзегі, бұлшық еті және май ұлпалары сарғаяды, кейбір жерлерінде қан құюлармен сары инфильтраттар болады. Ішкі мүшелері сарғыштау, қан құюлар байқалады. Лимфа түйіндері күрт ұлғайған.

Санитариялық бағалау. Ауру жануарлардан алынған етті қайнатады. Сарғыш түске боялғаны анық көрінетін немесе бұлшық етте дегенеративті өзгерістері бар ұша кәдеге жаратылады.

1371. Трихинеллез жабайы шошқада, аюда, борсықта және жабайы ет қоректілерде кездеседі. Ұшасы, ішкі мүшелері кәдеге жаратылады.

1372. Цистицеркоз (финноз) кезінде бұғының, еліктің ауырған жағдайлары белгілі.

Тұяқты жабайы жануарларда эхинококкоз, фасциолез, дикроцелиоз кездеседі.

Түрлі инвазиялық аурулар кезінде жабайы жануарлардың етін санитариялық бағалау үй жануарларының етін бағалаумен ұқсас.

102-тарау. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібі

Ескерту. 102-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1373. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринариялық-санитариялық сараптама (бұдан әрі – тамақ өнімдері) жүргізу тәртібі

ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауға жататын, жануарларды өсірумен (союмен), олардан алынатын тамақ өнімдерін өндірумен, өңдеумен және өткізумен айналысатын барлық субъектілерге қолданылады.

1374. Тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы Қазақстан Республикасының лицензиялау саласындағы заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен нормативтерге сәйкес ветеринариялық зертханаларда, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларында және өндірістік бақылау бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

Тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы оның қауіпсіздігін бағалау мақсатында жүргізіледі. Ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері тамақ өнімдерінің қатерлерін талдау үшін қолданылады.

1375. Тамақ өнімдері жойылу сатысына (процесіне) дейінгі оның қайталанбалы кезеңінің барлық сатыларында ветеринариялық-санитариялық сараптамаға жатады.

1376. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу үшін тамақ өнімдерінен сынама алу жүзеге асырылады.

1377. Тамақ өнімдерінен алынған сынама және оның ветеринариялық-санитариялық сараптама қорытындысы есепке алуға жатады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1377-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 129 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1377-1. Тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері ақпараттық жүйеге енгізіледі.

Ескерту. 102-тарау 1377-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1378. Тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптама қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 "Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) бекітілген. Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларына сәйкес сараптама актісі беріледі.

1379. Сараптама актісінің (сынақ хаттамасы) негізінде Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес тамақ өнімдерін оның айналымы процессінде (сатысында), оны кәдеге жарату және/немесе жою туралы шешім қабылданады.

Ішкі сауда объектілерінде азық-түлік өнімін иемденгенде ішкі сауда объектілерінде ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларында сараптама актісінің

көшірмесін (сынақ хаттамасы) алу сатып алушылармен (кәсіпкерлермен) рұқсат етіледі , сатып алынған азық-түлік өнімінің күні, түрі, өнімнің саны, сатып алушының (кәсіпкердің) тегі, аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда), азық-түлік өнімінің белгілеу объектісі сатып алынған өнімнің қауіпсіз екенін растайтын. Сараптама актісінің (сынақ хаттамасы) көшірмесі сараптама жүргізген уәкілетті тұлғаның қолымен және ішкі сауда объектісінің ветеринариялық –санитариялық сараптама зертханасының мөрімен куәландырылады.

1-параграф. Тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау) процесінде (сатысында) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібі

1380. Тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау) сатысындағы ветеринариялық-санитариялық сараптамаға нормативтік-техникалық құжаттаманың жобалары және/немесе тамақ өнімдерінің тәжірибелік үлгілері жатады.

1381. Тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау) процесіне (сатысына) жануарларды сою, тамақ өнімдерін өндіруге (дайындауға) арналған балық аулау (ұстап алу), шикі сүтті, омартадан балды және жұмыртқаны жинау, сондай-ақ жемшөп және жемшөп қоспаларын жасау жатады.

1382. Жануарларды сою кезіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама сою алдындағы ветеринариялық тексеру және сойылғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптама және осы Қағидалардың 101-тарауында белгіленген сойылған жануарларды сою алдындағы ветеринариялық тексеру және сойғаннан кейінгі ұшалар мен органдарды ветеринариялық-санитариялық сараптау және оларды санитариялық бағалау тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 1382-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1383. Сойылғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 102-тарауына сәйкес ұшалар мен мүшелерді таңбалау жүргізіледі.

Ескерту. 1383-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1384. Өндіру үшін балық аулау (ұстап алу), шикі сүтті, омартадан балды және жұмыртқаны жинау кезіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

1385. Жемшөп және жемшөп қоспаларын жасау кезінде ветеринариялық-санитариялық сараптама осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Тамақ өнімдерін өндіру (әзірлеу) процесінде (сатысында) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібі

1386. Өндіру (әзірлеу) процесіндегі (сатысындағы) тамақ өнімдерінің, ветеринариялық-санитариялық сараптамасы технологиялық процестің барлық сатысында және олармен байланысты орау, қаптама, таңбалау, сондай-ақ тамақ өнімдерін ішкі өндірісте сақтау және тасымалдау процестерінде жүзеге асырылады.

3-параграф. Тамақ өнімдерінің айналымы процесінде (сатысында) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібі

1387. Айналым процесіне (сатысына) ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткен тамақ өнімдері жіберіледі.

1388. Тамақ өнімдерінің айналымы процесінде (сатысында) оның ветеринариялық-санитариялық сараптамасы осы Қағидалардың 1392-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 1388-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1389. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) тамақ өнімдерін әкелу (импорттау) және әкету (экспорттау) кезінде тамақ өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптауды ветеринариялық зертханалар немесе ұлттық аккредиттеу жүйелерінде аккредиттелген және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зертханалары жүзеге асырады. Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру мерзімі ветеринариялық-санитариялық сараптау аяқталған соң 1 (бір) жұмыс күнінен аспайды. Тамақ өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу мерзімі зерттелетін өнімнің түріне, физиологиялық жай-күйіне және жүргізілетін зерттеу әдісіне байланысты.

Сараптама актісі (сынақ хаттамасы) өндіріс объектісінің атауы, өнім түрі, сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) жарамдылық кезеңінде сынамаларды алуды жүргізу мерзімі, сынамаларды алу көлемі, зертхананың атауы көрсетілетін, өндіріс объектісі бекіткен және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы уәкілетті органы ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) келіскен Өнімді мониторингтік зерттеу жоспары (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) бар болған жағдайда, жануарларды өсіруді, дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінен (бұдан әрі – өндіріс объектісі) салқындатылған етті,

салқындатылған тағамдық балық өнімдерді, тағамдық жұмыртқаларды (бұдан әрі – өнім) әкету (экспорт) үшін берілген сәттен бастап оны 1 (бір) ай ішінде пайдалануға жол беріледі. Сараптама актісі (сынақ хаттамасы) берілген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде оны пайдаланған кезде өндіріс объектісінің өніміне Мониторинг жоспарына сәйкес зертханалық зерттеу жүргізіледі.

Мониторинг жоспары шеңберінде жүргізілген зертханалық зерттеулер нәтижесінде өнімнің зерттелетін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкессіздігі анықталған жағдайда, одан әрі сараптама актісі (сынақ хаттамасы) берілген сәттен бастап оны 1 (бір) ай ішінде пайдалануға жол берілмейді. Мұндай жағдайда, аумақтық бөлімшелер " Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларына сәйкес сынамаларды алуды ұйымдастырады.

Ескерту. 1389-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2022 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1390. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізетін сауда объектілерінде тамақ өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптаманы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүргізетін міндетті және қосымша зерттеулердің тізбесіне сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүзеге асырады.

Ескерту. 1390-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1391. Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өткізу, жануарларды сояр алдында ветеринариялық тексеру және сойылғаннан кейінгі ұшалар мен мүшелерді ветеринариялық-санитариялық сараптау және олардың ветеринариялық-санитариялық бағалау осы Қағидалардың 4-бөлімінде белгіленген тәртіпке және стандартты тестерге сәйкес жүзеге асырылады.

Сапасыздығының айқын белгілері бар, қауіпсіздігін, шыққан жері мен сапасын растайтын құжаттары жоқ тамақ өнімі, сондай-ақ қасиеттері мен белгіленуі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмегенде, жарамдылық мерзімі белгіленбегенде, аккредиттелген (аттестатталған) ветеринариялық зертханада ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу үшін алынады.

1392. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау үшін оның қайта ветеринариялық-санитариялық сараптамасы мынадай жағдайда жүргізіледі:

- 1) сапасыздығының айқын белгілері болса (бүлінген, бұзылған, ластанған);
- 2) ветеринариялық құжаттардың қолданылу мерзімі өтіп кетсе;
- 3) тамақ өнімдерінің сақтау, тасымалдау және/немесе өткізу шарттары бұзылса;

3-1) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу туралы мәліметтер болмағанда;

4) тамақ өнімдерін әзірлеуді, дайындауды, айналымды және кәдеге жаратуды жүзеге асыратын объектілер орналасқан аумақта (аймақта) жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болса.

Ескерту. 1392-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Тамақ өнімдерін кәдеге жарату процесінде (сатысында) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібі

1393. Тамақ өнімдерін кәдеге жарату және/немесе қауіп төндіретін тамақ өнімін жою Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған орта қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

1394. Кәдеге жарату процесіндегі (сатысындағы) ветеринариялық-санитариялық сараптамаға мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдері жатады.

5-параграф. Етке ветеринариялық таңба басу тәртібі

1395. Ауыл шаруашылығы және жабайы жануарлардың барлық түрінен, оның ішінде құстардан алынған ет пен ет өнімдеріне (субөнімдеріне) міндетті түрде ветеринариялық таңба және мөртабандар қойылуы тиіс.

1396. ЖАО бөлімшесінің, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің басшысы ет таңбалауды жүзеге асыратын ветеринариялық дәрігерлерге жеке нөмір бере отырып, олардың тізімін қалыптастырады.

Ескерту. 1396-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1397. Белгіленген нысандардағы және өлшемдердегі ветеринариялық таңбалар мен мөртабандар ет бетінде анық таңбалануы үшін белгіленген тәртіппен ЖАО бөлімшесі басшысының жазбаша келісімімен, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО бөлімшесі басшысының жазбаша келісімімен терең ойылған жиекті цифрлардан және әріптерден жасалады.

Ескерту. 1397-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1398. Ветеринариялық таңбалар етті таңбалауға құқық алған ветеринариялық дәрігерде олардың заңсыз пайдаланылуын мүлдем болдырмайтын жағдайларда сақталады.

Ескерту. 1398-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2020 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Ветеринариялық таңбалар мен мөртабандар

1399. Сопакша және тік тікбұрышты нысандағы ветеринариялық таңбаларда, сондай-ақ ветеринариялық мөртабандарда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ақпарат қамтылады.

Ескерту. 1399-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1400. Етті, ет өнімдерін (субөнімдерін) таңбалау үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ветеринариялық таңбалар мен мөртабандар белгіленеді.

Ескерту. 1400-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1401. 1-нысандағы сопақша ветеринариялық таңбаны сою пункттерінде немесе ет өңдейтін кәсіпорындарда өндірістік бақылау бөлімшелерінің немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық-санитариялық сараптама қорытындылары бойынша қояды. Сопакша ветеринариялық таңбаның болуы ветеринариялық-санитариялық сараптаманың жүргізілгенін және өнімнің қауіпсіз екендігін растайды.

1402. "Алдын ала қарап тексеру" тікбұрышты ветеринариялық таңбасын сою алаңдарында жануарларды сою алдындағы қарап тексеру және сойылғаннан кейін ұша мен мүшелерді тексеру қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар бөлімшелерінің мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері қояды.

1403. "Алдын ала қарап тексеру" тікбұрышты ветеринариялық таңбасы қойылған ұша мен мүшелер ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізуге жіберіледі.

1404. Жүргізілген ветеринариялық-санитариялық сараптаманың қорытындысы бойынша тік бұрышты ветеринариялық таңбаның қатарына ветеринариялық-санитариялық сараптамалық зертхананың ветеринариялық дәрігері 1 нысандағы немесе 2 нысандағы сопақша ветеринариялық таңба қояды.

1405. Залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) және өңдеуге жататын ет пен ет өнімдері Заңға сәйкес ет және ет өнімдерін пайдалану тәртібін көрсететін ветеринариялық мөртабандармен таңбаланады.

1406. Субөнімдерді, қоянның және құстың, ұсақ және жабайы жануарлардың етін таңбалау үшін көлемі шағын сопақша ветеринариялық таңба қолданылады.

Ескерту. 1406-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1407. Ет өңдейтін кәсіпорындарда, құс фабрикаларында электрлік таңба қолдануға болады, 1 немесе 2 сандары (құс етінің санатына қарай) жиектелмей, құстың аяғының сыртқы жағына қойылады. Ұшаны полимерлі пакеттерге қаптағанда түрі мен санатын тікелей пакет сыртына типографиялық тәсілмен қояды.

1408. Ет пен ет өнімдерін сатуға тек сопақша нысандағы ветеринариялық таңба болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

1408-1. Ет ұшаларын таңбалауға арналған бояу және техникалық шарттар "Ет ұшаларын таңбалауға арналған бояу. Техникалық шарттар" ҚР СТ 3728 ұлттық стандартында айқындалған.

Ескерту. 102-тарау 1408-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Етті және ет өнімдерін (субөнімдерді) таңбалау тәртібі

1409. Барлық жануарлардың еттеріне ветеринариялық таңбаның немесе мөртабандардың бедері мынадай тәртіппен қойылады:

1) ет ұшалары мен жартылай ұшаларға – әр жауырын және жамбас тұсына бір-бірден;

2) әр төрттен бір бөлікке, қыртыс майдың кесегіне – бір-бір таңбадан;

3) басқа, жүрекке, тілге, өкпеге, бауырға, бүйрекке – ветеринариялық таңба бедері бар бір жапсырманы желімдеу жолымен бір-бір таңбадан (зертханалық ветеринариялық-санитариялық сараптау үшін міндетті);

4) үй қояндары мен сазқұндыздың ұшаларына екі таңба – жауырын тұсы мен санының сыртқы жағына бір-бірден;

5) ішкі сауда объектілерінде құстың ұшаларына мойынға немесе санының сыртқы жағына (жабайы құстардың еттері де осылай таңбаланады) бір таңба;

6) ет өңдейтін кәсіпорындарда, құс комбинаттарында, құс фабрикаларында сирақтың сыртқы жағына: балапанның, тауықтың, үйректің, мысыр тауығының ұшаларында – бір аяғына; үйректің, қаздың, күрке тауықтың – екі аяғына электр таңбасы қойылады;

7) өнеркәсіптік қайта өңдеуге жататын құстардың ұшасына арқа тұсына "п" деген электр таңба қойылады.

1410. Ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткен жылқылардың, түйелерінің, бұғылардың, аюлардың, есектердің, қашырлардың, шошқалардың, киіктердің етіне ветеринариялық таңбамен таңбаланғаннан кейін ет және ет өнімдерінің түрін көрсететін қосымша мөртабан қойылады.

Ескерту. 1410-тармақ жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1411. Жануарлардан алынған шикі майға таңба қойылмайды, бірақ ветеринариялық таңба қойылған заттаңба жапсырылады.

1412. Залалсыздандырылғаннан (зарарсыздандырылғаннан) кейін ғана шығарылуға жататын ет және олардан алынатын қосымша өнімдерге және өңдеуге жіберілетін шұжыққа және басқа да өнімдерге тек залалсыздандыру (зарарсыздандыру) әдісін немесе диагнозын білдіретін ветеринариялық мөртабан қойылуы тиіс, сопақша таңба қойылмайды.

1413. Залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) жататын құстардың ұшалары салынған ыдысқа етті және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау қағидаларына сәйкес залалсыздандыру тәсілін білдіретін: "Қайнатуға", "Консервіге" және тағы басқа әдістері көрсетілген ветеринариялық мөртабан бедері бар заттаңбалар жапсырылады.

1414. Ветеринариялық-санитариялық сараптама қорытындысы бойынша тағамдық мақсатқа жарамсыз деп танылған құстар мен үй қояндарын қоса алғанда, жануарлардың барлық түрлерінің ұшаларына "Жоюға" деген жазуы бар ветеринариялық мөртаңбаның кемінде 3-4 бедері қойылады.

1415. Сақтау немесе тасымалдау шарттарының бұзылуы нәтижесінде өзінің ветеринариялық-санитариялық сипаттамаларын өзгерткен ет және ет өнімдері (қосымша өнімдер) қайтадан ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтуі және сопақша нысандағы таңбалардың бедерлерін алдын ала жоя отырып, осы Қағидаларға сәйкес мөртаңбалар қойылып қайта таңбалануы тиіс.

Ветеринариялық
(ветеринариялық-санитариялық)
қағидаларға 1-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін диагностикалау нәтижелері

Ескерту. Қағида 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | Бірінші кезең | Екінші кезең | | |
|--|---------------|--------------|--|--|
| | | | | |

| № | РБС | КБР | АР | КБР | Диагностикалық зерттеулер нәтижелері | Сипаттама |
|----|-----|-----|---------------|-----|--------------------------------------|---|
| 1 | - | - | жүргізілмейді | | - | сау жануар |
| 2 | | | - | - | - | сау жануар |
| 3 | | | + | + | + | ауру жануар |
| 4 | | | - | + | | 15-20 күнтізбелік күннен кейін қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикалық зерттеу |
| 5 | | | - | + | | |
| 6 | - | + | + | - | | |
| 7 | | | + | - | + | |
| 8 | | | + | + | | |
| 9 | | | + | + | | |
| 10 | | | + | + | | |
| 11 | | | - | - | - | сау жануар |
| 12 | | | + | + | + | ауру жануар |
| 13 | | | - | + | | 15-20 күнтізбелік күннен кейін қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикалық зерттеу |
| 14 | | | + | - | | |
| 15 | + | - | - | + | | |
| 16 | | | + | - | + | |
| 17 | | | + | + | | |
| 18 | | | + | + | | |
| 19 | | | + | + | | |
| 20 | | | - | - | + | күмәнді сынама, 15-20 күнтізбелік күннен кейін қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикалық зерттеу |
| 21 | + | - | + | + | + | ауру жануар |
| 22 | | | - | + | | 15-20 күнтізбелік күннен кейін қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикалық зерттеу |
| 23 | | | + | - | | |
| 24 | | | - | + | | |
| 25 | | | + | - | + | |
| 26 | | | + | + | | |
| 27 | | | + | + | | |
| 28 | | | + | + | | |
| 29 | | | - | - | + | күмәнді сынама, сол сынаманы қайта диагностикалық зерттеу (|

| | | | | | | |
|----|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қайта қан сынамасын алмай) |
| 30 | - | + | + | + | + | ауру жануар |
| 31 | | | - | + | | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 32 | | | + | - | | |
| 33 | | | - | + | | |
| 34 | | | + | - | + | |
| 35 | | | + | + | | |
| 36 | | | + | + | | |
| 37 | | | + | + | | |
| 38 | | | - | - | + | күмәнді сынама, сол сынаманы қайта диагностикал ық зерттеу (қайта қан сынамасын алмай) |
| 39 | + | + | + | + | + | ауру жануар |
| 40 | | | - | + | | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 41 | | | + | - | | |
| 42 | | | - | + | | |
| 43 | | | + | - | + | |
| 44 | | | + | + | | |
| 45 | | | + | + | | |
| 46 | | | + | + | | |
| 47 | | | - | - | + | күмәнді сынама, сол сынаманы қайта диагностикал ық зерттеу (қайта қан сынамасын алмай) |
| 48 | + | + | + | + | + | ауру жануар |
| 49 | | | - | + | | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 50 | | | - | + | | |
| 51 | | | + | - | | |
| 52 | | | + | - | + | |
| 53 | | | + | + | | |
| 54 | | | + | + | | |
| 55 | | | + | + | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|----|---|---|---|---|---|--|
| 56 | | | - | - | + | күмәнді сынама, 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 57 | + | + | + | + | + | ауру жануар |
| 58 | | | - | + | | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 59 | | | + | - | | |
| 60 | | | + | - | | |
| 61 | | | + | + | + | |
| 62 | | | + | + | | |
| 63 | | | + | + | | |
| 64 | | | + | + | | |
| 65 | | | - | - | + | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 66 | + | + | + | + | + | ауру жануар |
| 67 | | | - | + | | 15-20 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта қан сынамасын алып, қайта диагностикал ық зерттеу |
| 68 | | | + | - | | |
| 69 | | | - | + | | |
| 70 | | | + | - | + | |
| 71 | | | + | + | | |
| 72 | | | + | + | | |
| 73 | | | + | + | | |

Ескертпе: + - оң нәтиже; - - теріс нәтиже; + - күмәнді нәтиже;

Ветеринариялық
(ветеринариялық-санитариялық)
қағидаларға 2-қосымша

Жануарлар бруцеллезін қосымша диагностикалық зерттеу нәтижелері

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.05.2019 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| РБС | КБР | АР | Диагностикалық зерттеулер нәтижелері | Сипаттамасы |
|-----|-----|----|--|-------------|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|-------------|
| + | - | - | - | сау жануар |
| + | + | - | + | ауру жануар |
| + | + | + | + | ауру жануар |
| + | - | + | + | ауру жануар |
| - | - | - | - | сау жануар |
| - | + | - | + | ауру жануар |
| - | - | + | + | ауру жануар |
| - | + | + | + | ауру жануар |

Ескертпе: + - оң нәтиже; - - теріс нәтиже;

Ветеринариялық
(ветеринариялық-санитариялық)
қағидаларға 3-қосымша

Ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүргізетін міндетті және қосымша зерттеулердің тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Етті міндетті түрде зерттеу:

- 1) ұшаны, ішкі мүшелері мен басын, қолжетімді барлық лимфа түйіндерін ашып қарай отырып және ішкі мүшелерін тіле отырып, органолептикалық қарап тексеру;
- 2) қайнатып сынау;
- 3) финнозға (цистицеркозға) тексеру;
- 4) трихинеллезға тексеру;
- 5) жылқының басын маңқаға тексеру;
- 6) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.

2. Міндетті зерттеулерді жүргізу кезінде ветеринариялық нормативтерден ауытқу анықталған жағдайда, етті қосымша тексеру:

- 1) күдік туғызған лимфа түйіндерінен, ішкі мүшелері мен ұшаның бұлшық еттерінен алынған жағындылардың бактериоскопиясы;
 - 2) биохимиялық зерттеулер (токсокологиялық зерттеулерді қоса алғанда).
3. Сүт пен қышқыл сүт өнімдеріне (үйде жасалған) міндетті түрде тексеру:
- 1) органолептикалық тексеру;
 - 2) тығыздығын анықтау;
 - 3) қышқылдығын анықтау;
 - 4) тазалық дәрежесін анықтау;
 - 5) сүттің бруцеллезге сақиналы реакциясы;
 - 6) маститке мастидин сынамасы;
 - 7) сынамалардың жалпы радиациялық фонын анықтау.

4. Міндетті зерттеулерді жүргізу кезінде ветеринариялық нормативтерден ауытқу анықталған жағдайда, сүтті қосымша тексеру:

- 1) май құрамын анықтау;
 - 2) сүттегі сода қоспасын анықтау;
 - 3) редуктазды сынама;
 - 4) сүттің жасандылығын анықтау.
5. Сары майды (үйде жасалған) міндетті түрде тексеру:

- 1) органолептикалық зерттеу;
- 2) май құрамын анықтау;
- 3) ылғалдығын анықтау;
- 4) ас тұзын анықтау;
- 5) жасандылығын анықтау;
- 6) ірімшік, сыр және тағы басқа заттардың қоспасын анықтау;
- 7) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.

6. Балара балын міндетті түрде тексеру:

- 1) анықтау және жіктеу;
- 2) органолептикалық тексеру;
- 3) су құрамын анықтау;
- 4) механикалық қоспаларды анықтау;
- 5) жалпы қышқылдығын анықтау;
- 6) шіре балын анықтау;
- 7) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.

7. Міндетті зерттеулерді жүргізу кезінде ветеринариялық нормативтерден ауытқу анықталған жағдайда, балара балын қосымша тексеру:

- 1) диастазалық белсенділігін анықтау;
- 2) инвертацияланған қанттың шекті құрамын анықтау;
- 3) жасанды инвертацияланған қант қоспасын анықтау;
- 4) сахарозаны анықтау;
- 5) балдың ашығанын анықтау.

8. Балықтарды міндетті түрде тексеру:

1) органолептикалық тексеру (бүкіл партияның немесе орамның кемінде 10 данасын);

- 2) бактериоскопия;
- 3) қайнатып сынау;

4) адамдар үшін қауіпті инвазиялық балық ауруларына (описторхоз, клонорхоз, гетерофоз, метегонимоз, дифиллиоботриоз, диоктифимоз, нанофиетоз) гельминтологиялық тексеру;

5) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.

9. Жұмыртқаны міндетті түрде тексеру:

1) органолептикалық тексеру (ветеринариялық ілеспе құжаттарды зерделей отырып)

;

2) овоскопия;

3) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.

10. Қақталған етті (үйде жасалған) тексергенде міндетті түрде тексеру:

1) органолептикалық тексеру;

2) трихинеллоскопия;

3) ылғалдылығын анықтау;

4) ас тұзы құрамын анықтау;

5) сынаманың жалпы радиациялық фонын анықтау.


11. Міндетті зерттеулерді жүргізу кезінде ветеринариялық нормативтерден ауытқу анықталған жағдайда, қақталған етті қосымша тексеру – биохимиялық зерттеу (токсикологиялық зерттеулерді қоса алғанда).

Ветеринариялық
(ветеринариялық-санитариялық)
қағидаларға 4-қосымша

Ет пен сойылғаннан кейін алынған өнімдерді таңбалауға арналған ветеринариялық таңбалардың және мөртабандардың үлгілері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Сопақша нысандағы 1-таңба.



KZ F 01/U2-0001 – жануарларды сою жүргізілген сою пунктiнiң немесе ет өңдейтiн кәсiпорынның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрiнiң 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 10466 болып тiркелген) бекiтiлген (бұдан әрi – Бұйрық) Жануарлар өсiрудi, жануарларды, жануарлардан алынатын өнiм мен шикiзатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеудi және өткiзудi жүзеге асыратын өндiрiс объектiлерiне,

сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілген есептік нөмірі:

бірінші символ – елдің коды – KZ;

екінші символ – облыстың литерлік коды;

үшінші символ – ауданның реттік нөмірі;

төртінші символ – өндіріс объектісінің қызмет түрінің коды;

бесінші символ – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

1 – таңба басуды жүзеге асыратын ветеринар дәрігердің жеке нөмірі.

Өлшемі: 40 (± 5) x 60 (± 5) миллиметр.

Жиегінің ені – 1,5 ($\pm 0,3$) миллиметр.

Әріптердің және сандардың биіктігі – 10 ($\pm 0,2$) миллиметр.

2. Сопақша нысандағы 2-таңба.



"ЖК ВЕТСАРАПТАМА" – ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының атауы;

KZ – Қазақстан Республикасының литерлік коды;

F 01 – аумағында ветеринариялық-санитарлық сараптама зертханасы орналасқан облыстың және ауданның осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес берілген коды:


1 – таңба басуды жүзеге асыратын ветеринар дәрігердің жеке нөмірі.

Өлшемі: 40 (± 5) x 60 (± 5) миллиметр.

Жиегінің ені – 1,5 ($\pm 0,3$) миллиметр.

Әріптердің және сандардың биіктігі – 10 (± 2) миллиметр.

3. Құстардың, үй қоянының, сазқұндыздың ұсақ және жабайы жануарлардың еттерін таңбалауға арналған сопақша нысандағы (кішірек көлемді) таңба.



KZ F 01/U2-0001 – Бұйрыққа сәйкес берілген сою пунктiнiң немесе ет өңдейтiн кәсiпорындардың есептiк нөмiрi:

бiрiншi символ – елдiң коды – KZ;

екiншi символ – облыстың литерлiк коды;

үшiншi символ – ауданның реттiк нөмiрi;

төртiншi символ – өндiрiс объектiсiнiң қызмет түрiнiң коды;

бесiншi символ – өндiрiс объектiсiнiң реттiк нөмiрi;


1 – таңба басуды жүзеге асыратын ветеринар дәрiгердiң жеке нөмiрi.

Өлшемі: 25 (± 3) x 40 (± 5) миллиметр.

Жиегiнiң енi – 1 (± 0,2) миллиметр.

Әрiптердiң және сандардың биiктiгi – 6 (± 2) миллиметр.

4. Тiк бұрышты нысанды таңба.



KZ F 01/U2-0001 – жануарды сою жүргiзiлген, Бұйрыққа сәйкес берiлген сою алаңының уақытша есептiк нөмiрi:

бiрiншi символ – елдiң коды – KZ;

екiншi символ – облыстың литерлiк коды;

үшiншi символ – ауданның реттiк нөмiрi;

төртiншi символ – өндiрiс объектiсiнiң қызмет түрiнiң коды;

бесiншi символ – өндiрiс объектiсiнiң реттiк нөмiрi;

1 – таңба басуды жүзеге асыратын ветеринар дәрiгердiң жеке нөмiрi.

Өлшемі: 40 (± 5) x 70 (± 5) миллиметр;

Жиегiнiң енi – 1,5 (± 0,3) миллиметр;

Әріптердің және сандардың биіктігі – 10 (± 2) миллиметр.

5. Ветеринариялық мәртабандар.

KZ F 01/ U2-0001

ҚАЙНАТУ

1

KZ F 01/U2-0001

УТИЛЬГЕ

1

KZ F 01/ U2-0001

КОНСЕРВИГЕ

1

KZ F 01/ U2-0001

ФИННОЗ

1

KZ F 01/U2-0001 – жануарды сою жүргізілген, Бұйрыққа сәйкес берілген өндіріс объектісінің есептік нөмірі:

бірінші символ – елдің коды – KZ;

екінші символ – облыстың литерлік коды;

үшінші символ – ауданның реттік нөмірі;

төртінші символ – өндіріс объектісінің қызмет түрінің коды;

бесінші символ – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

1 – таңба басуды жүзеге асыратын ветеринар дәрігердің жеке нөмірі.

Өлшемі: 40 (± 5) x 70 (± 5) миллиметр;

Жиегінің ені – 1,5 (± 0,3) миллиметр;

Әріптердің және сандардың биіктігі – 10 (± 2) миллиметр.

6. Қосымша мөртабандар.

| | |
|----------------|-----------|
| аю еті | бұғы еті |
| қабан еті - өө | есек еті |
| қашыр еті | жылқы еті |
| киік еті | түйе еті |

Өлшемі: 20 (± 3) x 50 (± 5) миллиметр;

Жиегінің ені – 1,5 (± 0,3) миллиметр;

Әріптердің биіктігі – 10 (± 2) миллиметр.

7. Құс өңдейтін кәсіпорындарда құс ұшаларына қойылатын электротанба.

1) 1;

2) 2;

3) Қ;

1 – бірінші санаттағы құс;

2 – екінші санаттағы құс;

Қ – өнеркәсіптік қайта өңдеуге.

Әріптердің және сандардың биіктігі – 20 (± 4) миллиметр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК